

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі

Ғылым комитеті

ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫ

**ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ
ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ:
Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына
жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы»
жолдауын жүзеге асыру жолдары мен
ұсыныстары**

Алматы, 2013

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Қаз.)
Н 76

Ғылыми басылым

*Баспаға ҚР БҒМ ҒК
Экономика институтының Ғылыми кеңесімен ұсынылған*

Н 76 Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы» жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары / С.С.Еспаев. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2013. -175 б.

ISBN 978-601-215-083-4

Кітапқа Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауын талқылауға бағытталған «Дөңгелек үстелдің» ұсыныстары және келешектегі ел экономикасы дамуының негізгі бағыттарын іске асыру контексіндегі ғылыми мақалалар кіргізілген.

Баяндамаларда Қазақстан экономикасын жаңғыртудың жаңа әлеуметтік-экономикалық басымдықтары, экономикалық прагматизм және неоиндустрияландыру саясатының тиімділігі, ұлттық кластерлерді қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау және басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыру, ХХІ ғасырдың жаһандық шақыруларымен байланысты интеграциялық үрдістерді күшейту мәселелері көрсетілген.

Кітаптың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын кең және ауқымды түрде қарастырылған ұлттық экономиканың бүгінгі және келешектегі өзекті мәселелері бойынша **ұсыныстар** көрсетеді: фискалды бюджеттік-салықтық саясат, білім беру және кадрлар, ғылым және бизнес кооперациясы, инновациялар және технологиялар трансферті, ШОБ дамуын ынталандыру, аймақтық саясатты жетілдіру, жалпы қоғамдық еңбек негізінде әлеуметтік жаңғырту, мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі, табиғи ресурстарды басқару, сыртқы экономикалық қызмет.

Басылымның шынайылығы мен құндылығын «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған ел Президентінің идеяларын нақты қолдаған ҚР БҒМ ҒК Экономика институты ғалымдарының **ғылыми және тәжірибелік жасалымдары** анықтайды.

Кітап сарапшыларға, мамандарға, мемлекеттік қызметкерлерге, ғылыми ұйымдарға және оқу орындарына, магистранттарға, докторанттарға және кең ауқымдағы оқырмандарға арналған.

**ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9(5Қаз.)**

ISBN 978-601-215-083-4

© ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, 2013

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	5
ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕ- КЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ӨТКЕН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ	6
1 БӨЛІМ	
ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ	
<i>Еспаев С.С.</i> «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі ерекшеліктері мен инновациялық бағыттары	34
<i>Кошанов А.Қ.</i> «Қазақстан-2050» Стратегиясы» бағдарламасындағы жаңа элеуметтік-экономикалық басымдықтар	49
<i>Қалижанов У.</i> Сенім мен серпін	53
<i>Сәбден О.</i> Қазақстанды жүйелі жаңғыртудың негізгі бағыттары	59
<i>Святлов С.А.</i> Жоғарғы экономикалық білім беруді жаңғыртудың элеуметтік-экономикалық басымдықтары	64
<i>Молдашев А.Б.</i> Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы» жолдауындағы Қазақстандағы АӨК дамыту мәселелері жөнінде	71
<i>Сатова Р.К.</i> Партиялық кадрларды дайындаудың басымдықты бағыттары	75
<i>Уалиев К.С.</i> «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген міндеттерге жетудегі ғалымдардың рөлі	79
<i>Тәтібеков Б.Н.</i> Қазақстан экономикасының инновациялық дамуы	81
<i>Рузанов Р.М.</i> Мемлекет және бизнес әріптестігі ұлттық экономиканы дамыту табысының негізі	84
<i>Томанов М.М.</i> «Астана ЕХРО-2017» жобасын жүзеге асыру барысы	86
<i>Жұмамбаев С.К.</i> Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу келешегі жайлы	88

2 БӨЛІМ

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕМЕЛЕР

<i>Бірімбетова Н.Ж.</i> Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі	93
<i>Ғабдуллин Р.Б.</i> Кадрмен қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту	95
<i>Халитова М.М., Нұрпейісова А.А.</i> Қазақстан-2050 стратегиясындағы жаңа қаржылық саясат	100
<i>Тұрсынбаева Д.К.</i> Қазақстанның салық саясатын жандандырудың келешегі	103
<i>Османов Ж.Д.</i> Мемлекеттік және сыртқы қарыздарды басқару саясаты ...	105
<i>Бодаубаева Г.А.</i> Логистикалық инфрақұрылым дамуының мәселелері және келешегі	106
<i>Чигаркина О.А.</i> Жаңартылған энергия көздерінің даму келешегі	108
<i>Айтжанова Д.А.</i> Индустриализациялаудың үшінші фазасы және табиғи ресурстардың таусылуы	113
<i>Егоров О.И.</i> Қазақстандағы өнеркәсіп салаларының әрекеттесу келешегі .	115
<i>Абдулвалиева Т.В.</i> Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саясатын қалыптастырудың жаңа базалық қағидалары	117
<i>Жәлелева Р.З., Ахметов М.Ж.</i> Үшінші сын-кәтер жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің кәтері	121
<i>Нұрланова Н.К.</i> Аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды теңестірудің жаңа тетіктері	128
<i>Ғайсина С.Н.</i> Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары	137
<i>Мелдеханова М.Қ., Қалиева С.А.</i> Қазақстан Республикасының тұрғындарын жұмысбастылықпен қамтамасыз етудің тұжырымдамасы ...	144
<i>Завалишина А.А., Жұбалиева З. У.</i> Заманауи экономикалық жағдайдағы тұрғындардың табысын теңестіру мәселелері	148
<i>Дінішев Ф.М., Әлжанова Ф.Г.</i> Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты	153
<i>Дауранов И.Н.</i> Мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі бағыттары	163
<i>Хусаинов Б.Д., Түркеева К.А.</i> Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы интеграциялық мәселелер жайында	166

АЛҒЫСӨЗ

Ел Президентінің Қазақстан халықына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ұзақ мерзімді келешегінің ауқымды міндеттерін анықтауға жол ашады. Стратегияның басты міндеті – тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерді сақтай отырып, ХХІ ғасырда тұрақты дамуды жалғастыру. Мықты мемлекет күнкөріс саясатын ұстанбайды, керісінше жоспарлы саясат жүргізіп, ұзақ мерзімді даму мен экономикалық өсуді көздейді.

Әлемде «Назарбаев үлгісі» аталатын Қазақстанда нарықтық экономика қазғидаларына негізделген заманауи экономика қалыптасқан. Әлеуметтік-экономикалық үдерстерді басқарудың қазақстандық үлгісі қоғамдық ұдайы өсімнің прагматикалық көрінісіне негізделген. Қазақстанды қалыптасқан мемлекет ретінде экономикалық белгілері ерекшелік түседі: қарыштап дамыған ұлттық экономикасы, 170 млрд. доллардан астам шетелдік инвестициялардың жұмылдырылуы. Жаңа бағыттағы экономикалық саясат бәрін қамтитын экономикалық прагматизмге құрылған. Табыс жүйесіне негізделген бұл бағыт бәсекелестікті қамтамасыз ете отырып, инвестиция қаражатын қайтарады.

Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 дамыған елінің қатарына кірудегі стратегиялық мақсаты – келешекке арналған технологиялық бағыттарды айқындап, индустриялаудың келесі сатысына өтудің тиімді жолдары мен жаңа жоспарын анықтау болып табылады. Жоғары технологиялық әрі ғылымды қажетсінетін өнімдердің әлемдік нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін талай жыл талмай еңбектену керек.

Сол себепті ұлттық экономиканың барлық салалары мен секторларын үдемелі қарқынмен қайта құру үшін барлық күш-жігеріміз бен мүмкіндіктерімізді пайдалануымыз керек: мемлекет қаржысы ұзақ мерзімді әрі келешегі бар өнімді жобаларға бағытталуы керек; экономиканы әртараптандырып, инфрақұрылымды дамыту қажет; «ЭКСПО-2017» көрмесі елдің «жасыл» жолмен дамуға көшуіне пәрменді күш беріп, өз кезегінде ұлттық инновациялық кластерлерді дайындауға жол ашады. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпы Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасына сәйкес әлеуметтік кепілдікке және қауіпсіздікке негізделген әлеуметтік саясаттың жаңа жүйесін жетілдіру қажет.

«Қазақстан-2050» стратегиясы» ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді дамуының инновациялық тұжырымдамасын, мемлекеттің жоспарлы мақсатын іске асырудағы стратегиялық міндеттерін анықтап берді.

*ҚР БҒМ ҒК Экономика
институтының директоры,
экономика ғылымдарының
докторы, ХАА академигі*



Еспаев С.С.

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері, дүние жүзіндегі өзгерістерге қарамастан тұрақты дамып, жаңарған экономикасымен, жаһандық экономикада жөні бөлек мықты өзіндік әлеуметтік саясатымен, тірегі мықты мемлекет ретінде қалыптасты. Елдің қарыштап дамуына «Қазақстан-2030» Стратегиясының мерзімінен бұрын іске асырылуы себеп болды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді дамуының инновациялық тұжырымдамасын, мемлекеттің алға қойған стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырудағы нақты бағытын анықтап берді. Сонымен қатар үшінші индустриялық төңкеріс жағдайындағы қазақстандық қоғамның қалыптасуының басты алғы шарттарын белгіледі.

Ұлттық экономикаға жаңа сипат беру, оның бағдарын әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосатын жаңа бағытқа бұру – жаңа өзгерістерді талап ететін, негізгі міндет. Экономикалық жағдайымыздың қандай және қай бағытта дамуы қажет, келешектің жемісті болуына қандай себеп әсер етпек, мемлекетіміздің халықаралық еңбек бөлісіндегі рөлі қандай болмақ деген сынды т.б. мәселелерге түбегейлі өзгеріс енуі мүмкін.

«Назарбаев үлгісі» атымен әлемге танымал, әлемдік нарық жүйесінде қалыптасып кеткен бүгінгі Қазақстан экономикасы қарыштап даму үстінде. Дамушы экономикасының негізінде республикамыз әлемнің серпінді дамып келе жатқан елі қатарына енді. Үдемелі индустрияландыруды дамытуға және инновацияны игерудің басымдықтарына қатысты жүйелі үрдіс басталды. Бұл өз кезегінде еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тәуелсіздігі мызғымас ұлт ретінде қалыптасуына мүмкіндік бермек. Еліміздің қазіргі таңда әлемдегі бай елдердің арасында 50-ші орынды иеленуі Қазақстанның бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған елдерден ілгері тұрғанын аңғартады. Технологиясы, оқыту жүйесі мен әлеуметтік институттары дамыған жаңа дәуір инновациясы – еліміз үшін нағыз сынақ болды. XX ғасырды жоғары өнеркәсіптік технологиялар дәуірі деп атаса, XXI ғасыр – адам капиталын көбейтуге бағытталған жоғары инновациялық технологиялар дәуірі болмақ. XXI ғасырда мемлекетіміз жаңа жаһандық мәселелерге кез болды. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жеткен жетістіктерін

нақтылап, стратегиялық даму жолын айқындай түсуіне және де жаһандық экономикалық тұрақты дамуға өз жолымен келген ел ретінде қалыптасуына себеп болды.

Сонымен «дөңгелек үстел» қатысушылары негізгі тұжырымдамалар мен инновациялық және стратегиялық міндеттерге қатысты өздерінің маңызды ұсыныстарын білдіреді.

1. Стратегиялық жоспарлау мен басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыру

1) Бұл үшін бірінші кезекте әрі мақсатты түрде ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыруға бағытталған «Қазақстан экономикасының басымдықтары жайлы» Заң жобасын дайындап, қабылдау қажет. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыруға, мемлекеттің даму бағдарламасы мен аймақтық экономика саласын бір жүйеге келтіруге, мақсаттардың өзара түйісуіне, мерзімнен ұтуымызға тікелей ықпал етпек. Мысалы, Ресейде «Мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы» Заң жобасы шығарылып қойған. Экономикалық дамуды заң жүзінде реттеу – индустриялық-инновациялық экономиканың аспектілерін мақсатты басқаруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты қаржылай инвестициялық жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыру тәртібін жетілдіре түсу керек. Республикалық бюджетті ортақ макроэкономикалық құрылымға бағыттау қажеттілігі күн өткен сайын айқындала түсуде. Алайда бұл жұмыстарды әлі де бір арнаға бағыттай алмай жатырмыз. Бар күш-қуатымызды қазіргі атқарылып жатқан жұмыстарға жұмсап, «Қазақстан-2050» Стратегиясында айқындалған мемлекеттік қаржылық саясатты іске қосатын механизмді жұмыс істетуге керек.

2) Инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда әлі күнге дейін аймақтар мен орталық арасында өкілеттілікте шектеулер бар (кімнің қандай жобаларды іске асырып жатқанына байланысты). Мәселен, 2012 жылы атқарылған республикалық бюджеттің қорытындысына сенсек, жоспарлау жүйесінде кейбір сұрақтардың дұрыс қарастырылмағандығын байқауға болады. Оның ішінде бюджетті қалыптастыру мәселелері де бар. Жүзеге асырылып жатқан реформаларға қарамастан, келесідей сұрақтар проблемалы болып қала береді: бюджеттік жоспарлаудың ашықтығы, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік компаниялардың қызметін бағалау мен анықтау, тағы да басқа мәселелер шешімін тапқан жоқ. Сонымен бірге бюджет қаражатының игерілмей қалуы өз кезегінде терең талдауды және жоспар-

лау жүйесін жетілдіруге байланысты іс-шаралар мен олардың ашықтығын қамтамасыз етудің қажет екенін көрсетті.

Инвестициялық ұсыныстарды (жобаларды) таңдаудың заңнамалық негізде ортақ өлшемін дайындау қажет. Яғни арнайы трансферттерді (сумен қамтамасыз ету, жолдарды жасау, оның ішінде ауыл аймақтарының, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы және т.б.) бөлінетін салаларына қарай бөліп қарастырған жөн. Сонымен қатар республикалық деңгейде инвестициялық жобаларды жоспарлаудың әдістемелік негіздерін қалыптастыру қажет. Бұл жұмыстар 2014-2016 жылдардың бюджетін қалыптастырғанға дейін жедел түрде жүзеге асырылуы қажет.

3) Экономикалық өсімнің талдауы – (капитал мен еңбек ресурсы және оның ортақ факторлық өнімділігі) әсіресе капиталдың арқасында өсіп отырғанын, сирек жағдайда ортақ факторлық өнімділік есебінен көбейіп отырғанын көрсетеді. Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының дамуына сыртқы факторлардың әсері әжептеуір өзгерген. Бұл бірінші кезекте мұнай экспортының қарқын алуына, әлемде шикізат өнімдерінің сұранысына қарай бағаларының өзгеріп тұруына және әлемдік валюта нарығындағы АҚШ доллары курсының өзгеруіне байланысты. Орта есеппен алғанда экономикалық өсімге капитал ықпалының көрсеткіші 6% пайызды құрады, ал еңбек ықпалы – 1,2 % болған. Факторлық өнімділіктің ортақ өсімі небары 3,2%. Уақыт өте келе өсімнің негізгі факторы ортақ еңбектен түсетін қаржы болуы тиіс, ал жоспарлау мен болжауды басты жаһандық факторлар мен индикаторлар негізінде жүзеге асырған жөн.

4) Сонымен бірге, мемлекеттік функциялардың қосарлануы орын алып отыр. Бұл өз кезегінде жауапкершіліктің әлсіреуіне және тәртіптің болмауына, мемлекеттік қаражатты орынсыз шығындауға, қызмет сапасының нашарлауына әкеп соғады. Сонымен бірге жергілікті өзін-өзі басқару мен азаматтық қоғамның институттары әлі де дамымаған. Қазіргі жүйеге мынадай ерекшеліктер тән: министрліктер мен облыс әкімдіктері өкілеттігінің асыра шоғырлануы; жергілікті министрлік пен ведомство құрылымдары бөлімшелерінің облыстық әкімдікке бірлесе бағынышты болуы.

Осы ерекшеліктер басқару жүйесіннің қолайсыз әрі әлсіз және халықаралық стандарттарға сай келмейтінін көрсетеді. Басқару жүйесін жетілдіруге бірнеше себептер кедергі болуда: міндеттерді қайта құрылымдау сонымен бірге жауапкершілікті күшейту, басқару сапасын төмендетеді деп қалыптасқан ескі көзқарастар мен кеңестік кезеңнен бері келе жатқан басқару стереотиптері. Жүргізіліп жатқан бүгінгі әкімшілік реформада басқарушылық топтарға жанама болмаса да, сатылық сипаттағы бағынушылық сақталып қалған. Мемлекеттің өзіне құрылымды түрде

өкілеттілік беріп, қазына есебінен қаражат табыстағанын ескермей, халық арасында қызметін өз еркімен пайдаланып жатқан басқарушылардың көбісі жергілікті өзін-өзі басқаруға бірыңғай жүйе ретінде қарамайды. Сол себепті осындай топтар арасындағы өкілеттілікті шектеуге байланысты жұмыстарды реттеу керек.

5) Қазіргі иерархиялық басқару жүйесі айтарлықтай күрделі. Министрліктер, комиттетер, олардың әр аймақтағы департаменттері, мемлекеттік холдингтер мен олардың ұсақ бөлімшелері, ұлттық компаниялар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және т.б. басқару жүйесінің шамамен 4/5, тіпті одан да көп бөлігін құрайды. Бұл шешім қабылдау үрдісін едәуір күрделендіріп әрі ұзартып жібереді және өз кезегінде қабылданған шешімдердің жедел орындалуына және олардың тиімді реттелуіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл істерді оңтайландыруды министрліктер мен ведомстволар да қажетсініп отыр. Мысалы, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғайтын Министрлік құрып, оның құрамына мемлекеттік және табиғи монополияларды реттеу Комитеті мен бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғайтын қызметтер Комитетін (әлі күнге дейін мемлекеттік саясатта тұтынушылардың құқығын қорғау саласында жауапты мемлекеттік органдар жоқ) кіргізуге болады.

6) Мемлекеттік қызметтердің бір жүйеге келтіріліп, нақты стандарт пен ортақ тәртіпке сай болуы өте маңызды. Әрбір мемлекеттік қызметкер мен мемлекеттік органдардың жұмысын әрі олардың көрсететін қызметін тиімді ету үшін сапаны бағалау жүйесін енгізу керек. Осыған орай әрбір қызметкер жұмысының сапалы әрі жемісті болуы үшін мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақы жүйесін жетілдіру қажет. Бұл өз кезегінде қызметкерлердің біліктілігін артырып, жігерлендіруге, басқарудың тиімді тәсілдерін игеруіне негіз болмақ. Ол үшін қызметкерлердің лауазымына сай жұмыс бағасының өлшемдерін жетілдіру керек.

7) Ұлттық мүлік пен мемлекеттік жеке-меншікті басқарудың тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Осы тұжырымдама аясында мемлекеттік компаниялардың мүмкіндіктерін мақсатты түрде бағалауға, олардың жұмыс сапасына өзгеріс енгізуге мүмкіндік пайда болады. Қалыптасқан даму институттарының мақсаты мен міндеттерін қайта қарап, әсіресе олардың мүмкіндіктерін алдын-ала бағалап алған жөн. Қазіргі уақытта даму институттарының басты ерекшеліктері ретінде олардың табысты жұмысын атап өтуге болады. Жыл сайын мемлекет қаражаты есебінен қаржыландырылатыны болмаса, олардың екінші деңгейлі банктерден өзгешелігі шамалы. Олардың мүмкіндіктері әртараптандырылған Қазақстандық экономикаға қосқан үлесінің дәрежесі мен инвестициялық

жобаларды жүзеге асырылуына қарай, тауар мен қызмет экспорты көлемінің құны мен деңгейіне қарай бағалануы тиіс.

8) Жүргізілген зерттеулер РМҚК, АҚ және ЖШС – 30%, сондай-ақ 80% астам коммуналдық жекеменшіктегі нысандар жұмысының тиімсіз екенін әрі шаруашылық қызметінің қаражатын ақтамайтынын көрсетеді. Сондай-ақ мемлекет қарауындағы нысандардың бір бөлігі әлеуметтік салада жұмыс істеп отырғанын және ауыл шаруышылығында және ТКШ-да тиімсіз нысандардың пайдаланылып жатқанын ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін нақтылай түсетін АҚ мен ЖШС-не қатысты әлеуметтік-экономикалық тиімді әрі нақты шешімдер қабылдау қажет. Осыған орай кейбір мемлекеттік ұйымдарды стратегиялық, әлеуметтік және коммерциялық ерешеліктері бойынша топтастырып, олардың мақсатты бағыты мен ерекшелігін ескере отырып, қызметін тұрақты бақылауға алу керек. Стратегиялық және әлеуметтік нысандардың жұмысы жемісті қызметі арқылы бағаланса, ал коммерциялық ұйымдардың жұмысы қаржылық есебі бойынша бағалануы тиіс. Сонымен бірге коммерциялық нысандардың санына барынша шектеу қойылып, бақылау мониторингі арқылы аталмыш нысандарды бәсекеге қабілетті ортаға көшіру жайлы ұсыныстар енгізілгені жөн.

9) Мемлекеттің сыртқы қарыздарды басқару саласындағы ұзақ мерзімді тиімді саясатының маңызы арта түсуде. Мұндай саясат болашақта қолда бар қаражаттардың көмегімен сыртқы қарыздарды еш қиындықсыз төлеуге мүмкіндік береді. Мемлекет бұл саясаты арқылы: біріншіден, жаңа қарыздардың көлемін анықтауға; екіншіден, жаңа қарыздардан ішінара бас тарта отырып өзге үлкен қарыздардың көлемін азайтуға, сондай-ақ қаржыландырудың басты бағыттарын анықтап, қарызды жаңа қаражат көздерінің көмегімен жабуға көмектеседі; үшіншіден, қарыздардың бастапқы шарттарына, құралдар мен орналасу сызбаларына, кіріс тәртібі мен оның тазалығына мән берген жөн.

2. Фискалдық, бюджеттік, салықтық саясат

1) Экономикалық құлдырау кезеңінде бюджет шығынын оңтайландыратын және салықтың экономикаға түсірер салмағын азайтатын жаңа фискалдық саясат енгізу ұсынылады. Жоғары салықтық мөлшерлемелерді сақтап қалған жағдайда іскерлік белсенділіктің төмендеуі әбден мүмкін. Бұдан өндіріс құлдырап, жұмыссыздық айтарлықтай көбейіп әрі әлеуметтік шиеленіс артуы мүмкін. Соның салдарынан болашақта салық түсімінің азаюына әкеп соғады. Бұл жағдайда көлеңкелі экономиканың үлесі артып, үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Корпоративтік табыс салығы бойынша түсімдердің үлкен үлесі үлкен салық төлеушілерден, яғни жер қойнауын пайдаланушылардан түсетінін, экономиканың құлдырау кезеңінде әлеуметтік-экономикалық маңызға ие және халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отырған шағын және орта бизнестің қиын жағдайда қалатынын ескеріп, өндеуші өнеркәсіп инновациясы саласында өндіруші қызмет атқаратын шағын және орта бизнес субъектілерінің маңыздылығын ескеріп корпоративтік табыс салығының пайызын төмендетуді ұсынамыз.

Сонымен қатар корпоративтік табыс салығын арттырған сайын салықты азырақ төлеу үшін таза табыс көзін (материалдық шығындар мен жалақы т.б.) жасыру әрекеттері жиілей түседі. Соның салдарынан салықтың бар ауыртпашылығы мүлік салығы түрлері мен ресурстық түсімдер төлеміне жүктелмек. Бұл жағдайда аталмыш салықтың қайнар көзі ретінде кәсіпорын табысы көрсетіліп, оның жасырын болуы өз мәнін жоғалтады, өйткені олар үшін салық базасы ретінде мүліктің құны көрсетіледі, ал ресурстық түсім төлемдерінің көлемі (құны мен табиғи ерекшелігі) пайдалы қазба байлықтардың есебімен өлшенеді. Дұрыс жолға қойылған мүлік салығы мен ресурстық түсім төлемдері құрылымдық экономиканың өсуіне ықпал етіп, тиімді капиталмен қамтамасыз етпек.

2) Жергілікті бюджеттің айқындығын әрі мызғымас беріктігін сақтап қалу үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес маңызды өзара қаражаттық қарым-қатынастарды жетілдіріп, жергілікті өзін-өзі басқару тәсілін игерген дұрыс. Әлеуметтік инфрақұрылым мен аймақтық өнімділікті арттырып, ұйымдардың халықты әлеуметтік қамсыздандыруын және табиғат пайдаланушыларының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жергілікті билікке жеткілікті кіріс көзі мен соған сай өкілеттілік берілуі керек. Ол үшін салық жүйесіндегі мемлекеттік бюджеттің әртүрлі деңгейлері арасындағы салықтық түсімдерді бөлу нормаларын қайта қарастыру қажет және сол арқылы инновацияландыру және индустрияландыру мақсатында өзіне берілген функцияларды қаржыландыру үшін басқару деңгейінің барлық түріне табыс базасын сәйкестендіру қажет.

3) Мемлекеттік аймақаралық бюджеттік бөліністерді басқару механизмін жетілдіру мақсатында республикалық маңызы бар облыстар мен қалалардың, астана мен облыстық маңызы бар қалалар, аудандар, ауылдар мен елді мекендердің келешегін реттеп, өзін-өзі қаржыландыра алатын дәрежеге көтеріп, сондай-ақ бағытты-бағдарламалардың бюджеттік жоспарлау тәсілі арқылы кеңейте отырып, оңтайландыру қажет. Сонда ғана алға қойған айқын мақсаттар жемісін бермек. Аймақтар ерекшелігін толыққанды ескеретін бюджетаралық қарым-қатынастардың тиімді тәсілі

арқылы деңгейлер арасындағы міндеттерді оңтайлы түрде шешуге болады. Ол үшін заңды түрде жергілікті бюджетке сай аймақтар салығын енгізу керек, ол біріншіден, жергілікті бюджеттің күшеюін және қаржылық бюджеттік бағдарламалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, екіншіден, қарама-қарсы қаржылық ағындарды азайтып, республикалық бюджеттік трансферт пен жергілікті бюджетті сақтап қалады.

4) Бюджетте салық түсімі 80 пайызды құрайтынын ескеру керек. Оның ішінде көп бөлігі Қосылған құн салығынан түседі. Осыны ескере отырып, келешекте қосылған құн салығының нөлдік көрсеткішін болдырмау керек. Болашақта қаражатты бюджет есебінен қайтармас үшін қосылған құн салығынан босатқан дұрыс, бұл Кедендік Одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістікке кірудің маңызды алғышарттары. Қосылған құн салығының нөлдік көрсеткіші жемқорлық пен әділетсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін, бұл өз кезегінде инновациялық және индустриялық дамуға нұқсан келтіреді. Сонымен қатар аталмыш тәсіл қаражаттың мемлекеттік бюджеттен шығындалуына себеп болады. Қосымша құн салығын қайтару қазіргі күні шикізат (темір, мұнай, газ) көмегімен іске асып жатыр, ал бұл мәселені тауардың қосымша құнын арттыратын дайын өнімдерге беріп, Салық кодексін жетілдіру арқылы шешуге болады.

5) Келешекте салық түрлерін азайту ұсынылады. Салық түрлері тауар өндірушілердің жұмысының нәтижелі болуына және қорлардың жаңарып тұруына қалыпты жағдай туғызуы керек, солайша ел экономикасын қайта инвестициялауға жол ашылады. Салық төлеушілер мен мемлекетке түсетін пайда тепе-тең болуы керек. Біздің ойымызша салық жүйесі макроэкономикалық индикаторлардың қарым-қатынасынсыз жасалған және салықтардың инвестициялармен, мемлекеттік шығындармен және т.б. мультипликациялық байланысын ескермейді. Осы орайда тиімділік пен нақтылық деңгейін арттыра түсетін біраз айқындамаларды тәжірибе жүзінде мақұлдап, болжамдық көрсеткіштердің нәтижесін алдын-ала есептеп қойған дұрыс.

6) Технологиялық даму деңгейін жоғарлатуды ынталандыруға бағытталған жаңа салықтық реттеу әдісін енгізген жөн, нақтырақ айтсақ, соңғы өнімнің қосылған құнына салалар бойынша салық мөлшерін байланыстыру керек. Бұл механизм отандық шаруашылықты кешенді технологиялық тұрғыда жаңғыртуға және бизнес-тәртіптің жеңілдеуіне жағдай жасайды. Жаңғырту үрдісі экономикалық әдістер арқылы реттелуі тиіс, салық салу базасы инвестиция көлемінің пропорциясына қарай азайтылып, технологиялық қайта жабдықтау, ҒЗТҚЖ, қызметкерлердің

біліктілігін арттыру және салықтық жеңілдіктер (демалыстар мен салық салуды жеңілдету) жаңа өндіріс іске қосылғанша енгізілуі керек.

7) Әлемдік тәжірибеде инновациялық қызметті арттыруға мүмкіндік беретін мынадай салықтық жеңілдіктер пайдаланылады: инвестициялық және зерттеу жұмыстарына арналған несиелер беріледі, сонымен бірге салық төлемінің инновациялық мақсаттағы мерзімін ұзарту қарастырылған; инновациялық жобаларды жүзеге асырудан түскен табысқа бірнеше жылға ұзартылған «салықтық демалыстар» беріледі; инновациялық кәсіпорындардың акцияларынан алынған жеке және заңды тұлғалардың дивидендтеріне жеңілдетілген салық салу; патенттерді пайдалану нәтижесінде түскен табысқа, лицензиялар мен интеллектуалдық меншік құрамына кіретін өзге материалдық активтердің жаңалықтарына байланысты жеңілдетілген салық салу түрі салынады; ҒЗТКЖ-ның ортақ және арнайы тапсырысына бағытталған табыстың салық мөлшерлемесінің азаюы; жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарына және инновациялық субъектілеріне берілетін құралдар мен саймандар құнына салық көлемінің азайтылуы; қайырымдылық қорына және инновацияны қаржыландыратын салаларға салықтық жеңілдіктер ұсыну.

3. Білім беру және кадрлар

Кадрлардың бәсекеге қабілетті болуы ел азаматтарының білімінің деңгейіне тікелей байланысты. Кез-келген білім реформасының мазмұнын дайындау өте күрделі үрдіс. Білім беру стандарты білім берудің дамуы және қайта құрылымдау құралы болып табылады. Осыған байланысты келесі іс-шараларды басым түрде қабылдау керек:

1) «Білім берудің мемлекеттік стандарты жайлы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы дайындалып, қабылдануы керек. Мемлекеттік білім беру стандарты мемлекеттің біліктілік деңгейіне қоятын негізгі талабын айқындап қана қоймай, оқушылардың икемі мен білімін, оқу ұйымдарының үрдістері мен ондағы оқыту әдістерін, әртүрлі деңгейде білім алып жатқан оқушылардың өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға, оқудың мақсатын айқындап, оқыту құралдары мен түрлі тәсілдердің негізінде біліктілік деңгейін бағалауға жол ашуы тиіс.

2) Білім стандартын жүзеге асыратын оқыту мекемелеріне арналған қаржыландырудың нормативтік құқықтық актілерін дайындап, енгізу керек. Қаржыландыру жүйесінің тиімді болуы үшін оқуды қаржыландырудың жаңа қағидаларына көшкен жөн. Оқыту үрдісін жаңғырту мен жаңа технологияларды үйретуге кететін қаражат бюджет есебінен қарастырылады.

3) Білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер мен ұстаздардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында оқушылармен жұмыс істеудің жаңа тәсілін енгізуге арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеу (презентация, пікірталас, тренингтер, дөңгелек үстелдер, қызметтік ойын түрлері, жағдайды талдау, тестілеу). Ол үшін дайындық сабақтарының уақытын ұзартып, жаңа «кешенді инновациялық қызмет» тәртібін енгізген дұрыс. Бұл тәртіпке ақпараттық технология түрлері, зерттеу элементтері, әлеуметтік тәжірибе және техникалық білім беру сынды бірнеше спектрлер кіреді.

4) Аймақтың ғылыми-техникалық саласының әлеуетін арттыру мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясаттың басты міндеті. Өндірістік орындармен тығыз байланыс орнату жұмыстың тиімділігін арттыра түспек.

5) Жаңа ұйымдарды құрған кезде немесе білім беретін және ғылыми-технологиялық ұйымдарды қайта құру кезінде, басты аймақтық және аймақаралық ғылыми жоғарғы оқу орындарын анықтауда аймақтық аспектілерді ескерген жөн. Білім мен ғылымдағы ілгерілеу жергілікті өнеркәсіп пен агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы негізінде құрылуы тиіс және әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелердің ерекшеліктері ескерілгені жөн. Сонымен бірге аймақтық білім беретін ұйымдар және ғылыми ұйымдар инновациялық дамудың басты тетігіне айналуы керек.

6) Осы орайда білім беру жүйесінің ғылыми-инновациялық бағытын дамыта түскен дұрыс. Сол себепті жоғарғы оқу орындарында зерттеу жүргізу ең бірінші кезекте көп сұранысқа ие ғылыми өнімді алуға және ғылымды қажетсінетін, ресурсты үнемдейтін, экологиялық таза, жоғары технологиялық өнімдерді экспорттайтын салаларға бағытталуы тиіс. Ұлттық университеттер мен ғылыми орталықтарда кластерлер мен өндірістік-сервистік кешендер құрылып, ғылыми қызметті дамытатын, жобалық конструкторлық бюро жұмыс істеуі керек.

7) Техникалық – экономикалық дәйектемелер мен бюджеттік қаржыландырудың ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық кластерлер мен технопарктерді даярлау мен дамытуға тікелей әсер ететін білім беретін ұйымдарда инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударған жөн. Нәтижесінде тауар мен ақпараттық технология саласында экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын бәсекеге қабілетті технологиялар пайда болады. Жоғарғы оқу орындары мен ҒЗИ, ғылымды қажет ететін фирмалардың бірігуін қамтамасыз етіп, әлемдік стандартқа сай ғылыми келешегі бар бағыттарда ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген жас ғалымдарға ірі көлемде грант бөлу керек.

8) 2014–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жетілдірілген мемлекеттік кадрмен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу ұсынылады. Бұл жобада ағарту жүйесін әзірлеу мен халықты жедел дамыған индустриялық-инновациялық елде білім алуына жағдай жасау мәселелері қарастырылуы тиіс. Бағдарламада жаңа экономикадағы инновациялық менеджмент рөлінің артуына ерекше назар аудару керек. Бұл тұрғыда кадрлық сапаның әлеуеті мен инновациялық бағдарына мән берген жөн. Осы орайда елімізде әсіресе шағын аймақтарда бесінші және алтыншы технологиялық қалыпқа сәйкес келетін, кадрлық әлеуеттің бір ізге келтірілмегенін атап өткен жөн. Кадрлық әлеуетті басқару жүйесін жаһандық еңбек нарығының қазіргі үлгісіне сай көп деңгейлі үлгі арқылы, кезеңді көшу жолымен жаңғырту керек.

Кадрлық әлеуетті басқару жүйесінің көп деңгейлі үлгісінің мынадай ерекшеліктері бар: өндірістік-экономикалық қызметке қатысы бар барлық адамдардың мүддесін ұқыпты әрі сатылы түрде үйлестіруді көздейді; технологияны басқару бағытының басымдығы негізінен еңбек өнімінің артуына әсіресе ғылымды қажет ететін, қосымша құны жоғары өнімдер шығаруға негізделген жоғары интеллектуалдық еңбек өнімін жетілдіруге жұмсалады; кадрлық саясат инновациялық өнімнің сұраныстары мен ұсыныстарына сай рационалды түрде, сатылық диспропорциялық тәсілмен теңестірілуі керек.

9) Ұлттық біліктілік жүйесінің басты міндеті ретінде тұтыну реті кадрлық салалық тұрғыда болжануы тиіс. Ұлттық біліктілік пен кәсіби стандарт түрлері әр деңгейдегі мамандардың шығуын көздейді. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын білім беру бағдарламаларын айқындап, әзірлеу – жоғары оқу орындарының міндетіне кіреді. Осыған байланысты біліктілігі жоқ қарапайым еңбек күшінің қай деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік беретін, жалақы құнының ең төменгі мөлшерін анықтайтын амалдар ойластырылуы керек. Жалақы құнының ең төменгі мөлшерлемесі еңбекке қабілетті қызметкердің өзіне жұмсайтын және отбасын асырауға кететін күн көріс минимумы арқылы айқындалуы тиіс, бұл өз кезегінде асырау коэффициентінің ауыртпалығын ескере отырып, оның өлшемінің өсуін көздейді.

Аталмыш нормативті анықтауға орташа жалақы мөлшері де жарайды. Әлемнің көп елдерінде бұл көрсеткіш 40-60% құрайды.

4. Ғылым мен бизнесті кооперациялау

1) Қазақстанда ғылым мен бизнесті кооперациялауды нығайту үшін «үш шиыршық» (тройной спираль) үлгісін пайдалану керектігін Президент

Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың желтоқсан айында Индустриялау күнінде сөйлеген сөзінде нақтылап өтті. «Үш шиыршық» сызбасы ғылым мен бизнес арасындағы шектеулерді жоюға негізделген. Ғалымдар зерттеу жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге жұмысының жемісін нарыққа да шығарып кәсіпкерлікпен де айналыса алады. Бұл инновациялық үрдісте мемлекеттің де рөлі өзгере түседі. Мемлекеттің инновация саласындағы рөлі бизнес пен ғылымның дамуына жағдай жасаумен патенттік заңнаманы өзгертіп, мемлекеттік еншілес капиталдың көмегімен оңай қаржыландыруға мүмкіндік ашылады әрі зерттеулерге гранттар бөлінеді.

2) «Үш шиыршық» үлгісі инновациялық тұрғыда дамыған университет рөлінің арта түсуіне себепкер болады. Егер бұрындары университеттер білім мен кадрлардың қайнар көзі ретінде қарастырылса, қазір бизнес қызмет құраушы ұйым ретінде де бағаланады. Университеттер өздерінің жеке технологиялық трансфертінің арнасын ашып, инновациялық кәсіпорындарға арналған біліктілік бағдарламасын ұсынып, өзге де кәсіпкерлікке үйрететін жаңа жобалар ұсынуы тиіс.

«Үш шиыршық» үлгісі Астана қаласындағы Назарбаев университетінің базасында тиімді жүзеге асырылады. Оның басымдығы өмірлік ғылыми орталыққа айналған, энергетикалық зерттеулерімен ерекшеленуінде, сонымен бірге пәнаралық орталықтары бар және батыс университеттерінің әдістерін қолдануда. Аталмыш оқу орнында ұлттық бизнестің ғылыми-техникалық орталығын құру жоспарланған. Қазатомпром мен Қазғарыш қазіргі күні осы жерде өздерінің сәулелі энергетикасы мен ғарыштық технологиялардың ғылыми-өндірістік орталықтарын орналастыруда.

«Үш шиыршық» үлгісін Алатау ауылындағы «Инновациялық технологиялар паркінде» АЭА базасында жүзеге асыруға болады. Бұл парк арнайы экономикалық тәртіп негізінде жұмыс істеп, қатысушы-субъектілердің көптеп келуіне ыңғайлы жағдай жасайды. Қазақстан-Британ университеті мен Қазақстан мұнай және газ институты осы жерде орналасқан. Сондай-ақ дәл осы аймақта орналасқан Ядролық физика институты мен Физико-техникалық институтының мүмкіндіктерін де пайдалануға болады.

3) Отандық инновациялық саясат әлемдік тәжірибеде әзірленген көптеген бағыттарды қамтиды. Алайда қабылданып жатқан көптеген амалдар лайықты жемісін бермей отыр, өйткені жеке меншік кәсіпкерлікті инновациялық қызметке тарту оңай болмай отыр. Ең қиын мәселе – ұлттық бизнестің ғылыми зерттеулер мен инновацияға қолдау көрсетуіне қол жеткізу. 2050 Стратегиясын жүзеге асыру үшін ғылым мен бизнесті инновацияға бейімдейтін кешенді жұмыстар негізге алынуы тиіс.

4) Бизнесті инновация саласына тарту үшін Қазақстан ғылымының дамуына үлкен септігін тигізетін шетелдік инвесторлардың қатарын көбейту керек. Өзге елдерде жалпы ғылымға кететін шығынның 20 пайыз үлесін шетелдіктер өтейді. Ал Қазақстанда шетелдік инвесторлардың үлесі 1-2 пайыз. Сондай-ақ шетелдік инвестицияның негізгі капиталының көлемі соңғы жылдары 20-30 пайызға өскен. Шетелдік инвесторлар өндірістік және құрылыс компанияларымен ғана емес, сонымен бірге ғылыми қызмет көрсететін ұлттық ҒЗИ және ғылыми ұйымдармен келісім жасауы керек; сондай-ақ патенттік лицензиялаумен, консалтингпен, инновациялық маркетингпен, интеллектуалдық жеке меншікпен және ғылыми жобаларды нарыққа шығарумен айналысатын технологиялық делдалдар институтын қалыптастырған маңызды.

5) Шикізат секторынан алынатын табиғи рентаны реттеу ұсынылады. ҚР «Қазба байлықтар және оны пайдалануға қатысты» Заңнамасын толықтырылып, соған сәйкес ҒЗТКЖ-ға жер қойнауын пайдаланушылар жылдық табысының 1 % бөліп отыруы міндеттелді. Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің бағалауынша, жер қойнауын өндірушілер есебінен ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру көлемі 205 млн. долларды құрамақ. Сол себепті инновациялық үрдістің кез-келген сатысында технологияны қаржыландыра алатын ғылыми-техникалық және инновациялық қорлардың қаражат ресурстарына оңай қол жеткізуіне барынша мүмкіндік жасалуы керек. Қазақстанда мұндай қор бар. Ол – Ғылым қоры және Инновациялық қор. Бизнес-жобалардың үздіксіз қаржыландырылуы үшін, дәл осындай қорлар қатарын көбейтіп, жұмысына қолдау көрсеткен жөн. Сонымен қатар Қазақстанның шикізат секторына қарасты кәсіпорындардан түсетін 0,5% корпоративтік кірістің негізінде Технологиялық даму қорын құру мәселесін де қарастырған жөн.

6) Зерттеу және кәсіпкерлік салалары арасындағы алшақтықты азайту керек. Бұл мәселені елімізде кластерлер мен технопарктер, венчурлық қорлар құру арқылы шешуге болады. Аталмыш жобаларды жүзеге асыру қолға алынып жатқанымен, мұның өзі жеткіліксіз. Бұған кешенді түрде мән берілуі керек. Бұл орайда патенттеумен, лицензиялаумен, консалтингпен, инновациялық маркетингпен, интеллектуалдық жеке меншікпен және ғылыми жобаларды нарыққа шығарумен айналысатын технологиялық делдалдар институтын қалыптастырған маңызды.

7) Қазақстанда ғылымды қаржыландыру саласы ақсап тұр. Бірақ жәй ғана қаржыландыру көлемін арттыру арқылы ғылым дамуындағы көкейкесті мәселелерді шешу мүмкін емес. Бұл мәселені жүйелі әрі кешенді түрде шешуге көмектесетін ҚР «Ғылым жайлы» Заңына толықтыру енгізген

дұрыс. Ол үшін экономиканың барлық салаларына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары мен жаңа идеялар, инновацияларды есепке алып отыратын банк құрылуы керек, жүргізілген зерттеулерге бақылау жүргізілуі тиіс. Ол үшін арнайы сайт ашып, кез-келген субъектінің мемлекеттік ұйымдардың көмегіне жүгінуіне мүмкіндік берген жөн. Сол арқылы ғылым иесі өзінің жобасын қаржыландыруға өтініш бере алады. Біз кімнің қандай жаңа зерттеу жұмыстарымен, инновациялық технология үлгісін жасап жатқанын, қаражатының қанша екенін және нәтижесі қалай болатынын біліп отыруымыз керек. Елімізде ғылымның қай саласына басымдық берілгенін жедел анықтау керек. Ғылымда басымдық берілген бағыттар жайлы барлығы білуі тиіс және барлық қаржыландыру жұмыстары осы салаға жұмылдырылуы керек. Салық кодексінде қарастырылған ғылыми зерттеулерге кеткен үлкен шығындарды осыдан шегеріп тастау керек. Сонда ғана жеке секторлардың ғылыми зерттеулерге қызығушылығы арта түспек.

8) Ғылыми зерттеулердің уақыт өткен сайын қымбаттап бара жатқанын ескеріп, еліміздің ғылыми техникалық даму үрдісі қай бағытта жүргізіліп жатқанын анықтап алу керек. Қазақстанда технологиялық жаңғыртуды жүзеге асыру үшін үш басты жаһандық технологиялық төңкерістің мынадай бағыттары жолға қойылуы керек: биотехнология, нанотехнология және ақпараттық технология. Сонымен қатар, адам өмірінің сапасын жақсартатын жаңа технологияға да назар аударған жөн. 2020 жылға жоспарланған технологиялық дамудың әлемдік 16 басты бағытының Қазақстанда бесеуін меңгеруге мүмкіндік бар. Соның ішінде желілік байланыс технологиясын қолға алған жөн. Сондай-ақ мұнай және газ өндірісіне арналған сүзгілер мен катализаторлар жасайтын технология түрін енгізуге де болады. Инновациялық сектор жетістіктеріне АӨК саласындағы өсу көрсеткішінің көтерілуі мен медициналық өндірістің алға басуын, денсаулық сақтау саласына әжептәуір әсер еткен биотехнологияның дамуын және қазіргі спутниктік байланыстар мен ұялы байланыстар негізіндегі ақпараттық инфрақұрылымның дамуын жатқызуға болады.

Көрсетілген бұл ерекшеліктер мен шарттар ғылым мен білім саласында еңбектеніп жүрген қызметкерлердің әлеуметтік деңгейін көтеруді және нақты шешімдер қабылдауды талап етеді, сонымен бірге ғылыми дәрежесіне қарай үстеме ақысын көтеріп, жоғары жетістіктер көрсеткендердің жалақы коэффициенттерін көтеру көзделген.

9) Әлемдік экономикалық ғылымда экономикалық үрдістер жайлы түсініктерді өзгертетін әрі ұлттық экономиканың әлеуеті мен оны жаһандық жағдайда реттеу жолдары мен үлгісіне қатысты басқаша көзқарас қалыптастыратын «жаһандық экономика» теориясын дайын-

дайтын кез келді. Әлемдік экономикадағы тұрақсыздықты жеңу үшін әлемдегі қаржылық жүйенің құрылысын өзгертіп, жаңа валюталық төлем жүйесіне көшу қажет. Қазіргі әлемдік шаруашылықтың даму үрдісі мен заңдылықтарын зерттеу, жаһанданудың ұлттық экономикаға тигізер әсерін бағалау, тәжірибелік тұрғыда елдің макроэкономикасына жаһандану үрдістерінің әсер етуін ескеру – келешек үшін қажет.

5. Инновация және технологиялар трансферті

1) XXI ғасырдың алғашқы он жылдығында жүйелі дамыған жаңа экономикалық жетістіктерді зерделей келе мемлекеттің жаңа индустриялық негізде дамуы үшін инновациялық белсенділікті арттырып, ғылым мен бизнес ортада техникалық және технологиялық тиімді экономикаға жол ашатын негізгі тапсырыс базасын құру қажет екені айқын болды. Сол себепті экономика саласын дамытуға бағытталған, ұлттық компаниялар мен кәсіпорындардың технологиялық даму деңгейін анықтайтын Технологиялық жоспар құру керек. Сонымен қатар бұл үрдіске отандық ғылыми, инновациялық және өндірістік ұйымдардың атсалысқаны жөн.

2) Жыл сайын ғылыми және технологиялық болжамдарды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әлемдік ұлттық инновациялық нарықтық жағдайды толық зерделеп, осыған сай нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысты нақты ұсыныстар беру керек.

Заңды түрде интеллектуалды меншік нысандарын пайдалануға және оны қорғауға қатысты нормалар енгізу қажет. Бұл өз кезегінде ғылыми-техникалық салада қандай да бір жетістікке қол жеткізіп, интеллектуалдық жеке меншік нысандарының мүмкіндіктерін дұрыс бағалап пайдалануға және бизнес алаңын кеңейтіп, ұлттық компаниялардың ғылыми-зерттеу қызметінің механизмін ғылыми-техникалық бағдарламалар негізінде жеделдетуге, ғылыми жобаларды қаржыландырып, жаңа жоғары білікті ғылыми және инженерлік сала кадрларының пайда болуына жол ашады.

Ол үшін салық шарттарын тиімді етіп, Қазақстанға шикізаттық емес трансұлттық компаниялар мен жоғары технологиялық корпорациялардың келуіне жағдай жасауымыз керек. Жеңілдіктер негізінде мықты салық жүйесін реттеу керек. Елімізге сырттан келетін технологиялық толқынға еш кедергі болмастан, шетелдік серіктестерге дайын өнімге қойылатын «шектеу» жайлы түсіндіріп, бұл талаптың орындалуын қадағалау керек. Сонымен бірге дайын өнімде «қазақстандық мазмұнның» үлес салмағының белсенді түрде өсіп келе жатқанын назардан тыс қалдырмай, барлық талаптарды қамти отырып, келісімшарт жасау керек. Мұндай келісім шарттарға

технология импортын реттеудің басты үлгісі ретінде қараған жөн. Сондай-ақ келісімшартта шетелдік серіктестердің жергілікті ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеу жөніндегі ережелердің ескерілгені жөн.

3) «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеу мен басқару жүйесіне сәйкес кешенді жұмыстарды іске асыру керек. Ол үшін инновацияның дамуына қолдау көрсететін мемлекеттің экономикалық сектордың іріктемелі әрі нақты мінездемесі болуы керек. Салықтық және несиелік жеңілдіктер, қаражат көздері мен өзге де преференциялар инновациялық кластерлерге, өзара байланысы бар бәсекеге қабілетті ұлттық өнімдер шығаратын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және өндірістік-коммерциялық ұйымдарға берілуі тиіс. Бұл мақсатты іске асыру үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілгендей бағдарламалық құжаттарды қайта қарап шыққан жөн. Мемлекеттік және салалық жаңа бағдарламалардың мазмұны ірі жобалар іске асыратын ұйымдардың бизнес-жоспарымен және бірнеше жобамен толықтырылуы қажет.

4) Шетелдік технологияларды тұтынуға қатысты мәселелерді реттеп отыру үшін технологияны табыстаудың ұлттық агенттігін құрған абзал. Бұл ұйым шетелдік технологияларды керек ететін түрлі сала қажеттіліктерін анықтауға, технологияның баламалы ақпарат көздері жайлы білуге, технологияны таңдауда және бағалауда, оны импортқа бөлуге, тікелей және жанама шығындарын реттеуге, технологияны табыстаудың тиімді жолдарын анықтауға және шетелдік технологияларды меңгеріп оны таратуға көмектесер еді.

Бұл орайда технологияны таңдау жүйесі керек. Халықаралық тәжірибеде технологияны меңгерудің түрлі тәсілдері қолданылып, таңдалған технологияның қандай тәртіпте пайдаланғанына қарай нәтижесі де әртүрлі болып, өзгеріп отырған.

5) Көрсетілген үрдістер ашық инновация үлгісінің пайда болуына септеседі. Сонда жаңа өнімді шығару мен игеруге кететін уақыт та қаражат та азая түсіп, олардың нарықтағы қажеттілігі артып, түрлі білім көздерінен сусындауға мүмкіндік пайда болады. Ашық инновация үлгісі қазақстандық компаниялардың осы тәжірибемен дамуына жол ашады, себебі елімізде бүкіл инновациялық үрдісті өз еркімен іске асыруға қабілетті ірі компаниялар жоқтың қасы. Ашық инновациялар республикамыздың телекоммуникация, фармацевтика мен биотехнология, көлік құрылыс, тағам өндірісі салаларында еркін тарай алады.

Ашық инновация үлгісі Қазақстанда бірнеше бағыттар арқылы дами алады: шетелдік технологиялар трансферті, елімізге шикізаттық емес

Трансұлттық компаниялардың (ТҰК) келуі, «шикізат пен технология айырбастау» жүйесі арқылы және ҒЗТКЖ-аутсорсингі негізінде.

б) Қазақстанға инновациялық жобаларды іске асыру үшін келіп жатқан ТҰК-на арнайы «мәжбүрлеу» саясатын енгізу керек. Олар жаңа технологияларымен бөліскен сайын елімізде жұмыс жасауға мүмкіндік аса түседі. «Қазақстан-2050» Стратегиясында «инвесторларға еліміздің аумағында ең жаңа өндірістер құратын болса ғана шикізаттарымызды өндіру мен пайдалануға рұқсат» деген сөздер бар. Демек, «шикізат пен технология айырбастау» механизмін іске қосқан абзал. Бұл механизм элементтері 30 корпоративтік көшбасшылар Бағдарламасында қарастырылған болатын. Мысалы Қытай елі үнемі жаңа «ойын шарттарын» енгізіп отырады, солайша бұл елде жұмыс жасап жатқан корпорацияларды мемлекеттік кәсіпорындармен жаңа технологияларын бөлісуге мәжбүрлеп отыр. Әсіресе, әуе транспорты, энергетика, жоғары жылдамдықты темір жолдар, IT және басқа да салаларға үлкен мән берілуде.

Технологиялар трансфертінде Қазақстанда әзірге көлік және жабдық тасымалдау жұмыстары басымдық алуда. Ал «ноу-хау» мен лицензия алу да өкінішке орай өте төменгі деңгейдеміз. Төлем тепе-теңдігіне келетін болсақ, лицензия алу қызметі 1,2% құрайды. Бірақ бұл Қазақстан жоғарыда көрсетілген жаһандық технологиялық кеңістікке апарар жолды дұрыс пайдалана алмайды деген сөз емес. Бұл жұмысты отандық нарыққа келетін жабдық жеткізетін көшбасшы компаниялардан бастауға болады. Өйткені олар өздерінің сервистік орталықтарын үнемі өтімді жерлерге орналастырады. Мысалы мұнай мен таулы шахталық жабдықтармен айналысатын ірі компаниялар болуы мүмкін. Ал Қазақстанның батыс өңірінде мұнай бұрғылауда бірқатар шетелдік компаниялар өз жұмыстарын жүргізіп жатыр.

7) Нарықтың дамуымен бірге технологиялық күрделі өнімдерді тұтыну көлемінің артатынын ескеріп, Қазақстанда аутсорсинг негізінде жоғары технологиялық өндірістер ошағын орнату мәселесі кезекті шаруа болмақ. Ол өндірістерде отандық қызметкерлер жұмыс істеп, шетелдік технологиялық өнімдер пайдаланылуы керек. Дәл осы нарықта болашақта жоғары технологиялар шығаратын ғылыми орталықтар пайда болуы мүмкін.

Инновацияда сыртқы әсердің ықпалынсыз даму мүмкін емес. Сол себепті халықаралық технологиялар трансфертін жасау бүгінгі күннің ең басты міндеті болып табылады. Ал олардың мақсаты – Қазақстан мен серіктес-елдер арасында екі жақты технологиялық трансфертті реттеу. Қазіргі таңда Қазақстан және Франция елдерінің технологиялық трансферт

орталығы өз жұмысын жүргізуде. Бірлесіп жұмыс істеуге өзге де елдер қызығушылық танытып, ұсыныстар түсуде.

6. Ұлттық кластерлерді және инфрақұрылымдарды құру

1) Инновациялық дамуда «Астана ЕХРО-2017» жобасының жүзеге асырылуы өте маңызды. Осы ретте мынадай басымдықтарға қол жеткізуге болады: жоба аясында инновациялық кластерлер құру; ЕХРО-2017 алаңын ғылыми жобалар мен бизнес-жобаларды іске асыруға ыңғайлы автономиялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету; ЕХРО-2017 алаңын мықты орта Азиялық Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) орталығына айналдыру; ЕХРО-2017 мемлекеттік жеке серіктестік платформасы ретінде пайдалану.

Салынып жатқан нысандардың дұрыс жерде орналасуын қадағалау маңызды. Сондай-ақ өндірістің тиімділігі артуы үшін және жаңа энергиялық технологиялардың дамуы үшін оларды дұрыс ретімен орналастыру қажет.

2) Инновациялық-индустриялық аймақтық саясатта кластерлер құруға жете мән берген дұрыс, бұл қосымша құнға байланысты идеялардың тоғысуына мол септігін тигізеді. Инновациялық кластерлер заманауи жаңа үрдістерден қалмай ілесіп отыруға мүмкіндік туғызады. Оның өзіндік ерекшелігі бар: инновациялық кластерлердің субъектілері әсіресе шағын және орта бизнес (ШОБ), тұтынушылардың қажеттіліктерін жедел орындауға қабілетті; кластердің қатысушы субъектілеріне жаңа технологияларға қол жеткізу жеңілдетіледі; инновациялық үрдіске жабдықтаушылар мен тұтынушылар сонымен бірге өзге сала кәсіпорындары кіреді, нәтижесінде фирмааралық қауымдастық негізінде ҒЗТКЖ шығыны азаяды; фирма субъектілері кластерде үлкен әрі қарқынды бәсекелестіктің қысымында болады, бұл бірлескен субъектілер жұмысымен жеке шаруашылық қызмет арасындағы қатынасты ушықтыра түседі; инновациялық кластерлер фирмалармен, жабдықтаушылармен, тұтынушылармен, білім институттарымен тығыз байланыста. Олардың арасында жаңа идеялар мен инновацияның қозғаушы күшіне айналған, тұрғындарды жоғары біліммен қамтамасыз ететін, зерттеу орталықтары мен университеттер бар. Міне ол сонысымен дәстүрлі технопарктерден ерекшелене түседі. Оның үстіне олар қаражатты жаңа технология мен өнімге жұмылдырып, сонымен нарыққа шыға алады. Жалпы, салықтық жеңілдіктер қарастырылған Атырау облысында АЭА базасында «Ұлттық индустриялық мұнай және химия технопаркін» құру керек. Кластерлік стратегияларды жүзеге асыруда мемлекеттің атқарар рөлі ерекше. Егер, алғашқыда кластерлер «нарықтың көрінбейтін қолы»

арқылы пайда болса, оның қалыптасуына бірінші кезекте ТҰК негізінде қалыптасты, ал соңғы кезде кейбір елдерде бұл билік өкілдерінің қалауы бойынша мемлекеттік жеке серіктестік аясында «қолдан өсіріле» бастады, солайша бұл үрдістің дамуына айтарлықтай үлкен үлес қосты.

3) АӨК саласында қандай да бір жетістікке қол жеткізу үшін инновациялық кластерлер құру керек, оған агроөнеркәсіптік және ғылыми кешендер, биотехнологиялық зертханалар (азық-түлік пен ауылшаруашылық өнеркәсібіне қажетті технологиялар жасайтын), мамандарды дайындау және қайта дайындау орталығы, жана технологияларды жедел меңгеруге көмектесетін шағын өндіруші кәсіпорындар кіреді. Қазақстанда бұл кәсіпорындар жоғары оқу орындары мен ҒЗИ-да құрылуы керек. Олар қарқынды технология мен өндірістердің тиімді индустриялды үлгісін қолдануға, өсімдік пен мал шаруашылығы өнімдерін шығаруға негізделуі керек.

Осыған байланысты қажетті өңірлерде елдің экспорттық индустриясына үлкен септігін тигізетін экспортқа бағытталған өңдеуші аймақтар құру қажет. Шикізаттық емес экономика саласында инвестиция ағынын жеделдету үшін – арнайы экономикалық аймақтар құрылуы тиіс (АЭА).

Жаһандану жағдайында ел мен өңірлердің бәсекеге қабілетті болуын жеке (мейлі ірі болсын әрі технологиялық дамыған болсын) кәсіпорындар емес, өзара экономикалық тығыз байланыстағы шаруашылық етуші субъектілер қамтамасыз ете алады. Қазақстан өндірісінің территориялық шашыранқылығы, бай минералды-шикізаттық базасы, ірі ауылшаруашылық жер телімдері бола тұра, әрі тұрғылықты халықтың урбанизациялану деңгейінің төмендігіне қарамастан, мемлекеттік өнеркәсіп саясатын тиімді өзгерте алатын бірнеше инновациялық кластерлердің болуын қажетсінеді. Бұл жағдайда қолдау жеке салалар мен кәсіпорындарға жұмсалмау керек, керісінше жабдықтаушылар мен тұтынушылардың, өндірушілер мен өнімді пайдаланушылардың және өндірушілер мен даму институттарының өзара ынтымақтаса жұмыс істеуіне жағдай жасалғаны дұрыс.

4) Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін аймақтарда инновациялық-технологиялық кластерлер (ИТК) құру керек. Олар өз кезегінде технологиялық компанияларды құрып, оларға бастапқы кезеңде қолдау көрсетеді. Сол тұрғыдан алғанда ИТК-ның кәсіпорындарды басқарудағы рөлі зор. Сонымен бірге қаражатпен қамтамасыз етіп, кешенді қызмет түрлері мен техникалық көмек көрсетуге, әсіресе бизнес жоспарларды іске асыруға, инновациялық жобаларды құруға, маркетинг жоспарын жасауға септесіп, есеп пен заңдық мәселелерді де шешуге ықпал

етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ИТК кәсіпорындардың жұмысын жеңілдетіп, даму белсенділігін 7-8 есеге арттырады.

Инновациялық үрдісті басқарудағы ИТК желісін құрудың мынадай ерекшеліктерін атап өту керек: ИТК аймағындағы кәсіпорындарды кепілді қаражат көздерімен қамтамасыз ететін материалдық қор жинауға мүмкіндік береді; басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға ықпалын тигізеді; инновациялық үрдістің уақытын қысқартады; инфрақұрылымға кететін шығын көлемін азайтады; инвестициялық шешім қабылдауда бюрократиялық әсер кемиді; инновациялық кәсіпорындардың басқару құрылымын жетілдіреді; инновациялық жүйеде білім алмасуға жағдай жасайды.

5) Осыған байланысты Алматы, Астана, Қарағанды және өзге де қалаларда ұлттық инновациялық-технологиялық кластерлер құрылуы тиіс. Ал оған ғылыми және идеологиялық қолдау көрсету үшін арнайы агенттіктердің жұмысы реттелгені жөн.

6) Сондай-ақ аймақтық инновациялық еншілес қорлар құрған абзал. Аймақтық ғылыми-технологиялық кешенді зерттеулер өңірлік инновациялық жүйені жетілдіруде мынадай негізгі үш үрдістің ескерілуі керек екенін көрсетеді: 1) әр аймақтың инновациялық құрылымының келешегі жарқын, салалық экономикалық құрылымға бейімделуі керек, бұл оның тың әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамасының бәсекелестік әлеуетін көрсетеді; 2) кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырып, инновациялық шағын бизнестің дамуына жағдай жасалуы тиіс; 3) аймақтық деңгейде институционалдық тұрғыда өзгеріп, аймақтық ұйымдар арқылы инновациялық жүйені реттейтін жабдық түрлерін жетілдіру керек.

7. Ақпараттық қамсыздандыру

Әлемдегі экономикалық құлдырау жағдайында ақпараттық қамсыздандыру – мемлекеттің ең басты міндеті ретінде қарастырылуы керек.

Ақпарат, су, газ және жарық энергиясы секілді қоғам тұтынатын, қажетті уақытта кез келген адам оңай қол жеткізе алатын жағдай болуы керек. Сол себепті жаппай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытып, оларды игеру бірінші кезектегі мәселе. Бұл мақсатта «Қазақстан Республикасындағы ақпараттандыру жайлы» жаңа Заң дайындау қажет. Мәселен, АҚШ-та жаңа ақпараттық технологияларды күшейтуге инвестицияның 40% жұмсалады. Нәтижесінде қажетті толыққанды ақпарат алып отырады.

Сонымен бірге кешенді насихат жұмысын жүргізіп, PR-стратегияларды жүзеге асыру керек. Бұл орайда халықтың инновация мен заманауи өнімдерге қызығушылығын оятатын кәсіпорын қызметкерлері мен жастар арасында байқаулар, семинар, көрме, конгрес секілді өзге де іс-шараларды ұйымдастырып отыруға болады.

8. ШОБ дамуын жетілдіру

1) Бірінші кезекте мемлекет елімізде дұрыс жолға қойылмаған тауар мен қызмет көрсетудің арнайы тізімін бекітуі керек. Басымдығы мол салада жұмыс жүргізіп жатқан шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілеріне Германия тәжірибесіне сүйене отырып жеңілдігі бар ұзақ мерзімді несиелер берілуі керек. Несиенің өтеуін табиғи жолмен (өнім мен қызмет негізінде) де өндіріп алуға болады. Қарызды төлемеу қаупінің алдын-алу үшін кепілдік жүйесін, ал ол болмаған жағдайда жобаларды бірге қаржыландыру (50/50) жүйесін енгізу керек. Сонымен қатар өтімді өндіріспен айналысып жатқан шағын және орта бизнеске салынатын салық түрін қайта қарастырып, оның көлемін 6–8% дейін түсіру керек. Шағын және орта бизнеске мемлекет қана емес, сонымен бірге белгіленген тізім бойынша өнімдерді мемлекеттік сатып алумен айналысатын ұйымдар да көмегін тигізе алады. Солайша үлкен сұраныс туып, бизнеске үлкен қолдау көрсетіле бастайды. Мұның барлығын Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорация (ӘКК) арқылы жүзеге асыруға болады. Олар аймақтарда жүзеге асырылуы тиіс жобалар жайлы ақпарат тарата отырып шағын және орта бизнестің дамуына өзіндік үлесін қоса алады. Сондай-ақ шағын және орта бизнес өкілдерімен бірлесе жұмыс істей отырып, жобаларды іске асыруға септігін тигізеді.

2) Инновациялық даму жағдайында мынадай жобаларға басымдық берілуі тиіс: кәсіпорынның шығынын сәл де болса азайтып, кірісін көбейтетін; жергілікті және қосымша нарыққа шыға алатын әрі сапалы өнім шығаруға қабілеті болуы керек. Дәл осы жерде инновациялық әлеуеті әлі де іске қосылмаған шағын бизнестің рөлі ерешке болмақ. Өйткені шағын кәсіпорындар қауіптен қорықпайды, сондықтан да олар өзгермелі нарықта жақсы қалыптасып, оның жана қажеттіліктерін іске асыруға бейім келеді. Мұның барлығы шағын бизнестің үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді. Бірақ ол үшін шағын бизнеске лайықты дәрежеде қолдау көрсетілуі керек. Қазір шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілерге айтарлықтай қомақты қаражат бөлінеді. Бұдан басқа да шаралар қолданылуы қажет. Мәселен, қайта өңдеу саласында еңбектеніп, нақты бір өнім түрін шығарып жатқан кәсіпорындарға салықтық үзілістер беру. Бұл

тек экспорттық-бағдарланған өнім емес, импортпен салыстырғанда арзан әрі қарапайым өнім болуы мүмкін. Осындай кәсіпорындарға басқалай да көмек көрсетуге болады. Мәселен, кеңсе жалдауына, жер жалдауға т.б. қол ұшын созса артық болмас.

3) Сонымен бірге еншілес қорлар, коммерциялық құпия, жасырын өнертабыс түрлері, екі жақты технологиялар трансферті, интеллектуалды жекеменшік, инновация құруға байланысты мемлекеттік тапсырысты орналастыру жайлы заңдарды қарастыруға да болады.

9. Аймақтық саясатты жетілдіру

1) Қазақстан территориясының үлкендігіне байланысты экономикалық үрдістерде едәуір аймақаралық шектеулер пайда болуда. Сол себепті де экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында республикалық дамудың аймақтық аспектілерін ескеру керек. Барлық өңірлердің қарыштап дамуына жағдай жасалғанда ғана бәсекеге қабілетті ел бола аламыз. Аймақаралық кооперациядағы әрбір өңірдің әлеуетін анықтап, Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттырған жөн.

2) Елдегі инновациялық даму үрдістеріне экономика мен өндіріс саласындағы ірі әрі әлеуетті кәсіпорындар тікелей ықпал ете алады. Үлкен кәсіпорындар – инновациялық дамудың ошағы іспеттес, олар солайша инновациялық өзгеріске әсер ете алады. Бұл мемлекеттік инновациялық даму жүйесінде кластерлік үлгінің экономика саласына әсер етсе, ірі және орташа экономикалық белсенді кәсіпорындар жұмысына анағұрлым тиімді әсер ететінін көрсетеді. Аталмыш кәсіпорындар нарықта негізгі сұранысқа ие. Республикадағы кластерлік әлеуеті мықты салаға тау-металлургиясын, мұнай және газ, құрылыс пен агроөнеркәсіп саласын жатқызуға болады. Сонымен бірге тасымалдау мен ядролық технологиялар да қалыс қалмайды. Бұл салаларда «Испат Кармет» АҚ, «Казцинк» АҚ, «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Теңізшевройл» БК, «Продкорпорация» АҚ, «Қазақстан темір жолы» АҚ, «Қазатомпром» АҚ және т.б. компанияларының көші ілгері тұр.

Осыған байланысты «ҚазАгроИнновация» АҚ ғылыми ұйымы әртүрлі кластерлердің дамуына мүмкіндік беруі керек: мақта – мақта шаруашылығы ҒЗИ; жеміс-көкөніс – азық-түлік өнеркәсібімен айналысатын ғылыми өндірістік орталықтар (ҒӨО); жеміс шаруашылығы ҒЗИ мен картоп және көкөніс шаруашылығының Зерттеу орталығы; дәнді-дақылдарды өндейтін – Бараев атындағы дәнді-дақыл шаруашылығы ҒӨО; жер өңдеу мен өсімдік шаруашылығының ҒӨО жұмысы жолға қойылуы керек.

3) Инновациялық секторлардың кластерлік үлгісі өнеркәсіптік, инновациялық және технологиялық, қаржылық-несиелік және аймақтық дамудың жиынтығы болып саналады, өйткені кластер өзара байланысқан шаруашалық субъектілер серіктестігінің әлеуетін бір демде арттыра алады. Өсім деңгейі серіктестердің өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануының негізінде, кооперация мен бәсекелестіктің үйлесім табуының негізінде көтеріліп отыр. Сол себепті аймақтарда инновациялық кластерлер құру керек, оған жекеменшік компаниялар, сауда-өнеркәсіптік палаталар, қаржылық құрылымдар, ғылыми және технологиялық парктер, университеттер мен ҒЗИ және басқа да инфрақұрылымдық желілер кіреді.

4) Осыған орай индустриялық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсететін жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін анықтап, аймақтарда инновациялық кластерлер құрып, оның дұрыс жұмыс істеуін заңды тұрғыда бекітуді қажет деп білеміз.

5) Аймақтық экономиканың негізгі бағыттары: экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторларындағы аймақтық дамудың сыртқы және ішкі факторлардың негізгі қозғаушы күшін бір арнаға жұмылдыру, ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру, ішкі өндіруші күштерді біріктіру, республикалық, өңірлік, жергілікті экономика мен ортақ мемлекеттік және аймақтық аспектілердің дамуын оңтайлы басқара білу. Бұл орайда мына мәселелердің маңызы зор: монопрофильді сипаттағы шағын қалаларды дамыту; аймақтарда қайта өндірушілердің есебенінен пайдалы қазбаларды өндіретін салалардың дербестенуін жеңілдету; қала құрушы кәсіпорындарды әртараптандыру және қайта құрылымдау, шығаратын өнім номенклатурасының қуатын арттыру; шағын кәсіпорындарды бөлшектік және технологиялық дербестеу (өндіріс торабын, бөлшектер, жергілікті шикізаттан өндірілген құрылыс материалдары, ұлт тұтынатын өнімдер); шағын қалаларда оқыту немесе қайта оқыту арқылы, жаңа кадрларды дайындау арқылы халықты жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру.

Қазақстанның әртүрлі сипаттағы шағын қалаларына түрлі тәсілдермен қолдау көрсетілуі тиіс, бірақ мемлекеттік қолдаудың тиімді түрі жәй қаржыландырып қою ғана емес, сонымен бірге сол аймақта қысқа мерзімді (3-4 жыл) бюджеттік тәртіп орнату қажет.

10. Жалпыға бірдей еңбек негізінде әлеуметтік жаңғырту

1) Мемлекеттің әлеуметтік дамуы тек шағын әлеуметтік кепілдіктер негізінде іске аспайды, сондықтан олардың жүйесін жетілдіру керек. Республикалық экономика қарқынды дамыған жағдайда белсенді

әлеуметтік саясатты іске асыру үшін адамның жұмысқа кеткен күш-қуатын қайта толтыруға бағытталған күнкөріс минимумынан өту керек. Сондай-ақ материалдық тұрғыда ғана емес, әлеуметтік және мәдени салалардың деңгейін көтеретін сапалы әрі жаңа тұтыну стандартын пайдалану керек. Бұл нормативке әлеуметтік тұтыну бюджетін жатқызуға болады. Оның ғылыми зерттеу жұмыстары мен құрылу тәсілдері әлеуметтік саясатта аталмыш стандартты пайдалануға мүмкіндік беретін нормативтік базаны құруға көмектесер еді.

2) Креативті экономиканы дамытып, адам капиталын жетілдіру үшін біраз мәселелердің шешімін табу керек. Ескерте кетейік, дамыған елдерде 77% кіріс – тиімді пайдаланылған адам капиталынан, жаңа білім мен ғылымнан, технологиядан түседі, ал қалған 23% негізгі қорлардың, табиғи ресурстардың есебінен және т.б. экстенсивтік факторлар есебінен түседі. Ал бізде мұндағы арасалмақ бұл көрсеткішке кереғар.

Қазіргі уақытта креативті экономиканың тұжырымдамасы кең таралуда. Бұл бүгінгі күннің экономикалық және әлеуметтік жаңа бағыты. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев креативті топтарды дамытуды әлеуметтік жаңғыртудың басты міндеті ретінде атап өтіп, оны инновациялық экономиканың негізгі қозғаушы күші ретінде бағалады. Әлеуметтік инфантилизм секілді құбылыстарды жеңіп, өзін-өзі жігерлендіріп, еңбек қызметіне апарар бірден-бір жол креативті индустрияны дамыту. Креативті топтың қалыптасуы – технология, талант және толеранттық сынды үш басты фактор негізінде жүзеге асуы қажет. Қазақстандық қоғамның толеранттығы мен ашықтығы – әлем мойындаған тамаша феномен болып табылады. Біздің пікірімізше, мұны бірінші дәрежелі фактор ретінде қарастыруға болады. Қазақстандық қоғамның бұл тамаша қасиеттерінің тамыры тереңде. Ашықтығы, өзгеріске деген құлшынысы, жаңаны тез қабылдап алатын қабілеті сонау көне өркениеттен бері келе жатыр.

3) Қазақстан қоғамында ұлттық экономиканы жаңғыртудың басты факторы мен маңызды ресурсы ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықты алуға болады. Олардың біліктілік деңгейі биік әрі еңбек әлеуеті жоғары. Өзін жұмыспен қамтып жүргендердің көрсеткіші 36,7% құрайды. Олардың арасында жоғары, аяқталмаған жоғары және орта білімді қызметкерлер де бар.

Өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі мен оның отбасылық жағдайды жақсартудағы рөлін ескере отырып, оны дамыту мен басқаруға ерекше мән берген жөн. Өзін-өзі жұмыспен қамту жөніндегі саясат арқылы жергілікті халықтың әлеуметтік жаңғыртуда қаншалықты белсенді күшке ие бола алатынын, елдің экономикалық дамуына қандай үлес қосатынын аңғаруға болады.

Жаңғырту аясында институттар мен басымдықтарды қалыптастыруда бағыттарды қалай өзгертсек, дәл солай жаңа механизмдерді пайдаланып, әлеуметтік-экономикалық саясатты жаңғыртуда елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру керек. Қоғам мен экономиканың серпінді даму үрдісіне әсер ететін әлеуметтік саясаттың басты бағыттарынан тұрады.

4) Халықаралық өлшемге сай келетін мелекеттік әлеуметтік стандарттарды пайдалану. Бұл мақсатта еңбек ақысы, зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру, отбасыны әлеуметтік қорғау стандарттары, білім беру қызметі мен денсаулық сақтау саласының стандарттары, тұрғындарды баспанамен қамту, ел азаматтарының жалпы ақпараттық мәдениетінің стандарты, экологиялық қауіпсіздік сынды құрамдас бөліктерден тұратын өмір сапасының ұлттық стандартын дайындау керек.

5) Кәсіби және біліктілігі жоғары қызметкерлер арасындағы экономика қажеттіліктерінің ұзақ мерзімді болжамын жасау. Кәсіби білім беру жүйесінде дамудың басты бағыты ретінде білікті мамандар мен тәжірибелі салалық кадрларды дайындауды айтуға болады. Бұл өз кезегінде инновациялық ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетті болуына жол ашды.

6) Қазақстан өндірісінің тиімділігі мен еңбектегі өнімділігі жөнінен әрі шығын мен сапаны басқаруда әлемнің дамыған елдерінен едәуір қалуда. Отандық кәсіпорындар ЛИН жүйесі (өнімнің үнемдеуші жүйесі деп аталады) арқылы өндіріске инновациялық даңғыл жол салуы керек. Соның негізінде кешенді жұмыс істеп, компанияның жұмыс үрдісінде пайда болатын кез-келген кемшіліктерді жойып отыруға және ішкі резервтерді барынша мобилизациялауға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ЛИН-жабдықтарын күшейтудің алғашқы сатысында оның ауқымы 30-300% құрайды.

Бұл көрсеткіш одан көп болуы мүмкін. Жұмыс үрдісін стандарттау арқылы және қарапайым тәртіп арқылы жұмыс орындарында еңбек өнімін он есе көтеруге болады. Мәселен, ЛИН-жабдықтарын қолдануының нәтижесінде жұмсақ жиһаздар өндіретін еуропалық компания еңбек өнімділігін 60 есеге көтерген. Ал ресейлік кәсіпорын дәл осындай мүмкіндіктері бола тұра, тіпті қызметкерлер санының бірдей болғанына қарамастан, біраз кейін қалып қойған.

11. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік

Инновациялық саладағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – мемлекеттік және жеке меншік құрылымдар тең дәрежеде, бірлесе оты-

рып, жұмыс жүргізетін қарапайым әріптестікке ұқсайды. Мемлекет инновацияның тетігі болып табылатын білім мен ғылым жүйесіне қолдау көрсетіп, инновациялық кәсіпкерлік пен инновациялық инфрақұрылымды дамытуға жағдай жасайды. Ал кәсіпкерлік сектор негізгі коммерциялық қауіп-қатерді өз мойнына жүктеп, нарыққа шығады да түскен пайданың бір бөлігін алады. Мемлекет өзінің үлесін салық түсімінен, әлеуметтік мәселелер мен ортақ өндіріс деңгейін арттыру арқылы шығарып алады. Солайша өнімнің әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болуына жол ашады. Мемлекет пен бизнестің мұндай байланысы көпшілік көңілінен шығуы тиіс.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің инновациялық саладағы негізгі бағыттары:

а) Мемлекет пен нарықтың инновациялық үрдістерге бірге қатысуы. Мемлекет нарықтың дамуына септескенімен оның орнын баса алмайды. Бюджеттік қаржыландыру өз кезегінде инновациялық дамудың мәре сызығы іспетті. Солайша жеке кәсіпкерлерге белгі беріп, олардың белсенділік танытуына, алғашқы қадам жасауына мүмкіндік береді.

б) Инновациялық тәуекелдің мемлекет пен бизнеске бірдей бөлінуі. Мемлекет пен жеке меншік сектор тең дәрежелі серіктестер секілді инновациялық-технологиялық мәселелердің шешімін бірігіп іздеуі керек. Солайша инновациялық жобаларды жүзеге асыруда екеуіне де бірдей жауапкершілік артылады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктер жеке секторға бағытталған заманауи қауіп-қатері жоғары технологияларды жүзеге асыратын ортақ бағдарлама дайындауы керек. Мұндай серіктестік жұмыстары кооперациялық келісім негізінде жүзеге асырылады. Түрлі саланың өндірістік кәсіпорындарын байланыстыратын, билік ведомстволары, ҒЗИ мен жоғары оқу орындары нақты ғылыми-технологиялық жетістіктерге қол жеткізу үшін бірігуі керек. Мемлекет қаражаты жұмсалатындықтан, жобаны басқаруды бизнеске тапсыру керек немесе арнайы делдал ұйымдарға табыстаған жөн.

в) Инновациялық белсенділікті арттыруда мемлекеттік қолдаудың орталықсыздандырылған арналарын пайдалану. Мемлекеттік қолдау тікелей қаржыландыру жолымен емес, бір уақытта әртүрлі арналар арқылы көрсетілуі керек. Негізінен «даму институттары» желісінің жетілдірілуі осы талаптарға сай келеді. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдауды жеке делдалдарға да бөліп берген дұрыс, бұл өз кезегінде жемқорлық қаупін азайтады.

г) Инновациялық қызметте мемлекеттік қолдауды күшейту. Егер өнеркәсіптік кәсіпорындардың қаржылық субсидиялары мемлекеттің қызметімен айырбасталатын болса, қолдау көрсететін арналардың

«тазалығы» арта түседі. Мемлекет қызметкерлерді оқыту бағдарламасының қаржысын, шағын кәсіпорындарды халықаралық сертификациялауды, ақпараттық қамсыздандыруды өз мойнына алса болады. Бизнес үшін бұл бағдарламалар тегін жүргізілуі керек. Тағы бір табиғи грант ретінде мемлекеттік ҒЗИ мен жоғары оқу орындарының алаңында технопарктер мен инновациялық орталықтарға жер телімдерін беруді айтуға болады.

д) Кәсіпорындар желісін қолдау. Шағын және орта бизнеске инновациялық қолдау бағдарламасы жеке оқшауланған кәсіпорындарға емес, олардың салалық немесе территориялық қауымдасқан топтарына бағыттталып, солармен жұмыс жүргізуі керек. Мемлекеттің кәсіпорындар тобымен жұмыс жүргізуі бір жағынан бағдарламалар шығынын азайтса, екінші жағынан шағын кәсіпорындардың автономды өндіруші ретінде емес, ортақ мүдде үшін жұмыс істейтін және жаңа техника түрлері мен өзге де ресурстарды бірлесе пайдаланатын шаруашылық субъектілері ретінде нарыққа шығуына жол ашады. Мұндай желілік байланыстар уақыт өте келе инновациялық кластерлерге айналады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің дамуына құқықтық институционалдық жайлы жағдай қалыптастыру үшін инновациялық салада иелік ету жөніндегі заңдық тұрақсыздықтарға қатысты мәселелерді шешу керек. Сондай-ақ, мемлекеттік қаражат көмегімен жасалған ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану мен интеллектуалды жеке меншік құқықтарын реттеуді қолға алған жөн. Осыған сай тең құқылы өзара тиімді әріптестіктердің экономикалық және қаржылық механизмдерін қалыптастыру қажет.

Экономикалық айналымда қарым-қатынасты нығайта түсетін пысықтау жұмыстарының заңнамалық тұрғыда жүргізілуіне ерекше мән беріліп, мемлекеттік қаражат есебінен қаржыландырылған интеллектуалдық меншік нысандарын пайдаланудың шарттары реттелуі тиіс. Мемлекеттік қаражат есебінен қаржыландырылған барлық нысандарға мемлекеттік интеллектуалдық меншік мәртебесін беру керек. Бұл орайда коммерциялық мақсатта пайдаланылатын өнертабыс түрлерін іріктейтін механизмді іске қосу қажет. Бұл өз кезегінде стратегиялық зерттеу саласындағы ақпарат пен технология ағынын реттеп отырады. Бұған үдемелі технология саласындағы зерттеулерді жатқызуға болады.

Сонымен қатар интеллектуалдық меншік нысандарын пайдаланудың мемлекеттік шарттары реттелуі керек. Бұл жағдайда дайындаушыларға кері қайтарымсыз берілген технологиядан бастап, оны пайдаланудан түсетін болашақтағы міндетті кірістер мәселесі де назардан тыс қалмағаны дұрыс. Қайтарымсыз беру – қоғамдық өндірістің жеке секторларын субсидиялаудың

үлгісі болып табылады. Бұл тәсіл табиғатты қорғау технологияларына да пайдаланыла береді. Мемлекеттің коммерциялаудан түсетін табыс көлемі саласына байланысты немесе тұтыну мөлшеріне қарай өзгеріп отыруы мүмкін.

Кәдеге жарап жатқан технологияның сипатына қарай технологиялық қайтарымның түрлі үлгілері пайдаланылады: қоғамға қажетті өнімдер шығарумен айналасытан өндірушілердің өнімін кері қайтарымсыз үлгіде пайдалану; мемлекеттің меншік иесі ретіндегі рөлін айқындай түсетін лицензиялау басымдығы; өнеркәсіптік меншік құқығын сақтай отырып, мемлекеттік ҒЗИ-ға өнеркәсіп компанияларын тарту; мемлекеттік-жеке компаниялар мен мемлекет қаражаты есебінен жүзеге асырылған ҒЗТҚЖ нәтижелерін енгізетін консорциум құру; өнеркәсіптік компанияларда бірге басқарылып, ортақ қаржыландырылатын, кешенді зерттеу бағдарламаларымен жұмыс жүргізетін ғылыми-зерттеу орталықтарын құру; мемлекеттік ҒЗИ аясында кооперацияға өнеркәсіптік компаниялардың зерттеу жұмыстарын енгізетін білім беру орталықтарын құру; лицензия алушының бәсекелестік ұстанымын қорғау үшін ерекше лицензия түрін енгізе отырып, мемлекет пен әзірлеушінің кіріс механизміне әсер етіп, лицензияны коммерциялық секторда пайдалану.

12. Табиғи ресурстарды басқару

Энергияның дәстүрлі емес көздерін: су энергиясы мен күн сәулесі қуатын, жел мен биомасса қуатын ұтымды пайдалану керек. Жаңаратын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану энерготұтыну мен қуатты үнмедеу жүйесіне өзгеріс енгізіп, отын қорларын жұмсауда экономиканың жалпы «табиғи сыйымдылығын» азайтады. Экологиялық қауіптер азайып, энерготасымалдаушылардың ауаға бөлетін лас газының көп бөлінбеуіне септігін тигізеді. Жаңаратын энергия көздерін пайдалану технологиясы қоршаған ортаның жағдайын жақсартып, кен арқылы өндірілетін, экологиялық қауіп көп қазбалы энерго-ресурстарды үнемдеуге жол ашады және солардың орнын алмастыра алады.

Қазақстан Республикасында дәстүрлі емес қуат көздерін пайдаланудың үлкен мүмкіндіктері бар. Оларды дұрыс жолға қойылған мемлекеттік саясат негізінде іске асыруға болады. Егер бар күшімізді осы салаға бағыттасақ, елімізде электр қуаты саласы жандана түсер еді.

Елімізде балама энергетиканы дамыту үшін келесі тәсілдерді ұсынамыз: қоршаған ортаға зиян тигізетін кәсіпорындарға салынатын салықты реттей отырып, жаңаратын энергия көздерін дамытуға қолдау көрсетуге болады; балама энергия түрлерін пайдаланған жағдайда азайып

отыратын салық жүйесін енгізу; балама энергия көздерін игеруге арналған жабдықтар мөлшерлемесіне салық салуда және кедендік тұрғыда жеңілдік енгізу; баламалы энергия көздерін пайдалануға қатысты стратегиялық басымдыққа ие бағдарламалар дайындау; жанаратын энергия көздерін игеруге арналған құрал-жабдықтарды сатып алуға қажетті несиелердің пайызын азайту; тиімді қуатпен қамтитын нысандарды салуға мемлекет тарапынан кететін шығын көлемін анықтап, 30% дейін күрделі қаржымен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру керек.

Осыған байланысты мемлекеттің табиғаттың қазба-байлықтарына қатысты құқығын айқындайтын табиғи ресурстарға қатысты жаңа заң жобасын дайындау керек.

13. Сыртқы экономикалық қызмет

Қазақстанда интеграцияның дамуы үшін, Кедендік одақ мүшелігіндегі елдерде бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру үшін серіктес елдердің әлемдік нарықтағы бағытын айқындап отыратын халықаралық инновациялық-технологиялық кластерлер қажет. Бұл өз кезегінде тиімді сауда саясатын жүргізуге, экспорттық әлеуетті арттыруға, бірлескен интеграциялық аймақтардың бәсекеге қабілетті болуына септеседі.

Осыған орай мемлекеттік кәсіпкерлік пен мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті пайдалана отырып, интеграциялық әлеуетті асыратын мемлекетаралық кластерлерді құрған жөн. Мемлекеттік институттар мен компаниялардың қатысуымен (немесе жеке мемлекеттің қатысуымен) жүргізілетін бұл механизмдер корпоративтік деңгейде жылдам әрі тиімді интеграциялауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жеке шаруашылық иелерінің капиталын біріктіруге кететін ұзақ эволюциялық кедергіні оңай игеруге жол ашады.

Корпоративтік интеграцияны мемлекеттік деңгейде қолдау экономикалық жетілдірудің жанама үлгісі арқылы жүзеге асырылады. Бұл – бірлескен кәсіпорындарға берілетін салықтық жеңілдіктер, корпоративтік халықаралық-интеграциялық кластерлер мен мемлекетаралық инвестиция мен даму институттарына арналған жеңілдігі бар несиелер.

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге ерекше мән берген дұрыс. Тіпті мультимодальдық тасымал жөніндегі заңды дайындау да артық етпейді. Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында Қазақстан, Ресей және Белорусияда транспорттық-логистикалық кластерлер құру жөніндегі жұмыстарды қолға алу қажет. Бұл нарықта біртұтас интеграцияланған транзиттік тасымал жүйесін құрып, тікелей тарифтік және технологиялық жеңілдігі бар тауарларды тасуға жол ашады.

1 БӨЛІМ
ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН
«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН
МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫН
ТАЛҚЫЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

**«Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі ерекшеліктері мен
инновациялық бағыттары**

Еспаев С.С.,
ҚР БҒМ ҒК Экономика Институтының
директоры, э.ғ.д.

Сәлеметсіздерме, хош келдіңіздер! Қадірлі зиялы қауым, біз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылау үшін жиналдык. Қатысуға келгендеріңіз үшін үлкен алғыс айтамыз.

Бүгінгі жиынға елімізге және шетелде танымал ғалымдар, академиктер, білім – ғылым мекемелерінің жетекшілері, мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, бизнес, ақпарат және қоғамдық ұйым өкілділігі қатысуда.

Өзімізге белгілі 1997 жылы Ел Президентінің ең алғашқы жолдауы «Қазақстан-2030» Стратегиясы қабылданған болатын. Сол жолдаудағы негізгі бағыттар жүзеге асты.

Сондықтан Елбасы дамудың жаңа белесін 2050 - жылға дейін белгіледі. Жаңа Стратегия «Қазақстан-2050» меніңше ХХІ ғасырдағы дүние жүзіне қажет, ғасырлық - іргелі жолдама.

Стратегияның басты мақсаты Қазақстан–2050 жылға дейін мықты мемлекет негізінде экономикасы дамыған берекелі ортаны қалыптастырып, жалпыға ортақ еңбекпен қамту. Осыған байланысты Жолдаудың басым бағыттары мен негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтсем:

1. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – бұл бәсекеге қабілеттілік пен инвестиция қайтарымының экономикалық кіріс

қағидасына негізделген прагматизмі. Барлық шешімдер экономикалық мақсатта және ұзақ мерзімді мүдделі тұрғыда қабылдануы керек. Ол үшін еліміздің тең дәрежелі бизнес-серіктес ретінде қатыса алатын орындарды, яғни экономикалық даму нүктелерін анықтап, жаңа нарықтық бағыттарды айқындап алған жөн.

Макроэкономикалық саясатты жаңғыртуға жаңа бюджеттік саясаттың қағидалары – бюджеттің жетіспеуін қысқарту және өз мүмкіндігі жеткенше жұмсау; тиімді әрі тексерілген бюджеттік-қаржылық үдеріс; мемлекеттік бюджет инвестициясын өнімді, ұзақ мерзімді және болашағы бар жалпы ұлттық жобаларға бағыттау.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, салық саясатында күшін жоймаған салықтық жеңілдіктерге тексеру жүргізу керек; әкімшілік басқаруды қалыптастыру; салықтық есепті азайту мен жеңілдету; электронды есеп беру жүйесіне толықтай ауысу; қаражатын білім мен медициналық сақтандыруға жұмсап жатқан азаматтар мен компанияларды салықтан босату жөніндегі тәжірибені енгізу. Салықтық саясатты - жаңа технологияларды шығарумен айналысып жатқан нысандарға қолайлы салықтық тәртіп қалыптастырып, салықтық есеп беруді жеңілдетуге бағыттау.

Жаңа индустриялау мен экономикалық прагматизм саясатының тиімді болуы мемлекет пен бизнестің бірге нәтижелі жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, тиімді ұлттық кластерлер мен олардың өзара байланыс механизмін анықтау үшін ғылыми деңгейдің жоғары болғаны керек. Өнеркәсіп дамуының басты қозғаушы күші мен мақсатын, әлеуетін анықтау үшін де ғылыми деңгейдің жоғары болуы тиіс. Осыған байланысты «бәсекелес нарықтың» жаңа үлгісін жүзеге асыруға бірлесе кірісу керек. Құрылымы күрделі жаңа үлгіні қалыптастырмас бұрын, бірінші кезекте мақсаттарымызды айқындап оны маңыздылық деңгейімен реттеу керек. Бұл орайда ғылыми-техникалық, технологиялық, индустриялық, инновациялық ішкі ресурс көздеріне сүйену керек. Елдің алдында аса күрделі индустриялау жұмыстарын іске асыру мақсаты тұр.

Бұл орайда бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мен жоспарлау тәртібін жетілдіріп, республикалық бюджетті ортақ макроэкономикалық құрылымға бағыттау қажет. Бірақ біздің елде бұл жұмыстар әлі жолға қойылған жоқ. Қазіргі таңда көңіліміз бүгінгі жұмыстарға ауып, негізгі күш-қуатымыз да соған жұмсалып жатыр. Сәйкесінше, мемлекеттік қаржылық саясатты жүзеге асыратын механизмдер жұмыс істемей тұр. «Қазақстан-2050» Стратегиясында бұл мәселеге ерекше көңіл аударылған болатын.

Сонымен қатар, орталықтар мен аймақтардың инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы өкілеттігі әлі де анықталған жоқ.

2012 жылы атқарылған республикалық бюджеттің қорытындысына сәйкес жоспарлау жүйесінде кейбір сұрақтардың дұрыс дайындалмағаны анық байқалады, оның ішінде бюджеттік мәселелер де бар. Өткізіліп жатқан реформаларға қарамастан, бюджеттік жоспарлаудың тазалығы, мемлекеттік органдар, мемлекеттік компаниялар мен өзге мақсаттағы индикаторлардың бағасы мен анық өлшемі сынды тағы да басқа мәселелердің шешімі табыла қойған жоқ. Сонымен бірге бюджет қаражатының игерілмей қалуы қатаң қадағалауды және озық жоспарлы жүйемен тексеру қажеттігін, тазалықты қамтамасыз ету үшін тиісті іс-шараларды іске асыру керектігін дәлелдей түсті.

Заңнамалық негізде инвестициялық жобаларды саласына қарай мақсатты трансферттердің (сумен қамтамасыз ету, жолдарды жасау, оның ішінде ауыл аймақтарды, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласы және т.б.) бөлінуі ортақ өлшем бойынша таңдалуы тиіс. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды жоспарлаудың негізгі әдістемесін республикалық деңгейде қалыптастыру қажет. Бұл жұмыстар 2014-2016 жылдардың бюджетін қалыптастыруға дейін жедел түрде орындалуы тиіс.

Экономикалық құлдырау кезеңінде бюджет шығынын оңтайландыратын және салықтың экономикаға түсірер салмағын азайтатын жаңа фискалдық саясат енгізу ұсынылады. Жоғары салықтық мөлшерлемелерді сақтап қалған жағдайда іскерлік белсенділіктің төмендеуі әбден мүмкін. Мұндайда өндіріс құлдырап, жұмыссыздық айтарлықтай көбейіп, әрі әлеуметтік шиеленістің артуы да ғажап емес. Соның салдарынан болашақта салық түсімінің көлемі азаяды. Бұл жағдайда көлеңкелі экономиканың үлесі артып, үлкен қауіп төндіруі мүмкін.

Бюджеттің табысты бөлігінің салықтық түсімі 80 пайызды құрайтынын ескеру керек. Оның ішінде едәуір кіріс үлесі қосымша құн салығы құнынан түседі. Осыны ескере отырып, келешекте қосымша құн салығы құнының нөлдік көрсеткішін болдырмау керек. Қаражатты бюджет есебінен қайтармас үшін қосымша құн салығы құнынан арылған дұрыс, бұл Кедендік Одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістікке кірудің маңызды алғышарттары. Қосымша құн салығы құнының нөлдік көрсеткіші жемқорлық пен әділетсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін, бұл өз кезегінде инновациялық және индустриялық шарттарға да нұқсан келтіреді.

Сонымен қатар, аталмыш тәсіл қаражаттың мемлекеттік бюджеттен шығындалуына себеп болады. Қосымша құн салығы құнын қайтару қазіргі күні шикізат (темір, мұнай, газ) көмегімен іске асып жатыр, ал

бұл мәселені тауардың қосымша құнын арттыра отырып, Салық кодексін жетілдіру арқылы шешуге болады. Сондай-ақ экономиканы құлдырау тұсында жетілдіре түсу үшін қосымша құн салығы құнын саудадан түсетін салыққа айырбастауға болады.

Сонымен қатар бірлескен табыс салығын арттырған сайын салықты азырақ төлеу үшін таза табыс көзін (материалдық шығындар мен жалақы т.б.) жасыру әрекеттері жиілей түседі. Соның салдарынан салықтың бар ауыртпалығы мүліктік салық түрлері мен ресурстық түсімдер төлеміне жүктелмек. Бұл жағдайда аталмыш салықтың қайнар көзі ретінде кәсіпорын табысы көрсетіліп, оның жасырын болуы өз мәнін жоғалтады, өйткені олар үшін салық базасы ретінде мүліктің құны көрсетіледі, ал ресурстық түсім төлемдерінің көлемі (құны мен табиғи ерекшелігі) пайдалы қазба байлықтардың есебімен өлшенеді. Дұрыс жолға қойылған мүліктік салықтар мен **ресурстық түсім** төлемдері құрылымдық экономиканың аяғынан тік тұруына ықпал етіп, тиімді капиталмен қамтамасыз етпек.

Келешекте салық пен алым тізімін, яғни, тікелей салық түрлерін азайту ұсынылады. Салық түрлері тауар өндірушілердің жұмысының нәтижелі болуына және қорлардың жаңарып тұруына қалыпты жағдай туғызуы, ел экономикасын қайта инвестициялауына жол ашуы тиіс. Салық төлеушілер мен мемлекетке түсетін олжа тепе-тең болуы керек. Біздің пікірімізше, аталмыш салық жүйесінде макроэкономикалық индикаторлар, салықтың инвестициялармен мультипликациялық байланыстары мен мемлекеттік шығындар еш ескерілмеген. Осы орайда тиімділік пен нақтылық деңгейін арттыра түсетін біраз айқындамаларды тәжірибе жүзінде мақұлдап, болжамдық көрсеткіштердің нәтижесін есептеп қойған дұрыс.

2. Қазақстан 2050 жылға дейін 30 дамыған елдің қатарына кіруі керек. Соған сәйкес келесі негізгі мақсаттар белгіленді: мемлекеттің одан әрі қарайғы дамуы мен нығая түсуі; экономикалық саясаттың жаңа қағидаларына көшу; ұлттық экономиканың қозғаушы күші – кәсіпкерлікте жан-жақты қолдау; жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастыру; білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінің заманауи тиімді үлгісін жасау; мемлекеттік аппараттың тиімділігі мен жауапкершілігін арттыру; жаңа заманға сай халықаралық және қорғаныс саясатын құру.

Мемлекет басшысы жаңа «Жаһандық инфрақұрылымдық интеграция» бағдарламасын дайындап, әлем мен аймақтарда бірлескен кәсіпорындар құруды табыстады. 2013 жылы инфрақұрылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы дайындалып, елімізде инфрақұрылымның транспорттық жүйесінен асып түсетін «инфрақұрылымдық орталықтар» құруға бағытталмақ.

Республикамыздағы экономикалық саясатта **индустриялық-инновациялық дамудың** орны ерекше. Индустриялық-инновациялық дамуды жылдамдатуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама негізінен, технология айырбасы мен өнеркәсіп импортына көп көңіл бөлмек. Ол үшін бізге мемлекетке тиімді серіктес бола алатын халықаралық компаниялардың жұмысын реттеуге арналған шағын бағдарламалар дайындау керек. Нәтижесінде шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемі 2025 жылға дейін екі есеге, ал 2040 жылы үш есеге артуы тиіс.

Инфрақұрылымды құру мақсатында мынадай жолдар ұсынылады:

1) Қажетті өңірлерде елдің экспорттық индустриясына үлкен септігін тигізетін экспорттық-өңдеуші аймақтар құру қажет.

2) Шикізаттық емес экономика саласында инвестицияны тартуды жеделдету үшін ерекше кедендік тәртіптегі арнайы экономикалық аймақтар құрылуы тиіс (АЭА). Осыған байланысты АЭА-на арналған инновациялық жобаларды енгізу барысында корпоративті табыс салығының сомасын азайтатын, мүліктік және жер салығынан босататын заңнаманы айқындап алған жөн;

3) Мемлекет басшысы ұлттық **кластерлерге** ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақстандық кластерлердің ең басты мақсаты – елдің бәсекелестік қабілетін барынша тиімді пайдалануға жағдай жасау. Шикізаттық емес экономика секторын дамыту мақсатында бизнес-құрылымдарды тарта отырып, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету керек.

Кластерлер өзара байланысты салалар шоғырланған аймақтарда құрылуы керек. Оны дамытудың басқа жолы – негізгі экономикалық өңірлер мен қалаларға арнайы аймақ мәртебесін беру арқылы жүзеге аспақ. Егер осы жерде шетелдік инвесторлар өнеркәсіптік кластерлер құратын болса, оларға ерекше жеңілдік түрлері қарастырылады;

4) Жаһандану жағдайында ел мен өңірлердің бәсекеге қабілетті болуын жеке (мейлі ірі болсын, әрі технологиялық дамыған болсын) кәсіпорындар емес, өзара экономикалық тығыз байланыстағы шаруашылық етуші субъектілер қамтамасыз ете алады. Қазақстанның территориялық бытыраңқы өндірісі, бай минералды-шикізаттық базасы, ірі ауыл шаруашылық жер телімдері бола тұра, әрі тұрғылықты халықтың урбанизациялану деңгейінің төмендігіне қарамастан мемлекеттік өнеркәсіп саясатын тиімді өзгерте алатын бірнеше **ұлттық инновациялық кластерлердің** білімі қажет. Бұл жағдайда күш жеке салалар мен кәсіпорындарға жұмсалмау керек, керісінше жабдықтаушылар мен тұтынушылардың, өндірушілер мен өнімді пайдаланушылардың және өндірушілер мен даму институттарының өзара ынтымақта жұмыс істеуіне жағдай жасалғаны дұрыс.

5) Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін аймақтарда **инновациялық-технологиялық кластерлер** (ИТК) құру керек. Олар өз кезегінде технологиялық компанияларды құрып, оларға бастапқы кезеңде қолдау көрсетеді. Сол тұрғыдан алғанда ИТК-ның кәсіпорындарды басқарудағы рөлі зор. Сонымен бірге қаражатпен қамтамасыз етіп, кешенді қызмет түрлері мен техникалық көмек көрсетуге, әсіресе бизнес жоспарларды іске асыруға, инновациялық жобаларды құруға, маркетинг жоспарын жасауға септесіп, есеп пен заңдық мәселелерді де шешуге ықпал етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ИТК кәсіпорындардың жұмысын жеңілдетіп, даму белсенділігін 7-12 есеге арттырады.

Инновациялық үдерісті басқарудағы ИТК желісін құрудың мынадай ерекшеліктерін атап өту керек. Бұл өз кезегінде ИТК аймағындағы кәсіпорындарды кепілді қаражат көздерімен қамтамасыз ететін материалдық қор жинауға мүмкіндік береді; басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға ықпалын тигізеді; инновациялық кезеңнің уақытын қысқартады; инфрақұрылымға кететін шығын көлемін азайтады; инвестициялық шешім қабылдауда бюрократиялық әсер кемиді; инновациялық кәсіпорындардың басқару құрылымын жетілдіреді; инновациялық жүйеде білім алмасуға жағдай жасайды. ИТК жұмыстарына компаниялар мен инновациялық кәсіпкерлерді таңдау конкурстық негізде жүзеге асуы керек. Жобалар конкурсы секілді мұнда да өтініш берушінің жеке тұлғасына көп мән беріле бермейді.

6) Технологиялар трансфертіне (табыстау, зерттеу жұмыстарын өнеркәсіптік секторға коммерциялау) ерекше мән берген жөн. Алдыңғы қатарлы технологиялық орталықтар құру жөніндегі жобалар ұсыну. Бұл орталықтар инновациялық жобаларға технологиялық, қаржылық, құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыда қолдау көрсетеді.

7) Салааралық дамудың нақты шаралары негізінде **2020 жылға дейін экономиканың басым салаларын неоиндустриялау мен жаңғыртудың жаңа Стратегиясын** дайындау. Бұл өз кезегінде техника мен технология тасымалына, кадрлық қамсыздандыруға, мемлекеттік қолдауға, инфрақұрылымдар құруға, әсіресе өңдеуші кәсіпорындар дамуына оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ ішкі нарықтың дамуына септеседі. Біздің пікірімізше, осындай жолдар арқылы ғана елімізде жаңа инновацияны қалыптастыруға болады.

Жолдауда **келешегі зор ұлттық кластерлерді** құру арқылы «жол картасын» дайындау қажеттігі айтылған. «**EXPO-2017**» бұл үрдіске дем беріп, болашақтың энергетикасын дамытуға қажетті жаңа технологияларды таңдауға көмектеседі.

3. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050 Стратегиясында» кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету мәселесін көтерген болатын. Біріншіден, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы кооперациялау мен бірігуге; екіншіден, микро, шағын, орта және ірі бизнеске қатысты заңнамаларға өзгерістер енгізу. 2030 жылға дейін шағын және орта бизнестің үлесін кем дегенде екі есеге көбейту жоспарланып отыр.

Осы мақсатта елімізде қажетті нормативтік-құқықтық актілер құрылған. Мысалы, 2012 жылдың маусым айында ҚР Парламенті Елбасының тапсырмасымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын қабылдады. Аталмыш Заңда бизнестің жаңа субъектілерін тіркелген күннен бастап 3 жыл бойы мемлекеттік ұйымдардың тексеруіне тыйым салынды. Сондай-ақ заңнамалық тұрғыда барлық лицензиялар мен рұқсаттамаларға жеңілдіктер енгізілген. *Осы мәселе бойынша Билікке 2013 жылдың бірінші жарты жылдығының соңына дейін барлық рұқсаттамалар мен жеңілдіктердің күшін жою тапсырылған, бұл Қазақстан азаматтарының өміріне ешқандай нұқсан келтірмейді.*

Халықаралық рейтингте біздің орнымыз айқындалып келеді. «Doing Business 2012» Халықаралық Банкінің көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстан 47-ші орынға көтеріліп, солайша елу дамыған әрі мықты елдерінің қатарына кірген. Барлық дамыған елдер үшін жеке кәсіпкерлік – экономикалық үдерістердің негізгі іргетасы болып табылады. Шағын және орта бизнестің (ШОБ) басты міндеті – жаңа инновацияларды енгізу, бұл инновациялар болса жаһандық нарықта бәсекелесудің басты құралына айналады. Мысалы, ЕО, АҚШ, Жапония сынды елдерде инновациялық кәсіпорындардың үлесі 40% құрайды. Шағын және орта бизнес (ШОБ) секторын дамытудың салыстырмалы талдауынан, еліміздегі шағын және орта бизнестің (ШОБ) ЖІӨ әсері төмен және халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша арта қалып қойғанымызды байқауға болады.

Біздің пікірімізше, Қазақстан шағын және орта бизнестің (ШОБ) экономикалық және әлеуметтік тиімділігі жөнінен өзге дамыған елдерден салыстырмалы түрде қалып қоюының өзі отандық кәсіпкерлікті ары қарай дамыту қажеттігін көрсетеді. Қазақстан ШОБ секторының салалық құрылымының дамыған елдерден өзіндік ерекшеліктері бар. Егер еліміздің ШОБ субъектілері негізінен көтерме және бөлшек саудадан – 41% табыс тапса, ал экономикалық дамыған елдерде экономикалық салалардағы

шағын және орта бизнестің (ШОБ) құрылымы мүлдем өзгеше. Шағын және орта бизнес (ШОБ) секторын әртараптандыру мәселесі әлі де өз маңызын жоғалта қойған жоқ. Кәсіпкердердің алға қойған мақсаттарының жүзеге аспауының себептері мен проблемалары әртүрлі: кәсіпкерлердің 41% мұны несиені алумен байланыстырады, 27% несиеге алған қаражаттың жетіспеуін айтса, 14% пайызы банктің өтінішті ұзақ қарайтынын айтқан. Яғни Қазақстанда шағын және орта бизнестің (ШОБ) қауіп-қатері жоғары және өзінің кешенділігімен ерекшеленеді. Осынған ұқсас халықаралық тәжірибедегі кедергілерді ескере отырып, шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытудың келесі жолдарын ұсынуға болады:

1) Субсидиялаудың пайызын төмендету мен басым салалардың тізімін өсіру негізінде және несиелеу мен субсидиялаудың уақытын ұзарту арқылы мемлекеттік қолдау құралдарын (жобалық қаржыландыру, гранттар) кеңейту керек. Қолдау құралдарының арасында лизингтік қаржыландыруды да кіргізсе болады. Бұл үрдісті жетілдіре түсу үшін жобаларды талқылауға кететін уақытты қысқарту керек. Қажетті өнімдерді шығарумен айналысатын шағын және орта бизнеске (ШОБ) салық салу мәселелерін қайта қарап, соған орай ортақ салық сомасын 6-8% азайту керек.

2) Еліміздегі дұрыс жолға қойылмаған өндірістердің (басымдыққа ие өндірістер) **өнімдері мен қызмет түрлерінің арнайы тізімін** бекітуі керек, ал осындай салаларда жұмыс істейтін шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілеріне Германия тәжірибесіндегідей жеңілдігі бар ұзақ мерзімді несиелер берілуі керек. Несие төлемін табиғи жолмен де (тауар мен өнім түрінде) қайтаруға болады. Қарызды төлемеу қаупінің алдын-алу үшін кепілдік жүйесін, ол болмаған жағдайда жобаларды бірге қаржыландыру (50/50) жүйесін енгізу керек.

3) Қазақстанның инновациялық жүйесін жетілдіру мақсатында **мемлекеттік тапсырысты инновациялық өнімге** құруға бағыттап, экономика саласында түрлі жаңа идеяларды жүзеге асыратын жоғары мамандандырылған кадрларды тарту керек.

4) Шағын және орта бизнестің (ШОБ) мемлекеттік қолдаудың басты шарасы **билік бекіткен тізім бойынша анықталған тауарларды мемлекеттік сатып алу** болып табылады. Олармен ұзақ мерзімді келесімге отырып, «сұраныстың артуына» жағдай жасау. Осылайша бизнеске үнемі қолдау көрсетіліп отыру.

Мұның барлығын АӨК арқылы жүзеге асыруға болады. Ол өз кезегінде іске асырылғалы жатқан жобалар мен олардың мүмкіндіктері жайлы ақпараттандырып, шағын және орта бизнестің (ШОБ) дамуына тікелей септеседі; шағын және орта бизнес (ШОБ) өкілдерімен жобаларды іске асыру жөнінде мақсатты түрде кеңестер өткізеді.

5) Шағын және орта бизнестің (ШОБ) ақпараттық және ғылыми-методологиялық қамсыздандыру жөніндегі мәселелері әлі де шешіле қойған жоқ. Бұл міндетті қажетті өңірлерде жарнамалар мен бизнес-жобалар арқылы аймақтық АӨК атқара алатын еді. Сондай-ақ мемлекеттік ірі жобалар жайлы ақпараттандырып, оны жүзеге асыруға қандай мүмкіндіктердің сәті түсіп тұрғанын айқындайды; шағын және орта бизнестің (ШОБ) кәсіпкерлерімен жобаларды іске асыру жөнінде, салық салу жөнінде мақсатты түрде кеңестер өткізеді.

4. Мемлекеттің өркендеуіне әрі қазақстандық демократияның дамуына яғни, мемлекеттік басқарудың жаңа сипат алуына, мемлекеттің нығайуы мен қоғамға қызмет етуіне септеседі. Ол үшін мемлекеттік жобалау мен болжаудың жаңа жүйесін жетілдіру керек; жобалар мен бағдарламаларды дайындайтын мемлекеттік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру керек; әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін жасап, жаңа Заң жобасын ұсыну қажет.

Мемлекет басшысы басқаруды жекешелендіруді сәтті іске асырып, жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін реттеу жөніндегі заңнамалық актілерді дайындап, жүзеге асыру қажет екенін ерекше атап өтті. Сонда ауыл әкімдерінің сайлау жүйесі арқылы тағайындалуы тиіс екенін айтты. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін айқындап алып, мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттікті ретке келтіру мәселесі, келесі жылы ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу жайлы, Парламент өкілеттігін нығайту саясатын жүзеге асыру жайлы да мәселелер айтылды.

Басқарушылық шешімдерді мемлекеттік деңгейде реттеу мынадай шарттарға сай болуы керек: қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелерді есепке алу; басқарушылық шешімнің мультипликативтік әсерін есептеу; шынайы әрі әділ бәсекелестік пен ерікті кәсіпкерлікке жол ашу.

Бұл жағдайда стратегиялық жоспарлау мен басқарудың ұлттық жүйесін қалыптастыру керек. Ол үшін стратегиялық құжаттардың болжау мен жобалау жүйесін дайындау керек. Бұл өз кезегінде сыртқы және ішкі шарттарды өзгерте отырып, отандық экономиканың инновациялық дамуын жеделдетуге көмектеседі. Осыған байланысты бірінші кезекте «Қазақстанның экономикалық саясатының артықшылығы жайлы» Заң жобасын дайындап, жүзеге асыру керек. Бұл ұзақ мерзімді стратегияларды дайындап іске асыру, бүтіндей бір елдің, аймақтың экономикалық салалардың даму бағдарламасын реттеуге, оларды бір мақсатта түйістіріп, өміршеңдігін

қамтамасыз етеді. Мысалы, Ресейде «Әлеуметтік-экономикалық даму- ды мемлекеттік стратегиялық жоспарлау туралы» Заңы шығып қойған. Экономикалық мәселелерді заңнамалық тұрғыда реттеу арқылы өндірістік- шаруашылық қызметтерді аспектілер бойынша мақсатты басқаруға болады. Осы орайда экономиканы әртараптандырудың негізгі артықшылықтарына қатысты шектеулі шарттар ұсынылады.

Сонымен бірге, жауапкершілік мәселелеріне келгенде ретсіздікке әкеп соғатын, мемлекеттік қаражатты орынсыз шығындау мен мемлекеттік құрылымдар атқарып жатқан қызмет сапасының нашарлауына әкеп соғатын мемлекеттік құрылымның қосарлануы да орын алған. Сонымен бірге жергілікті өзін-өзі басқару мен азаматтық қоғамдық институттары әлі де дамымаған. Қазіргі жүйеге мынадай ерекшеліктер тән: министрліктер мен облыс әкімдіктері өкілеттігінің асыра шоғырлануы; жергілікті министрлік пен ведомство құрылымдары бөлімшелерінің облыстық әкімдікке бірлесе бағынышты болуы.

Осы ерекшеліктер басқару жүйесін қолайсыз әрі әлсіз басқарылатын, халықаралық стандарттарға сай келмейтін етіп көрсетеді. Басқару жүйесін жетілдіруге бірнеше себептер кедергі етуде: міндеттерді қайта құрылымдау сонымен бірге жауапкершілікті күшейту басқару сапасын төмендетеді деген ескі көзқарастар; кеңестік кезеңнен бері келе жатқан басқарудың стереотиптері.

Жүргізіліп жатқан бүгінгі әкімшілік реформада басқарушылық топтарға жанама болмаса да, сатылық сипаттағы бағынушылық сақталып қалған. Басқарушылардың көбісі жергілікті өзін-өзі басқаруға бірыңғай жүйе ретінде қарамайды, сол себепті мемлекеттің өзіне құрылымды түрде қазына есебінен қаражат табыстағанын ескермей, халық арасында қызметін өз еркімен пайдаланып жатады. Сол себепті осындай топтар арасындағы өкілеттікті шектеуге байланысты жұмыстарды реттеу керек деп есептейміз.

Экономиканы басқарудың өзге де жинақталып қалған көкейкесті мәселелері жайлы айта кетсек. Қазіргі таңда басқарудың иерархиялық жүйесі орын алған. Министрліктер, комиттетер, олардың әр аймақтағы департаменттері, мемлекеттік холдингтер мен олардың ұсақ бөлімшелері, ұлттық компаниялар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және т.б. басқару жүйесінің шамамен 4/5, тіпті одан да көп бөлігін құрайды. Бұл шешім қабылдау үдерісін едәуір күрделендіріп әрі ұзартып жібереді. Осылайша өз кезегінде қабылданған шешімдердің жедел орындалуына және олардың тиімді реттелуіне нұқсан келтіруі мүмкін. Бұл істерді оңтайландыруды министрліктер мен ведомстволар да қажетсініп отыр.

Мысалы, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғайтын Министрлік құрып, оның құрамына мемлекеттік және табиғи монополи-яларды реттеу Комитеті мен бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғайын қызметтер Комитетін (әлі күнге дейін мемлекеттік саясатта тұтынушылардың құқығын қорғау саласына жауапты мемлекеттік орган-дар жоқ) кіргізуге болады.

Ұлттық мүлік пен мемлекеттік жеке меншікті басқару тұжырымда-масын жетілдіру қажет. Осы тұжырымдама аясын-да мегахолдингтердің мүмкіндіктерін мақсатты түрде бағалауға, сапа-лы түрде олардың жұмысын жүйеге келтіруге мүмкіндік пайда болады. Қалыптасқан даму институттарының мақсаты мен міндеттерін қайта қарап, әсіресе олардың қызметін алдын-ала бағалап алған жөн. Қазіргі уақытта даму институттарының басты ерекшеліктері ретінде олардың табысты жұмысын атап өтуге болады. Жыл сайын мемлекет қаражаты есебінен қаржыландырылатыны болмаса, олардың екінші деңгейлі банктерден еш өзгешелігі жоқ. Олардың мүмкіндіктері әртараптандырылған Қазақстандық экономикаға қосқан үлесінің дәрежесі инвестициялық жобаларды жүзеге асырылуына қарай, отандық экономикаға қаншалықты қолдау көрсетіп жатқанына қарай, сондай-ақ тауар мен қызмет экспорты көлемінің құны мен деңгейіне қарай бағалау қажет.

Көрсеткіштерге сенсек, *республикалық* мемлекеттік кәсіпорындар мен АҚ, ЖШС – 35%, 85% *астам коммуналдық жекеменшіктегі* нысандардың жұмысы тиімсіз әрі шаруашылық қызметінің қаражатын ақтай алмайды. Сондай-ақ мемлекет қарауындағы жекеменшік нысандардың бір бөлігі әлеуметтік салада жұмыс істеп отырғанын және ауыл шаруышылығы мен ТКШ-да тиімсіз нысандардың пайдаланылып жатқанын ескере отырып, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін нақтылай түсетін АҚ мен ЖШС-не қатысты әлеуметтік-экономикалық тиімді әрі нақты шешімдер қабылдау қажет.

Осыған орай кейбір мемлекеттік ұйымдарды стратегиялық, әлеуметтік және коммерциялық ерешеліктері бойынша топтастырып, олардың мақсатты бағыты мен ерекшелігін ескере отырып, қызметін тұрақты бақылауға алу керек. Бұл орайда стратегиялық және әлеуметтік нысандардың жұмысы басты кезекте жемісті қызметі арқылы бағаланса, ал коммерциялық ұйымдардың жұмысы қаржылық есебі бойынша бағалануы тиіс. Сонымен бірге, коммерциялық нысандардың санына барынша шек-теу қойылып, бақылау мониторингі арқылы аталмыш нысандарды бәсекеге қабілетті ортаға көшіру жайлы ұсыныстар енгізілгені жөн немесе нарықтық бағаға сай мемлекетке тиімді шарттармен жекешелендірген дұрыс.

Қытайда өркениетті нарықтық экономиканың дамуында басты орынды **макроэкономикалық бақылаудың кешенді жүйесі** иеленген. Бұлайша бақылау жүргізу мынадай негізгі үш жағдайды ескереді: әкімшілік басқару тәсілдерінен бас тартып, экономикалық тетіктер арқылы басқаруға ауысу; макробақылаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру; бақылау жүйесі мен нарықтық механизм арасында тиімді байланыс орнату.

5. Қазақстан Президенті өз жолдауында «Біздің мақсатымыз – жаһандық технологиялық төңкерістің бір бөлшегіне айналу» - дегенді айтты. Ол 2013 жылы ғылым мен бизнестің толыққанды кооперациясына қатысты шаралар қолдануды тапсырды. Біздің пікірімізше, бұл ғылыми қызметкерлер үшін өте маңызды.

Инновациялық зерттеудің жаңа саясатында көрсетілгендей, ғылым мен бизнесті түгел кооперациялаудың негізгі шарттарын жүзеге асыруға кірісу керек. Осыған байланысты Қазақстан ғылымы, экономиканың қажеттіліктеріне қарай бейімделуі тиіс. Мемлекет Басшысы екі маңызды мақсатты белгілеп берді. Ол – еліміздің зерттеу жұмыстарын әлемдік деңгейге шығару мен ғылымның инновациялық үдерістен қалмауына жағдай жасау.

Бұл орайда инновациялық белсенділіктің артуын тежеп отырған негізгі фактордың бірі – жүйелілік қағидасын қолданудың жетіспеушілігі болып отыр. Инновациялық және өндірістік салалардың нақты үйлестігін қорытындылауға мына бағыттар кедергі: 1) ғылым мен өндіріс арасында, республиканың технологиялық дамуы мен әлемдік технологиялық деңгейлер арасында алшақтық сақталып қалған; 2) Технологиялық дамудың Стратегиясы мүлдем жоқ дегенге саяды. Оны дайындағанда жеделдетілген индустриялы-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасымен байланыстыру керек; 3) ғылым мен инновацияның дамуына дем беретін жеке капиталдардың қатысуына жағдай жасалмаған, яғни экономикалық механизм дұрыс жұмыс істемейді; 4) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, жаңа өндірістік өнімдер енгізуге, жаңа тиімді коммерциялық технологияға кететін шығын мөлшерінің аз болуы; 5) инфрақұрылым дамуының дұрыс жолға қойылмағандығы сынды өзге де кедергілер бар.

Осыған байланысты біз мынадай шешімдер ұсынамыз:

1) Инновациялық қызметтің **өлшемдері мен көрсеткіштерін қайта қарап шығып**, мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында әрі статистикалық көрсеткішін шығару үшін инновациялық өнімдердің белгілерін нақтылап алған дұрыс. Республикамыздағы салалық және салааралық инновациялық саясаттың басты бағыттарын анықтау жұмыстары алдын-ала дайындалған,

қазіргі күнгі салалардың жағдайы талдаудан өтіп ескерілген, қысқа және ұзақ мерзімді стратегиялық және тактикалық мақсаттар қарастырылған даму сценарийі бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Сондай-ақ, мақсаттарды маңыздылық деңгейіне қарай реттеп отыруға және салалардың нақты ресурстарын есепке алуға ерекше мән берілуі керек. Саясаттың бар қуатын нақты бір жетістікке жеткен салаларды дамытуға бағыттаған дұрыс. Ғылым мен техниканың электроника, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, жаңа материалдар, биотехнология, энергетика, ғарыштық технология сынды салаларды дамытуға бағытталған зерттеу жұмыстары міндетті түрде жүргізіліп отыруы керек.

2) Ғылыми қызметке басқару мен әкімшілік ету жүйесі мына «ғалым – шенеунік – ғалым» жұмыс қағидасынанан «бизнес – шенеунік – ғалым – бизнес» қағидасына өзгертілуі керек. Ғылымды қаржыландырудың құрылымы келесі пропорция бойынша өзгеруі тиіс: **іргелі зерттеулер 20%, қолданбалы зерттеулер 30%, тәжірибелік конструкторлық жұмыстар (ТКЖ) 50%.**

Дамыған елдерде ғылыми-техникалық даму үдерістерінің негізінде мынадай логикалық тізбек бар: ғылым → ғылыми зерттеулердің нәтижесін пайдалана отырып жаңа технологиялар мен жабдықтар, машиналар шығаруға бағытталған тәжірибелік-конструкторлық немесе тәжірибелік-технологиялық жұмыстар (ғылыми-техникалық қызмет) → ғылыми техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциялау (инновациялық қызмет).

3) **«Нақты сектордың қажеттілік базасының»** жаңа ақпараттық ресурсын құру. Оған өнеркәсіптік кәсіпорындардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері кіргізіледі, тіпті кәсіпорындардың қажеттіліктері мен оны шешу жолдары (зерттеу ұйымдары мен бизнеске қажетті дайын технологиялық шешімдер) да енгізілімек. Бұл мәселелер сәйкесінше еліміздің заңнамалық актілерінде қарастырылуы тиіс.

4) Жыл сайын ғылыми және технологиялық болжамдарды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әлемдік және ұлттық инновациялық нарықтық жағдайды толық зерделеп, технологиялық даму мен жүргізіліп жатқан инновациялық саясаттың тиімділігін ескеріп (мықты шетелдік және отандық мамандардың қатысуымен), осыған сай нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысты нақты ұсыныстар беру керек.

Осыған байланысты орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік компаниялардың, ҒЗИ мен жоғары оқу орындарының инновациялық-технологиялық дамудағы қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізуді ұсынамыз. Сонымен бірге аймақтар мен салаларды да ескеру керек.

5) Инновациялық қызмет түріне қолдау көрсету мақсатында экономикалық салалардың дамуының технологиялық жоспарын жасауды ұсынамыз. Онда ұлттық компаниялар мен кәсіпорындардың технологиялық дамуда нақты жетістікке жету жолдары мен міндеттер көрініс табуы тиіс. Сондай-ақ аталмыш үдеріске отандық ғылыми, инновациялық және өндірістік ұйымдардың кіру мүмкіндігін қарастыру керек. Бұл орайда кешенді насихат жұмыстарын, PR- стратегиялар мен жастар, кәсіпорын қызметкерлері, кәсіпкерлер арасында байқау шараларын, семинарлар, көрмелер және тағы да басқа шараларды жүзеге асыру керек. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың инновация мен инноваторларға қатысты оң көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Салықтық заңнамада еншілес инвестициялаудың ерекшеліктері айқындалуы керек. Яғни еншілес инвестициялық қорлардың сеп болуымен пайда болған институционалдық инвесторлардың қаражат бөлігінен салынатын салық шығынын шегеру мәселелерін алдын-ала қарастыру керек. Ол үшін Салық кодексінде жер қойнауын пайдаланушылар мен банктердің резервті қорларына шегерілген аударымдарды алдын-ала қарастырып, инновациялық қызметті сақтандыру мақсатында құрылған инвесторлардың резервтері бойынша шегерім жасау мәселелерін қадағалау керек.

Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын теңестірілген қаржыландыруға қатысты шарттарды да қарастырған жөн. 2015 жылға дейін кезең-кезеңімен жылдық қаржыландыру көлемін арттыру керек және бұл жұмысты жеке меншік инвестицияларды тарту механизмі арқылы іске асырған дұрыс; ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыруда бәсекеге қабілетті жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін әрі оларды тиімді пайдалану үшін басымдығы жоғары ғылыми бағыттар бойынша жұмыс істеу керек. Зерттеу жұмыстары көпшіліктің сұранысына ие ғылыми өнімге шығаруға бағытталуы тиіс. Ұлттық ғылыми орталықтарда ғылыми қызметті жетілдіретін өндірістік-сервистік кешендер құрылуы қажет. Сонымен бірге жобалық және конструкторлық бюролар (институттар) дұрыс бағытта дамуы тиіс.

Заңнамалық тұрғыда мынадай нормаларды бекіту керек: ғылыми-техникалық саладағы интеллектуалдық меншік нысандарын бағалау мен қолдануда ықпалы жоғары интеллектуалдық меншік нысандарын қорғау мен пайдалану; ғылыми-техникалық бағдарламаларын жүзеге асыруда әрі ғылыми жобаларды бірлесе қаржыландыруда, сондай-ақ жеке секторларды жетілдіруде бизнестің ықпалын арттыру керек. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу саласында бірлесе жұмыс істеуде ұлттық компаниялардың да рөлі

жоғары; ғылым мен инженерлік саланың жоғары білікті мамандарын тарту немесе дайындау.

Ғылым саласының қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесінің биік болуы үшін нақты шаралар мен жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыру қажет. Яғни әлеуметтік пакеттер дайындау арқылы, ғылыми дәрежесіне сай жалақысын көбейту арқылы, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін жалақы коэффициентін көтере отырып немесе тағы да басқа шаралар негізінде ғылыми қызметкердің беделін арттыруға болады.

Осыған байланысты **«Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет жөнінде»** жаңа Заң қабылдауды ұсынамыз. Ескерте кетсек, РФ «Ғылым мен мелекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы федералды заңы» мен «Украинаның ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет туралы» заңы бар.

XXI ғасырдың бірінші жартысындағы экономикалық дамудың көрсеткіштері инновациялық белсенділіктің артуы үшін қандай жағдай жасалуы керек екенін айқындап берді. Яғни ғылым мен бизнес саласында инновациялық белсенділіктің артуы үшін, ең бірінші, негізгі базаның тапсырысы мен жаңа инновацияны тұтыну мен пайдаланудың *тиімді технологиялық және техникалық қажетті экономикалық ең төменгі (минимум) деңгейін* анықтап алу керек.

Жыл сайын ғылыми және технологиялық болжамдарды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, әлемдік және ұлттық инновациялық нарықтық жағдайды толық зерделеп, технологиялық даму мен жүргізіліп жатқан инновациялық саясаттың тиімділігін ескеріп (мықты шетелдік және отандық мамандардың қатысуымен), осыған сай нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысты нақты ұсыныстар беру керек.

Индустриялық дамыған елдердің көбісі шағын және орта кәсіпорындардың инновациялық қызметін жетілдіретін арнайы мемлекеттік жүйе бойынша жұмыс істейді. Мәселен, Франция елі, шағын және орта бизнестің белсенділігін арттырса олардың халықаралық бәсекеде мемлекет беделін көтеретініне көз жеткізіп, инновациялық кәсіпорындарға көмектесетін арнайы бағдарламаларды жүзеге асыра бастады. Осылайша олардың шығындарына дотациялық жолмен, салықтық жеңілдіктер арқылы, несиелік жеңілдіктерімен, тәуекелді капиталы мен кеңес беру арқылы көмек көрсетіп отыр. Дәл осындай жақсы жетістіктерімен Қытай да көзге түсіп отыр. Бұл елдің шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған инновациялық саясаты дұрыс жолға қойылған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы» бағдарламасындағы жаңа әлеуметтік-экономикалық басымдықтар

Қошанов А.Қ.,
ҚР ҰҒА академигі,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты

«Қазақстан-2050» Стратегиясы болашақтың жаңа стратегиялық деңгейін көрсетеді. Сонымен бірге бұл бағдарлама жаһандандудың жаңа талаптарына байланысты ұзақ мерзімді болжаудың жаңа саясаты мен жо-спарлау деңгейіне көшуге, барлық елдерді қамтып жатқан экономикалық интеграциясына, әлеуметтік өміріне, мәдени үдерісіне оңай бейімделетін, ғылыми-технологиялық дамудың жаңа әлемдік өндірістік үлгісіне көтерілуге септеседі. Бағдарламада белгіленген стратегиялық міндеттер мен бағыттар барлық әлемдік қауымдастықтар үшін маңызды болып табы-лады. Онда V және VI технологиялық тәртіпке қатысты міндеттерді шешу мақсаты қойылған болатын.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық ілгерілеудің жаһандық бағыттарын жеке ел деңгейінде бірінші болып ұсынып отыр. Тек ТМД бойынша емес, соны-мен бірге әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс салдарынан қиын жағдайларды басынан өткеріп жатқан барлық дамыған елдердің арасын-да да бірінші болып осындай ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарлама ұсынып отыр. Дағдарыс ауыртпалығын тартып отырғандықтан болса ке-рек, бұл елдің ешбірінде жаһандық дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы жоқ. Бұл жайлы Еуропа, Америка, Азия елдерінің белгілі сарапшылары айтып отыр. Мұндай ұзақ мерзімді стратегия Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтағы орны мен рөлін айқындайды және өз кезегінде оның саяси тәуелсіздігіне кепілдік бере алады. Сол арқылы елімізді көрші елдер мен алыс орналасқан мемлекеттердің экспансиясынан қорғайды. Бүгінгі таңда әлемде территориясы үлкен, бірақ демгорафиялық әлеуеті төмен шағын және орта мемлекеттер көп. Олар дамыған елдердің деңгейіне көтеріліп, алдыңғы қатарлы елдермен бірлесе жұмыс істеп, бүгінгі жаһанданған әлемде сенімді түрде өздерінің тәуелсіздігін қорғап келеді. Мұндай елдердің қатарына Швеция, Норвегия, Финляндия, Тайвань сынды тағы да басқа елдерді жатқызуға болады. Қазақстанның жаңа стра-тегиясы – еліміздің табысты болашағының кепілі. ХХІ ғасырдың бірінші жартысы Қазақстан экономикасының белсенді дамыған, мемлекеттік ру-хани ілгерілеу кезеңі болуы керек. Бұл жаңа кезеңнің іргетасы Қазақстан

Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық «Стратегия-2030» бағдарламасы негізінде қаланған болатын. Қазір сол кезде негізі қаланған мықты экономикалық әлеуеттің негізінде ақпараттық және нанотехнологиялық базаға құрылған үшінші өнеркәсіптік революцияға бет алды.

Елбасы тапсырған басым міндеттердің бірі стратегиялық ұзақ мерзімді жоспарлаудың жаңа жолы болатын. Бұл бағдарлама елімізді мықты, экономикасы дамыған, мемлекет ретінде ерекшелейді. Дағдарыстан кейінгі кезең тез өзгеріп, әлеуметтік-экономикалық үрдіс алдыңғы қатарлы экономика деңгейінде ғана емес дамыған мықты елдер деңгейінде де дами түспек. Бірінші қатарда келесі индустриялау фазасына қатысты зерттеу жұмыстары тұр. Қазақстан жағдайында бұл үйлесіп, деиндустриализациялық үрдіске төтеп беріп, индустриялау кезеңін аяқтап қоймай сонымен қатар неоиндустриализация фазасының бесінші және алтыншы технологиялық қалыбына үйлеседі. 2030 жылға дейінгі екі онжылдықта қосбірлікті міндетті Қазақстанның стратегиялық жоспарлауы арқылы жүзеге асыру бұрынғы кеңес өкіметінің барлық елдеріне тән.

Болжаудың көкжиегінің мазмұны мен уақыты ЕурАзЭҚ аясында ғана өзгеріп қоймай, сонымен бірге жаһандық ДСҰ көлемінде де өзгере алады. Жаһанданған әлемде ғылыми-технологиялық үрдісінің ілгерілеуі, әлем елдері арасындағы құлдырау мен тоқырауды жеңудің императиві секілді. Сол себепті еліктеу, кірме идеялар мен соған сай бағдарламалардың серпінінен бас тарту керек, әсіресе таяу шетелдерден. Алдағы жылдарға бірегей міндеттер қойылуда. Стратегия-2050 атқарылып жатқан негізгі мақсаттар мен міндеттерді кезең-кезеңімен, мерзімімен, әлеуеті мен жүзеге асырылу механизмін көрсетіп отыруы керек.

ҚР Президенті стратегиялық даму мен стратегиялық жоспарлаудың негізгі міндеттерін атап көрсетті. Онда Елбасы табиғат байлықтарын басқарудың жаңа жүйесін дайындап енгізу қажет екенін айтты. Бұл жүйе Қазақстанның маңызды стратегиялық артықшылығы болмақ. Технологиялық төңкеріс, алғашқы шикізатты өңдеу құрылымын өзгерте отырып жылдамдатып, көмірсутектерден шыққан соңғы өнім тізбегін кеңейтеді, металлургиялық және уран шикізаттары мен олардың әлемдік технологиялық үдерістерді тездетуші сала ретінде пайдаланылуын арттырады, нано және биотехнологияларға дем беріп, жаңа экономика саласының кеңеюіне жол ашады. Сол себепті жаңа жүйе табиғатты пайдалануға қатысты бүгінгі қалыптасқан жағдайдың жалғасы бола алмайды, әсіресе меншік ұйымына қатысты мәселеде. Сонымен қатар республикамыздың экономикалық тәуелсіздігін шектейтін тіпті кей тұста

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген мемлекеттің табиғат ресурстарына қатысты негізгі баптың ескерілмеуіне әкеп соғатын инвестициялық ТҰК филиалдарның активтерінің арақатынасы да ескеріледі. Бұл орайда Республика Президенті және Үкімет маңызды шараларды жүзеге асырып, эволюциялық негізде табиғаттың қазба байлықтарына иелік етудің теңқұқылы жүйесін енгізуге қатысты іс-шараларды іске асырып жатыр.

Біздің пікірімізше, «Қазба байлықтар мен жер қойнауын пайдаланушыларға» қатысты заңға үлкен өзгерістер енгізу керек. Онда мемлекеттің республикамыздағы жер қойнауынан шығатын қазба байлықтарға қатысты құқығын қайта айқындап, бекіту керек. Табиғат шикізатынан жасалатын ақырғы өнім көлемінің артуы әлемдік технологиялық үрдісті тездетудің, экономикалық дамуды жылдамдатудың компоненті болып табылады. Соның нәтижесінде елге шикізат ресурстарын өндіретін ең соңғы технологиялардың келуіне септеседі.

Технологиялық төңкерістің жылдамдауы міндетті түрде дамушы елдің ресурстық әлеуетін арттыруға септеседі. Соған сәйкес табиғат қорын игеру уақыты да азаяды. Сол себепті стратегиялық нысандар мен осы саладағы кәсіпорындарды басқаруға қатысты жаңа мәселелер пайда болып жатыр. Соңғы кездері мемлекеттік басқарудың деңгейін анықтайтын мемлекеттік активтердің маңызы үлкен болуда. Әсіресе 30 дамыған елдің қатарына кіретін кезге белгіленген 2050 Стратегиясының міндеттері маңызды. Ұлттың негізгі байлығына иелік ету және пайдалану мәселесі және ондағы отандық кәсіпкерлік саласының рөлі тікелей «Қазақстан 2050» Стратегиясында көтерілген болатын.

ТМД мен өзге де дамушы елдердің экономикалық тәуелсіздігін нығайтуға барынша күш салуы – саяси бағытын анықтап алған ұлттық мемлекеттердің негізгі белгісі болып табылады. Бірақ әрқайсының өз алғышарттары мен экономикалық мехнизмдері бар. Бірақ, барлығының дұрыс бағытта дамуы олардың саяси күш-жігеріне байланысты. Сол себепті теоретикалық-әдістемелік және әлеуметтік-саяси жұмыстарды жүзеге асыру, олардың даму кезеңдері, экономика әлеуетін нығайту жолдары, республиканың жаңа өнеркәсіптік төңкеріс фазасында егемендігін сақтап қалуы ғалымдардың, саяси жетекшілердің, әкімшілік-жоспарлаушы ұйымдардың үлкен әрі ортақ күш-жігерін қажет етеді. Алдағы он жылдықта (2013-2025 жылдар) жер қойнауын пайдаланушы шетелдік компаниялардың серіктестігіне қатысты шарттар радикалды түрде өзгеруі тиіс.

Бұл орайда міндетті түрде елімізге табиғат байлықтарын өндіруге қажетті заманауи технологияларды әкелу мәселелері қамтылмақ. Сондай-ақ елімізде ортақ кәсіпкерлік негізінде елімізде жаңа өндіріс ошақтарын

құру да назардан тыс қалмайды. Осылайша біржақты инвестиция тарту саясаты жылдам жүзеге асырылмақ.

Жолдауда сонымен бірге табиғи-шикізатты тереңдетіп игерудің жаңа стратегиялық мәселелері қамтылған. Бұл өз кезегінде республикадағы кластерлер базасындағы неоиндустриялық үрдістердің талабына түгелдей сәйкес келеді. Тек осы шарттар негізінде ғана ел үшін тиімді әрі табысты серіктестікке қол жеткізуге болады. Бұл шетелдік инвесторларды тартудың ең қарапайым тәсілі. Соның негізінде республика экономикалық дамудың жаңа үлгісіне көшеді.

Қазақстан ТМД елдері арасынан тіпті бүкіл әлем бойынша бірінші болып мемлекеттік деңгейде «жасыл жол арқылы даму» саясатын таңдады. «Болашақтың энергиясы» - бүкіл әлемге ортақ мәселені үлкен энергоресурстары бар мемлекет көтеріп отыр. Сондағы мақасты жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау. «Жасыл төңкеріс» қозғалысы жаңа мазмұнға ие болуда. Бұл бүгінгі ғылыми-технологиялық үрдістің жалғасы ғана емес, сонымен бірге, энергетикалық ресурстарды тиімді үнемдеу.

Қазақстан Республикасына «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу сеніп тапсырылды. Енді еліміз жаһандық мәселелерді шешуде белсенділік танытпақ. Бұл жобада әлемнің көптеген елдері «энергоүнемдеудің» әлемдік идеяларын ұсынады. Аталмыш жоба қоршаған ортаны сақтауға бағытталған үшінші технологиялық төңкерістің айырмасыз бір бөлшегі. Үлкен көлемдегі баламалы қуат күшіне ие ел нақты түрде жоғары технологиялық және экологиялық жолмен дамуға көшеді. ҚР Президенті ұсынған жол да «жасыл төңкеріс» деп аталады.

«Болашақтың энергиясы», «жасыл төңкеріс» қозғалысы, жер жаһанды мекен еткен адамзаттың үлкен қолдауына ие. Сол орайда қоғамдық көзқарастың атомдық реакторлар мен ядролық қалдықтарды пайдалануға қатысты тіпті индустриялы дамыған, ядролық жұмыстардың кесірін ескертуге мүмкіндігі бар елдерде көзқарастардың радикалдануына әкелуде.

Ядролық жарылыстарға, тіпті, мықты деген ядролық державалардың өзі төтеп бере алмайды. Мәселен Чернобыль трагедиясын бастан кешірген КСРО қандай держава еді. Ал халықтың жүрегіне батқан Қазақстандағы ядролық сынақтарды айтпай-ақ қойсақ болады. Бұл тұрғыдан алғанда жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау жоспары жүзеге асып, жаңа сапалы мазмұнға ауысып, әлемдік ядролық қауіпсіздік үшін күресетін үлкен қозғалысқа айналады. Осыған байланысты алдыңғы қатарлы елдердің (Германия, Жапония, Франция және т.б.) өзі ядролық энергетикадан бас тартты. Ал, жас әрі тәуелсіз елдер болса мұндайдан бейхабар, тіпті ядролық қауіпсіздігі қамтылмағандары да бар. Бұл орайда Қазақстан халықаралық

«Болашақтың энергиясы» акциясын ұсынып отыр. Бұл жоба, сөз жоқ, өз кезегінде Еуразия мен Орталық Азия сынды субконтинентті ядролық және экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ете алады. Бұл мәселе ҚР Президенті ұсынған бағдарламалық жобалар арқылы БҰҰ төріне дейін көтеріліп, әлі де дами түсуі керек.

Сенім мен серпін

Қалижанов У.,

*ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ф.ғ.д.,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

Біз ғаламат ғасырда өмір сүріп отырмыз. Бұл ғасыр қазақ ғасыры, бұл ғасыр Қазақстан ғасыры. Өйткені сонау атамзаманнан бері ел болып көсегесі көгерген мемлекет құру бабаларымыздың асыл арманы еді. Кең сахараны көшіп жүріп, өзінің шекарасын жасақтады. Оның бәрі қазақ үшін қастерлі ата қорымдармен бекітілді. Ұланғайыр далада өзінің көшпелі мәдениетін қалыптастырды. Бұл бір сөзбен айтқанда адамзат өркениетіне қосылған ұлы мұра болатын.

Ғасырлар тоғысты, заман өзгерді, қоғам жаңарды. Осындай алмағайып кезеңдерде де қазақтың басынан не өтпеді? 1896 жылғы патша санағы бойынша Ресейдің шеткері аймағындағы бұратана деп аталатын халықтардың үлес салмағы қандай еді? Сол дерекке назар аударыңыздар. Қазақтар 3 миллион 900 мың адам еді. Ал көрші өзбектер 2 миллион 900 мың адамды құрайтын. Бүгінгі статистика мынандай: қазақтар 10 миллион 500 мыңнан асса, ал өзбек 27 миллион. Бұл аласапыран уақыттағы қазақтың қырылған тағдыры. Ашаршылық қазақ үшін қолдан жасалынды. Голощекиндік саясат 3,5 миллион қазақты қырды. Бір миллион қазақ тарыдай шашырап ауып кетті. Көптеген қазақ өзбектенді, қытайланды. Оған ресми қазақ болып әлемдік статистикада тіркелген 5 миллион қазақты қосыңыз.

ВКП (б)-нің XVIII съезінде Украинадағы 4,5 миллион опат болған халықтан кейін ең көп қырылған қазақ халқы екені ресми мойындалды. Қазақтың қанды қасіреті осындай!

Ұлы Абайдың 39-шы қара сөздеріне назар аударалық. «...Әуелі ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. ... Ол ел басы мен топ

басылары қалай қаласа, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ...». **Көреген Абай егемендіктің келетінін білген ғой, сезген ғой жарықтық. Александр Твордовский айтыпты:** осы жұрт коммунизмге Пушкинсіз қалай барайын деп жүр. Жә, жалпы Пушкинсіз баратын коммунизмде не қасиет бар?

Ғажап тұжырым!

Ұлы Абай аңсаған сол егемендік қазаққа келді. Ақын баба айтқандай Елбасы да, халық та ұлы сыннан өтті. Өйткені XIV-XV ғасырлардағы қазақ хандығы мемлекет болудың алғышарттарын ғана жасай алды. Ал Кеңестік Қазақ Республикасы бутафорлық мемлекет болғанын алдағы буын жақсы біледі. Аты бар, заты жоқ мемлекетте өмір сүрдік. Жақсысын да, жаманын да көрдік. Бірақ өзін-өзі билей алмайтын қуыршақ құрылымның тоталитарлық тұғыры ұзақ болмайтыны айғақ еді.

Бұған 1986 жылдың желтоқсаны куә...

Қазақстан тәуелсіздіктің 21 жылы ішінде ғасырлық жолдан өтті. Әлем картасында толыққанды қазақ мемлекеті орнықты. Енді қазақ елінің шекарасы заңмен бекітілген Қытай, Ресей, Өзбек, Қырғыз мемлекеттері парламенттерінде ратификациядан өткен, заңдық құқығы мойындалған мемлекет.

Қазақстан әлемдік саяси додадан өзінің орнын алды. Қазақтың етектегі басы төрге шықты. Нұрсұлтан Назарбаев Күлтегін, Тоныкөк секілді **«Еліміз қайта ел болды, халқымыз қайта халық болды», «Кедей халықты бай қылды, аз халықты көп қылды».** Міне, сонау сегізінші ғасырда қалған тас жазу XXI ғасырда қайта жаңғырды. Қазақ қазақ болғалы, қазақ мемлекет құруға ұмтылғалы мұндай қазақтың күні туған емес, мұндай қазақтың аты шыққан емес, мұндай қазақтың жұлдызы жанған емес!

Енді қазаққа не керек! Енді қазаққа өркениетті 50 елдің емес, отыз елдің ортасында малдас құрып отыру керек. Бұл мүмкін бе? Оған шүбә жоқ! Өйткені, бір-бірімен шекісіп алған қазақ, ұлы мүдделер кезінде бекісе алады. Назарбаев айтқандай, **«Қазақтың бүкіл тарихы - бірігу тарихы»!**

Біз Қазақстанның 21 жылдық қалыптасу, даму, кемелдену кезеңін бастан өткердік. Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауларының кезең-кезеңдерін көзбен көріп, құлақпен естіп, оның орындалу барысын бірге қадағаладық. Кезінде 2030 бағдарламасын жариялағанда, оған дейін «кім бар, кім жоқ» деп сарыуайымға салынушылар да, жаңа заман болса да ескі әуеннен жаңылмайтын заржақ оппозиция да болды. Назарбаев **«Бұл не - насихат па? Әлде аспаннан**

түскен нәрсе ме?» деп сауал қойып жатты деуі осыған айғақ. Бірақ бәріне заман, бәріне уақыт төреші. Сонымен, «Қазақстан - 2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің Жаңа саясаты» атты Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауының мәні не? Бұған былай деп қорытынды жасауға болады.

- Қуатты да табысты - тәуелсіз Қазақстан құрылды.
- Билік тармақтарының теңгермеушілігі сақталған заманауи мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты.
- Демократияландыру мен ырықтандырудың жоғары стандарты қалыптаса бастады.
- Әлемдік эталон азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге қол жеткізілді.
- Қазақстан халқы Ассамблеясы кіші БҰҰ дәрежесіндегі бағаға ие болды.
- Соңғы 15 жыл ішінде Қазақстан серпінді дамушы бес елдің қатарына қосылды.
- Экономикалық рейтингі жөнінен Қазақстан 51-ші орынды иемденді. Бұл Назарбаев белгілеген өркениетті елу елдің қатарына қосылу мақсаты орындалғанының көрінісі емес деп кім айта алады? Қазір халық дана, қазір халық сыншыл, қазір халық сарапшы.

Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасты. Өйткені Қазақстан әлемдік саясаттың ордасына айналды. ЕЭҚЫҰ-ға жетекшілік еттік, тендесі жоқ Астана декларациясы қабылданды, СВДА-калыпты жұмыс істейді, Ислам ынтымақтастық ұйымына, ОДКБ-ға жетекшілік жасадық.

Қазақстан ядролық қаруды таратпау идеясының иегері болды. АҚШ, Ресей, Қытай сынды мемлекеттер Қазақстан қауіпсіздігіне кепілдік беріп, стратегиялық әріптестікке қол қойды.

21 жылда қол жеткен табыстарды түйіндей айтсақ, осы кезеңде кәсіби мемлекет құрылды, адамның өмір сүру деңгейі өсті, орташа айлық 9,3 есе, зейнетақы 10 есе ұлғайды. Халықтың ақшалай кірісі 16 есе өсті. Білім мен Ғылым саласы қарыштап дамыды. 1997 жылдан бері 942 мектеп, 758 аурухана салынды. Соңғы 12 жылда жоғары білімге берілетін грант 182 пайызға өсті. Енді не істеу керек? Соңын саралайтын, алдын болжайтын Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Қазақстанның жаңарған 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды.

2050 стратегиялық бағдарламасы халыққа жолдау ретінде таратылғанда кейбір сәуегей саясатшылар **«не Назарбаев 2050 жылға дейін таққа отырғысы келіп жүр ме?!»** деген пәтуасыз сөз айтты. Бұл

халықты алдаусыратуға, сенімсіздік тудыруға тырысқан, «жар үстінен жік шықты» дегендей алақұйын мақсат еді. Бірақ халқымыз жел сөздің жетегіне жүрмейді.

Бұл Назарбаевтың қазақтың қамын ойлаған көреген саясаты. Ұлттың көз тіккен бағыты, алтыбақан алауыз болдырмайтын дара және дана саясаты бар.

Назарбаев былай деп еді:

«... Кім болса да өмірдің қатал заңына бағынады. Бағынбасам Қарасайдай, Өтегендей, Сұраншыдай, Саурықтай батыр бабаларым, Сүйекемдей, Жәкемдей ақын бабаларым бағынбас еді. Бағынбаса дүниені дүрілдетіп кеше ғана өткен, қалың қазақты бір кемсендетіп кеткен Нұрғиса ағам бағынбас еді... Соны түсінгендіктен де мандайыма жазған ғұмырдың әр күнін, әр сағатын, еліме, жеріме арнағым келеді».

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді халық даналығы. ХХІ ғасыр қазақ ғасыры болатынына берік сеніммен жолдау арнаған Назарбаев сөзі жүрекке жақын, көзге ыстық, сенімге берік!

Мұндай даму стратегиясы бізге не береді? Бізді қандай қиындықтар мен белестер күтіп тұр. Өйткені жаһандық қатерлер толастар емес. Әлем халқы күрт өсуде. Күні кеше әлем халқы 6 миллиард адамды құраса, енді ел 7 миллиардтан асты. Ал 2050 жылға қарай ол 9 миллиард адамға жетеді деп күтіледі. Жер осыншама адамды асырай ала ма? Қазба байлықтар жете ме? Міне, осындай сұрақтар Қазақстанның даму жолымен бірге қаралды. Сондықтан да Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл жолдауы өзінің адамзат құндылықтарымен ғана емес, ұлттық өсіп-өркендеу жолымыздың жасампаз бағыттарының айқындалуымен құнды.

Қазақстан халқының орта жасы 35-ті құрағанымен, демограф ғалымдардың сараптамаларына сәйкес **«енді 40-жылдан кейін 60-тан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі»**. Оған әлемдегі аштықтың белең алуын қосыңыз. Мұның бәрі әлемдегі заңсыз көші-қон үрдістерін үдете түсетіні белгілі. Егіні жайқалып, малы марқайып, қазба байлықтары игеріліп, ұлты жасампаздық танытып отырған қазақ елі, қазақ мемлекетіне оңтайлы өмір сүру кепілі ретінде қарап, ат басын қалай да Қазақстанға бұрғысы келетіндердің саны көбеймесе, азаймақ емес. Менің қолымда бар деректерге қарағанда Қазақстандағы мигранттардың саны 450 мыңға жуық. Осыдан төрт жыл бұрын олар 1 миллионға жуық адамды құраған болатын. Бұл Қазақстанның алтын валюталық қоры шетелге тоғытылып жатыр деген сөз.

Қазақстанда жұмыс бар. Бірақ оны атқаратын қазақ жоқ. Біз өз құрылысшымызды, өз етікшімізді, өз өнімімізді өзіміз жинамай бұл үрдіс тоқтамақ емес. Сондықтан да Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ұлттық индустрияландыру мен жаңа технологияларды жетілдіруді мемлекеттік саясат деңгейіне қойып отыр. **«Біз таяу болашақта кері үдеріспен елдің шегінен тыс жерлерден бізге келетін еңбек иммиграциясымен бетпе-бет келуіміз әбден мүмкін екенін түсінуге тиіспіз».**

Президент бұған алаңдаушылық білдірді. Біз өз тарапымыздан осындай келеңсіз жағдаяттардың орын алмауы үшін ұлттық саналылық пен қатар **«мемлекеттік ой-сананы»** қалыптастыруымыз қажет. Бұл әр Қазақстан азаматы өз деңгейінде ұлтына адал қызмет етуі керек деген сөз.

Иә, 2050 атты Елбасы ұсынған мемлекеттің жаңа саясатын айғақтаған бағыты ұлтты біріктіруші ғана емес, ұлтты жұмылдырушы стратегиялық мақсатқа жұмыс істейтін болады. Сонымен, алдағы көрінген көкжиектер қандай?

Ол бәсекеге қабілетті экономика, пайда әкелетін инвестиция, яғни шашу емес, жинауға негізделген экономикалық прагматизм.

Ол - жаңа кадр саясаты. Енді бір әкімнің, бір министрдің соңынан сендей соғылысып көшіп жүретін кадрлар көшкіні тоқтатылады.

- Ол қалыпты бюджет саясаты, бөлінген бюджеттің оңтайлы жұмсалуды қадағалау;

- Ол үдемелі инновациялық индустрия;
- Ол импорттауға лайық өнім және жаңа технологиялар паркі;
- Ол ауыл кластерін жетілдіру және дамыту.

Заман өзгерді, қоғам қалай өзгермек? Бұл Жолдауда ерекше орын алған маңызы зор талап: **«Мемлекет өзінің рөлін өзгертуі тиіс»**, - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл мәселеге аса байыппен, сараптап қарауға тура келді. Өйткені, достар, біздің Ата заңымызда Қазақстан зайырлы, әлеуметтік мемлекет екендігі тайға таңба басқандай етіп жазылған. Сол қалай дамымақ?! Байыптап, сараптап қарасақ, Қазақстанды жекешелендірудің екінші кезеңі тосып тұр екен. Мұның оңай тимесі белгілі. Мұны Нұрсұлтан Назарбаев жасырмайды. **«Мемлекет пен нарық арасындағы жауапкершілікті қайта бөлісу»** оңай емес. Байыптап қарасақ, мемлекеттік байлықта халықтың өз үлесі бар. «Халықтық IPO» соның айғағы. Бұл болашақта «КазТрансОйл» сияқты барлық ұлттық компанияларға халықтың өзі ие болады деген сөз. Бірақ «үркіп, қорқып қалған халық» баяғы пиктердің кебін киеміз деп жалтақтай бергені жасырын емес. Халыққа мұның жай-

жапсарын түсіндіретін сындарлы ақпарат қажет. Казтрансойлдың акциялары 28 миллиард теңгеден асып жығылуы бұл сұраныстың болашақта жалпыхалықтық сипат алатынының белгісі деп білемін.

2050 бағдарламасы әлеуметтік саясаттың жаңа сипатын ашты.

- Кедейшілікке жол бермеу;

- Мемлекет болашақта әлеуметтік қолдауды тек бұған мұқтаж топтарға ғана көрсетеді;

-Әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз етілу жүйес бірінші жетілдіріледі;

-Ана мен бала қорғала береді;

- Жұмыссыздарды оқыту мен қайта даярлау саясаты өрістейді;

- Өңірлік даму барысында әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелеріне жете назар аударылады.

- Көші-қон мәселелері кешенді түрде шешіледі;

- Еңбек төлемі саясаты жаңғыртылады;

- Ұлт болашағы - ұлт денсаулығы екендігін түйсіну және осыған орай «медицинаның сапасының бірыңғай стандарттарын» қалыптастыру жүзеге асырылады;

- «Жаһандық технологиялық төңкерістің» айналымына қатысу көзделген;

- Мемлекеттік жастар саясатын жетілдіріледі;

- Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және Қазақстандық демократияны дамыту;

- Жергілікті өзін-өзі басқаруды толыққанды жүзеге асыру;

- Қазақстандық патриотизм - көпұлтты және көп конфессиялы қоғамды одан әрі қамтамасыз ету;

- Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру;

- Қазақтың бірлігі - елдіктің кілті екенін санаға құю;

- Ұлттық интеллигенцияның рөлін күшейту;

- Мәңгілік ел болу.

Ұлы бабаларымыздан қалған Орхон-Енисей жазбаларында, Күлтегін қалдырған мынадай асыл аманат бар: **«Бегі халқын, халқы бегін сыйлайтын ел мәңгі жасайды».**

Мәңгілік ел идеясы ұлтты біріктіруші идеология! Н.Назарбаев мәңгілік елдің уығын қадап, шаңырағын көтерді. Ендігі сөз ұлттың өзінде, интеллигенцияның сөзінде!

Қазақстанды жүйелі жаңғыртудың негізгі бағыттары

Сәбден О.,

*ҚР БҒМ ҒК Экономика Институты,
э.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА академигі*

Дағдарыс барысында, әлем дағдарыстан шығатын жолды іздейді.

Стратегиялық идеяларды 2050-ші жылға дейін жүзеге асыру үшін, ішкі және сыртқы мақсаттар құрылған:

Сыртқы мақсаттар: Бәсекелестіктің күшеюі, байлыққа жету бағыты, тұтыну идеологиясы, дүниежүзілік дағдарыстан шығу жолы, жаңа 6-шы технологиялық қалыпқа көшу, климаттың жылуы, аштық және де басқа апаттар күрделі саяси-әлеуметтік өзгерістерге әкеліп соғады.

Ішкі мақсаттар: Соңғы жылдары елімізде орын алған жағымсыз оқиғалар: шешілмеген әлеуметтік мәселелер, діни және рухани тоқырау, болып жатқан құбылыстарға немқұрайлық таныту, кеңінен таралған жемқорлық, т.с.с.

Ашығын айтқанда, осы сияқты кедергілерге төтеп беру және де дамыған елдермен бәсекеге түсу қиынға соғады. ХХІ ғасырда, еліміздің 30-шы орынға көтерілуіне бәсекелес елдер қол қусыра қарап отырмайды. Сол себепті, еліміздің жаһандану барысының басқару жүйесіне жаңа көзқарас және түпкі өзгерістер қажет. Қазіргі заманда, озық ғылыми-технология түрлерінің өзгеру үрдісі жедел түрде жүреді. Сол өзгерістерге дайынбыз ба?

Егер біз Қазақстанның мүмкіндіктерін қарастырсақ, олар 3 фактордан тұрады. Біріншісі - ежелгі тарих, адам қоры, екіншісі – жер қойнауындағы байлықтар, пайдалы қазбалар, капитал; үшіншісі - географиялық орналасуы. Соңғы факторды қарастырсақ, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» жолдарының салынуы 2015 жылы аяқталады. Біздің елімізден өтетін Ұлы Жібек Жолы қайта жанданады. Қазақстан жер және пайдалы қазбалар көлемінен әлем бойынша 9-10-шы орындарға ие. Егер тарихты қарастырсақ тас, қола ғасырлары мен темір кезеңінде біздің жерімізде сақ, ғұн, қаңлы, үйсін мемлекеттері және түрік кимақ қағанаттары, басқа да орта ғасырлық хандықтар мен мемлекеттер мекен еткен. Адам қоры жеткілікті. Басқа қандай мүмкіндіктер қажет? Ата-бабамыз сол мүмкіндіктерді қолданып, бізге тарихи мұра қалдырды. Сол байлықты тиімді қолдану біздің мақсат мұратымыз.

Мен айналысқан ғылыми жұмыстардың нәтижесінде, Қазақстанның ХХІ ғасырда үздік елдердің қатарын қосылуы үшін, жаһандану барысын-

да және дағдарыс кезеңінде технологиялық және рухани салаларда үлкен серпіліс пен түпкі өзгерістер қажет екеніне көз жеткіздім. Президенттің алдымызға қойған мақсаттарына, қазіргі қарқынмен жету қиынға соғады. Бізге тез арада ХХІ ғасырдың жаңа экономикалық ядросын құрастыру қажет. Оның мақсаты - «Қазақстан жүйесінің өзгеруіне қол жеткізу» болып табылады.

Бұл жоба 5 бағыттан тұрады:

- I. Саяси өзгеріс.
- II. Мемлекеттік басқарудың өзгерісі.
- III. Адам қорының өзгерісі.
- IV. Ғылыми-технологияның өзгерісі.
- V. Рухани жандану.

Әр бағыт бойынша, автордың ғылыми тұрғыда дәлелденген жобалары өз уақытында БАҚ-та жарияланады. Қазір басты тұжырымдалған идеялар мен ережелерге тоқталайық.

1. Саяси өзгерістің басты идеясы - әлеуметтің дұрыс бағыттарын біріктіру. Еліміздің болашағы үшін, партияларды, әлеуметтік бірлестіктерді және барлық басқару мекемелерін бір жүйеге келтіру қажет. Халық пен биліктің арасы алыстай түсті. Халықтың жан айқайы билік құлағына жетпей жатыр. Билік пен халық арасындағы нашар жұмыс нәтижесі ретінде «Жаңаөзен» оқиғасын қарастырсақ болады.

Қазіргі уақытта әлеуметтің тұрақты құрылымын қалыптастыру қажет. Өз кезегін күтіп тұрған, демократиялық үдерістер енгізу керек. ҚР Президентінің қол астында болатын Ұлттық Кеңес құру қажет (жоба дайын). Ұлттық Кеңестің басты мақсаты - әлеуметтің бүгінгі және ертеңгі азаматтық мәселелермен айналысу және ұлттық бірлікті сақтап қалу. Адалдық, ынтымақтастық, бірлікті күшейту, жылдық баяндамаларды дайындау секілді еліміздің басым саяси-әлеуметтік мақсаттарын жүзеге асыру. Халық ұсыныстарын билікке жеткізіп, іске асыру қажет. Биліктің үш тармағы: Мемлекет, Парламент және сот жүйесі тепе-теңдікті сақтай отырып ең маңызды шешімдер қабылдау керек. Жоғарыда айтылған шарттар орындалған жағдайында ғана, биліктің үндеуі өркениетті ортаға жетеді!

2. Мемлекеттік басқару жүйесін өзгерту барысында ішкі және сыртқы кедергілерді ескеру қажет. Мемлекеттік басқару жүйесінің жаңғыртуға көшуі тек қана, жаңа кадрлық, әлеуметтік және саяси реформалары елдің өміріне тікелей ықпал еткенде ғана жүзеге асады. Тек сол жағдайда халық билікті мойындап оған қолдау көрсетеді. Өндіріс құрылмы мен инвестициялық саясаттағы өзгерістерге көңіл бөлу ең басты шаруа боп табылады. Инвестициялық өсу 25-35% құрау керек. Тек сол жағдайда ғана

6-шы технологиялық қалып бойынша және түпнұсқалық жаңа технологиялар секілді инновацияларды меңгеру мүмкін болады. Президенттің тапсырмасы орталық пен жергілікті деңгейде жөнді орындалмай жатыр, қаржылық шығындар үлкен мөлшерде жұмсалып, ақпараттық есеп беру нақты емес. Мысалдар жеткілікті. Нәтижесінде: Әлсіз қадағалау, жауапкершіліктің төмендігі және ауыздықталмаған жемқорлық сияқты салдарға әкеп соқтырады. Осының бәрі кәсіби деңгейді төмендетеді. Бұл жағдайда, жаңадан қабылданып отырған мемлекеттік басқару жүйесіне жағымсыз факторлар әсерінен, бағдарламаны жүзеге асыру қиынға түседі. Соның салдарын көріп отырмыз.

Бағдарламалар мен мақсаттар тиімді жұмыс істеуі үшін, Президент құзырында болатын ғылыми-технологиялық сараптама жасайтын агенттік құруымыз қажет. Агенттік құзырында жұмыс істейтін орталықтар жұмыс істеуі тиіс. Білім беру және бағалау үдерістерін қадағалау жұмысын тек қана Білім және Ғылым Министірлігі атқарады. Сол себепті білімнің сапасын сараптайтын орталықтар қажет. Жүйелі жемқорлық барда сапалы білім туралы қандай сөз болмақ?

Біздің есептеуімізге сүйенсек, егер біз 5 жыл ішінде жаңа технологиялар мен 6-шы технологиялық қалыпқа көшпеген жағдайда, мәңгілікке артта қалуымыз ғажап емес. Негізгі қорлардың тозуы 45%-80% құрайтынын ескерсек, (әсіресе энергетика 72-75%) технологиялық серпілістің оңай болмайтыны айқын. Давостағы дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша: Қазақстан инновацияны еңгізуден 103, бизнесті дамытудан 99, қаржы нарығын дамытудан 115 орындарда тұрмыз. Бізде инновацияны енгізу бойынша кәсіпорындардың 5,8% ғана айналысса, шет елде бұл көрсеткіш 60-65% жетеді. Ең қиыны осы көрсеткіштерді арттыру. Ешқандай жоба жаңалық жасаушының келісімінсіз бекітілмеуі керек. **Бізге технологиялық жаңғырту қажет.**

Елімізге келетін пайданың ауқымды мөлшерін құрап отырған «Самұрық-Қазына» АҚ өз міндетін атқарды. Енді бізге тиімді басқару жүйесін іске асыратын жоспарды ұстануымызға тиіспіз. «Самұрық-Қазынаға» негізінде бәсекеге түсетін холдингтер жасауымыз керек (жоба бар). Дамыған елдер бәсекені жоғарылатқан кезде, біздің экономикамызды монополияландыру тиімді емес.

Кадрлық саясаттың жаңа моделі қажет. Кадрлық комиссия институтын құру қажет. Еуропа елдері секілді бізге де халықаралық деңгейдегі дағдарыс-менеджерлерін дайындау керек. Жаңа ойларды қолданатын басқару жүйесін орнату керек. Бізге жоғары технологияны меңгерген

қанша инженерлер қажет екенін білеміз бе? Мысалы, Ресейге 600 мың инженер маман қажет. Жоғары білім беретін оқу орындары көп болғанына қарамастан, білім деңгейі төмен. Білім сапасы жоғарыламай, нәтиже болмайды.

Жергілікті аймақтарда жаңа басқару құрылымын ойлап табу керек (жоба бар). Олар Ресей, Қытай және шекаралас жатқан елдермен бәсекелестікке түсу үшін инновация қажет. Сол жағдайда ғана әкімдердің жұмысын әділетті түрде бағалауға болады. Оңайшылықпен түскен бюджеттік ақшаны әркім қолдана алады. Қаржы қорының үлкен мөлшері жыл сайын қолданысқа түспейді (себептері жарияланбайды).

Жалған мақтаулар, декларациялар, дәйексіз ақпараттар, жанашырлар, өзімшілдер мен бос уәделерден басқа ештеңе жоқ. Мұсылмандарға тән емес жағымсыз әдеттерден арылу қажет. 70 жылғы билік ықпалы осы күнге дейін әсерін жоғалтқан жоқ. ХХІ ғасырдың талабына сай болмасақ, біз ұтыламыз.

III. Ғылыми-техниканың жаңғыртылуы экономикамыздың жаңа негізі болуы қажет. Ғылымды, инновацияны және өндірісті біріктіру басты мәселе боп табылады. Соның нәтижесінде біз жаңа технологиялар, инновациялық өндірістің синергетикалық әсерін аламыз.

Ұсақ инновациялық фирмалар, технопарктер, технополистер мен еншілес қорларды дамыту қажет және т.с.с. Бізде осындай ұсақ инновациялық фирмаға қолдау көрсететін заңнама жоқ.

IV. Ұлттық ғылыми-инновациялық кластерлер құру керек (Алматы, Астана, Қарағанды т.с.с.) АҚШ-ғы Силиконды алқап, Ресейдегі Сколков, Индиядағы it-технология еліміздің ғылыми және идеологиялық дамуы үшін, Қытай еліндегідей Мемлекеттік Гуманитарлық Ғылым Академиясын құру қажет (Пекин, Шанхай қ.) (мұндай жоба бар).

Адам капиталын жаңғырту мен креативті экономиканы дамыту үшін ерекше мәселелерді шешу қажет. Дамыған елдердің 77% кірісі адам капиталымен тікелей байланысты, жаңа білім, ғылым, технология және креативті экономиканың дамуынан, ал қалған кірісті негізгі капиталдан алады, пайдалы қазбалар, мұнай, газ, және т.с.с. Бізде бұл арақатынас қарама қайшылықта. Біз пирамиданы ауыстырып онымен жұмыс істеуіміз керек. Түпнұсқалық өзгертулер қажет.

Халықтың өмірін жақсарту үшін, әлеуметтік-нормативтік көрсеткіштердің басты есебі керек. Ең төменгі есептік көрсеткіштен арылып, оның орнына күн көріс минимумына көшіп, ең аз жалақыға тұрақтануымыз керек. Әзербайжанда орта жалақыдан 40% артық

денгейге дейін ең төменгі жалақыны көтерген. Бізде бұл екі есе төмен. **Жаңа әлеуметтік-экономикалық көрсеткішке көшуіміз керек.** Қазіргі кездегі экономика денгейін, кірістің мөлшерін, әлеуметтің өрісі туралы шыннайы мәліметтер қажет. Егер де ертең экономика көтерілсе, халықтың өмір сүру деңгейі де солай көтеріледі деп айтамыз. Сенім жоғарыласа, қанша қиын болғанымен халық билікке қолдау көрсетеді. Сол кезде жақсы болсын, жаман болсын, халық билікпен бірге болып, туындаған қиындықтарға қарсы күреседі. Шынын айтқанда экономиканың жағдайына қарамастан біз қарызға ақша сұраймыз. Қазақтарға жалқаулықтан арылатын уақыт келді. Болашақта бізді не күтіп тұрғанын ешкім білмейді.

Әлеуметтік реформалау саласында, заң жүйесін түбегейлі өзгерту керек. Денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларына жаңа нормативті көрсеткіштер мен сапалы стандарттарды еңгізген соң түбегейлі өзгерістер болуы мүмкін. Осы салалардың болашағы адам капиталының сапасына байланысты. Бұл салаларды қаржыландыру және дамыту арқасында, еліміз бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетеді. .

V. Тәрбие, патриотизм және еліміздің рухани байлығы секілді қазыналарын келесі деңгейге көтеруіміз міндет.

Нарықтық экономикаға көше салысымен, рухани мәдениетіміз ұмытылды. Ата-бабамыздан беріліп келе жатқан мәдениет пен менталитет сияқты тарихи құндылықтармыз ұмытыла бастады. Шет елдің идеологиясы санамызды билеп, адастырып, ұлттық қасиетіміздің көрсеткішін төмендетуде. Осындай жағдайда қалуымыздың себебі тек өзіміздің күнәміз. Еліміздің идеологиясы мен тәрбиесін төмен бағалаған өзіміз. Енді мұны кімнен көреміз? Тұрақты діни жүйе жоқ. Мұхаммед пайғамбар дәріптеген Ислам жолын таңдағанның орнына, әр-түрлі діни бірлестіктерге бөлініп, барлығы араласып кетті. Бүгінгі күні олардың саны 4500-ге жетті. Егер бір діни бірлестікте 200-ге жуық адам бар деп санасақ, шамамен 1 млн адамның санасы дұрыс бағытталмаған болып шығады. Әсіресе жастарға деген ықпалы зор. Уахабизм секілді діни бірлестіктерді мыңдаған адамдар құрайды. Ары қарай не болмақ? Олардың қатарына саналы түрде қосылған адамдардың сенімін өзгерту қиын. Осыған қарсы төтеп бере алатын балама механизмді ойлап таба алмағанымыз, жағдайды қиындата түсуде.

Түркістанды діни орталыққа айналдыратын үлкен жоба жасалған. Бұл жобаның басты мақсаты: «Түркістан» (мегаполис) қаласын халықаралық деңгейде діни орталыққа айналдыру арқылы, халықаралық қауіпсіздікке қадам басу. Бір жағынан адамзаттың рухани жандануын, басқа жағынан жаңа технологиялық үдерісті қолданып, тарих бетінде алғашқы болып, әлемге инновациялық дамудың ренессансты моделін үлгі етейік.

Біз, тарихымыз терең және бай елміз. Қазақстан жерінің көне тарихының жандануын көрсете білуіміз керек. Егер ЭКСПО-17 мен қатар Түркістан қаласын діни орталыққа айналдырсақ, еліміздің бай тарихын шет елдің мыңдаған саяхатшыларына мақтана паш етер едік (мұндай мега жоба бар).

Қортындылай келсек, алдағы 5 жыл уақытында барлық бағыттағы жүйелерді түбегейлі өзгертуіміз қажет. Тек сол жағдайда еліміз дамыған елдер қатарына қосылуына үлкен қадам жасайды. Дамыған елдер мекеніне кетіп бара жатқан жүргек поезының соңғы вагонына ілесіп қалуымыз керек, ол жерде ХХІ ғасырдың технологиясы, инновациясы, жана білімі, ізгіленген қоғам туралы сөздерді құлағыңыз шалады. Осы соңғы мүмкіндікті қолданбасақ, еліміз шикізат қана өндіретін мемлекет боп қалады немесе күшті мемлекеттерге жем боламыз.

Біздің ата-бабамыз, осы күнге дейін елмізді, жерімізді, тілімізді және пайдалы қазбаларды мұрағат етіп сақтағанына тарих куә. Осы мұрағатты біз және болашақ ұрпақтың сақтап қалатынына кәміл сенімдімін! Сол сенімді ақтауға шақырамын!

Мақтау мен мадақ немесе сынау үшін емес, баянды болашаққа жету мақсатындағы ұсыныс. Бүгін бітіруге болатын істі, ертеңге неге қалдырамыз?

Уақытша қиындықтарға қарамастан, түбегейлі өзгерістерді, еліміздің болашағы үшін еңгізу қажет. **Қазақстан азаматтарының әлеуметтік даму деңгейі халықаралық шарттарға сай болуы тиіс.**

Жоғарғы экономикалық білім беруді жаңғыртудың әлеуметтік-экономикалық басымдықтары

Святов С.А.,

Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ ректоры,

э.ғ.д.

Қазіргі заманның ең басты ерекшелігі оның өзара байланыстығы мен өзара келісімінде. Бұл жағдай қоғаммен бірге әрбір Қазақстан азаматының өміріне ықпал етеді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша, Дүниежүзілік экономикалық форум жыл сайын жүргізетін бәсекелестіктің жаһандық индексінде Қазақстан 144 елдің арасынан 51 орынды иеленген. Біздің еліміз бірінші рет экономикалық дамудың 2-ші кезеңінен 3-ші кезеңіне аяқ

басқан, инновациялық экономикалық даму сатысына көтерілген алдыңғы қатарлы 25 елдің қатарына енген болатын. Дәл осы сатыда заманауи технологияларды пайдалану қоғамның білім деңгейінен, оның өндіруге деген қабілетінен, жаңа білім жетістіктерін игеруімен анықталады. Сол себепті елдің экономикалық өсудің жаңа сатысына көшуі үшін инновациялық білім негізінде адам капиталының рөлін арттыру керек. Сонымен қатар бірінші кезекте ұлттық деңгейде жоғары білім берудің тиімді жүйесін құрып, оны халықаралық білім кеңістігіне көшіру керек.

Жоғары оқуды реформалау кезінде Қазақстанда бірнеше үрдіс жүзеге асырылады. **Бірінші** – мамандарды дайындаудың көп деңгейлі жүйесін жүзеге асырудың тәжірибесімен тікелей байланысты. Соңғысы білім дамуында жинақылықты қамтамасыз етіп, болашақ мамандықты таңдауда мол мүмкіндіктер көкжиегі ашылады. Бакалавриат түлектері жаңа мамандықтардың түр-түрін игере алады. **Екінші үрдіс** – отандық жоғары оқу орындарын белсенді түрде заманауи ақпараттық технологиямен (ғаламтор жүйесі, білім берудің телекоммуникациялық үлгілері, электронды және халықаралық дерек қорларына кіруге мүмкіндік беру) қамту. **Үшінші үрдіс** – жоғары оқу орындарын халықаралық білім кеңістігіне интеграциялау, отандық білім беру жүйесіне Болондық үрдістің негізгі қағидаттарын енгізу, студенттердің академиялық жинақылығына дем беру, Еуроодақ арқылы немесе өзге де қаражат көздері негізінде қаржыландырылатын көпұлтты университеттер бірлестігінің аясында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу.

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында жоғары білімнің бірінші кезекте **барынша қазіргі және болашақтағы ұлттық экономиканың қажеттіліктерін өтей алатын мамандарға бағытталуы** керек деген мәселе қарастырылады. Бұл орайда жоғары және орта білім берудегі оқытудың жоспары мен бағытын өзгерту керек. Онда ыңғайлы тәртіп бойынша оқыту мен біліктілігін арттыру мәселелерін енгізген жөн.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі күні мамандарының біліктілік деңгейі оның кәсіби құзыреттілігімен өлшенеді. Маманның кәсіби құзыреттілігі кадрлар дайындаудың деңгейін көрсетіп отырады. Сондай-ақ білімнің үнемі жаңарып отыруына септесіп, кәсіби міндеттерді реттеуде қажетті ақпаратпен қамтып, нақты шешімдер қабылдауға көмектеседі. Қазіргі заман мамандары негізгі мәселені көрсетіп қана қоймай, оларды түрлі амалдар мен тәсілдер арқылы шешу жолдарын да жақсы білуі керек.

Мұндай жетістікке жету үшін жоғары оқу орындарында түлектерді жалпы кәсіби білім беруден өзге ыңғайлы, заманауи кәсіби біліктілікке үйрететін, жетілдірілген оқу жүйесін енгізу керек .

Кең таралған пәндік оқыту жүйесінің орнына жаңа сапаға бағытталған, пәндер интеграциясына негізделген білім берудің жаңа модульді бағдарламасы келуде. Осыған байланысты Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев әлеуметтік жаңғыртудың негізгі бағыты ретінде жаңа индустриалдық-инновациялық экономика жағдайында өмір сүруге дайындық жасау қажеттігін атап өтті. Оның ең басты міндеті – жоғары оқу орындарының түлектерін еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету.

Еңбекпен қамту мәселесі көп жағдайда еңбек нарығының сыйымдылық және құрылымдық параметрлерінің санына тікелей байланысты болып жатады. Мұнда аталмыш нарықтың даму үрдісін сапалық және сандық тұрғыдан дұрыс болжау өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі күннің болжау жұмыстары көпфакторлы жағдайларда іске асып жатыр. Негізінен, еңбек нарығындағы қажеттіліктердің құрылымы мен шығу құрылымының көрсеткішінің 100 пайыздық үйлесімлігіне қол жеткізу бір сөзбен айтқанда, мүмкін емес. Еңбекпен қамту мәселесі мен маңызды бағыттар бойынша білікті мамандардың жетіспеушілігі – бұл бір мәселенің екі ұшы іспеттес. Түлектердің сапа мен құрылым жөнінен еңбек нарығының сыйымдылығы мен құрылымына үйлеспеуі – әлеуметтік қанағаттанбаушылықтың бір себебі. Маркетингтік зерттеулер жоғары оқу орындарындағы экономист-студенттердің үлес салмағы 25-27% құрайды. Ал еңбек нарығында экономистерге деген қажеттілік небары 13 пайыз.

Қазіргі таңда әртүрлі жеке меншік иеліктері мен жоғары оқу орындарында оқып жатқандардың құрамы әртүрлі қайнар көздерінің есебінен толтырылып келеді. Олардың ішіндегі маңыздылары мынадай:

- мемлекет бөліп отырған білім гранттарын мамандықтар бойынша мақсатты қабылдау жүргізу;

- жоғары оқу орындарындағы ақылы негізде студенттердің өз қаражаты бойынша, сонымен бірге демеуші-ұйымдар қаражаты есебінен оқуға қабылдануы;

- оқу орындарының өз гранттарына қабылдауы;

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары мамандықтарға қанша мөлшерде және қандай құрылым бойынша қабылдау қажеттігін өздері шешеді. Мемлекет тек ҰБТ ең төменгі балл мен ең төменгі оқу төлеміне қатысты мәселелерді реттеп отырады. Ол төлемнің мөлшері келесі жылға бекітілген мемлекеттің оқу гранты көлемінен төмен болмауы тиіс.

Мемлекеттік тапсырыс экономикалық мамандықтар бойынша оқып жатқандар контингенттің тек шамалы бөлігін ғана қамтитынын айта кеткеніміз жөн. Сонымен бірге, Қазақстанда жыл сайын экономикалық мамандықтар бойынша студенттердің төрттен бір бөлігі оқып шығады. Экономикалық мамандықтар бойынша мамандарды Қазақстанның 80-нен астам жоғары оқу орындары дайындауда (бұл көрсеткіш жалпы алғанда 55% құрайды). Нарықтық экономика жағдайында жоғары оқу орындары тұтынушылардың сұранысы мен таңдауын ескермей кете алмайды. Сол орайда олардың мойнына түлектердің білім сапасы мен оларды жұмыспен қамту жауапкершілігі жүктеледі. Қазіргі жоғары оқу орындары екі түрлі таңдаудың (дилемма) алдында тұр. Яғни, біріншісі жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету болса, екіншісі, білім қызметін тұтынушылардың қажеттілігін өтеуге бағыттау. Бұл күрделі мәселені жоғары оқу орындардың түлектерді жұмысқа орналастырудағы жауапкершілігін арттыру арқылы шешуге болады. Еңбек нарығына жас мамандарды дайындау сапасын болжау – индустриалдық-инновациялық дамыған қоғамның негізгі іргетасы. Сонымен бірге бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі маңызы зор. Жоғары оқу орындарының алдында еңбек нарығын дамытудың үрдістері мен құрылымын сапалы болжау міндеті тұр. Түлектердің білім нәтижелері (Learning Outcomes) ұлттық және салалық біліктілігі кәсіби стандарттарға ғана сай келіп қоймай, сонымен бірге жұмыспен қамтудың мол мүмкіндіктерін ашуға, оқуды жалғастыруға және қызмет саласын өзгертуге септігін тигізуі керек. Мұның барлығына кәсіби қызметтің нақты салаларына бағытталған, студенттерге арналған дайындық жұмыстары арқылы қол жеткізуге болады. Оның дәстүрлі жолы қанша маманды қандай мамандық бойынша дайындау қажеттігін анықтап алу. Қалыптасқан ғылыми тәсілдер негізінде, сонымен бірге әлеуметтік, математикалық үлгілеу арқылы бүгінгі күннің қажеттіліктеріне қатысты перспективалық талдау жүргізілуде. Мұндай талдау жұмыстары мемлекеттік тапсырыс бойынша барлық мамандықтарға кадрлар дайындауға көмектеседі. Алайда мемлекеттік тапсырыс оқып жатқандардың бір бөлшегін ғана қамтиды. 2012 жылы «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес» мамандығына небары 713 грант бөлінген болатын. Ал бұл болса олардың жалпы санының 2,5% ғана құрайды. Сонымен қатар дәл осы экономикалық мамандық бойынша жыл сайын барлық студенттердің төрттен бір бөлігі білім алады. Қоғамда қалыптасқан дәстүрлі менталитетке сай мектепті бітірген әрбір түлек жоғары білім алуға ұмтылады. Либералды реттеу дұрыс жолға қойылған, нарықтық жағдайда мұндай сұраныстардың ұсыныстар тудыратыны сөзсіз. Нарықтық экономикалық жағдайда тұтынушының

сұраныстары мен қажеттіліктері ескерілуі тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілікке ие. Өйткені олар білімнің сапасына, түлектердің бәсекеге қабілетті болуына, олардың лайықты жұмыс табуына жауапты.

Жоғары білім берушілердің алдында еңбек нарығын тек сандық тұрғыда емес сонымен бірге сапалы тұрғыда болжау міндеті тұр. Еңбек нарығына арнап, жас мамандардың білім сапасын болжау индустриялық-инновациялық дамыған қоғамның негізгі іргетасы болып табылады. Сонымен қатар оның бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді.

Қазіргі күні алған білім тез ескіріп қалады. Білімнің жартылай құлдырау кезеңінде теориялық білім 5 жыл, тәжірибелік білім кем дегенде 3 жылды құрайды. Бұрынғы кездегідей бір рет алынған академиялық білім қазіргі күні адамның барлық ғұмырын қамтуға жете бермейді. Яғни бүгінгі күні қажетті кәсіби маман болу үшін бір рет жоғары оқу орнын бітіру аздық етеді. Сондықтан да үнемі алған білімді жетілдіріп отыру керек. Қазіргі заман LLL (Life Long Learning) тәсілі бойынша өмір бойы оқуды талап етеді.

Түлектердің білім нәтижелері (Learning Outcomes) ұлттық және салалық біліктілік, кәсіби стандарттарына ғана сай келіп қоймай, сонымен бірге жұмыспен қамтудың мол мүмкіндіктерін ашуға, оқуды жалғастыруға және қызмет саласын өзгертуге септігін тигізуі керек.

Біздегі білім беру жүйесі әлі де жоспарлы-әкімшіліктен либералды, нарықтық үлгіге көшу сатысында тұр. Әрине, бұл өзгерістер оңай жүргізіліп жатқан жоқ. Бүгінгі күні жоғары білім расымен де абстрактылы орта тұтынушыға, яғни, орта студентке және жалпыланған жұмыс орындарына бейімделуде. Несиелік технология студенттер мен жұмыс берушілердің сұранысын есепке алуға септеседі. Бірақ біз әлі бұл ұзақ жолдың басында келеміз. Экономикалық мамандықтың түлектері жұмыс істейтін әлеуетті ұйымдар көлемі мен меншік нысанына қарай, бизнесті жүргізу мәдениетіне қарай әртүрлі болып келеді. Бұл өз кезегінде айтарлықтай дәрежеде қызмет ерекшелігін айқындай түседі. Бұл орайда білімнің мазмұнына да әсер етері сөзсіз.

Ұлттық біліктілік жүйенің ең басты міндеті салалардағы кадр қажеттіліктерін анықтау болып табылады. Ұлттық біліктілік және кәсіби стандарттар әртүрлі деңгейдегі мамандарды анықтауға көмектеседі. Бұл орайда жоғары оқу орындарының басты міндетіне – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға көмектесетін білім беру бағдарламаларын анықтап, жаңа оқыту пәндерін дайындау мәселелері кіреді. Жоғары оқу орындарындағы білім әрбір түлектің кәсіби стандарттарға сай болуын қамтамасыз етуі керек.

Студенттің даралығы білімге қабілетінің есебі оның оқу пәндері мен ұстаздарды таңдауына мүмкіндік беруі тиіс. Осылайша несиелік технологияны толыққанды жүзеге асыруға болады.

Жоғары оқу орындарына білікті мамандарды таңдау ең үлкен мәселе болып табылады. Ол үшін тәжірибелі, ерекше тәртіп бойынша жұмыс істейтін әрі ұстаздық еткенде инновациялық-технологияларды пайдалана алатын кәсіби мамандарды таңдау керек. Профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) қартаюы, оның қазіргі кәсіби қызметтен алшақтығы жоғары оқу орындары ұстаздарының кәсіби деңгейі мен мүмкіндіктерінің экономикалық секторлар қажеттілігін өтеуге сай келмеуіне әкелуі мүмкін. Экономикалық мамандықтар үшін тәжірибелік бағдарланған білімнің алар орны ерекше. Экономикадағы кәсіби қызмет саласының тез өзгеретіні сонша, сатып алу қабілетінің теңдігі (ПОҚ) көп жұмыстардың құзыреттілігін жүзеге асыруға әрі қорытындылауға үлгермей жатады. Ұстаздық етуге әрі элективті пәндер аясында авторлық курстарды оқуға тәжірибелі мамандарды яғни, ұйым жетекшілерін, жетекші менеджерлерді, қаржыгерлер мен аудиторларды тарту бүгінгі күннің қажеттілігі болып табылады. Бірақ жаңа біліктілік талаптарға сәйкес, қосымша жұмыс істейтіндер сатып алу қабілеті паритеті (ПОҚ) көлемінің 30% құрауы тиіс. Орташа көлемде ғана ауыртпалық жүктелетін қосымша жұмыс істейтіндер небары 5-10% көлемінде ғана оқу пәнінен жүргізе алады. Осыған байланысты экономикалық мамандықтар үшін штаттағы ұстаздардың көрсеткішін азайтып, оның орнына «ПОҚ – практик» мамандарын тарту бүгінгі күні тиімді болып саналады.

Тағы бір мәселе – жоғарғы оқу орындарының ыңғайсыз орналасуы. Қазақстандағы 146 жоғарғы оқу орындарының 47-сі Алматыда орналасқан. Оларда жалпы студенттердің 29% білім алуда. Жоғары оқу орындарының жергілікті орналасуы еңбек нарығының аумақтық сұранысына сәйкес келмейді. Бүгінгі күннің басты қозғаушы күші білім мен еңбек миграциясы болып табылады.

Еңбек нарығы мамандардың білім сапасына қатысты өз талаптарын қоюда. Жоғары оқу орындарының мұны ескермеуге құқы жоқ. Бұл мәселені шешу мақсатында Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті қабырғасынан әрбір мамандыққа арналған білім беру бағдарламасының Академиялық кеңесі құрылған болатын. Олардың құрамына жұмыс берушілер, жетекші ұстаздар, қазақстандық және шетелдік мамандар мен түлектер кіреді. Академиялық кеңестер білімнің мазмұнын анықтап, тәртіптің реттілігін қамтамасыз етеді. Кеңестің міндетіне білікті әрі тәжірибелі мамандарды тарту жұмыстары да енген. Академиялық кеңестің

көмегімен еңбек нарығына қажетті құзыреттіліктерді анықтауға әрі сабақ өткізетін кәсіби шеберлерді шақыруға болады.

Жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік беру арқылы білім беру траекториясына кәсіби сертификациялық бағдарламалар енгізуге мүмкіндік береді. Яғни «Бухгалтерлік есеп» мамандағы бойынша оқып жатқан студенттер «Кәсіби бухгалтер», «Қазынашы-бухгалтер» деген, ал «Қаржы» мамандығы – «Қаржы менеджері» секілді сертификаттар алатын болады. Мұндай дайындық түлектерді нақты бір жұмыс орындарында жұмыс істеуіне жағдай тудырады, әрі олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әртүрлі меншік нысандары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескеруге жағдай жасайды.

Білім беру үрдісінің ұйымдарына өзгеріс енгізу өз кезегінде факультеттер мен кафедраларды басқарудан, бағдарламаларды басқаруға көшу міндеттерін айқындай түседі.

Біздің түсінігімізде Академиялық бағдарлама – бұл білім беру бағдарламаларының бір мамандық бойынша мақсатты дамуы. Бұл өз кезегінде бакалавриат, PhD докторантура сынды білім беру траекториясының үздіксіз жүргізілуіне және өмір бойы біліктілігін көтеріп отыруына жағдай жасайды.

Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ білім беру үрдісін жобалау жұмыстарын маркетингтік зерттеу негізінде, еңбек нарығының сыйымдылығын зерттеуден, кәсіби құзыреттілігін бағалау мен тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруды жүзеге асырудан бастаған болатын. Осы зерттеулердің негізінде оқу мекемесі балының межесін бекітіп, әрбір мамандық бойынша қабылдау квотасын анықтады.

Студенттердің көп тілді білуі олардың бәсекеге қабілетті болуына септеседі. Университеттің арнайы «ҚазЭУ – English» атты бағдарламасының негізінде халықарылық білім бағдарламаларының факультеті құрылды. Ондағы оқу үрдісі ағылшын тілінде және шетел ғалымдары мен мамандарының қатысуымен жүргізіледі.

Білім берудің бизнес бағдарламаларын тәжірибелік негізде жүзеге асыру арқылы олардың штаттық жағдайға ауысуы қажет екенін көрсетеді. MBA, DBA, EMBA бағдарламалары түлектерге қолдау көрсетіп, білімнің жартылай құлдырауынан пайда болған зардаптарды жоюға көмектеседі. Сонымен қатар үнемі кәсіби дамып отыруға жағдай жасайды.

Еңбек нарығы негізінде сапалы болжау жасау, мониторингтер мен жұмыс берушілерді тарту білім беру саласында әрі кадрлар дайындауда бәсекеге қабілетті қызмет көрсетуге жетелейді. Сонымен қатар елімізді әлеуметтік жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға көмектеседі.

**Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050»
Стратегиясы» жолдауындағы Қазақстандағы АӨК дамыту
мәселелері жөнінде**

Молдашев А.Б.,

*АӨК экономикасы мен ауыл аймағын дамыту
Қазақ ғылыми-зерттеу институтының бас директоры,
э.ғ.д., профессор.*

Президенттің халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында ауылшаруашылығына ерекше мән беріледі.

Ең бірінші кезекте салалардың жаңғыртылуына баса назар аударылады. Бұл ауылшаруашылық өнімге деген сұраныстың артуынан болып отыр. Соңғы он жылдықта ауылшаруашылық саласы тұрақты дамып келе жатыр сол орайда тұтыну өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесі өзінің лайықты деңгейінде тұр. Нан өнімдерімен-ақ біз өзімізді медициналық нормалармен толыққанды қамтып отырмыз. Ал азық-түліктің қалған бөліктерінде, әсіресе мал өнімдеріне қатысты, мұндай деңгейге әлі де болса көтеріле қойған жоқпыз. Бұл орайдағы көрсеткіштер мынадай: ет өнімдері -30-35% құраса, сүт өнімдері -25-30%.

2013 жылдың жолдауында 2020 жылға дейін АӨК дамытудың бағдарламасы жасау қажеттігі айтылған және қазіргі таңда бұл жоба биліктің қарауынан өтуде. Бұл бағдарламаның негізгі міндеті – ҚР АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілетті болуына жағдай жасау. Бұл мақсатқа жету үшін АӨК салаларын қаржылай сауықтыру керек, АӨК субъектілерінің тауар мен қызмет түрлерін пайдалануда экономикалық қолжетімді болуын қамтамасыз етіп, АӨК мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттырған жөн.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыруға 2021 жылға дейін кететін шығын көлемі 3 триллион теңгені құрап отыр. Сонымен бірге 2013 жылы – 328,3 млрд теңге кетпек. Бұл орайда ауылшаруашылықты қолдау көлемі 4,5 есеге көбеймек. Мемлекеттік қолдау көлемі «жасыл себет» үлгісімен артып, сарысымен азайып отыратынын атап өткен жөн. Ал 2020 жылға көрсеткіш 5% деңгейіне көтеріліп, ауылшаруашылық жалпы өнім құнына ықпал етпек.

Орта және ірі өнімдер шығаратын ауылшаруашылық өндірістерін құру мақсатында экономикалық жетілдіру әдістерін дайындаған абзал. Бұл орайда жаңа агро-технологияларды пайдаланған дұрыс.

Мәселелерді шешу үшін ауылшаруашылықта егін егетін аймақтарды көбейте отырып, астық өнімін арттыру қажет және құнарлы жем-шөп көлемін өсіру арқылы мал басын көбейту керек. Бұл мақсатта Президент

экологиялық таза өндірістерді пайдалануды міндеттеп отыр. Бүгінгі күні аграрлық салада ұсақ тауарлы өнімдер көп. Бұл орайда ауылшаруашылық өнімдерінің үлесі жекелеген нысандарға, сонымен қоса өнімсіз еңбекке кетіп жатқан жайы бар. Мұндай механизмдер арасында бұл бағытқа қойылған өндірісті субсидиялау бекітілген. Яғни, 1 литр сүт өніміне 25 теңге көлемінде субсидия бөлінеді. Егер 1 литр сүт өніміне 25 теңге көлемінде субсидия бөлінсе, шаруашылықта сүтті жануардың саны 600 бастан асып, өнімділігі 5000 литр сүт көлеміне жетсе, субсидиялау құны 15 теңге болмақ. 4000 басқа жетіп, оның өнімділігі 325 литр болса 10 теңгені құрамақ. Ал сауылатын сиырлардың саны 400-ге жетсе бір сиырдан 2500 литрден есептелмек.

Ауылшаруашылық секторында басты мәселенің бірі жердің тиімді пайдаланылуы. Ауыл игілігіндегі миллиондаған гектарға созылатын жерлер пайдаға аспай келеді. Олар жеке азаматтардың иелігінде және оларға төмен көлемде салық төленеді. Ауылшаруашылық кәсіпорындарда (ЖШС, АҚ, т.б.) салық көрсеткіші жекелеген қожалық иелеріне қарағанда әжептәуір арзан. Сол себепті салық салу механизмін барлық шаруашылық иелеріне бірдей етіп теңестірген жөн. Сонымен бірге жерді пайдаланбағаны үшін салық салуды көбейту қажет немесе мемлекет меншігіне қайтару қажет.

Жақын болашақта ауылшаруашылық өндірісін дамыту мақсатында егіндік көлемін 5,0 млн. гектарға көбейту керек. Ал ірі шаруашылықтарда мал шаруашылығын дамытуға көмектесу үшін жайылымдық жерлерді 40,0 млн. гектарға дейін кеңейту керек. Бұл өз кезегінде еліміздің экспорттық әлеуетін арттырып, азық-түлікте тәуелсіз болуымызға жол ашады.

Жерді пайдалануды реттеуді шаруа қожалықтарын кооперациялаудан бастау керек. Елімізде селекциялық-тұқымдық дамыту бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама ауылшаруашылықта мал мен құстың санының артуына септеседі. Соның ішінде ірі қара басын 6 есеге, қой санын 3-4 есеге, құс санын 1,8 есеге арттырып, солайша отандық мал шаруашылығын аяғынан тұрғызу.

Бұл жағдайда ауылшаруашылық және азық-түлік өнеркәсібі мен АӨК саласын технологиялық жаңғырту жұмыстарын жылдамдату керек. Бұл мақсатта аграрлық салаға үлкен көлемдегі қаражат капиталын құю қажет. Ауылшаруашылық саласының экономист ғалымдарының есебі бойынша 2020 жылға дейін жыл сайын бұл салаға 280 млрд теңге көлемінде инвестиция құйып тұру керек.

Ауылшаруашылық өндірісті қаржыландыру мен несиелеу мәселелерін шешу үшін мемлекеттік бюджет аясында аграрлық бюджет құру керек. Бұл өз кезегінде салалық бағдарламаларға үлкен қолдау

көрсетеді, өндірісті субсидиялауға, әлеуметтік инновациялық саясат пен АӨК техникалық және технологиялық тұрғыда қайта қарулануына, кедендік реттеудің тарифтеріне қатысты т.б. мәселелерді шешуге көмектесер еді. Сонымен қатар арнайы банк құруды ұсынамыз. Мысалы жеңілдік шарттарымен еліміздің ауылшаруашылық өнім өндірушілеріне несиелер беріп тұратын Агробанк құрылса дұрыс болар еді.

Қазақстан ет өнімін экспорттаудағы өзінің бұрынғы әлеуетін қайта қалыптастыруды көздеп отыр. Елімізде мал шаруашылығын дамыту бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама аясында жақын арадағы он жылдықта 60 бордақылау алаңдары, біруақытта жем беретін 150 мың орын, 72 мың басқа арналған 54 репродукторлық шаруашылық құру жоспарланған. Сонымен бірге 2,5 мыңға жуық мал шаруашылық жеке қожалықтар құрылмақ. Есептерге сенсек, бұл жобаны қаржыландыруға 1 млрд АҚШ доллары қажет. Сонымен қатар етті мал шаруашылығын дамытуда 440 млн. доллар көлемінде субсидиялау мәселесі де қаралып жатыр. Бұл қаражат көлемі шамамен 5 жылғы уақыт аралығында төленеді.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін келесі мәселелерді шешіп алған жөн:

1. Құбылмалы ауа-райына төтеп беретін герефордтар негізінде пайда болған қазақтың асылтұқымды ақбас және әуликөл етті тұқымды малын өсіруді қайта қалпына келтіру. Тиімді қолдан будандастырудың сервистік қызмет желісі жолға қойылса бұл бағдарлама экономикалық тұрғыдан ұтымды әрі тиімді болар еді. Будандастыру тегін түрде іске асқаны жөн. Оның шығыны мемлекет тарапынан субсидиялануы керек. Бұл жағдайда тұрғындардың қолдауына сүйенуге болады. Сонымен қатар асылтұқымды етті мал шаруашылығын дамытуда да жетістікке жетуге болады.

2. Жайылымдық жерлерде жем-шөптің көлемін арттыру үшін егістік алқабының төрттен бір бөлігін егістікке арнап, 12,4% көрсеткішін өзгерту керек.

3. Жайылымдық жерлерді жақсартып, сумен қамту мәселесін назардан тыс қалдырмаған жөн. Қазақстан жайылымды кеңістіктерді мал басына шаққандағы арақатынасы жөнінен 1-ші орынды иеленген (ал жайылым көлемі жөнінен 5-ші орында). Соған қарамастан жайылымдар тоза түсуде. Мысалы 70% суаттар істен шығып қалған (әсіресе жер қойнауынан шығатын орындарда).

Экспорттық әлеуетті арттыру үшін әлі ішкі нарықты етпен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жайылымдар көлемін 140 млн гектарға дейін кеңейту керек. Ал ескі жерлерді жақсарту мен жаңартуды қолға алған жағдайда оның көлемін 100 млн. гектарға қысқартуға болады.

4. Құрама азық (комбикорм) өнеркәсібін қайта жандандыру. Қазіргі таңда небары 385 мың орындарда дайын жем-шөп өндіріледі. Яғни 1990 жылдармен салыстырғанда 11 есе кем деген сөз.

5. Отарлы мал шаруашылығын қайта жаңғырту керек. Бұл өз кезегінде ауылдардың әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектеседі. Ол үшін отарларда ыңғайлы жағдай туғызу керек.

6. Репродукторлы шаруашылық желісін құру. Мал бордақылайтын алаңда мықты асылтұқымды ірі қара бастарының репродукторы болуы тиіс. Мұның барлығы жем-шөптік базасы негізіне құрылуы керек.

7. Қолда бар ірі-қараны сауықтыруды қолға алу керек. Әйтпесе, түрлі зиянды аурулары бар малдарды әкеліп, олардың барлығын түбгейлі жойып, мемлекетті үлкен шығынға ұшырату қаупі бар.

Тек осы мәселелерді шешкен соң ғана ірі өндірістік шаруашылықтарды, мал бордақылайтын етті ірі қараны дамыту жұмыстарына кіріскен жөн. Солайша мал басын арттырып, ет экспортына жол ашамыз.

Ауылшаруашылық өнімнің тиімділігін дамытудың басты мәселесі материалдық-техникалық дамыту болып табылады. Тауар өндірушілердің қажетті техникамен қамтамасыз етілгеніне қарамастан, техниканың жетіспеушілігі байқалады. Әсіресе шаруа қожалықтарына осы бағыттағы ірі инвестиция көздері қажет.

Сонымен бірге жолдауда кооперацияның дамуына жағдай жасалу керек екені айтылған. Бұл әсіресе ауыл шаруашылығында маңызды. Қазіргі таңда аграрлық сала ғалымдарымен, экономистерімен ауылшаруашылық кооперациясына қатысты Заң жобасының тұжырымдамасы дайындалып, ҚР АШМ қарауына берілген.

Ауылдың ең басты шешілмеген мәселесі – оның тұрғындарының әлеуметтік жағдайы. Қазіргі таңда ауылдарда жалақы көлемі өте төмен, тұрғын үй сапасы да көңіл көншітпейді, ауызсу жетіспеушілігі тағы бар. Ауылдықтардың табыс көлемі елдің басқа аймақтарына қарағанда екі есе төмен. Олардың ішінде жартысынан көбінде тұрақты жұмыс жоқ.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысы 45 мың теңгені құраған (шамамен 300 доллар), яғни ортақ республикалық көрсеткіштен (90 мың теңге немесе 600 доллар) екі есеге төмен екенін көрсетеді. Ұстаздар мен медицина саласы мамандарының жалақысы -30-35% төмен.

Қазіргі еңбек жалақысының құны жұмыстың тиімді болуын қамтамасыз ете алмайды. Керісінше енжарлықтың пайда болуына әкеп соғады. Ал ауылдардағы жалақы қызметкерлерді еңбекпен қамтығанымен, олардың қажеттілігін өтей алмайды.

Сол себепті жоғарыда көтерілген мәселелерді шешудің ең басты шешімі ауыл адамдарын жұмыспен қамту болып табылады. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту үшін ауылдарды, шағын елді мекендерді бәсекеге қабілетті, әкімшілік шаруашылық кешені бар агроқалашықтарға айналдыру керек. Мұндай қалашықтар бүкіл елді азық-түлікпен қамтамасыз етіп, аграрлық еңбектің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарын жақсы жалақысы бар, тиімді жұмыспен қамту мәселесі де шешіліп қалады.

Партиялық кадрларды дайындаудың басымдықты бағыттары

Сатова Р.К.,

*«Нұр Отан» ХДП ІСШ Алматы аймақтық
орталығының директоры,
э.ғ.д. профессор*

Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауы елдегі жағдаймен байланысты. Бұл – Қазақстанның саяси өмірінде үнемі бақылауда тұратын аса маңызды құжат, әрі Президенттің атқарушы биліктің алдына қоятын алдағы жылдарға басты мақсаты.

Елбасының ХХІ ғасырдың басты талабы тарихи сәтті тездетуі, Қазақстандықтардың мойнына аса маңызды жауапкершілікті артып, қоғам алдында мемлекетті басқарудың заманауи талаптарын қойды. Әрбір Қазақстандық азамат білімін шыңдап, кәсіби шеберлігін арттыру арқылы қоғамдық өмірге белсене араласады. Индустриалды-инновациялық экономика дәуірінде мемлекеттің экономикалық ресурсы, өнімділік факторы, қоғамның жақсы өмір сүруін қамтамасыз ететін басты ресурс ретінде қарастырылады.

Партия көшбасшысының бастамаларын және партияның бағдарламалық бағыттарының жүзеге асырылуы партия бөлімшелерінің тиімді жұмысына байланысты. Бұл тұрғыда партияның барлық кадрлық тізбегіне қойылар талаптар күшейтіледі. Өйткені жаңғыртушылық үрдістерде кадрлық әлеуеттің тұрақты дамуы көшбасшылықтың басты факторы саналады.

Бүгінде «Нұр Отан» 900 мыңнан астам мүшесі бар ірі партия. Оның 9 мың партия белсенділері. Олардың арасында аймақтағы бірінші басшылар, мәслихат депутаттары, «Нұр Отан» фракциясының мүшелері, қоғамдық

пікір көшбасшылары, кәсіби партиялық қызметкерлер, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері сияқты партия идеологиясын насихаттаушылары мен белсенділері бар.

Уақыт талабына сай келетін, алдындағы кез келген міндеттерді атқаруға дайын тұратын кәсіби партиялық кадрларды дайындауға заманауи білім мен басқаруды жан-жақты оқытып, біліктілікті арттыруға бағытталған партиялық оқыту жүйесі ықпал етеді. Бұл орайда «Нұр Отан» ХДП жанынан құрылған жоғары партиялық мектеп заманауи талаптарға сай келетін партиялық кадрларды дайындауда негізгі баспалдақ болып отыр.

Бұл мектептің білім беру саясаты Елбасының басқарудың білікті саяси мектебін қалыптастыру туралы тапсырмасына сай дайындалған.

Жаңа жылда аталмыш мектеп «Партиялық қызметтің негіздері» атты қашықтан оқыту модулін іске қосады. Бұл оқыту түрі партияның құжаттары және құрылу тарихы, сайлау үдерістерінің құқықтық-нормативтік негіздерімен таныстыруға, партиялық-ұйымдастыру қызметімен және өзге де базалық курстармен таныстыру үшін жаңадан тағайындалған басшыларға арналып жасалған. Жалпы алғанда партиялық оқыту аясында электронды оқыту жүйесін дамыту көзделген. Яғни әлеуметтік-саяси танымал отандық және шетелдік саясаткерлердің қатысуымен өтетін жаңғырту және қоғамдық-саяси үдерістер туралы кеңінен мағлұмат беретін онлайн-лекциялар мен дөңгелек үстелдер дайындау қарастырылуда. Осылайша партиялықтар ел дамуының маңызды мемлекеттік бағдарламаларына белсенді араласуы үшін кеңінен ақпарат алады. Партияның топ-менеджерлеріне арнайы қысқа және ұзақ мерзімді бағдарламалар жасалады. 2013 жылы қайта даяндау үшін «Саяси менеджмент» арнайы бағдарламасын іске асыру көзделіп отыр. Бұл бағдарламаға Мәскеу партиялық мектебі, Ресейдің саяси ғылымдар академиясы, К.Аденаур атындағы академиясы және саясаткерлерді дайындайтын өзге де білім беру мекемелері сияқты жоғары саяси мектептердің мамандары қатысуы мүмкін.

Партияның негізгі жұмыстары аймақтарда жүзеге асырылатынын және жұмыстың нәтижесі тікелей аймақтардағы партия белсенділеріне байланысты екенін ескерген «Нұр Отан» ХДП төрағасы Н.Ә.Назарбаев партияның XII отырысында: «Көшбасшылық қасиеттерді арттыру және партия кадрларының кәсіби шеберлігін арттыру үшін партиялық-саяси оқыту жүйесін күшейту керек» деді. Бұл Жоғары партия мектебінің бөлімшелер жүйесін құруға түрткі болды.

Осылайша Ел басшысы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен 2010 жылдың 13-қыркүйегінде партиялық білім берудің Ақтөбе аймақтық орталығы ашылды. Аталмыш орталықта Батыс Қазақстан облысының барлық партия белсенділері білім алуда.

2011 жылда Ақтөбелік жоғары партия мектебінің бөлімшесінің негізінде елдің оңтүстік аймағындағы партия белсенділеріне арналған арнайы бөлімше Алматы қаласында ашылса, Семей қаласында Шығыс-Қазақстан және Павлодар облысындағы Нұр Отандықтарға арналған бөлімше ашылды.

«Нұр Отан» ХДП бөлімшелерінде дәрістер мен семинарлар, тренингтер екі тілде жүргізіледі. Жарты жыл ішінде Алматы аймақтық бөлімшеде 635 партия мүшелері білім алды. Олардың басым бөлігі елдің оңтүстік аймақтарындағы партия ұйымдарының басшылары.

Мемлекет басшысының білім беру әдісін жаңғырту және онлайн-білім беру жүйесін дамыту туралы тапсырмасына сәйкес 2012-2013 оқу жылында Жоғары партиялық мектептерде электронды режимде дәріс оқытылды.

Партиялық білім берудің аймақтық бөлімшелерінің негізгі міндеті орталықпен байланыс орнату. Бірінші партиялық бөлімшелер Елбасының бастамаларын жеткізуші белсенді топ. Олар партияның инновациялары мен міндеттерін жүзеге асырушылар. Сондықтан үгіт-насихат жұмыстары соларға жүктеледі.

Біліктілікті арттыру бойынша арнайы семинарларда мемлекеттік органдар мен «Нұр Отан» партиясының қызметі және өзге партия бөлімшелерінің тәжірибесі туралы мағлұмат алып, орталық және ұйымдастырушылық, басқарушылық дағдыларды дамытуды жан-жақты үйренеді. Осы мақсатта семинарларға қатысатын аймақтардағы партия бөлімшелерінің басшылары үшін үнемі мемлекеттік саясатымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси кескін-келбетін көрсететін арнайы модульдік бағдарламалар дайындалды.

Модульдік бағдарламаларға Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауы және мақалалары, партияның бағдарламалық құжаттары, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, жемқорлыққа қарсы қызмет туралы мемлекеттік бағдарламалар енгізілсе, ал практикалық білімді шыңдау үшін тренингтер мен дөңгелек үстелдегі материалдар енгізілген.

Семинарлардың нәтижесін пысықтау үшін арнайы компьютерлік тестілер беріледі. Тест партия өкілдерінің қаншалықты дайындалғанын анық көрсетеді.

Тестілеуден бөлек семинарларға қатысушылар партиялық жобаларын қорғайды. Бұл жобалар партия бөлімшелерінің жұмысын күшейту және қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Қорғауға жіберілген жобалар аттестациялық комиссияда семинарларға қатысушылардың талқылауына өтеді. Жобалардың жүзеге асырылу механизмі, жаңашылдығы, қоғамға тигізер пайдасы жан-жақты саралана-

ды. Ал тиімді және тәжірибелік маңызы бар жобалар Партияның жоғары мектебінің бөлімшелері шығаратын арнайы кітапшаға енгізіледі. Бұл кітапша жарты жылда бір шығарылады.

Осылайша партиялық мектептің аймақтардағы бөлімшелерінің негізінде тәжірибе алмасу, партиялық жұмыстың тиімді және жаңа жобаларын жүзеге асыру мәселелері пысықталады.

Жоғары партиялық мектептің тағы бір жұмысы партия өкілдерінің біліктілігін арттыру. Бұл мақсатта семинар-тренингтер ұйымдастырылып, партия мүшелерінің жұмысына кедергі келтірмей теориялық және тәжірибелік білім алуға ықпал етеді.

Семинар-тренингтердің негізінде партия мүшелері мемлекеттік бағдарламаларды экономикалық, демографиялық, географиялық ерекшелектерін ескеру арқылы әр аймақта тиімді жүзеге асыру жолдарын қарастырады.

Бұл ретте оқыту үдерісінің сәтті өтуі оқытушыларға да тікелей байланысты. Оқытушылар тобы негізінен әкімшілік қызметкерлері, департамент басшылары, аймақтық бөлімшелер қызметкерлері, сонымен қатар экономика және саясат, саяси менеджмент, саяси жүйені қалыптастырушы сарапшы мамандардан құралған.

Жоғары партиялық мектептің аймақтарындағы бөлімшелерінде ғылыми-әдістемелік жұмыстарға ерекше мән берілген. 2012 жылы Алматы аймақтық ЖПМ «Партиялық қызметтегі стратегиялық жоспарлау» тақырыбында оқыту-әдістемелік кешен дайындалды. Ал Ақтөбе аймағында «Қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің заманауи технологиялары» тақырыбында, Шығыс-Қазақстан облыстық бөлімшеде «Қазақстан республикасының сайлау үрдістері және саяси партиялардың электорандық технологиялары» тақырыбында әдістемелік кешен дайындалған.

Бұған қоса ЖПМ аймақтардағы бөлімшелерінде аймақты дамытудың аса маңызды мәселелеріне арналған дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Бұл өз кезегінде аймақтардағы партиялық жұмысты белсенді жүргізуге бағытталған пікірлесу алаңы десек те болады.

Ал жалпылама алғанда партиялық-саяси оқытуды дамыту аймақтардағы партия белсенділеріне қажет екенін көрсетті. Сонымен қатар партия мектептерінің аймақтарда шоғырлануы «орталық-аймақ» байланысын нығайтуға ықпал етті. Бұл партия белсенділерінің қатарын ұлғайтуға септігін тигізері сөзсіз.

Қазіргі таңда партияның жоғары мектебі ребрединг тәртібіне өтуде. Мұндағы негізгі мақсат – мемлекеттің әлеуметтік-саяси жаңғыртылуы кезінде білім беру жүйесіне жаңа әдістерді енгізу, шетелдік білім беру

орталықтарымен байланысты нығайту арқылы партия мектебін дамыту. Бұл бастамалар партиялық-саяси мектептің тиімділігін арттыруға, партия кадрларын дайындау деңгейін күшейтуге бағытталады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген міндеттерге жетудегі ғалымдардың рөлі

Уәлиев К.С.,

«Ғылым қоры» АҚ Басқарма төрағасы

Қазақстан халықына жолдаған жолдауында Ел басы Н.Ә.Назарбаев қоғам алдына елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуына елеулі үлес қосар бірқатар маңызды міндеттерді қойды. Аса ірі міндеттер Қазақстан Республикасының ғылыми қауымдастығына да жүктелді. Мемлекет басшысы аз көмірсутекті экономикаға өту және әртараптандыру туралы баса айтқан болатын.

Мемлекеттің инновациялық қызметі өндіріске, нарыққа қажетті жобалар мен технологияларды енгізумен тікелей байланысты. Патент, лицензия, авторлық құқыққа қол жеткізу басты мақсат емес. Елдің ғылыми әлеуетін коммерциялау керек. Осы мақсатта бизнес үшін ғылыми-зерттеу институттары мен зерттеу университеттеріне деген қызығушылықты оята-тын нақты қадамдарды ойластыру керек.

Халықаралық тәжірибелерге сүйенсек, ғылыми мекемелерде технологияларды коммерциялау бойынша кеңселер ашқан дұрыс. Аталмыш кеңсенің қызметкерлерінің басты міндеті ғылыми зерттеулермен айналысатын ғалымдарға қосымша ғылыми және бизнес әріптестерді іздестіру болып отыр. Біздің ғалымдарымыздың жақсы ғылыми жобалары туралы жариялап айту керек. Технологияларды коммерциалау кеңселері еншілес қорлар және бизнес-періштелермен тығыз қарым-қатынаста болғаны жөн. Кейбір ғылыми зерттеу мекемелерінде мұндай кеңселер бар, бірақ барлығында бірдей емес.

«Ғылым қоры» жұмыс барысында әрдайым ғылыми жұмыстардың тиімділігіне және қажеттілігіне ерекше мән береді. Қор қаржыландыратын барлық ғылыми жобалар Қазақстан Республикасының Үкіметінің жоғары-техникалық комиссиясының талаптарына сәйкес басым ғылыми бағыттарда дайындалады.

Дегенмен Елбасының халыққа Жолдауында және «Қазақстан-2050» стратегиясының жоспарын дайындау кезінде ғылыми қызметті қаржыландыратын ұйымдарға, оның ішінде «Ғылым қорына» ғылыми жобаларды сараптау барысында нарықтың қажеттіліктерін де ескеру керек. Жеке бизнес тарапынан қаржыландырылатын және бизнестің ары қарайғы дамуына жол ашатын қолданбалы ғылыми жобаларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. Бұл тұрғыда ғылыми жобаларды таңдау белгілері мен үрдісін бизнес пен ғылым арасындағы байланысты нығайту үшін қайта қарастыру керек.

Қазақстанның ғылыми қауымдастығы Президент ұсынған «жасыл» даму жолына ерекше мән беруі тиіс. **«Болашақ энергиясы» ұранының аясында** Астанада өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі жасыл технологиялар саласындағы шетелдік тәжірибені ғана емес, отандық ғылымның дамуын да паш етуі керек. Біздің ғалымдарымыз спортшыларымыз секілді Астанадағы көрмеде өзін сан қырынан көрсетуі тиіс. Бұған қоса мемлекет басшысы Жолдауында ғалымдарға аса қызықты әрі ерекше ізденістерін **Green** жобасында төрт қаланың – Алматы айналасындағы спутниктер негізінде 2013 жылы жарыққа шығаруды ұсынды. Біз Мемлекет басшысының тікелей қатысуымен құрылған «Жасыл көпір» халықаралық ұйымына да белсенді қатысуымыз керек.

Стратегиядағы екінші басты міндет халықаралық трансферт пен технология алмасуды қамтамасыз ету. Отандық ғалымдар халықаралық ғылыми тәжірибені меңгеріп, соның негізінде инновацияларды ойлап табуы тиіс. Бұл істі жүзеге асыруда бірқатар қадамдар жасалды. Мәселен, ғалымдардың «Болашақ» бағдарламасының стипендианты атануы.

Бұған қоса мемлекет басшысы халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына белсенді қатысу керектігін де баса айтты. Отандық ғалымдар Қазақстанның мемлекеттік бюджетінен ғана емес, халықаралық ғылыми гранттардан да дәмелі болғаны дұрыс.

Біздің мемлекетіміз жаһандық технологиялық революцияның бір бөлшегі болуы тиіс. Бұл мақсатта «Ғылым қорының» даму және халықаралық байланыс бойынша департаменті барлық халықаралық ғылыми гранттарды зерделеп веб-сайтқа жариялап, электронды түрде жан-жаққа таратады. «Ғылым қоры» белсенді және қажетті ақпараттарды іздестіріп, отандық ғылымның халықаралық үрдіске интеграциялануына ықпал етеді.

Мемлекет басшысының 2050 жылға дейін әлемдегі 30 дамыған елдің қатарына ену туралы мақсаты ғылыми қауымдастықтың тарапынан жанкешті еңбекті талап етеді. Өйткені аз мөлшердегі көмірсутекті экономикаға өту және әртараптандыру, нарық талап ететін инновациялар және Қазақстандық ғылыми бизнестің әлемдік үрдіске интеграциялануы арқылы ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан экономикасының инновациялық дамуы

Тәтібеков Б.Н.,

«Экономикалық зерттеу институты» АҚ

ғылыми хатшысы,

Астана қ.

Мемлекет басшысының жаңа «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдауы «Қазақстан-2030» бағдарламасындағы бірқатар міндеттердің уақытынан бұрын орындалғаны себеп болса керек.

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасын дайындау Қазақстандық қоғамды жаңғыртуына негіз болғаны анық. Бұл стратегия ТМД елдері арасындағы бірінші ұзақ мерзімді даму бағдарламасы болған. Соңғы 15 жылдың ішінде ұлттық экономика көлемі 1,7 триллион теңгеден 28 триллион теңгеге дейін ұлғайса, мемлекеттің ЖІӨ 16 есеге артқанын ерекше атап өту керек. 1999 жылдан бастап Қазақстанның ЖІӨ жыл сайын артып келеді, 7,6 пайызды құраған ЖІӨ бірқатар дамушы елдердегі көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары.

1998 жылдағы жан басына шаққандағы ЖІӨ мен 2012 жылғы осы көрсеткішті салыстырар болсақ, 7 есеге артқан немесе 1,5 мың АҚШ долларынан 12 мың долларға артқанын анық байқаймыз. Бұл көрсеткіш мемлекеттің экономикалық өрлеуін, Қазақстанның сәтті дамуын көрсетеді.

Қазақстан халыққа шаққандағы инвестиция тарту бойынша ТМД елдерінде көш бастап келді. Бүгінде бұл көрсеткіш 9200 АҚШ долларына тең.

Н.Ә.Назарбаев ел экономикасының инновациялық даму түріне өткен шақта экономика мен қоғамның жаңғыртылуы аса қажет екенін бірнеше рет тілге тиек еткен болатын.

Бүгінде ел экономикасының инновациялық дамуының сәтті жүргізілуін дәлелдейтін 5 негізгі факторды атап өтуге болады:

- Институттар,
- Адам ресурсы;
- ИКТ және инфрақұрылым;
- Нарықтың дамуы;
- Бизнесінің дамуы.

Бұл факторлар елдегі экономикалық реформалар мен басқару жұмысының тұрақты екенін анық көрсетеді.

Сондықтан үдемелі индустриалдандыру бағдарламасын жүзеге асыру барысында соңғы 3 жылда жалпы құны 1797 миллиард теңгеге тең 397 инновациялық жобаның сәтті іске қосылды. Бұл өз кезегінде 44 мың жұмыс

орнының пайда болуына септігін тигізді. «Бизнес жол картасы-2020» бағдарламасының аясында жалпы несие сомасы 101,2 миллион теңгеге тең 225 жобаға жол ашылғанын да ерекше атап өту керек.

Әлемдік экономикалық форумының (Швейцария, Давос қ.) рейтингінде Қазақстанның 51 орынға табан тіреуі сөзіміздің айқын дәлелі болса керек.

Бүгін Қазақстан – халқының орташа табысы бар және экономикасы динамикалық түрде дамып келе жатқан сәтті мемлекет. Елдің алдағы экономикалық өсуі Қазақстанның тұрақты дамуының келесі баспалдақтарына аяқ басуға ықпал ететін бірқатар міндеттемелерді қажет етеді. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында «Үшінші индустриалдық төңкеріс» жөнінде сөз қозғаған болатын.

«Адамзат **Үшінші индустриялық төңкеріс** табалдырығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді. Технологиялық жаңалықтар **әлемдік нарықтың құрылымы мен қажеттіліктерін** түбегейлі өзгертеді. Біз **бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста** өмір сүріп жатырмыз.

Сандық және нанотехнологиялар, робот техникасы және басқа да көптеген ғылыми жетістіктер қоршаған ортаны ғана емес, адамның өзін өзгертіп, күнделікті ақиқатқа айналады. Біз бұл үдерістердің белсенді қатысушылары болуға тиіспіз», - деді Елбасы. Индустриалдандыру фазасында жаңа даму жоспарына өту жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін экспорттың шикізаттық емес көлемі екі есеге, 2040 жылға дейін үш есеге ұлғаюы керек.

«Қазақстан-2050» стратегиясында мемлекет 2050 жылға дейін өзінің өндірістік активтерін жаңа технологиялық стандарттарға сай ұлғайтады делінген. Бәсекеге қабілетті салаларда бұл отандық өндірушілерге жаңа нарықтық негіз қалыптастыруға бағытталған бастамаларды белсендіру дегенді білдіреді. Әсіресе, Қазақстанның аймақтық интеграциялық қауымдастықтарға және дүниежүзілік сауда ұйымына енуінде бұл аса маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Ортақ экономикалық кеңістік сияқты қауымдастықтың бастамашысы және белсенді мүшесі. Дегенмен, отандық тауардың бәсекеге қабілетті болуы біздің мемлекетіміздің аймақтық қауымдастықтарға интеграциялануына септігін тигізуде.

Бұл мақсатта мемлекет басшысы келесідей міндеттерді айқындады:

- экспортқа бағытталған шикізаттық емес секторды кеңейту арқылы жаңа өндірісті дамыту;

- үдемелі индустриалды-инновациялық даму туралы мемлекеттік бағдарламасы өнеркәсіптік негізге және ортақ халықаралық компаниялар-

ды құру және қалыптастыру арқылы технологияларды алмастыру импортына қарай жинақтау.

Халықтың орташа жасы 35 жасты құрайтын жас ұлт пен енді ғана дамудың даңғыл жолына түскен жас мемлекет үшін адам әлеуетін сақтау және заманауи әлемде өзіндік имиджін қалыптастыру маңызды. Біздің елімізде әрбір азаматтың жұмысының болуына және жұмыс орнын қалыптастыруға бағытталған бірқатар бағдарламалар қабылдануда. Яғни, әрбір Қазақстандық азаматтың еңбек етуіне жол ашылған.

Сондықтан Н.Ә.Назарбаев 2013 жылы «Жасыл көпір» халықаралық ұйымын құруды және төрт қала - Алматы спутниктері негізінде «Green 4» бағдарламасын іске асыруды ұсынды.

Дамудың «жасыл» жолына түсуге Астанада өтетін «ЭСҚПО-2017» көрмесі жол ашады. Бұл мегажоба біздің еліміздің тарихындағы аса елеулі оқиға. Қазақстан халқына сөз сөйлеген мемлекет басшысы «ЭСҚПО-2017» шарасы ел тарихындағы ең ірі жетістік екенін және әлемдік көрме арқылы экономикалық жағдайымыз жақсаратынын айтты. Астанаға 100 мемлекеттен 5 миллионға жуық адам келеді.

Сөз соңында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолында инновацияларды қолдану аса ірі қадам болатынын атап өту керек. Егер АҚШ, Оңтүстік Корея, Қытай сынды инноватор мемлекеттердің тәжірибесіне көз салсақ, әрбір мемлекетте өзімізге пайдалы бірқатар ақпараттарға қанық боламыз:

- инновациялық даму елдің экономикалық стратегиясын дамытудың маңызды бөлшегі;
- инновациялық жүйе жақсы интеграцияланған және оның бөлігінде тығыз қарым-қатынастар бар;
- ортақ және қаржылық құрылымның қалыптасуы;
- тапқырлық және ойшылдық мемлекеттердің ойлау мәдениетіндегі маңызды құндылық;
- білім жүйесі сапасының тоқтаусыз жақсаруы;
- қазыналық құрылымдарды пайдалану.

«Қазақстан-2050» стратегиясын тиімді жүзеге асыру мемлекет басшысының индустриалды-инновациялық дамуда әрбір салада инновациялық жүйені қалыптастыру барысында халықаралық тәжірибені пайдалану инновациялық базаны ұйымдастыруға септігін тигізеді. Бұл Қазақстанның экономикалық дамуының нығая түсуіне әсер етіп, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Нәтижесінде Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындаған міндеттері Қазақстанның 30 дамыған мемлекеттің қатарына енуіне ықпал етері сөзсіз.

Мемлекет және бизнес әріптестігі ұлттық экономиканы дамыту табысының негізі

Рузанов Р.М.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының

ғылыми хатшысы, э.э.к.

Кез келген ойды жүзеге асыруда жоспар немесе болашақты стратегиялық болжау болады. Н.Ә.Назарбаев: «...әрдайым көз алдымызда болашақтың жоспарын көруіміз керек. Ол қысқа мерзімді мақсат болуы керек. Өйткені қандай да бір істі бастамас бұрын қажетті бағытта қозғалып келеміз бе, әлде бағыттан тайдық па, уақытты жеңдік пе, әлде қалдық па, осыны анықтау маңызды» деген. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы маңызды рөл атқарады.

Жолдауда кәсіпкерлікке ерекше мән беріледі. Кәсіпкерлікке аса ірі жауапкершілік артылған. Мәселен, «халықаралық тәжірибені сараптау нәтижесінде кәсіпкерлерді палаталарға топтау экономиканың тиімділігінің ең негізгі факторы, мұндай қадам жүзеге асқан тұста «мықты бизнес, мықты мемлекет» ұстанымы іксе асырылады» делінген Жолдауда.

Тәжірибе көрсеткендей экономикалық жүйе өздігінен дамымайды, қоғаммен біте қайнасады. Экономикалық жүйе қызметінің тиімділігі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік бағыт аясында дұрыс дайындалған ойын ережесіне сай көрініс береді. Қоғам мүддесін және тұрақтылығын қорғауда мемлекеттің маңызы зор. Қоғамның экономикалық бағытының дамуы жеке-леген кәсіпкерлер немесе корпорация мүдделерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл тұрғыда Жолдауда ортақ мәмілеге келіп, мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде мүдделерді тоғыстыру қарастырылған.

Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, орта бизнесті дамыту экономика дамуына оң әсер ететін көрсетеді. Дамыған елдердің бюджетінің кірісі 50%-дан 80%-ға кіші кәсіпкерлікке тиесілі екенін көрсетеді. (ЕО елдері 70 %, Жапония 60 %, АҚШ 40 %). Экономиканың кәсіпкерлік секторында кәсіподақтардың кіші нысандарының көлемі артып келеді. Бұл көбіне адамдардың қаржылық тәуелсіз болу ниетінен туындаған көрсеткіштер. Статистикаға жүгінсек, қазіргі таңда әлемде 60-75 % қызметтегі адамдардың кіші бизнес секторында, ал кіші және орта кәсіподақтар жалпы кәсіподақтар санының 80 % құрайды. Қазақстанда Статистика Агенттігінің 2013 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткішіне сәйкес 763898 жеке кәсіпкерлік субъектілері бар. Жеке кәсіпкерлердің 69,1 шауаршылықпен айналысса,

фермерлік шаруашылық 21,6 %, кіші кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 8,2 %, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 1,1 % құрап отыр. Қазақстанның барлық кәсіпкерлері мүше болу базасы 10 адамды құрайтын 700-ден астам ассоциациясының өкілі атанып отыр. Мұндай құрылымдардың көп болуы кәсіпкерлікті де жалпы экономиканың дамуына да әсер етпейді. Сондықтан ұлттық кәсіпкерліктің мықты интеграцияланған құрылымын құру қажет. Ол Кеден Одағы негізінде және ДСҰ-на кіру алдында ірі ұлттық бизнес саласы болуы керек. Мемлект пен бизнестің ортақ жұмысының арқасында экономикалық тұрақтылық орнап, Қазақстанның еуразиялық кеңістікте дамуы мен өсуін қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бизнестің мүддесін қорғау АҚШ, Жапония, батыс Еуропа елдерінде сауда палаталарына жүктелген. АҚШ үшін сауда палаталарының маңызды рөлі бар. Өйткені, шағын кәсіпкерлік американдық экономиканың қайнар көзі. Мәселен, АҚШ сауда палатасы президентінің әрбір төртінші жолдауы шағын кәсіпкерлік мәселелеріне байланысты.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының ортақ кәсіпкерлер палатасын құру идеясы орынды-ақ. Мұндай ұйым кәсіпкерлердің қоғамдық істерге араласуына ықпал етіп қана қоймай, кәсіпкерлік сектордың жалпы дамуына да септігін тигізери сөзсіз. Палата үкіметтік ақпараттарға да қол жеткізе алуы тиіс. Өйткені кейбір кәсіпкерлік тәуекелдер мен келеңсіз жағдайдың орын алмауы тікелей осыған байланысты.

Осылайша нарықтық экономиканың жалпы даму заңдылықтары Кәсіпкерлер палатасының алдында тұрған негізгі міндеттер мен мақсаттарды анықтайды. Сонымен негізгі мақсаттар мен міндеттер: іскер топтарға қызмет көрсету, аймақтардың экономикалық мүдделерін сараптама және ұсыныстар арқылы үкіметке жеткізу. Сыртқы сатылымды жақсартуға ықпал ету, іскер топтардың экономикалық мүдделерін жалпы қорғау. Мемлекеттің экономикасын реттеуде маңызды қызметтер атқарады. Жалпылама палатаның миссиясы – кәсіпкерлердің мүддесін қорғау, билік өкілдері мен қоғамның әрқилы топтарына ықпал ету арқылы қоғамның экономикалық дамуына әсер ету.

Кәсіпкерлер палатасы жергілікті басқару құрылымдарының жиналыстарына тұрақты қатысуы тиіс. Өйткені, аймақтың жалпы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері мол. Палатаның жұмысы толыққанды ашық болуы керек. Оның жұмысына БАҚ өкілдері, кеңес беру орталықтары араласып, бизнестің дамуына көмек беріп, қол ұшын созуы тиіс. Мұндай сәтті тәжірибе Германияда қолданылған.

Мемлекеттік органдар тарапынан шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне ерекше мән берілгені дұрыс. Бірінші кезекте, инновациялық қызметке бағытталу, қолайлы экологиялық жағдай жасау, экономикасы артта қалған аймақтарда шағын кәсіпкерлікті дамытуға несие бөлу, тұрғын үй мәселесін шешетін кәсіпкерлерге несиелік қолдау көрсету, кәсіпкерлікті түбегейлі жаңғыртатын кәсіпкерлікке қаржы бөлу мәселелеріне ерекше ден қойылғаны жөн.

Дамыған елдердің тәжірибесі бойынша, сауда палаталарын құру елдің экономикалық-әлеуметтік әлеуетіне, қоршаған ортаны қорғауға, нарықтық қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

«Астана EXPO-2017» жобасын жүзеге асыру барысы

Томанов М.М.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

Э.Ә.К.

Халықаралық қауымдастық Қазақстанды «EXPO-2017» дүниежүзілік көрмесін ұйымдастыру мемлекеті ретінде таныды. Мұндай бақыт кез келгеннің уысына түсе бермейді. Бір айта кетерлігі, біздің еліміз посткеңестік кеңістікті ОБСЕ-ге төрағалық етіп, планеталық масштабтағы ірі шараны қолға алып отырған бірінші мемлекет. Мемлекеттің «жасыл» даму жолына түсуі ЭКСПО-2017 көрмесімен тікелей байланысты.

«EXPO-2017» көрмесінің негізінде Астана «EXPO-2017» инфрақұрылымының дамуы көзделіп отыр. Автономды инфрақұрылым өз кезегінде ірі энергетикалық «жасыл» жобаларды жүзеге асыруға жол ашады.

XXI ғасырда қаланың жағдайы инфрақұрылыммен ғана өлшенбейді. Ақылды қалаға, жаңа сапалы дамуға жол бастайтын ақылды шешімдер қажет. Ақылды қала – өмір сүру сапасын арттыру үшін экономикалық және экологиялық тиімді технологияларды қолдану арқылы өмір сүру сапасын арттыратын қала. Ақылды қала – ақылды басқару, ақылды шешім, ақылды адамдар, ақылды орта, ақылды экономика, ақылды жылдамдық. Мұның бәрі Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2050 жылға дейін алға қойған мақсаттармен біте қайнасып отыр. Қазіргі таңда «Ақылды қала» басқару және бақылау жүйесін жүзеге асыру төмендегідей жұмыстарды қамтиды:

- ТКШ ресурстарын бақылау және қадағалау;
- өрт сөндіру-қорғау және бейнебақылау жүйесін құрылымдау;
- жеделсаты шаруашылығын бақылау және диспетчерлік жұмысын ұйымдастыру.

«Ақылды қала» жүйесінің ең басты мақсаты – бақылауға алынған нысандар туралы толыққанды ақпараттандырылған кеңістік құру. Нысандарды бақылау кез-келген қашықтықтан жүргізіледі. «Ақылды қала» жүйесін іске асыру құрылымдарды бақылауды ғана емес, басқару шешімдерін тиімді пайдалануға ықпал етеді.

«Ақылды қала» ортақ жүйесін құруға келесідей қызметтік жүйелер негіз болады:

- жеделсатыларды бақылау және диспетчерлеу;
- электроэнергия мен энергоресурстарды коммерциялық бақылау және тіркеуді ұйымдастыру;
- ғимараттардағы өрт қауіпсіздігін бақылау және бейне бақылау;
- инженерлік құрылымдар мен құрылғыларды басқару;
- жер төлені су басуды қадағалау, сигнал беру жүйесі, жанғыш газдардан құтқару, жедел дауыс байланысы және т.б.

Астана - «EXPO-2017» жобасын жүзеге асыру үшін негізгі бес қадамды жүзеге асыру керек:

1. Алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды енгізу;
2. Астана «EXPO-2017» шекарасында инновациялық технологияларды енгізуі;
3. «EXPO-2017» алаңында инновациялық, ғылыми, бизнес жобаларды жасау, қолдануға қажетті жағдай жасау;
4. «EXPO-2017» шекарасын ірі орталық-азиялық ИКТ аймаққа айналдыру;
5. «EXPO-2017» мемлекеттік-жеке қарым-қатынасты нығайту алаңына айналуы тиіс.

Осы тұрғыда салынатын нысандардың орнын дұрыс анықтау маңызды-ақ. Тұрақты дамудың жаңа технологиялық энергияларының дұрыс орналасуын ғылыми тұрғыда жедел еңбекпен, материалдық, табиғи ресурстармен ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету өнеркәсіптің барынша тиімділігіне қол жеткізуге ықпал етеді. Сол үшін мемлекетіміз «Астана EXPO-2017» көрмесінің негізінде инновациялық инфрақұрылымдарды дамытудың тетігі болып отыр. Сондай-ақ, Астанада халықаралық платформаның қалыптасуына әсер етеді. Халықаралық платформаны қалыптастыру Қазақстанның беделін арттырып, алдыңғы қатарлы инновациялық техно-

логияларды енгізуге септігін тигізіп, тек қана Қазақстанға ықпал етіп қана қоймай, трансшекаралық мәселелерді шешуге әсер етеді.

Сөз соңында инновациялық кластерді дамыту орталық басқарудың жаңа технологиясының трансляторы болып, өмір сүру сапасын арттырады. Сондай-ақ ғылыми жаңалықтың оңтайлы шешім табуына әсер ететін инновациялық экожүйенің дамуына ықпал етеді.

Болашақта инновацияларды кластерлі орталықтарда енгізу қарастырылады. Бұл алдағы уақытта «Smart Astana» («Астана – ақылды қала») жобасының дамуына жол салып, еліміздің басқа аймақтарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу келешегі жайлы

Жұмамбаев С.К.,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,

э.э.к.

Қазақстан Республикасының Президенті-Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында 50 бәсекеге қабілетті мемлекеттің қатарына ену мен әлемнің 50 бәсекеге қабілетті мемлекеттің қатарына ену мен әлемнің 30 дамыған елінің қатарына ену туралы баса айтты.

ҚР Президенті айтқандай, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ жөнінен жаһанның 50 ірі экономикасына енеміз. Шын мәнінде ХВҚ бойынша Қазақстанның ЖІӨ 250 млрд. долларды құрап, дәл осы көрсеткіш бойынша әлемде 51 орынға табан тіреді. Бүкіл әлемдік экономикалық форумның рейтингінде 51 орынға ие.

1 кесте - Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша әлемдегі орны

Жылдар	2005	2006-2007	2007-2008	2008-2009	2009-2010	2010-2011	2011-2012	2012-2013
Орны	51	50	61	66	67	72	72	51

Кестедегі деректерден көргеніміздей, аталмыш көрсеткіште Қазақстанның орны кұбылмалы. Бұл өз кезегінде Бүкіл әлемдік экономикалық форумның көрсеткіштерінің дәлдігі екіталай екенін аңғартса керек. Сараптама көрсеткендей, мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстанның да бәсекеге қабілеттілік динамикасы рейтингке енген мемлекеттердің санына, санау әдісіне, сыналатын көрсеткіштердің кестесі, талаптарына да байланысты. Мысалы, 2007 жылы Қазақстан 61 орында болған, ал 2006 жылғы рейтингте өзгертулер енгізіледі, 56 санының орнына 50 саны жазылады.

Бірақ әрқилы өзгерістерге, соның ішінде рейтингке енген мемлекеттердің санына қарай Қазақстанның көрсеткіші төмендеген, өйткені Қазақстанның әрқилы дағдарыстық кезеңнен шығуы, экономикалық дамуының көрсеткіші жағынан алып қарасақ, күмәндануға болады. Күмән тудыруымызға тағы бір себеп бар. БҰҰДБ адам дамуы жөніндегі жыл сайынғы есебінде Қазақстан адами дамуы жағынан дамыған мемлекеттердің қатарында. БҰҰДБ адам дамуы туралы соңғы есебінде 2011 жылы Қазақстанның адам дамуы индексі 0,745 бағасына тең. Ал Қазақстан 1987 мемлекеттің ішінде 61-орында (3). 1995 және 2011 жылдар аралығында Қазақстанның адам даму индексі (АДИ) 0,636-дан 0,745-ке дейін, яғни 17 пайызға өскен. Жыл сайынғы дамуы шамамен 1 пайызға тең. (2 кесте).

2 кесте - Қазақстанның АДИ даму үрдісі

	Туылу кезіндегі болжамды өмір сүру ұзақтығы, жас	Болжамды білім алу ұзақтығы, жас	Мектепте білім алудың орташа ұзақтығы, жас	ІҰД (2005жыл., СҚТ, АҚШ долл.)	АДИ баға
1995	63,9	11,9	8,8	4,464	0,636
2000	63,5	12,3	9,9	5,030	0,657
2005	65,2	14,9	10,2	7,830	0,714
2010	66,7	15,1	10,4	10,001	0,740
2011	67,0	15,1	10,4	10,585	0,745

Кесте 2 көргеніміздей, Қазақстан 2000 жылдан бастап, жоғары қарай өрлеген. 1995 жыл мен 2011 жылдың аралығында туылу кезіндегі болжамды өмір сүру ұзақтығы 3,1 жылға ұлғайған. Мектепте білім алудың орташа көрсеткіші 1,6 жылға ұзарса, білім алудың болжамды ұзақтығы 3,2 жылға ұлғайған.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстандық рейтингтің зигзагты болу себебін анықтау керектігі аңғарылады. Ғалымдардың аталмыш индекске қатысты сыни пікірлері жөн деп санауға болады. Сондықтан әлеуметтік көрсеткіштердің экономикалық жетістіктерден қалыс қалғаны Қазақстанның БЭФ көрсеткішінің төмендеуіне сеп болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, бәсекеге қабілеттілікті анықтаудың өзіндік жүйесін ұйымдастырған дұрыс.

Әңгіме мемлекеттің өзге елдермен бәсекеге қабілеттілігі жөнінде болса, онда 30 дамыған елдің қатарына ену туралы сөз қозғаған жөн. Бұл дамыған елдердің жетістіктеріне сүйене отырып, бәсекеге қабілеттіліктің ұлттық жүйесін шығаруға себеп болар еді.

«Дамыған елдер» сөзіне нақты анықтама берілмейтіні белгілі. Дамыған елдерді индустриалды немесе индустриалды тұрғыда дамыған елдер деп те атайды. Қазіргі таңда ХВҚ дамыған елді «алдыңғы экономика» деп те атайды. Дамыған елдерге әдетте 24 өнеркәсіпті дамыған елдерді жатқызамыз. Мәселен, Солтүстік Америка, Батыс Еуропа, Тынық мұхит алқабындағы мемлекеттер табысы мол елдерге жатады. Алдыңғы қатарлы экономикасы бар елдерге төрт Шығыс Азиялық «Барысы» атанған мемлекетті және Израиль мен Кипрді жатқызады. Бұрынғы социалистік лагердегі мемлекеттердің қатарынан Еуропалық одаққа енген және дамыған елдердің қатарына енген мемлекеттер саны 30.

Ал дамушы мемлекеттер қатарына әлемнің 100 елі жатады. Солардың ішінде Қазақстан да бар. Мемлекеттерді жан басына шаққандағы ЖІӨ, экономиканың салалық құрылымы, халықтың өмір сүру деңгейі, сапасы секілді көрсеткіштер арқылы бөлуге болады.

Дамыған елдер келесідей көрсеткіштер арқылы анықталады:

1) Жан басына шаққандағы жоғары ЖІӨ. Бұл көрсеткіш үнемі ұлғайып тұрады. Мәселен, дамыған елдер қатарында орналасқан Словакияның ЖІӨ төмен, дәл осы көрсеткіш бойынша аталмыш ел соңғы 43 орында орналасқан. Бірақ ЖІӨ көрсеткіші 23304 АҚШ долларына тең. Алдыңғы жылмен салыстырғанда көрсеткіш 5,3 пайызды құрады. Ал Қазақстанда сол 2011 жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 1,001 АҚШ долларын құрады. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,2 пайызға ұлғайған. Рей-

тингте біздің еліміз 3 орынға төмендеп, 71 орынға жайғасты. Жан басына шаққандағы ЖІӨ тұтыну инвестиция көрсеткіші мен адамдардың өмір сүру сапасы мен ұзақтығына байланысты.

2) Дамыған елдердің экономикасындағы салалық құрылымда басты рөлге өнеркәсіп және индустриалды экономикадан постиндустриалды экономикаға айналу көрсеткіші ие. Қызмет көрсету саласы да қарқынды дамиды. Ғылыми-техникалық үрдіс экономикалық дамуға және экономика құрылымына барынша әсер етеді. Бұл тұрғыда Қазақстан өз дамуының басым бағыты ретінде – салалық құрылымды жаңғыртуды үдемелі индустриалдық-инновациялық даму арқылы жүзеге асыруды көздеп отыр. Ендігі мәселе үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасында ғылыми техникалық үрдіс қаншалықты орын алғаны және қаншалықты тиімді жүзеге асырылуында. ҰИИДБ сәтті жүзеге асырылуы «деиндустриалдандыру» үрдісін жеңіп, Қазақстанның индустриалды мемлекет болып танылуымен көрінеді;

3) Дамыған елдердің әлеуметтік негізін «орта тап» құрайды. Дамыған елдердің бизнес жүйесі бірқалыпты емес. Дамыған елдердің экономикасындағы басты рөл трансұлттық корпорацияларға тиесілі. Дей тұрғанмен дамыған елдердің экономикасы үшін орта және шағын бизнестің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықтың көрсеткіші ретінде көрініс табуы да маңызды. Бұл бизнеске халықтың 2/3 бөлігі араласады. Көптеген елдерде шағын бизнес жаңа жұмыс орнының 80 пайызын құрап, экономиканың құрылымдық саласына едәуір әсер етеді.

Бұл тұрғыда Елбасының Жолдауындағы ұлттық экономиканың басты бөлігі ретінде кәсіпкерлерді қолдау саясатын нығайтуды баса айтқанын ерекше көрсеткен жөн. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға дейін екі есеге өсуі керек. Бұл көрсеткіш бойынша өзге дамыған елдермен Қазақстанды салыстырсақ, кәсіпкерлікті қолдап, өркендету жұмыстарын ескерсек, еліміз дамыған елдердің тағы бір маңызды қасиетіне ие болады:

-дамыған елдердің мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты – капиталдың қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қарай дамуы болып табылады. Мұндай көрсеткішке қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеудің әкімшілік-құқықтық, салықтық-бюджеттік, ақшалық-несиелік құралдары мен мемлекеттік жеке меншік тиімді пайдаланылады. 60 жылдардың басынан бергі үрдіс бойынша мемлекеттік жеке меншіктің рөлінің ЖІӨ 9 пайыздан 7 пайызға төмендеуімен өлшенеді. Бұл факторға Президенттің халыққа

Жолдауында тиісінше көңіл бөлінген. Жолдауда жеке бизнес мемлекеттік бизнестен тиімдірек деген қағида анық жазылған.

- дамыған елдердің экономикасына әлемдік шаруашылыққа және сыртқы сауда режиміндегі либералды ұйымдарға барынша ашық болғаны тән. Жұмыс күшінің халықаралық миграциясында дамыған елдер қабылдаушы мемлекет ретінде танылады. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстанды дамыған елдерің қатарына енгізуге әбден болар.

Дамыған елдерге тән жоғарыда атап өткен көрсеткіштерді саралап, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 мемлекетіне ену бойынша іс-шаралар жоспарын тізбектеуге болар. Өз Жолдауында Елбасы мемлекеттің болашақ экономикалық-әлеуметтік дамуын жан-жақты қарастырған, бұл билік, қоғамдық күштер, жеке кәсіпкерлік алдында ірі міндеттемелер мен мақсаттарды орындауға түрткі болды. Ғалым-экономистер де бұл істе өзіндік үлесін қосуы тиіс. Қалыптасқан міндеттер мен мақсаттарды бір арнаға тоғыстырып, «мақсаттар ағашы» ретінде көрсетуге болады.

2 БӨЛІМ

ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» ЖОЛДАУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ЗЕРТТЕМЕЛЕР

Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі

*Бірімбетова Н.Ж.,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,
э.ғ.к., доцент*

«Жаңа бағыттың экономикалық саясатының негізі – бәрін қамтитын экономикалық прагматизм. Бұл бүгінгі көзқарасымыз бен бағыттарымызды түбегейлі бұзып-жаратын түсінік. Сонымен бұл терминнің мағынасы неде?»

Экономиканың тиімді жеке секторын қалыптастыру және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту».

2008-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс ел экономикасын болашақта ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық және индустриалдық базисті қалыптастыруға бағытталған жобалар мен жоспарларды ұйымдастыруға бағытталған. Бұл тұрғыда жаңа жобалар негізінен мемлекет-жеке меншік әріптестігі негізінде жүзеге асырылады. Бұл әріптестіктің негізгі бағыты мемлекет үшін де, жеке компания үшін де жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (МЖӘ) тиімді тәжірибесі аз деңгейде көрініс табады. Әлі күнге МЖӘ-ның жалпы қағидаттарын айқындап, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен жергілікті басқару органдарымен өзара тиімді байланыс орнатып, реттеуге бағытталған заң жоқ. Сондықтан мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің тиімді құқықтық алаңын дамытуды қажет етеді.

Шекараны дамытуда МЖӘ тетіктері аса құнды. Аймақтардың әлеуметтік саясатында қоғамның үш бөлігі: мемлекет (билік), бизнес және халықтың өзара қарым-қатынасы маңызды рөлге ие.

Мемлекет әріптестіктің негізгі тарапы ретінде қоғамдық маңызды мүдделер мен мақсаттарды ұстанады. Дегенмен тек мақсатты рөлді ғана емес, бақылау қызметін де атқарады. Мемлекет МЖӘ жобасының тиімділігін бақылап қана қоймай, жеке коммерциялық табысты да көздейді.

Жеке әріптес өзге де кәсіпкерлер сынды табыстың мол болуын бақылайды. Сондықтан әріптестер арасында сауда-саттықпен қатар әрқилы тәуекелділіктер болмас үшін басқару қызметін атқарушы мен жобаны жүзеге асырушы арасындағы құқықтық байланыстарды анықтап алу керек.

Мұндай әріптестіктің негізгі бағыттарының бірі қос тараптың келісуі арқылы жекешелендіру құқығын бөлісу болып табылады. Негізінен активтерді пайдалануды бақылау, табыс табу құқығы, басқару құқығы, қайсыбір міндеттемелерге жол бермеу (көбіне инфрақұрылымдық салада кездеседі) секілді маңызды міндеттерді анықтау керек.

Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен бағыттарымызды түбегейлі өзгерту» туралы идеясы мемлекет пен бизнестің өзара әріптестігінде міндеттерді анықтауда дұрыс қолданылады.

Мемлекет қоғам алдында әлеуметтік жағдайды реттеу бойынша жауапты, бұл өз кезегінде мемлекеттік меншікке бірқатар салалар мен өндірісті сақтау үрдісін анықтайды. Дегенмен жеке кәсіпкерге жұмыс жылдамдығы, ресурсты тиімді пайдалану, инновацияларға деген қызығушылық тән. Жеке меншіктің қос түрін түбегейлі әлеуметтік өзгеріссіз және ешбір қиындықсыз МЖӘ аясында бір арнаға тоғыстыруға болады.

Мемлекет барлық жағдайда ашық құқықтық қарым-қатынастың субъектісі болып қала береді. Сондықтан МЖӘ аясында мемлекет пен жеке кәсіпкердің құқығын теңдей бөлу мәселесін көтеруге болмас. Мемлекет құқықтық шеңберді өзі анықтайды. Бұған азаматтық-құқықтық қарым-қатынастың барлық субъектілері бағынады.

Бизнес қаржылық ресурстарды, кәсіби тәжірибені, тиімді басқаруды, шешім қабылдау барысында жылдамдық пен икемділікті, жаңашылдықты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, алайда тиімді жұмыс әдістері қарастырылып, техника мен технология реттеледі.

Мемлекеттік жеке әріптестікті әлеуметтік салаға енгізу көрсетілетін қызмет түрлерінің құнын төмендетіп, тиімділігін арттырады. МЖӘ әлеуметтік саланың инвестициялық тартымдылығын арттырып, әлеуметтік қызмет көрсетуде мемлекеттік жеке меншік құрылымның арасындағы теңсіздік бәсекесін жояды.

Дамыған елдер қатарында МЖӘ-ні тиімді пайдаланған бірінші мемлекет АҚШ болып табылады. Еуропалық мемлекеттік және муниципалдық жеке меншікті және қоғамдық қызмет көрсету құқығын жеке компанияларға ұсынуды белсенді қолдаған және қолданған. 2011 жылдың басында мемлекетте жалпы инвестиция көлемі 72 млрд. құрайтын 920 МЖӘ келісім-шарттары түзілген. Инвестицияның тең жартысы әлеуметтік салаға, яғни денсаулық сақтау (12,7 млрд фунд стерлингті құрайтын 2209 жоба) және

білім саласына (6,1 млрд. 164 жоба) жұмсалған. Ал дамушы елдердің арасында МЖӘ Азия-Тынық мұхит аймағында сәтті жүзеге асырылған. Бірінші орында Қытай (жалпы әлемдік инвестицияның 10 пайызы МЖӘ жобаларында). Үндістан екі есе төмен көрсеткішке ие болған.

Аймақтардың әлеуметтік саясатында әріптестік тетіктері әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту аясында жүзеге асырылады. МЖӘ-нің әрқилы түрлерін пайдалану, әсіресе, экономикалық тұрғыда әлсіз және депрессиялық аймақтарда пайдаланылады. Бұл ауыл мен кіші қалаларда тиімді. ҚР БҒМ ҒК экономика институтының зерттеулерінде МЖӘ-нің аймақтардың әлеуметтік дамуында жүзеге асырылатын түрлері ұсынылады.

Инфрақұрылым арқылы аймақтың экономикалық дамуына әсер етуге болады. Бұл өте тиімді тәсіл.

Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық деңгей бойынша типологиясы аймақтың әлеуметтік дамуы бойынша МЖӘ түрлерін пайдалануға бейім. Облыстардың даму стратегиясын тандалған МЖӘ нысандары анықтайды.

Кадрмен қамтамасыз ету арқылы адам капиталын дамыту

Ғабдуллин Р.Б.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

Э.Ә.К.

«Жаңа экономикалық саясаттың дамуының негізгі қағидасы кадрларға байланысты болуы керек. Ол үшін біз басқару бағытын нығайтуымыз керек. Бұған бізде қор жетеді».

Қазақстанның үдемелі индустриалдық инновациялық дамуы бойынша және Қазақстанның экономикалық құрылымын қайта құрылымдау бойынша жоғары технологияларды пайдалану арқылы толыққанды және дер кезінде анықталған міндеттердің қатарында, бірінші кезекте, толассыз өнім беретін және әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті инженерлік корпуста дұрыс кадрлық әлеуетті қалыптастыру тұрады. Жалпы адами ресурстарды және анық байқалатын инновациялық мүмкіндіктері бар кадрлық ресурсты басқару технологиясы саласында терең прогрессивті өзгерістерді қабылдау негізінен аз уақыттың ішінде жаңа кәсіподақтар және ғылымды жетістікке жетелейтін кәсіподақтарды ашумен тікелей байланысты. Бәсекеге қабілетті инновациялық кәсіподақтардың тиімді қызмет етуі үшін инженерлер, тех-

нологтар, сызба жасаушылардан бастап маркетингтерге дейін біліктілігі жоғары мамандар қажет.

Кадрлық әлеуетті басқару технологиясын түбегейлі жаңғырту кең ауқымды институционалдық құрылымдарды тарту арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Жалпы ұйымдастырушылық қызметті сапалы мемлекеттік органдар іске асыруы тиіс. Бұған қоса, жұмыс берушілер қауымдастығының, кәсіподақтық ұйымдардың және үкіметтік емес құрылымдардың ұйымдастырушылық әлеуетін мақсатты пайдаланған жөн.

Кадрлық әлеуетті басқару технологиясын жаңғырту бірінші кезекте, Қазақстанның барлық жұмыс берушілеріне тән ойлаудың қалыптасқан дәстүрін түбегейлі өзгерту үшін қажет.

Екіншіден, кадрларды басқару технологиясын жаңғырту әрбір қызметкердің шығармашылық қызмет түріне қарамастан, инновациялық еңбекке деген жеке дара шығармашылық қырларын ашуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар заманауи инновациялық менеджменттің жетістіктерін пайдалану арқылы жеке, топтық, ұжымдық инновациялық қызметін арттыруға бағыттау керек.


Үшіншіден, кадрлық әлеуетті басқару технологиясын жаңғырту барысында инновациялық қызметтің жоғары тиімділігін ескеру керек. Инновациялық қызметтің физикалық еңбектен ғана емес, атқарушылық интеллектуалдық қызметтен айырмашылығы бар.

Кадрлық әлеуетті басқару технологиясын жаңғырту барысында көп векторлы амал-тәсілдерді пайдалану керек.

Кешенді көп векторлы басқарудың қиыншылығы кадрлық әлеует әртүрлі, әрі сапалы сипаттамалардың жиынтығын қамтиды. Мәселен, жалпы мемлекеттің немесе әрбір қызметкердің жеке дара білім жағынан, кәсіптік-біліктілік және жас, жыныс ерекшеліктері сияқты сипаттамалар жиынтығын атауға болады.


Басқару жүйесінде дәстүрлі әдіс-тәсілдер берілген жұмыс жоспарын жүзеге асыруда тиімді болғанымен, микроэкономикалық деңгейде де, ұлттық экономика кеңістігінде де инновациялық қызметтің дамуына септігін тигізбейді. Қазақстан экономикасының барлық саласының үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуының стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру кадрлық әлеуетті басқару технологиясының дәстүрлі әдіс-тәсілдерін пайдалануды ғана емес, экономиканың инновациялық өзгерістеріне оңтайлы әсер ететін жаңа әдістерді іздестіруге итеремелейді.

Кадрлық әлеуетті басқарудың жаңа технологиясын енгізу экономиканың барлық саласында жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай қадам өндірістік және коммерциялық қызметтің жаһандық жағдайында




Сурет – Қазақстанның кадрлық әлеуетін тиімді қамтамасыз ету тетіктері

суреттің жалғасы



Сурет – Қазақстанның кадрлық әлеуетін тиімді қамтамасыз ету тетіктері

суреттің жалғасы



Сурет – Қазақстанның кадрлық әлеуетін тиімді қамтамасыз ету тетіктері

экономикалық қарым-қатынастардың дамуына әсер етеді. Жаңа басқару технологияларын енгізу мен сақтау өндірістік-экономикалық қызметте жүзеге асыру үшін мақсатты түрде тиісті комиссияны таңдау керек.

Арнайы басқару ұйымын мақсатты түрде құру объективті факторлар мен шарттардың үйлесімінен туындаған. Біріншіден, жоғары және арнайы білім беру саласында жеке секторды дамыту, сарапшылардың айтуынша жас мамандарды дайындауда теңсіздіктің туындауына әкеп соқты, мәселен сапалы инженерлік-техникалық білімі бар жас мамандар тапшылығы анық байқалады, бұл мемлекеттің инновациялық индустриаландыру үрдісіне кері әсерін тигізеді.

Екіншіден, тек қана жалпы мемлекеттік деңгейде барлық қызмет түрлерінде кешенді ақпараттандыру мәселелерін тиімді шешу. Бұған жоғары жылдамдықты және кең жолақты ғаламтор жүйесіне ену, спутниктік және кабельдік оқытудың телетаратылымы, кітапханалық қорға, мұрағатқа және өзге де мемлекеттік ақпараттық базаға қол жеткізу мәселелерін оңтайлы шешу керек.

Үшіншіден, қазіргі таңда Қазақстанда қызмет көрсететін рекрутингтік агенттіктердің жұмысы нәтижесіз. Бұған қоса, кейбір агенттіктер талантты жастарды шетелде тұрақты жұмыс істеуге жібереді.

Қазақстанның үдемелі индустриалдық-инновациялық дамуының стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру үшін кадрлық әлеуетті басқарудың заманауи технологиясын пайдалануды кешенді түрде қарастыру керек.

Қазақстан-2050 стратегиясындағы жаңа қаржылық саясат

Халитова М.М., э.ғ.д,

Нурпейісова А.А., э.ғ.к,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты

«2050 жылға дейін келесі мәселелерді шешуді қамтамасыз ету аса маңызды: Біріншіден, мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жандану керек...»

Жаңа мемлекет еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында сапалы қарқынды ілгерілеу болатын жаңа қаржы саясатын қажет етеді. Сол себепті, макроэкономикалық саясатты жаңғырту, нақтырақ саясаттың қаржылық негізі мемлекет басшысының ең бірінші реттегі тапсырмасы. Оның үстіне Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың экономикалық жағдай негізінде «кіріс, қайтарым қағидатында барлығын қамтитын экономикалық прагматизм, ... және бәсекеге қабілеттілік» жатыр.[Стратегия -2050].

Шын мәнісінде, Президент жаңа қаржылық саясаттың негізгі айқындамаларын атап өтті. Ғылыми түсіндірме негізінде келесі қағидаттарды бөліп алуға болады:

1. **Нысаналық қағидат** барлық қаржылық шығынның мақсатты-заттық белгілеуі болуына сәйкес жағдайды бекіту.

2. **Шарттармен өзгертілген қаржылық жүйенің қалыптасу қағидаты**- аталған қағидаттың тәжірибе жүзінде жүзеге асырылуы жоғарғы өнеркәсіптік экономиканың дамуын бақылауға бағытталған нарық және макроэкономикалық жағдайда үнемі мониторинг жасауды ұсынады.

3. **Қаржылық-инвестициялық қызметте ақпараттық-сараптаманы қамтамасыз ету қағидаты**. Аталған қағидатты пайдалану жалпы қаржыландыру субъектілерінің тәртібі, сондай-ақ, қызметіндегі екі ұштылықтың алдын-алу үшін қажет. Ақпараттық қамсыздандыру ұлттық экономиканы қаржыландыру үрдісінде маңызды элемент болып табылады.

4. **Тиімділік қағидаты**. Қабылданған шешімді белгіленген мақсатқа айқын баға негізінде жақсы нәтижеге қол жеткізу, сондай-ақ, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жаңашыл белсенділігіне қаржылық қысым көрсетпей, мемлекеттің қаржы ресурстарын тиімді шоғырландыру.

5. **Жоспарлау және болжам қағидаты**. Жоспарлау және болжам жасау кез-келген басқару қызметіндегі маңызды элемент болып табылады. Ол ұлттық экономиканың жоғарғы өнеркәсіптік дамуында қаржыландыру мәселелерінде аса маңызды.

6. **Тұрғындар тарапынан сенімді нығайту қағидаты**. Аталған қағидат біздің көзқарасымызда аса маңызды. Себебі, инвестициялық жобаларды қаржыландыру көзі ретінде ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді тарту үшін аталған саладағы мемлекеттік саясат және қаржы жүйесіне сенім шартын жасау қажет.

Елбасының 2050 стратегиясында анықталғандай, экономика үшін әлемдік нарыққа тәуелсіз, тербеліс кезіндегі тұрақтылықты белгілі салалық пропорцияға қол жеткізгенге дейін ұстап тұру қажет. Елбасы: «Ғаламдық экономикалық жүйе 2013-2014 жж. өзінде құлдырауы мүмкін, әсіресе шикізаттың әлемдік бағасының түсуі мүмкін. Біз үшін бұл сценарий қажет емес».

Экономикалық үрдіске болжам жасау мәселелері үлкен қызығушылық тудырады. Себебі, Қазақстан бюджеті мұнай бағасымен тығыз байланысты. Елбасы пікірінше, макроэкономикалық үрдісті қаржылық шығыс және кіріс, қорды сақтау, инфляциялық болжам, несиелік шама және т.б. қоса алғанда ұзақ мерзімді жоспарлау және болжам жасауға жұмылдыруымыз қажет.

Елбасы Н.Назарбаевтың қаржы-несиелік саясатында негізгі тапсырма ретінде инфляция деңгейіндегі өсім мәселелері белгіленген. Шынында, соңғы жылдары инфляция несие пайыздарының өсуіне кәдімгідей әсер етуде. Бұл Елбасы Жолдауында айтылды және болашақтың қаржылық-несие саясатының негізгі бағыты ретінде белгіленді.

Осыған байланысты мемлекет басшысы инфляцияны ұстап тұру үшін, бірінші жағынан, Үкімет жұмысын бағаны бақылауға үйлестіру және Ұлттық банк монетарлық және қаржылық-несие саясатында шара қолдану қызметін жасау туралы айтты. Бұл жағдайда, Үкімет және Ұлттық банкке ұлттық валютаны сақтау және нығайту арқылы, Үкіметке бағаны ұстап тұру, мүмкін әкімшілік әдістермен тұрғындардың сеніміне кіру қажет.

Қазіргі жағдайда Үкімет және Ұлттық банкке тұрғындардың сенім мәселесінің маңызы бар. Оның үстіне, Ұлттық банкке инфляцияның құбылмалығын және бағаның тұрақсыздығын ұстап тұру үшін қаржылық-несие және монетарлық реттеудің барлық мүмкін болтын құралдарын қолдану керек. Тұрғындар тарапынан сенімнің болмауы немесе төмен болған жағдайда, Ұлттық банкпен қойылған параметрлер аса қиын тапсырма болады.

Елбасы Жолдауындағы маңызды тарау – бұл сауатты және сараланған қаржы саясатының болуы.

Айта кету керек, қаржы саясаты саласындағы мақсатты бағытталған әрекеттердің нәтижесінде, соңғы жылдары маңызды тапсырмалар тізбегі шешілді. Мемлекет қабылдаған әлеуметтік міндеттер толығымен орындалды. Ұлттық қордың құрылуы әлемдік дағдарыс кезеңін азаматтардың өмір деңгейін төмендетпей өтуге, экономика секторын және қаржы инфрақұрылымын демеуге мүмкіндік берді. Сараланған қаржы саясаты еліміздің тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады.

Бірақ, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың жалғасуы жағдайында, Елбасының жаңа қаржы саясаты қағидатымен жабдықтану жөніндегі үндеуі аса маңызды. Қаржы құралдарын ұтымды пайдалану қажеттігі және тиімділікті қамтамасыз ету жөнінде отандық ғалымдардың зерттеу нәтижелерінде айтылған. Басқа сөзбен айтқанда, бұл үндеу әлемдік қоғамның және біздің заманауи көкейкесті қажеттіліктің бейнесі. Бұл мақсатта, біздің пікірімізше, республика азаматтары мемлекет басшысымен айтылған бұл бастаманы үлкен жауапкершілікпен қабылдап және қолдау керек.

Өз кезегінде, біз, ғалым ретінде қаржы шығыны тиімділігін көтеру шамасы жүзеге асыру бағытын толығымен қолдаймыз.

Біздің пікірімізше, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржы саясатының негізгі мақсаты келесі болуы керек:

- макроэкономикалық тұрақтылықты нығайту және қаржылық тұрақтылықты қамсыздандыру;
- ұзақ мерзімді қаржы стратегиясын жасау;
- зейнетақы жүйесінің даму параметрлерін анықтау;
- мемлекеттік сапалы қызмет көрсету үшін шарттарды жасау;
- қаржылық үрдістің ашықтығын қамтамасыз ету.

Қазақстанның салық саясатын жандандырудың келешегі

Тұрсынбаева Д.К.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

Э.ғ.к.

«Өндіріс саласы және жаңа технологияда салық салу объектілеріне қолайлы салық тәртібін енгізу қажет. Қазір бұл жұмыс басталды. Оны дамытуға тапсырма беремін: қазіргі салық жеңілдіктеріне тексеріс жүргізу және оларды барынша тиімділігін арттыру».

Қазіргі уақытта инновация және жаңа білімді пайдалану негізінде экономикалық өсімнің жаңа парадигмасы қалыптасуда. Дамыған мемлекеттерде трансферт капитал технологиясына экспортынан өту, қарқынды экономика түрінен инновацияға ауысуы бақылануда. Мемлекет қызметінің инновациялық дамуы үшін парасатты жеке меншік нысандардың айналымы саласында дамыған нарықтық қарым-қатынас қалыптасқан қолайлы инновациялық орта жасау қажет, инновациялық кәсіпкерлік үшін арнайы құқықтық-ұйымдастырушылық шарттар керек.

Салық саясаты экономикалық ынталандырудың маңызды құралы болып табылады. Соңғы жылдары әлемдік және отандық мамандар инновациялық кәсіпкерліктің тиімділігін арттырудың жанама жүйесінде тиімді құрал ретінде қарастыруда. Алайда, егер шет мемлекеттерде салық саясатын ынталандыру түріндегі заңнамалық бекіту табатын тұжырымдаманың әртүрлі нұсқасы болса, отандық заңнамалық тәжірибеде жанама ынта соңғы жылдары ғана көрініс табуда.

Көп мемлекеттерде кәсіпкерлік шағын және орта бизнес қызметінде белсендіретін ынта жүйесі қалыптасқан. Қысқа мерзімді шаралар емес, әсіресе, жүйе шағын және орта кәсіпкерліктің жұмысы есебінде

экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етеді. Тұрақты қызмет етіп жатқан шағын және орта кәсіпорындары бар мемлекеттер дәлел бола алады. Тіпті, еуропалық шағын және орта кәсіпорындардың жартысынан көбі инновациялық болып табылады. Себебі, өз бетінше немесе үлкен кәсіпорындармен серіктестікті ҒЗО (ғылыми-зерттеу орталығы) атқарады. Нарыққа жаңа өнімдер және технологиялар ұсынады немесе бар өнімдер мен технологияларды қаржыландырады. Басқа зерттеудің нәтижесіне сүйенсек, Батыс Еуропадағы ШОК үлкен кәсіпорындарға қарағанда ғылыми-зерттеу және инновациялық өнім жасағанда әлдеқайда тиімді.

Көптеген мемлекеттер салық уақытын жеңілдету үшін түрлі нұсқалар жасауда. Мұндай шаралар біздің мемлекетте де қолданылуда. Алайда, тек шағын кәсіпорын субъектілерінде ғана.

Салық салу жүйесін ынталандыру – инновациялық қызметті белсендірудің маңызды шартының бірі. Ол негізгі қорларды жаңарту, ғылыми жұмыстарға шығынның өсіру, өндіріске инновациялық өнімдерді енгізу мақсатында салық қысымын төмендету негізінде қолайлы экономикалық климаттың жасалуына бағытталуы керек. Инновациялық салада мемлекет құралдарын және жеке инвесторлар құралдарын пайдаланумен салық құралдарын пайдалану жолымен мемлекет мүмкіндігі мен қызығушылығының өзара келісімін қамтамасыз етуге үндеу арқылы инновациялық кәсіпорындар қызметін реттеу.

Инновациялық қызметті реттеу мақсатында салық жеңілдіктерінің мынадай түрі пайдаланылады. Инвестициялық және зерттеу салық несиесін пайдалануға беру (инновациялық қызметте кірістен түскен шығынның есебінде салық төлемдерін төлеуді ұзарту), бәсекеге қабілеттілік мақсатында технологиялық өндірістің жаңғыртылуы кезінде мақсатты пайдалану. Салық несиесі – бұл салық салуға жататын кірістегі жинақталған салық сомасынан тура кеміту. Инновациялық өндірістің дамуы кірістің есебінен салық сомасы қайтарлады. Инвестицияға салық жеңілдіктері негізгі шамаға «салық инвестициялық несиесі» деп аталатын инвестициялық жеңілдік түрінде ұсынылады.

Ұлыбританияда 40-жылдардың ортасында кәсіпорынға көлік, «алғашқы ретгі жеңілдіктер» енгізілді. Канадада кәсіпорынның орналасқан жер көлеміне байланысты 10-нан 15-ға дейін ауытқып тұрады.

Инвестициялық салық жеңілдігі қызметтің ұсынылуы, жұмыстың жасалуы және өндірістің жаңа технологияларына өтуіне, жаңа жабдықтармен қамтамасыз етуге әрекет етеді. Бірақ, жеңілдік кәсіпорынға жеке ғылыми бағдарлама жасауға және қаржыландыруға мүмкіндік бере алмайды. Бұл

қызметті арнайы жеңілдік «ҒЗТҚЖ өсуіне салық несиесі» (зерттеу салық несиесі) орындайды. Соманың максималды көлемі, абсолютті сандарда немесе жеке тұлғаның салық кірісіне міндеттелген жалпы салық сомасының пайызымен белгіленеді, жеңілдіктің мұндай түрі барлық дамыған мемлекеттерде бар.

Кәсіпорын құрылымында инновациялық қызметті белсендіру мемлекет инновациялық экономикасының дамуы және қалыптасуында жақсы нәтиже беруі мүмкін.

Мемлекеттік және сыртқы қарыздарды басқару саясаты

Османов Ж.Д.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.ғ.к.

«Біз еліміздің мемлекеттік қарыз деңгейін үнемі бақылауда ұстауымыз қажет. ЖІӨ қатысты 2013 жылға 2,1 пайыз, 2015 жылға дейін 1,5 пайыз бюджет тапшылығын төмендету қажет. Мемлекеттік экономика секторында қарыз деңгейін қатаң бақылау қажет.»

Мемлекетті сыртқы қарыздарды басқару саласында ұзақ мерзімді саналы мемлекеттік саясат қажет екені белгілі. Мұндай қарыз алу саясатының жүргізілуі әрі қарай қазіргі ресурстарға қарызды жүктемесіз төлеуге мүмкіндік береді. Аталған саясат келесі шараларды жүзеге асыруды ұсынады:

1. Жаңа қарыз алудың шегін анықтау. Жаңа қарыз алудан бас тарту жолымен қарыз көлемін төмендету ең маңызды сәт, сондай-ақ, тартылған деректер негізінде қаржыландыруды бағыттауды анықтау.

2. Қарыз алудың бірінші шартына валюта құралдарына, орналастыру сызбасына, кірістерді төлеу жүйесіне және т.б. аса көңіл бөлу қажет.

3. Қарыз алу құрылымы мерзімі және іс-қағаздар жиыны жөнінен өте қолайлы болуы керек. Қарыз алудың оңтайлылығы болашақта төлем шыңынан қашуға негізделу керек. Ал егер құнды қағаздарды басқару тәжірибесінде кіріс көлемін ұлғайту тапсырмасы қойылса, қарыз портфелін басқаруда шығынды қысқарту негізделген. Осыған байланысты қарыз құралдарын қолайлы таңдауды қажет ететін несие портфелі қызметін арзандату және ұзарту қажет. Жаңа қарыз алудың жыл сайынғы бюджет

үрдісі жөнінде мемлекет ұсынған бағдарламасы қарыз қызметін көрсету және төлемдерді өшіру кестесін құрылымдық элемент ретінде белгілеуі керек.

4. Несие тарту тәжірибесінен бас тарту.

5. Осы саладағы әлемдік стандартқа сәйкес мемлекеттік қарызды тиімді басқару алғышартын жасау мақсатында нарықтық қаржы құралдарын нарықтық емес қарыз санаттарына айырбастау шараларын қабылдау қажет.

Логистикалық инфрақұрылым дамуының мәселелері және келешегі

Бодаубаева Г.А.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

Э.э.к.

«Өз пайдамызды тиянақты есептей отырып, Қазақстан шекарасынан тыс өндірістік көлік-логистикалық нысандарды жасау үшін мемлекет шегінен тысқа шығуды ойлау маңызды. Біз қазіргі ұсыныстардың шегінен шығып, әлем бойынша және Еуропа, Азия, Америка аумағында бірлескен кәсіпорындар жасауымыз керек».

Еуропа және Азия нарығының арасында стратегиялық сәтті орналасқанымызбен, қазіргі уақытта Қазақстан: негізгі аймақтық транзит жүк тасымалын Ресей және Орталық Азия, Қытай және Орталық Азия елдерін қамтамасыз ету арқылы транзиттік шаманы дұрыс орындай алмауда. Оңтүстік-шығыс және Ресей, Еуропа мемлекеттері арасындағы транзит меңгерілмеген.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев шетел инвесторларының жоспарланған 25-ші кеңесінде «... Қазақстан өзінің тарихи рөлін қалпына келтіріп, Еуропа және Азия арасында ерекше орналасқан Орталық Азия аймағында ірі ресми транзит өкілі болуы керек...».

Мамандардың баға беруіне сүйенсек, жақын жылдары Еуропа және Азия арасындағы жүк тасымалы орташа жылдық есеппен 6-8 пайызға өседі, сол үшін, Қазақстан жоғары дәрежедегі сервис арқылы ішкі жүйесін және дистрибьюторлық желісін дамыту қажет.

Белгіленген мақсатқа жету үшін көлік логистикасын дамытуда стратегиялық кіріспені құру, Қазақстанды экономикалық және төмен-шығынды транзиттік дәлізін алға жылжыту, экономикалық дамуға қажет ұлттық экспорттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін физикалық және

физикалық емес кедергілерді жою және көлік-логистикалық шығынды азайту қажет.

Әлемде логистиканы ұйымдастыру жүйесінің тиімді бағасы үшін Халықаралық Банк индексі (LPI) пайдалану қабылданғаны мәлім. ҚР Көлік және коммуникация министрлігі қазіргі уақытта Қазақстан бұл көрсеткіште 86-орында (Германия, Қытай – 17-орында көш бастап тұр, Ресей – 96 орында). Төменгі көрсеткіш келесі мәселелер тізбегі нәтижесінде пайда болған:

- көлік инфрақұрылымының негізгі құралдарының тозуы (60-70%);
- тауар-қойма шаруашылығында көптеген тоғысудың болмауы;
- әлемдік жүйеде көлік инфрақұрылым ықпалдастығының төмендігі;
- заманауи технологияның дұрыс пайдаланылмауы;
- кадрлық құрамның біліктілігінің төмен болуы;
- құжат айналымына және шекарадан алып өту кезіндегі тұрып қалуға байланысты жоғары тәуекел және шығын;
- ақпараттық демеудің төмен болуы және бірыңғай ақпараттық кеңістіктің болмауы;
- логистикалық орталықтың біріктірілген жүйесі.

Қазіргі уақытта көлік логистикасының даму стратегиясын жүзеге асыру үшін келесі шаралар орындалуда:

1) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат АҚ қоры және ҚР Үкіметіне мемлекет басшысы тапсырған ҰҚ «АҚ «ҚТЖ» халықаралық дәрежедегі көлік-логистикалық компаниясы базасының құрылуы.

2) 1202 км ұзындықта Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл жаңа теміржолының салынуы. Жаңа жолдар Қазақстанның орталық аумағынан және «Достық» бекетінен батысқа, әрі қарай Еуропа елдеріне 1200 км қысқартылған жолдармен тікелей жүк тасымалдауға мүмкіндік береді.

3) Әлемдік ірі ойыншылармен бірлескен жоба жасауды қарастыратын «Ғаламдық серіктес» жобасын жасау. Бүгінде DB Schenker (Германия), Inter-rail (Швейцария), DHL, Sinotrans (Қытай), China Shipping (Қытай) сияқты компаниялармен келісімге қол қойылды.

4) Көлік логистикасы саласында әлемдік көшбасшылардың қатысуымен «Жібек жолы» халықаралық көлік-логистикалық бизнес-форумдарды ұйымдастыру. Аталған шара еліміздегі бизнес-орталықтармен өзара араласу, көлік логистикасы саласындағы сұрақтарға жауап алу, біріккен жобалар жасау үшін ұйымдастырылады. 2011 жылы форум шеңберінде Қазақстан Қытай-Кедендік Одақ-Еуропа көлік дәлізін дамыту үшін үйлескен кеңес құруды ұсынды.

Аталған жобаларды жүзеге асыру трансқазақстандық маршруттың қолайлылығын арттыру керек. Шетелдік инвесторлар үшін логистикалық тірек өнеркәсіпті дамуының тиімді факторы болуы керек.

Елбасы идеясын мақсатты жүзеге асыру үшін:

- Көлік инфрақұрылымды дамытудан бөлек нормативтік-құқықтық базаның дамуына көңіл бөлу;
- Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің көлік-логистикалық ресурстарын біріктіру жұмыстарын жүргізу;
- Логистикалық қызмет нарығының ғаламдық даму үрдісі есебінде көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту үшін жаңа желілік жолдарын табу.

Мысалы, DB Shenker көлік-логистикалық компаниясының екі деңгейлі жүйесі Германияға Еуропада тауар айналымының орталығы болуға мүмкіндік берді. Canadian Pacific жүйелік шешімі көлік және темір жолдарымен байланысты теңіз порттарын және 145 модаль аралық жүк терминалдарын және тағы басқаны қамтиды. Canadian Pacific көлік-логистикалық орталық желісі орталық жүйе басқармасымен, бірыңғай технологиялық үдеріспен байланысты және АҚШ және Канада мемлекеттерінің шекарасын байланыстырады, сондай-ақ, теңіз тауар жолдарына шығудың кілті болып табылады.

Жаңартылған энергия көздерінің даму келешегі

Чигаркина О.А.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.ғ.к.

«Дамыған мемлекеттерде жанама және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестиция құю көлемі жоғарылады. 2050 жылға дейін оларды пайдалану тұтынылатын энергияның 50 пайызын құрайтын болады.

«Көмірсутегілік экономика дәуірі құлдырап бара жатқаны ақиқат. Адамзаттың өмір сүру ұзақтығы мұнай мен газға емес, энергияның жаңа баламалы көздеріне тәуелді болатын кезең туады».

Соңғы он жылда энергоресурстардың баламалы түрлерін іздеу көптеген мемлекеттердің алдына қойған мақсатына айналды. Қазіргі таңда

әлемде тас көмірі, табиғи газдығас көмірі және табиғи газдың негізінде дайындалатын 15 миллион тонна синтетикалық және дезильді жанармай өндірілді. Бұл тұрғыда тағы бірнеше зауыттар салынады деп көзделуде. Жыл сайын баламалы энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа жобалар зерттеулер дайындалады. Бұл іс-шараның барлығы дерлік мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуда.

Энергияның балама көздерін іздеу әлемде мұнай мен газдың сарқылу қаупі, энерготасымалдауыштардың қымбаттауынан, әрі экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу қажеттілігінен туындап отыр. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, мұнайды экологиялық стандарттарға сай өндіру үшін мұнай өндіру компанияларын жаңғыртуға кететін шығын көлемі баламалы энергия көздерін өндіретін жаңа зауыттарға жұмсалатын шығынмен бірдей. Сондай-ақ, әлемде мұнай мен газдың құны жыл санап үдеп барады.

Әлемнің әр аймағында мұнай өндіру көлемінің артуы мен оны энерготасымалдаушы ретінде пайдалану бірқатар мемлекеттерде экологиялық жағдайдың ушығуына сеп болады, ал бұл бүгінгі таңда адамзатқа төнер басты қауіп болып отыр.

Негізгі тасымалдауда пайдаланылатын отын мұнай. Мұнайдың баламасы ретінде мыналарды пайдалануға болады:

- төмендетілген ілеспе газ (пропан-бутан);
- төмендетілген табиғи газ (метан);
- табиғи шикізаттан және биохимиялық тазартаудан алынатын спирт және майлар;
- көмір, сланц және газдан алынатын синтетикалық сұйық отын.

Халықаралық ғылыми қауымдастық парникті әсер студің пайда болуының басты себебі – көмірсутекті отын мен мұнайды жағу арқылы атмосфераға көмірқышқыл газының бөлінуі деген байламға келген.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы қабылданғанда мемлекеттік инвестициялық саясаттың алдында жаңа міндеттер қойылады. Заманауи жағдайда ол экономиканың шикізаттық емес секторды дамытуға капитал бағыттталып, қамтамасыздандырылу керек.

Мұндай өндірістің бір түрі энергияның дәстүрлі емес көздерін атауға болады. Бүгінде Қазақстанда дәстүрлі емес энергияның бірнеше түрін пайдалануға болады. Оларға гидроэнергия, күн энергиясы, жел энергиясы, биомассаның энергиясын жатқызуға болады.

Кестеде Қазақстанның жан басына шаққандағы қалыптасатын энергоресурстардың әлеуеті жөнінде бірнеше ақпараттар келтірілген.

Кесте - Қазақстанның баламалы энергия көздерінің әлеуеті

Көрсеткіштер	Энергиялық ресурстар			
	Гидроресурстар		Күн	Жел
	10 мВт-тан артық ірі ГЭС	10 мВт-тан төмен кіші ГЭС		
Қолда бар энергоресурстарды пайдалану, млн кВт-сағатына	7,0	0,4		
Экономикалық әлеуеті, млрд кВт-сағатына	22,5	7,5		250 Мвт/0,82 млрд.кВт-сағатына
Техникалық мүмкін әлеуеті, млрд кВт-сағатына	41	21		1000-2000 Мвт/3,3-3,6 млрд. кВт-сағатына
Теориялық мүмкін әлеуеті, млрд. кВт-сағатына	105	65	1300-1800	1820
Ескерту: дереккөз «жел станциясын құрудың экономикалық қамсыздандырылуы» К.Мұсабеков, Аймақтың индустриалдық-инновациялық дамуы/Халықаралық ғылыми-экономикалық конференция материалдары—Шымкент. – 2009. – С.11-15.				

Қазақстанның су ресурстарының әлеуеті жылына 170 млрд. кВт-сағатты құраса, жел энергетикасындағы әлеует 1,8 трлн. кВт-сағатты құрауы мүмкін, ал күн энергиясы 2,5 млрд. кВт-сағатты құрайды. Бұл энергия көздерін Қазақстанда пайдалану құны жылына 12 млрд. долларды құрайды. Мамандардың пайымдауынша, Қазақстанда жаңа табиғи ресурстарды пайдалану мұнай бойынша 50 жылға тең, ал табиғи газ бойынша 85 жылға тең болуы мүмкін. Бүгінде Қазақстан экономикасындағы жаңа ресурстарды пайдалану көрсеткіші бар-жоғы 0,02 пайызға тең. 2024 жылға дейін баламалы энергия көздерін пайдалану деңгейі 10 пайызға дейін ұлғаюы тиіс.

Қазақстанда дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану бойынша алғашқы жобалар жасалуда. Мысалы 2006 жылы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі 2030 жылы мемлекетте жұмыс қуаты 1 млн.

кВт-ты құрайтын 46 жел электростанциясы салынады деген болжам айтқан болатын.

Жоңғар қақпасы аймағында күніне орташа есеппен секундына 15-20 метрлік жел соғатын Жоңғар Алатауы мен Тарбағатайдың арасында қуаты 5 МВт-ты құрайтын жел электростанциясының құрылысы басталды.

Жалпы бұл аймақта 100-250 кВт қуаты бар 11000 жел агрегаттары бар. Бір құрылғының қуаты шамамен 600 мың кВт-ты құрайды. Ал жалпы кешеннің қуаты 6 млрд. кВт-қа тең. Энергияның басым бөлігі суық кезде шығарылатынын атап өту керек. Бұл нысандардың шығыны әлемдік стандартқа сай болады. Мәселен, 1 кВт қуаты бар энергия құны 1300-1400 АҚШ долларына тең. Ал жалпы шығын 3850 миллион АҚШ долларына тең болады. Бірақ қазіргі таңда қаржының аздығы және жел энергостансаларын пайдалануда тәжірибенің жоқтығынан бұл істі бірте-бірте жүзеге асырған абзал.

Қазақстанның жел энергиясының әлеуеті заманауи электроэнергия әлеуетінен әлдеқайда жоғары. Сарапшылардың пайымдауынша, жел энергиясын пайдаланудың экономикалық тұрғыдағы шығыны жылына 3 млрд. кВт-сағатты құрайды. Қазақстан жан басына шаққандағы жел энергиясын пайдалану көрсеткіші бойынша әлемде көш бастап тұр. Жел энергиясының әлеуеті елде өндірілетін электроэнергия көрсеткішінен 30-40 есе көп.

Қазақстан гелиоресурсқа да бай. Қазақстанның аумағындағы күн энергиясының жалпы жылдық әлеуеті энергия ағынының 1 трлн кВт-сағатын құрайтын қуатына сай 340 млрд. т. ш. о. құрайды. Мемлекеттің географиялық орналасуының және қолайлы климаттық жағдайда күн энергиясының ресурстары техникалық пайдалану үшін тұрақты және ыңғайлы. Жылына күн сағаты 2200-300 сағатқа тең. Ал күн сәулесінің энергиясы жылына бір шаршы метрге 1300-1800 кВт-ты құрайды. Бұл ауылдық жерлерде күн батареялары панелін, әсіресе, фотоэлектрөздерінің жүйесін құруға жақсы. Газ құбырынан алыс аймақта орналасқан жеке аудандарда күн сәулесі арқылы суды жылыту технологиясының да болашағы зор.

Фотоөндегіш энергия базасының негізінде 2500 МВт қуаты бар гелиоэлектростанциясының жалпы жиынтық қуаты жылына 2,5 млрд. кВт/сағатты құрайды. Қазақстан нарығы фотоэлементтер негізінде әрқайсысының қуаты 20 Вт-ты құрайтын 40 мыңға дейінгі портативті батареяларды қабылдауға қауқарлы. Мұндай батареялар шамамен мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қонып жүретін 200 000 отбасын электр қуатымен қамтамасыз ете алады. Фотоэлектрлік жүйенің бастапқы

бағасы елді мекендер үшін тым қымбат. Дегенмен фотоэлектрінің 1 сағат/люмені керосинді лампаны пайдалану құнынынан 30 пайызға арзан екенін ескеру керек.

Қазақстанда гелиоэлектр стансаларын құруға қолайлы аймақ Арал жағалауы, Қызылорда және Шымкент облыстары. Қазіргі таңда күн энергиясын көбіне ауылды аймақтарда су жылыту құрылғылары арқылы пайдаланады. Бақанас ауданының маңы, Балқаш орталығы, Алматы облысының орталығында еліміздегі тұңғыш күн-жел жүйесі құрылған.

Судың күн сәулесі арқылы тазаруы да, күн энергиясын пайдаланудың ең қолайлы тәсілі. Елдің бірқатар аймақтарында таза суға зәру ауылдар көп. Бірақ көп жерде тұзды су бар. Суды тазарту құрылғылары ұзақ уақыт пайдаланылады.

Биоэнергетикалық ресурстардың екі санаты бар:

1. Дәстүрлі биомасса (негізінен отын және ағаш)
2. Жаңа биомасса – малдың тезегі, тұрып қалған сулардың қатты және тұрмыстық қалдықтары.

Биомассаны этанолға айналдыру барысында қосалқы өнім қалады. Ең алдымен, олар жуылған сулар мен тазалаудан қалған қалдықтар. Соңғысы экологиялық ластануға апарды.

Бүгінгі таңда қолданылатын барлық биоэнергетикалық технологиялардың ішінде Қазақстан үшін малдың тезегін анаэробты негізде коммуналды-тұрмыстық шаруашылыққа пайдалану, оның ары қарай биогазға, ал биогаздың электрлік және жылыту энергиясына айналу технологиясы қолайлы және тиімді. Биогаз – 20-25 МДж/м³ қуаты бар жылыту мүмкіндігі бар энергия көзі. Биогаз метан мен көмірқышқыл диоксидінен тұрады.

Қазақстанда дәстүрлі емес энергия заңнамасын дұрыс бағытқа қойылған жағдайда кеңінен дамиды. Дегенмен 5 МВт қуаты бар жел электростанциясын салу саланың реформасына заңнамалық негіз болады. Дәстүрлі энергия көздерінің өз бағасы арзан болғанымен, экологиялық тұрғыда дәстүрлі емес энергия көздеріне қолайлы жағдай жасалады.

Баламалы энергия көздерін пайдалануды ұйымдастыру үшін келесідей қадамдарды қолданған дұрыс:

- қоршаған ортаға зиян шектіретін кәсіпорындар төлейтін салықты баламалы энергия көздерін дамытуға жұмсау;

- баламалы энергия көздерін өндіру барысында салық салу жүйесін реттеу;

- баламалы энергия көздерін құру мен дамытуға арналған құрылғыларды сатып алу барысында кедендік мөлшерлемені төмендетіп, салық салуға қосалқы жеңілдіктер қарастыру;

- баламалы энергия көздерін енгізуде стратегиялық бағдарламалар қабылдау;

- халыққа баламалы энергия көздерін пайдалану құрылғысын сатып алуға төмен пайызды несиелер ұсыну;

- баламалы энергия көздерін алу нысандарын салу барысында шығынның мемлекеттік өтемақы капитал салымының 30 пайызына дейін қысқарту.

Индустриализациялаудың үшінші фазасы және табиғи ресурстардың таусылуы

Айтжанова Д.А.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.ғ.к., доцент

«Біз үшін табиғи байлықтарға деген көзқарасты өзгерту аса маңызды... Ең бастысы – мемлекетіміздің табиғи байлықтарын тұрақты экономикалық дамуға қарай бағыттау»

Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы

• Бұл қадам Қазақстанның минералды-шикізаттық кешенінің дамуына тікелей байланысты. Бұл саланың ең басты секторларының бірі тау-металлургиялық кешен. ҚР ТМК жоспарлау және жүзеге асыру республиканың табиғи-ресурстық әлеуетін кең ауқымды дамытумен байланысты. Елбасының Жолдауының негізінде тау-кен субъектілері бар аймақтарда экологиялық қауіпсіздікті сақтай отырып, ресурстарды қолдану үшін ортақ ұлттық тау-техникалық саясатты құру керек. Табиғи байлықтарды пайдалануда оның сарқылатынын, жойылатынын ескере отырып, ресурстарды байытатын және табиғи байлықты тиімді пайдаланатын саясат құрған жөн. Бұл біздің еліміздің экономикасының маңызды бөлігі.

• **Технологиялық төңкеріс шикізатты пайдалану құрылымын өзгертеді.**

Бұл тұрғыда жаңа композитті материалдарды іздеу, жаңа металдарды пайдалануды азайту, сондай-ақ, қоршаған ортаға әсер ететін қысымды азайту туралы әңгіме қозғауға болады. Дегенмен ғалымдар мен металлургтер композитті материалдарды өндіру барысындағы техника-техногенді мәселелерді ескере отырып, қарқынды пайда өндіру және алғашқы табиғи ресурстарды тасымалдаудың әлемдік көрсеткішін есептеу және тіркеу тәжірибесін ескерген дұрыс деген пікірде. Мұның барлығы шикізаттық сектордағы пайданы қалыптастыру және тарату стратегиясында анық көрініс табады. Шикізатты пайдалану саясаты «шикізатты технологияға ауыстыру» бағыты бойынша дамуы тиіс. Сондай-ақ, тау-кен және металлургиялық кәсіпорындар өз жұмысын жүзеге асыру барысында экологиялық тұрғыда қауіпсіз үдерістер мен өндірісті пайдалануы тиіс. Бұл қоршаған ортаны сақтауға және өмір сапасын арттыруға сеп болады.

• Бізге индустриаландырудың келесі даму фазасы керек.

Қазақстан Үкіметі ҚР ТМК жүйесінде индустриаландырудың келесі фазасының жан-жақты жоспарын дайындайтындықтан SWOT сараптама негізінде маңызды технологиялық бағытты анықтап алу керек. 2050 жылға дейін саланың өндірістік белсенділігін арттырып, бұл жұмысты технологиялық стандарттарға сай дайындау керек. Жалпы экспорт көлемінде шикізаттық емес сектордың үлесі 2025 жылға дейін 2 есеге, 2040 жылға дейін 3 есеге ұлғаюы керек. Ал бәсекеге қабілетті салаларда тау-металлургиялық өнімнің ішкі тұтыну көлемін арттырған дұрыс. Яғни, отандық өндірушілер үшін жаңа нарықтық негізді қалыптастыру керек.

• Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы керек.

ҚР ТМК жүйесінде жаңа ОЭС түзу барысында өндірілетін металл өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін қарастырған жөн. Бұл тұрғыда 2050 жылға дейін Қазақстанның ұзақ мерзімді әрі мығым жоспары бар. 2015 жылы Индустриаландыру картасының аясында салынған жаңа нысандарда 100 млрд теңге көлемінде тауар өндіріледі. Ал 2030 жылға дейін аталмыш нысандардың өндірісі «Арселор Миталл Қарағанды» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС сияқты алпауыт компаниялармен теңестіріледі.

«Мықты бизнес-мықты мемлекет» бағыты бойынша кәсіпкерлікті дамыту да қарқын алып келеді. Егер көшбасшы аймақ Қарағанды облысындағы 2013 жылы орта және шағын бизнестің тауар шығару көлемі 21,3 пайыз болса, 2030 жылы бұл көрсеткішті екі есеге ұлғайту керек, ал 2050 жылы жалпы әлемдік деңгейге көтерілу керек.

Қазақстандағы өнеркәсіп салаларының әрекеттесу келешегі

Егоров О.И.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.ғ.д, профессор

«Бәсекеге қабілетті салаларда отандық тауар өндірісінің көлемін арттыру үшін біз жаңа нарықтық жүйені қалыптастыруымыз керек...

«...Біз шикізаттық емес секторға бағыт ұстап жаңа өндірісті дамытуымыз керек...».


Қазақстанның оңтүстік өңірінде дамып келе жатқан «мақта» және «мата» кластері біздіңше, мұнай-химиялық және мақта-мата өндірісінің біте қайнасатын тұсы болмақ. Мұнай-химиялық өнім мата өндірісінде синтетикалық талшықтарды тиімді пайдалануға әсер етеді. Бұл ойды жүзеге асыру «мақта-мата-мұнайхимиялық» кластерді дамытуға оң әсер етеді. Себебі, шикізат көзі бір аймақта орналасқан. (Сурет).

Әлемдік мақта-мата өндірісінің даму динамикасына көз жүгіртсек, Батыс Еуропа, АҚШ сынды мемлекеттердің өнімді шығару көлемінің төмендегенінін, ал ортақ өндірістік тізбекті түзе алатын, географиялық тұрғыда бір-біріне жақын Үндістан, Вьетнам, Қытай, Моңғолия сынды мемлекеттердің көлемі арта түскенін аңғарамыз. Жаһандану мен дамыған мемлекеттер арасындағы бәсеке өндірісті жаңғыртып дамыту қажеттілігін анық байқатады.

Оңтүстік Қазақстан облысында мақта-мата кластерін дамыту идеясы саланы аяқтан тұрғызудың негізгі көрсеткіші болып отыр. Индустриалдық мемлекеттердің тәжірибесіне көз жүгіртсек, мақта-мата өнеркәсібі экономиканың негізі және ЖІӨ-нің басым бөлігін қамтып отырғанын аңғарамыз. Яғни, бұл саланы өз елімізде дамыту арқылы отандық өндірісті ұлғайтуға, сонымен қатар өнеркәсіп пен сауда-саттықты реттеуге себеп болады. Дегенмен, бұл ойды жүзеге асыру оңай емес.

Мақта-мата индустриясында «Альянс-Русский Текстиль» ЖШС басты орынға табан тірейді. Бұл «Мырзакент» Қазақстандық мақта компаниясы мен «Русский Текстиль» ірі мата шығару компаниясы біріккен корпорациясы. Бұл өнеркәсіпте мата дайындаудың барлық баспалдақтары бар.

Ендігі кезекте даму бағытын айқындап алған дұрыс. Бұл ретте арзан шикізат пен энергия, еңбек ресурсы саланы дамытуға тиімді әсер етеді. Дағдарыс алдындағы кезең ішкі нарық көлемінің артуына әсер етті. Бұл өз кезегінде индустрияның маңызды салаларын, соның ішінде химиялық талшықтар өндірісін жылдам дамытып, реттеуге себеп болды.



Сурет - Мақта-мата химиялық кластерінің құрылымы

Ал өндірістің адамның шаруашылық өміріндегі маңызы арта түсуде. Химиялық талшықтар тек қана мата өндірісінде ғана емес, шаруашылық өндіріс, үй тұрғызу, жол салу сияқты әлеуметтік маңызды жұмыста да пайдаланылады.

Химиялық талшықтар өндірісін дамыту тоқыма шикізат ресурсын арттыруға және тоқыма өнімнің санын арттыруға себеп болады. Химиялық талшықтардың диаметрін жүз микронан он микронға дейін төмендетуге болады. Полиамидті талшықтарды пайдалану арқылы жасалатын сита ұн өндіру, тамақ өндірісі, металл өндірісі сияқты өнеркәсіпте кеңінен пайдаланылады.

Химиялық талшықтар табиғи талшықтардың орнына ғана қолданылып қоймайды. Табиғи талшықтар сапа және сан жағынан халықтың мақта-мата өндірісіндегі қажеттілігін өтей алмайды. Әрқилы материалдарды пайдалану арқылы заманауи технологияда қажетті техникалық әлеуеті бар химиялық талшықтарды өндіруге болады.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саясатын қалыптастырудың жаңа базалық қағидалары

Абдулвалиева Т.В.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.ғ.к.

«Екі жылдан кейін үдемелі инновациялық индустриаландыру бағдарламасының бірінші бесжылдық жоспары аяқталады. Бізге индустриаландырудың келесі фазасын жоспарлау керек».

«Қазақстан-2050» стратегиясының негізгі ерекшелігі – индустриаландыру негізінде Қазақстандық өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып отыр.

Бұл тұрғыда мемлекеттің белсенді жұмыс атқаруына 2002 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бұйрығы бойынша 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму стратегиясының түзілуі болар. Бұл стратегия экономиканың әртараптандырылған саласы және шикізаттық бағыты арқылы мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған.

Мемлекет басшысының бұйрығын орындау арқылы үкімет нақты сектор мен өнеркәсіптің сапасын және рөлін дамыту бойынша жоспар құрды.

Отандық өнеркәсіп индустриаландырудың бастапқы баспалдағында тұр. Қазақстандық өндірістік өнеркәсіп бәсекеге қабілетті емес, дамуы да баяу. Өндірілетін өнімнің көлемі аз, әрі тек импортқа тәуелді болып отыр. Өнеркәсіптік саясатты анықтайтын мемлекеттік саясат динамикасы жалғасып жатыр, бірақ әлі де нақты әрі маңызды міндет болып отыр. Инвестициялық қызмет индустриаландыруға құйылған 20 млрд. доллар капитал салымдарын байланысты болып отыр, бұл жаһандық дағдарыс кезінде өнімділікке әсер етеді деу әбестік болар. Сондай-ақ макроэкономикалық деңгейде тиімді болады деу де қиын. Өйткені негізінен тек жобалық жұмыстар жасалуда. Ал жаңа өндіріс ошақтарын салу үшін инвестицияны пайдалану тәжірибелік-өндірістік негізде әрі өнім көлеміне ғана байланысты.

2050 стратегиясы «мемлекетте өмір сүретін стратегиялық құжаттарды қайта өңдеуден өткізу» қағидатын қарастырады. Сыртқы ахуалдың қиындығы, дамыған мемлекеттердің экономикалық өсімді ұлғайту жұмыстарының әлсіздігі Қазақстандағы өнеркәсіптік өндірісті әртараптандыру үдерісін тежеп отыр. Бұл ұзақ және қысқа мерзімді дамуға бағытталған жаңа жоспарды түзуге әсер етіп отыр. Дәл осы міндетті Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 5 қыркүйегінде студенттер алдында оқыған дәрісінде атап айтты, ары қарай аталмыш міндет 2012 жылдың желтоқсанында ҚР Президентінің халыққа Жолдауында көрініс тапты.

ҚР Президенті: «Дағдарысты бастан кешіп жатқан халықаралық қауымдастықтар Қазақстанның алдағы бағытынан күмәнданбауы керек. Қазақстан мәселенің тиісті бағасын айтып, өз міндеттерін шеше алады», - деді.

Бір жағынан, «жаңа бағыт біздің байлықтарымыздың кең ресурстарын меңгеру арқылы біз өз әріптестеріміздің Қазақстанға да дәл сол көлемде техника жеткізуін талап етеміз. Тек қана осындай жағдайда өзгелерге өз елімізде жұмыс істеуге мүмкіндік береміз. Бұл экономикадағы жаңа бетбұрыс».

Н.Ә.Назарбаев ұсынған инвестициялық саясаттың жаңа бағыты жеке және мемлекеттік инвестициялық ресурстарды пайдаланудағы тиімділікті арттыру керек.

«Инвестиция нақты пайда әкелетін, бизнес үшін нақты жағдай жасалатын, жекеменшікке қол сұқпайтын, келісім-шарт міндеттері өзгермейтін салаға құйылады. Қазақстанның заманауи экономикалық үлгісінде пайда мотивациясы және кері байланыс әлемдік ірі корпорациялардағыдай болады», - деді Мемлекет басшысы.

«Біздің елімізде әрбір теңге тым құрығанда 10 тиын пайда әкелетіндей жұмыс істейтін уақыт келді. Әрбір корпорация, әрбір компания мемлекеттік қаржы пайда әкелу керек деген пайыммен жұмыс істеуі тиіс. Егер күллі Қазақстан ірі корпорация сияқты жұмыс істейтін болса, біз алға қарай жылжимыз».

Қазіргі таңда Қазақстандағы инвестициялық саланың жағдайы орташа. Тіпті, ең тиімді макроэкономикалық жағдайда мемлекеттің мақсатты бағыты болмаса да индустриаландыруда ілгерілеу болмайды. Инвестиция жекелеген сектордың қатысуымен нақты жүзеге асырылмайды, инвестициялау үдерісіне мемлекет тікелей араласып, негізгі, қаржылық нарықты бақылап, түсетін қаражатты бақылауда ұстауы тиіс. Мемлекет инвестор қызметін атқарып, инвестициялық қызметті толықтай қолында ұстайды.

Инвестицияның негізгі қаржылық көзі жеке қаражат болып табылады. Дегенмен соңғы он жылда жеке қаражаттың инвестицияға құйылған қаражаттың негізгі капиталға құйылу деңгейі жыл сайын азайып келеді. 2011 жылы жеке қаражат инвестицияның жалпы көлемінің 41 пайызын құрайды. Бұл көрсеткіш 2001 жылы 59,3 пайыз болатын.

Бюджеттік қаражаттың көлемі екі есеге ұлғайса, банктердің инвестициямен қаржыландырудағы ұзақ мерзімді несиелеу көлемі үш есеге ұлғайған. Шетелдік инвестицияның салмақты бөлігі әр кезеңде әрқилы бағытта дамыса, 2001 жылы 29 пайызды, 2010 жылы 27 пайызды құрады. Яғни, айтарлықтай өзгеріс жоқ. Өнеркәсіпке құйылған жалпы инвестицияның көлемі 100 млрд. АҚШ долларын құраған. Ал өндірістік секторға тек қана 20 пайыз, яғни 320 млрд доллар жұмсалса, тау-кен өндірісіне жалпы көлемнің 70 пайызы жұмсалды.

ҚР Президенті индустриаландырудың дамуына таңдаған бағыттың дұрыстығы мен маңыздылығын 2001-2011 жылдардағы инвестицияның технологиялық құрылымының сараптамасы да анықтап отыр. 2001-2011 жылдардағы негізгі капиталға құйылатын инвестицияның технологиялық құрылымында бірқатар өзгерістер бар, бірақ олар индустриалды-инновациялық дамудың міндеттерімен сәйкес келмейді.

«Құрылыс-монтаж» жұмыстары мен «көлік, құрылғы, инвентарь» сынды қос бағыттың ара салмағы да өзгерді. 2001 жылы құрылғы технологиялық құрылымда 37,5 пайызға ие болса, 2010 жылы КҚЖ (көлік құрылысы жұмыстары) көлемінің тұрақты дамуының арқасында «көлік және құрылғы» тек 26 пайызды құрап, құрылыс пен күрделі жөндеуге кеткен шығыннан аз болды.

Осылайша макроэкономикалық деңгейде жағдай ушыға түседі. Өйткені инвестициялық үдерістің технологиялық құрылымы әлсірей түседі, дегенмен тұрақтылық үдерісі он жыл көлемінде қарқын алады. Бұл негізгі қордың белсенділігін төмендетіп, экономикалық тиімділік пен еңбек өнімділігіне кері әсер етеді. Мұндай үдерістің қалыптасуы жоғары технологиялық өндірісте де көрініс тапқан.

Соңғы кездері Ресейдегі, Қазақстандағы әр деңгейдегі экономикалық пікірталастар барысында экономиканы индустриаландыру міндеттері бір-біріне қарама-қайшы тұрады. Бір жағынан, оның жаңғыртылуы сөз болса, бір жағынан, инновациялық шаруашылығының құрылымы сөз болады. Бұл екі міндетті қарсы қою дұрыс емес шығар, өйткені екеуі де бір міндетті айқындайды.

Кез келген мемлекеттің нақты шаруашылығы әрқилы өндірістік-технологиялық бағыттардың қосарлануын көрсетеді. Дегенмен бұл шаруашылық пен еңбек өнімділігінің тиімділігінің артуы high-end өндіріс пен технологияның тек даму көрсеткіші ғана бола алады деген сөз емес. Соңғы технологиялық серпінмен дамымаған өндірісте аса маңызды.

Түптеп келгенде, бұл экономиканың инновацияға деген сұранысын тұрақты арттырудың бірден-бір тәсілі. Тек осылайша біздің мемлекетіміз экономиканың тиімділігін арттыра түседі. Сонымен қатар, экономикалық өсімді қамтамасыз етіп отырған дамыған мемлекеттерден екі есе артта қалу көрсеткішін реттейді.

Қазақстанның өнеркәсібінде индустриаландыруға «экономикалық мақсат және ұзақмерзімге бағытталған мүдде», «инвестицияның пайда әкелуі және кері байланыс», «дамудың жаңа нүктелерін айқындау» сияқты прагматикалық бағыт ұстаудың базалық қағидаттарын қолдану тәжірибесі бар. Бұл бағытты кеңейту және жүзеге асыру жолдары «Қазақстан-2050» стратегиясында айқын көрсетілген.

Мемлекеттің индустриаландыру бойынша шикізаттық бағытта инвестициялық қызметті дамытуды тиімді және пайдалы жағынан құрылымдаудың анық көрінісі ретінде ENRC компаниясының еншілес компаниясы Қазақстан электролиз зауытын айтуға болады.

Бұл жобаның жалпы қаржысы 1 млрд. доллар көлемінде. Бұл поскеңестік кеңістікте іске қосылған тұңғыш жаңа металлургиялық кәсіпорын. 2010 жылы іске қосылған зауыт қазір көлемін арттырып, жылына 250 мың тонна жаңа алюминий шығарады. Қазақстан электролиз зауыты бұл технологиялық биіктіктің классикалық кәсіпорны. Бүгінде бұл зауыт отандық металлургияны жаулап ала алады. Бірақ ENRC компаниясы мемлекеттің стратегиялық міндеттерін орындау арқылы кәсіпорындардың өзара байланыс кешенін дамытуда.

Жуырда ҚЭЗ-да алюминий үшін анодтар шығаратын зауыт іске қосылды. Бұл Қытай мен Ресейден әкелінетін анодтар импортын алмастыратын жаңа кәсіпорын. Бұл зауыттың жалпы құны 300 млн долларды құрайды. Кәсіпорынның жобалық көлемі 137 мың тонна анод. Бұл Қазақстан электролиз зауытының қажеттілігін толығымен өтейді және әлемдік нарыққа шығуға қауқары бар зауыт.

Машина құрылысына келер болсақ, онда Қазақстанда бірігіп ашылған кәсіпорындарды айтуға болар. Қазақстан экономикасының жаңа индустриаландыруын дамыту үшін табиғи ресурстарды барынша тиімді пайдалану керек.

Әлемнің және аймақтың бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің арасына кіруді мақсат тұтқан мемлекет екі-үш салаға немесе технологияға иек артпауы тиіс. Қазақстан өнеркәсіптік өндіріс саласын кеңейтіп, тиісті орынға жайғасуы керек. Сондықтан, ең басты міндет – шикізаттық сала басымдыққа ие болған жағдайда бар кәсіпорын мен жаңа жобалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.

Кәсіпорынның әр тобына, салалық мүмкіндік жағынан ғана емес, бәсекеге қабілеттілік жағынан бөлінген кластерлерге мемлекеттік қолдаудың немесе қарама-қайшылық қолдаудың саралану саясатын жүргізу керек. Бұл ресурстардың мемлекеттік және өзге де түрлерін тиімді пайдаланып, мақсатқа аз шығынмен қол жеткізуге сеп болады. Нақты осындай прагматикалық бағыт «Қазақстан 2050» стратегиясының экономикалық, өнеркәсіптік және инвестициялық саясатына сай келеді.

Үшінші сын-қатер жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің қатері

*Жәлелева Р.З., э.ғ.д., доцент,
Ахметов М.Ж., жетекші экономист,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты*

Азық-түлік қауіпсіздігі – тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы қаупінен келетін шығынға тыйым салу жөніндегі шара жүйесі. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу кезінде көбінесе азық-түлік саласын дамыту қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының азық-түлік саласы мемлекетте азық-түліктің негізгі ресурсын қалыптастырады. Бұл арқылы әрбір адамға ауадай қажетті, күнделікті

тұтынатын азықтар пайда болады. Мұнымен қоса, азық-түлік саласы Қазақстан тұрғындарының айтарлықтай бөлігінің жұмыспен қамтылу саласы ретінде қарастырылады. Яғни, бұл азаматтардың өзі және отбасының өмірін қамтамасыз ету жолында ұдайы еңбекпен айналысуына жол ашады.

Қазіргі жағдайда азық-түлік саласының маңыздылығы өз мемлекетінің азаматын сәйкесінше азықпен қамтамасыз етудің қажеттілігін шектемейді. Мұнда азық өндіруді шектеуге байланысты әлемдік деңгейдегі азық-түлік мәселесі, оның әлемнің кейбір бөлігі тұрғындарына жетіспеушілігі, сондай-ақ азықты аз тұтыну аштық пен жоқтықтың туындау себептеріне әкелетіндігі туралы мәселе шешіледі. Мұның ауқымы айтарлықтай маңызды. Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сәйкес, жер шарының тең жартысына жуығы күніне 2 АҚШ долларынан төмен, ал тұрғындардың бестен бірі одан да аз, яғни күніне 1 АҚШ долларын жұмсайды екен.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әлеуеті ғаламдық кеңістікте және нашар дамыған елдерде, әскери қақтығыс орындарында, табиғи және экономикалық апат жағдайында орын алатын әлеуметтік және экономикалық дағдарыстар және т.б. болуы мүмкін азық-түлік дағдарысына тойтарыс ретінде құрылады. Осы аталған жағдайларда біздің мемлекеттің азық-түлік саласы азық-түлік қауіпсіздігінің әлемдік қоғамдастығын қалыптастыратын бірден-бір қатысушы ретінде біріккен қорға өзінің азық-түлік ресурстарын, ең бастысы, астықты береді. Қазақстан Республикасының азық-түлік саласы қазіргі жағдайда ауқымды экономикалық жүйедегі мәселелерге рұқсат беру және қамтамасыз етудің құрамдас элементі болып табылады.

Ұлттық экономиканың азық-түлік саласы қаржы мен еңбектің дәстүрлі саласы болып саналады. Бұл оның қызмет етуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін айтулы әлеуетке қол жеткізу. Әуелгі кезекте мемлекеттің көптеген бөлігі ауылды жерлерде тұратын. Әрине, олардың өнеркәсіптік өңдеу және тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз етуге байланысты тұтыну нарығына жол бастайтын ауыл шаруашылық өнім өндірумен айналысатыны сөзсіз. Сол себептен бұл сала тұрғындар тұтынатын, сондай-ақ өнеркәсіптік өңдеу мен азық-түлік өнімін алу үшін өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің пайда болуымен байланысты ауыл шаруашылық өндірісті қамтиды. Бұдан шығатын нәтиже, азық-түлік саласы өнеркәсіптің қайта өңдеу саласын қосып алады. Яғни, одан тұтыну нарығына түсетін азық-түлік тауары өндіріледі. Соңғысы, азық-түлік саласы талапқа сай өнімдерді айналымға шығаратын шаруаға да әсер ететінін көрсетті. Соған байланысты барлық анықтылықпен, ол өзіне азық-түлік тауары мен кейінгі тұтыну үшін қызметті сату-сатып алу операцияларын жүргізу бөлігіндегі тұтыну нарығын сіңіріп алады деп айтуға болады (Сурет).

А. Ұйымдастырушылық элементтер

Азық-түлік саласының дамуымен байланысты халықаралық құрылымдар:
Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымдары ОНН (FAO);
Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ);
Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO)

Азық-түлік саласын дамытуды реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік құрылымдар:

Үкімет
Парламент

Соның ішінде:

Ауыл шаруашылығы министрлігі;
Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;
Экономикалық даму және сауда министрлігі;
Қаржы министрлігі;
Стандарттау жөніндегі комитеті

Азық-түлік саласының құрылымы:

- ✓ Ауылшаруашылығы өндірісі (өсімдік және мал шаруашылығы);
- ✓ Өнеркәсіптік өндіріс;
- ✓ Азық-түлік нарығы

Азық-түлік саласының инфрақұрылымы:

Нарықтық инфрақұрылымы – банктер, маркетингтік қызмет, ақпараттық қызмет және т.б.;
Әлеуметтік инфрақұрылымы – ауыл тұрғындарының өмір сүруін және ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтамасыз етумен айналысатын ұйымдар;
Өндірістік инфрақұрылымы – транспорттық өндірістікті қамсыздандыру

Б. Азық-түлік саласындағы элементтердің өзара әрекеті

Азық-түлік саласын реттейтін ішкі жүйе мыналар:

- ✓ Халықаралық ұйымдар;
- ✓ Ұлттық құрылым: Үкімет, парламент

Тіке
байланыс

Кері
байланыс

Азық-түлік саласын реттейтін ішкі жүйелер мыналар:

- ✓ Ауылшаруашылық бірлестік, фермалар, қосалқы шаруашылық және т.б.;
- ✓ Азық-түлік кешендері, бірлестіктер және т.б.;
- ✓ Тұтыну нарығы

Сурет - Қазақстан Республикасындағы ұлттық экономиканың азық-түлік саласын қалыптастырудың ұйымдастырушылық үлгісі

Нарықтық қарым-қатынастардың басталуы кезінен Қазақстан Республикасының азық-түлік саласы бірқатар маңызды өзгерістерді бастан өткерді. Атап айтқанда, ауқымды деңгейде өзінің таңбасын қалдыру арқылы өндіріс құрылымы, сұраныс арақатынасы және отандық нарықтағы ұсыныс, Қазақстандық және шетелдік өндіріс тауары есебінен ұсынысты қалыптастыру, азық-түлік өнімдері бағасын белгілеу және т.б. шараларды ұйымдастырды. Осы тұста тиісті өндірістің ауқымы мен көлемі айтарлықтай деңгейде төмен жағына қарай өзгергенін ескермеуге болмас. Бұл көп жағдайда жеке меншіктің пайда болуын қосқандағы бұрынғы қайта өзгерген жағдайды елестететін азық-түлік саласын дамытудың әлеуетті ресурстар базалық параметрінің өзгеруімен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы айналымының нәтижесінде оның қысқаруына әкелген жер ресурстары алынып тасталды. Қайта өңдеуге ауыл шаруашылығы шикізатын жеткізуші болып табылатын алпауыт ауыл шаруашылығы өндірушілердің орнын ұсақ ауыл шаруашылық өндірушелері, фермерлік шаруашылық пен жеке фермерлер басты. Мұнымен қоса, ауыл шаруашылық саласы ірі ет комбинаттары, сүт өндіретін зауыттар және т.б ауқымы бойынша қайта өңдеу қуатының едәуір бөлігін жоғалтып алды.

Азық-түлік өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын және оны тұтынушыларға жеткізудің салалары мен қызмет ету аумағының өмірге төзімділігі азық-түлік саласын дамытудағы мемлекеттік басқарудың мүдделігімен анықталады. Сол себептен де, шетелдік тәжірибедегідей, мемлекеттік басқарудың реттеу органдары тарапынан көңіл бөлушілік пен үлкен қамқорлық экономиканың осы секторларында қолайлы жағдайдың туындауына әкелді. Мысалы, барлық дамыған мемлекеттерде ауыл шаруашылық өндірісі осындай деңгейде көңіл бөлетін салаға кіреді.

Азық-түлік өнімдерін құру үдерісінде оның сақталуын, қайта өңдеу және кейінгі тұтынушыларға жеткізуді, көтерме және жеке сатып алушыларға айналымды болашақта да қамтамасыз ету барысында өндірушілерге көмек беріп, қолдау көрсетуге мемлекет тарапынан қаржы құйылады. Көптеген мемлекеттерде азық-түлік саласы мен секторлардың дамуына мемлекет тарапынан қосымша қаражат қарастыруды ұсынатын дотация тетігі қызмет етеді.

Мұндай ерекше көңіл бөлу әлемде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды жүзеге асыру керек деген түсінік қалыптасуымен байланысты. Яғни, ғаламдық уайым мәртебесіне ие болған бір мемлекеттің мәселесі кеңістіктен шығып және оны шешу барысында азық-түлік өнімінің тапшылығын қатты сезініп отырған мемлекет тұрғындарының болашағы мен тағдыры белгілі болады.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесіндегі зерттеулер жөніндегі көптеген жарияланымдарда үнемі олардың байланыстағы орны мен тәуекелділігі және экономикалық қауіпсіздікке әсері, сол сияқты тиімділік пен нәтижелілікті арттыру үшін ары қарай дамыту мен азық-түлік саласын кеңейтудің қажеттілігі мен маңызы баса айтылатыны тегін емес.

Азық-түлік саласының тұрақты дамуы және оның нақты бағасын белгілеу, осы салада сұраныс пен ұсынысқа сәйкес тұтыну нарығын кеңейтіп, ойдағыдай жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Демек, бұл арқылы өз мемлекетіміздің тұрғындарының қажеттілігін өтеп, ауқымды азық-түлік қауіпсіздігі қорын қалыптастыру үшін ресурстарға ие болу - ұлттық жүйе мен ғаламдық құрылымдарды мемлекет тарапынан реттеуді қамдау мен айтулы деңгейде көңіл бөлудің негізгі көзі болып табылады. Бұл салада тек осы жол ғана, тіпті ғаламдық тұрақсыздық жағдайында немесе дағдарыстан кейінгі кезеңде де өнімділікпен және табысты дамумен қамтамасыз етуі мүмкін. Яғни, бұл тұтыну өнімдеріне деген сұранысты арттырудың жаңа толқынына әкеліп, іле-шала нарықта оның сұранысын кеңейту мәселесі тұрады.

Ұлттық экономикадағы азық-түлік саласы өнімінің құн мәселесіне деген қолайлы рұқсат оның экспантеграциялық әлеуетін жүзеге асыру үшін шарт құрып, Қазақстандық өндірістің азық-түлік өнімдерін ТМД мен алыс шетелдің сыртқы нарығына жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Отандық өндірушілердің осындай өнімдерді жеткізуде тәжірибесі бар. Шаруашылықтың әкімшілік жүйесі әрекет еткен жылдары қазақстандық азық-түлік өнімдері басқа да республикаларға бағытталып отырды. Қазіргі жағдайда қарым-қатынастың осы түрі сақталып, тіпті көп ауқымда кеңейіп келеді. Атап айтқанда, азық-түлік өнімдерін өндіріп, жеткізетін қазақстандық өндірушілер мен жеткізушілермен бірге іскерлік экспорттық-импорттық байланыстар орнап, сауда агенттерінің тобы арта бастады. Олар негізінен жеңіл ас өнімдерін экспорттық жеткізуді кеңейту бағытында алыс шетелдермен саудасын дамыта алады.

Азық-түлік өнімдерінің сыртқы тауар нарығында белсенді өзара әрекет етуі және олардың тұтынушылық ұсыныстарына қатысуы, жеңіл азық-түлік өнімдері сияқты бәсекеге қабілетті және сапалы өнім қатарына кіретін Қазақстандық өнімді тауар нарығына шығару жұмысы көбінесе жарнама мәселесі арқылы анықталады. Мәселені осылай шешу бағаның үстіндегі қосымша пайданы табудың нақты қайнар көзі болып келеді. Бірақ та аталған өнім шетелде онсыз да жоғары нарықтық бағада айналымға түскен және «баға – сапа» арақатынасы тауар мен қызметте сапалы параметрлерді күшейту үшін жақсы ынталандыру болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта экологиялық басымдықтарға қатысы бар жоғары сапалы сипаттамасына ие өнім, яғни, дүниежүзіндегі экологиялық таза өнімге көбінесе дамушы мемлекеттерде ең жоғары бағаны қою үрдісі қабылданған. Мұның негізінде олардың сөрелері мен біздің саудада жақында ғана әртүрлі үлгіде шыққан және Қазақстандық өнімнің экологиялық сапасы жағынан түрлі түрленген өнімнің саны артты. Бұлар талай зерттеу жүргізілген жылдар бойы алынған технология мен дайын ереже көмегімен өндірілген. Бұл сыртқы нарық пен тек қана экологиялық таза бағасын беретін тұтынушылар үшін өнімді толыққанды бәсекеге қабілетті және тартымды етеді. Мұндай тұтынушылар аз емес және олардың саны артып келеді. Тағы бір айта кетерлігі, бұл өнімге деген сұраныс өсіп жатыр. Осы жағдай азық-түлік өндіретін Қазақстандық өндірушілерге сыртқы нарықта өз өнімін өткізуге байланысты жарнаманы батыл түрде пайдалануы керектігін көрсетеді.

Ұлттық экономиканың азық-түлік саласындағы сапа басымдығына, экологиялық және бәсекеге қабілеттілікке ие Қазақстандық өнім басқа мемлекеттерде өзінің лайықты орнын алуы мүмкін. Сондай-ақ, жоғары сапалы отандық тауар өндіруші-жеткізушілердің амбициясы негізінде және экспантациялық мақсаттарды жүзеге асыру ісінде жолсерік болуы ықтимал. Сәйкесінше, мұндай өнім өндіруден туындайтын шығындар сыртқы нарықта сатып алынады. Алайда, осы нарықтағы экологиялық өнімнің баға параметрі батыс еуропалық мемлекеттерде сауда алаңының көп бөлігін алып жататын, сондай-ақ экологиялық жағынан белгісі жоқ өніммен салыстырғанда, айтарлықтай жоғары.

Бұл ескертулердің бәрі дәліздерде жүзеге асуы тиіс. Себебі Отандық өндірістегі өндірушілер мен тұтынушылардың мүддесін қорғайтын азық-түлік өнімінің бағасын реттеудің қажеттігі жөніндегі жағдайды ілгері жылжытады.

Сондықтан азық-түлік бағаларында өндірушілер айналымға шығару үшін шығынды өтеу және қызметтің осы түрінің дамуын ілгерілетуге деген қызығушылықты қамтамасыз ететін өнімде олардың шығыны мен үстемесі болуы қажет. Мұнымен қоса, өнімге деген баға халықтың тұтыну бюджеті көлемін есептеуді және азық-түлік өніміне қол жеткізуде ақша шығындау жөніндегі шынайы мүмкіндіктерін қадағалау керек.

Нарықтық тұрақсыздық жағдайында мемлекеттік шаралар жүйесі жасақталды. Бұл кезеңнің ауыр тиген мәселесін жеңуге, шағын және орта кәсіпкерліктің аяғынан тік тұруына ықпал етеді. Осылайша, дағдарыстан кейінгі кезеңге қазақстандық азық-түлік өндірушілер мен жеткізушілерге мемлекеттің ішінде және сыртқы тұтыну нарығына байланысты көзқарасты айқындап, тұрақты түрде өсу үшін күш жинауға әлі уақыттың керектігі байқалады. Соған қарамастан, жақын болашақта азық-түлік өнімі отандық өндірісінің жағдайы біздің мемлекеттің Дүниежүзілік сауда ұйымына

кіруімен байланысты жаңа сынақтарға әкеледі. Бұл қазақстандық тараптың ДСҰ кеңістігінде толыққанды қатысушы ретінде өзара әрекет ету үдерісінде болуды қажет етеді. Яғни, барлық отандық кәсіпкерлік саласында осы ұйым қабылдаған жағдай импорттық өнімді кең ауқымды түрде сату үшін шекараны ашып, сол арқылы бәсекелестіктің қатаң талаптарына дайын емес отандық өндірушілерге қысым көрсетеді.

Ұлттық экономиканың азық-түлік саласы дамуының айтарлықтай әлеуетіне ие Қазақстан Республикасы үшін, мәселен, еңбек ресурсы, жер ресурсы арқылы өз тұрғындарымызды азық-түлік тауарлары және қызмет түрімен қамтамасыз ету көзқарасына қол жеткізу жеткіліксіз. Себебі, осы саланы нақты түрде дамытуға және Қазақстандық өнімді тек мемлекеттің ішкі нарығында ғана емес, Қазақстаннан тысқары жатқан мемлекеттерге шығару мүмкіндігі бар.

Соған байланысты, қазіргі кезеңде стратегиялық басқарудың заманауи әдістерін пайдалану арқылы ұлттық экономика басқару жүйесін жүзеге асырудың аса қажеттігі туындайды. Бұл дағдарыстан кейінгі даму шартын қайта қосумен бірге дағдарысқа қарсы басқарма тетігін нығайту міндеттелген кезде постдағдарыстық басқару жүйесін қосу талап етіледі. Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасы азық-түлік саласының ұйымдастырушылық өзгеруінің ең негізгі жағы ретінде, оны құрайтын құрылымында өнімді жеткізуді жүзеге асыратын, сондай-ақ көтерме және жеке сауданы есептегенде сату-сатып алу актісі құрылымы жасалып, онда сектор көзқарасы күшейе түседі. Мұның бәрі азық-түлік саласында өнім өндірушілердің болашағын кіммен байланыстырғысы келетіне байланысты екпіннің араласып кетуіне әкелді. Қандай жағдай болмасын іске асырушылардың көзқарасы мемлекеттік басқарудың қосымша қолдауына мұқтаж ауыл шаруашылық өндірушілермен салыстырғанда, айтарлықтай пайдалы болды. Дүниежүзінде реттеуші шаралар жүйесін қалыптастыратын, даму мен оның қызмет ету шартын қолайлы етуді ұйымдастыратын экономиканың бұл секторы мемлекеттің негізгі қамқорлығына алынғанын ескеру керек және де экономиканың бұл секторы экономикалық шешімдер мен өндіріс қызметінің тиімділігін үнемі байланыстырмайды. Осы ескертудің бәрі азық-түлік саласының нәліктен Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасы дамуының басымдықты саласына жататынын түсіндіреді. Бұл дағдарыс жылдарынан кейін және азық-түлік саласында жаңа шарттарға бейімдеуді дағдарыстан кейінгі кезеңде басқару жүйесіне айтарлықтай көңіл бөлуді қажет етеді. Оның мақсатына келсек, барлық белгілеудің қажетті элементтерден тұратынын өнімді түрде қызмет етуін және қазіргі жағдайда даму тапсырмаларын орындау барысын қадағалайды.

Аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды теңестірудің жаңа тетіктері

Нұрланова Н.Қ.,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты
директорының орынбасары,
э. г.д, профессор

«...бізге аймақтарда әлеуметтік-экономикалық жаңа тиімді тетіктерді теңдестіру керек».

Еліміздің Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ең басты мақсатқа қол жеткізу жөнінде: «...2050 жылы Жалпы Еңбек мүмкіндіктері мен экономикалық даму бойынша мықты мемлекет негізінде қайырлы Қоғам құруда ... аймақтарда әлеуметтік-экономикалық шарттарды теңдестіруде жаңа тиімді тетіктерді белгілеу керек».

Шын мәнінде, ХХІ ғасырда ұлттық дамудың тұрақтылығын жалғастыру тек жекелеген аймақтық мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық жағдайда теңгерімсіздікті қысқарту жолымен ғана болады. Соған қарамастан, Қазақстанның кеңістіктік дамуының ерекшелігі, оның жекелеген аймақтарында әртүрлі басталу деңгейі, құрылымдағы әртүрлілік пен шаруашылықты мамандандыру, нарық реформасы жүзеге асқан жылдары дағдарыстық үдерістердің тереңдігі, қарқыны мен мәселелердің өткірлігі сынды түйткілдерді жүзеге асыру олардың жіктелуіне терең мүмкіндік беретін біздің мемлекеттік аймақтарына тең емес шарттарды алға шығарды.

Қазақстан табиғи және экономикалық әлеуетті қамтамасыз ететін аймақаралық ерекшеліктері бар мемлекет болып табылады. Бұл инвестициялық мүмкіндіктерді, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын қамсыздандыру экономикалық даму деңгейінде көрінді. Демек, мұнай және газ сияқты маңызды энергетикалық ресурстар мемлекеттің батыс аймақтарына топтасқан. Мәселен, Қарағанды және Шығыс-Қазақстан облыстарындағы әлемдік нарықта бағасы белгілі түсті металл қазбалары. Бұл аймақтық өнімнің жалпы өнімі бойынша аймақтар арасында жан басына шаққанда жоғары айырмашылықтың нәтижесінде 10-11 есені, ал негізгі капиталдағы инвестиция көлемі бойынша 50 есені құрады. Мұндай жағдай экологиялық және әлеуметтік-экономикалық өткір мәселелерге толы аймақтардың пайда болуы сияқты басқа да жағымсыз ағымның туындауына әкеп соғады.

Бәсекеге қабілеттілік артықшылығы бойынша аймақтар бөліне бастады, нәтижесінде солтүстік пен оңтүстік аймақтарында аграрлық

саланың жеткілісіз дамуына әкелді (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары және т.б.).

Сондықтан да еліміздің Президенті өзінің халыққа Жолдауында: «Қазір бірқатар аймақтардың экономикалық баяу дамуы жұмыссыздықтың өсуіне әкеледі. Тұрғындар табысын екі шетті деңгейге әкеледі». «... біз аймақтарды дамытуда әлеуметтік теңсіздіктер мәселесін шешу жағына көңіл бөлуіміз қажет».

Республика аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үйлеспеушілік басқа да өнеркәсіптік өндіріс, ауыл шаруашылығы және т.б. көлемін айқындайтын көрсеткіштердің куәсі бола алады.

Нәтижесінде Қазақстанда тәуелсіздік алған және нарықтық қайта жасау жылдары аймақтардың жаңа иерархиясы құрылғанын айтуға болады. Егер бұрын мемлекеттің экономикалық қырын индустриялық аймақтар, атап айтқанда, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары анықтаса, ал қазір экспорттағы отын өндіретін аймақтар, сондай-ақ банктік-сауда капиталдары шоғырланған (Астана және Алматы қалалары) аудандар басымдыққа ие.

Сонымен, республиканың өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінде Атырау облысының үлесі соңғы он жылда 11,6 есеге өссе, Маңғыстау облысының үлесі 4,3 есеге артты. Сол уақытта Шығыс Қазақстан облысының үлесі 13,8 пайыздан 5,3 пайызға төмендеді.

Аймақтарды дамытудың экономикалық тепе-теңсіздігі Қазақстан аумағында әлеуметтік жіктелу деңгейін сақтауға себепші болды.

Белгілі болған аймақтық айырмашылық әр тұрғынға шаққандағы ақшалай табыстың және жұмыссыздықтың деңгейінің көрсеткіштері арқылы бақыланады. Сонымен, жоғары (Маңғыстау облысы) және төмен деңгейдегі ақша кірісінің айырмашылығына келсек, әр тұрғынға шаққанда 2,8 есені құрады. Алматы қаласындағы жұмыссыздық деңгейі Маңғыстау облысына қарағанда 1,2 есеге азайған. Сол себептен Қазақстанның аймақтық даму саласында нарықтық реформалар жүргізілуіне қарамастан, бұл саладағы негізгі түйткілдер мыналар болып қала береді. Олар:

- экономиканың «шикі» және «шикі емес» бағытындағы аймақ арасындағы тұрғындардың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жөніндегі жоғары топтасу;

- орташа республикалық деңгейден өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері бойынша аймақтардың артта қалуы; қалалық және ауыл халқының өмір сүру деңгейі шикізат өндіруші аймақтарды қосқанда өсім алшақтығы байқалады;

Бұрынғы даму баспалдағынан мұра ретінде қалған және жаңа саяси экономикалық жағдайда кездесетін маңызды аймақтық мәселелерге қол жеткізу мемлекеттің аймақтық саясатын түзетуді және оны жүзеге асыруды талап етеді.

Сондықтан біздің мемлекетіміздің басшысы Қазақстан халқына Жолдауында аймақтарда әлеуметтік-экономикалық жағдайды теңестірудің қажеттігі және оны жүзеге асыруда жаңа тиімді тетіктерді қалыптастыру туралы дер кезінде міндет жүктеді. Бұл тапсырмаларды экономикалық өсу жағдайында тек аймақтың экономикалық дамуын теңестіруді ғана емес, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі халықтың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ету үшін аймақтық саясат жаңа амал, мақсатқа бағытталған.

Экономикалық үдерістер мен ғаламдық мәселелердің өсуі әсерінен пайда болған жаңа жағдайда жаңа аймақтық саясат мынадай амалдармен көрсетілуі керек.

Біріншіден, жергілікті деңгейдегі билік пен өзін-өзі басқаруда орталықтандырылмаған бастамаларды қолдауға мемлекет тарапынан қайтарымсыз субсидия беруге көшу. Мұндай саясат өзін-өзі ақтады және Италия, Қытай сынды мемлекеттерде оңтайлы нәтиже берді.

Екіншіден, кедей тұратын аймақтарды көтеру мен қолдау көрсету, ал мемлекеттің нашар өмір сүретін солтүстік-шығыс аймағына әсер ететін Бразилияның белсенді аймақтық саясатында көрініс тапты.

Үшіншіден, аймақ пен мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және аймақтардың «өсу нүктесінің» дамуына көмектесу секілді кешенді амалдарды қабылдаудан туады. Осы әдіс кезінде инвестиция көбінесе ғылыми-техникалық салаға және инновациялық жаңалықтарға, адами капиталға көп көңіл бөлінеді. Себебі, мұндай қолдаудың үнемі қайтарымы болады.

Төртіншіден, қазіргі әлемдік экономиканың ауқымы кеңейген уақытта өндірістік күш құрылымының қалыптасуына алып келетін айтарлықтай кең қолданылатын амалға қол жеткізілді. Яғни, дәстүрлі элементтер қатарында жаңа, атап айтқанда ақпараттық, институционалды, ұйымдастырушылық, географиялық жағдай және т.б.

Аймақтық саясатты жүзеге асыру бағытындағы атап өтілген амал-әрекеттер аймақтар шаруашылығын жаңашаландыруға, экономикалық өсімнің артуына, әлеуметтік даму мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталады.

Жаңа аймақтық саясаттың негізгі міндеттері мынадай болуы қажет:

- аймақаралық кооперацияның қарқындауы және белгілі мемлекеттермен және олардың аймақтық топтарымен тиімдік әріптестік орнату негізінде экономикалық кеңістіктің тұтастығын нақтылай түсті;

- аймақтардағы тұрақты экономикалық көрсеткішті қамтамасыз ету негізінде адами, табиғи-ресурстық, өндірістік-техникалық әлеуетті, бәсекеге қабілетті басымдықтар мен аймақаралық және халықаралық әріптестіктің мүмкіндіктерін тиімді қолдану;

- экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі бойынша аймақтардың жақындасуын қалған аймақтардың экономикалық әлеуетін ынталандыру жолы бойынша жоспарлау.

Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауында мынадай тапсырма қойылды: «Біз мемлекетіміздің ұзақ мерзімді әрі қарай дамуында векторды күшейтуіміз керек», «жаңа шақыртуларды лайықты қабылдау үшін Стратегия-2030 шеңбері жеткіліксіз. Бізге жоспарлаудың мүмкіндігін кеңейту маңызды».

Тұрақты шекаралық дамуға бағдарланған аймақтық стратегия ұзақ мерзімді болу керек (10-15 жылдан кем емес), себебі, аймақтық мәселелер ұзақ жылдар бойы қалыптасады және біртіндеп шешіледі. Сондай-ақ, Қазақстанның жаңа аймақтық саясатының жүзеге асуы үшін көлік және энергетиканың дамуы және жанартылуы, жаңа аймақтардағы табиғи ресурстарды игеру, ресурсты үнемдеуді есепке ала отырып, «жасыл экономика» үлгісіне өтуге барлық аймақтарды дайындау, қоршаған ортаны қорғау және өмір сапасын арттыру қажет. Ол үшін кем дегенде 15-20 жыл қажет және осындай ұзақ мерзімді шекаралық даму мәселесін зерттеу еліміздің жалпы аймақтық даму саясатының келесі мерзіміне негіз бола алады.

Аймақтық саясатты жүзеге асыратын уақытша жоспар үш кезеңнен тұрады:

1) өтпелі кезеңнің аяқталуы, шекаралық дамуды басқаруды жетілдіру, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын құру және дамыту;

2) өндіріс, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, табиғатты пайдалану және экология саласында сапалы өзгерістерге әкелетін ауқымды бағдарламаларды жүзеге асыру;

3) көп аймақтардың тұрақты даму траекториясына шығу.

Бірінші кезеңнің тапсырмаларына аймақтағы экономикалық артта қалушылықты жоюды жылдамдату, ондағы негізгі институционалдық қайта құруды бітіру, аймақтық дамудағы қайырымдылық факторларын пайдалану, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын құру және дамыту кіреді.

Бірінші кезеңнің өзінде аймақ арасындағы даму дәрежесі артта қалған өзге аймақтарды дамыту және бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру, аймақаралық әкімшілік және экономикалық кедергіні жою негізінде аймақаралық бірігуді жеделдету арқылы 1,5 есе қысқартылуы керек.

Тұрақты экономикалық өсу кең көлемде қаралған жағдайда, қазақстандық аймақтардың біріктірілген экономикалық даму үрдісі басым түседі және бұл жақын арада орындалуы мүмкін. Аймақтық саясаттың барлық орындалу кезеңіндегі негізгі мақсаттарының бірі еліміздің экономикалық тұтастығын нығайту қажеттігі.

Қазақстан аймақтарының теңдессіз дамуына әртүрлі аймақтар үшін өтпелі кезеңді жалғастыруымыз қажет. «Күшті» аймақтарды жылдамда-тып дамыту жалпы қазақстандық экономикалық көрсеткіште жылдам өсім көрсетуі мүмкін, алайда, аймақтардың жіктелуін күшейтеді және еліміздің жергілікті дамуын төмендетеді.

Аталған жағымсыз үрдісті жеңу үшін ұлттық дәрежедегі аймақтық саясаттың басты бағытын анықтау қажет. Олар төмендегідей болуы керек:

- Ішкі және сыртқы фактор, экономиканың мемлекеттік және жеке секторлары –аймақтық қозғалыс күшінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету, бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру, өндіруші күштің ішкі бірігуін қамтамасыз ету;

- экономиканы басқаруда жергілікті, аймақтық және республикалық дәрежеде тиімді байланыс, жалпы мемлекеттік және аймақтық аспектілерді тұрақты дамыту;

- аймақтық сәйкессіздікті жеңілдету; артта қалған және депрессиялық аймақтарды көтеру; кішкене қалаларды қайта өркендету, әлеуметтік объектілерді және қоршаған ортаны қалпына келтіру;

- аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану және ондағы «жасыл экономиканы» қалыптастыру;

- жана нашар дамыған аудандарды және ресурстарды меңгеру, қараусыз қалған жерлер және ауыл шарушылық пайдалы жерлерді игеру;

- аймақтың экономикалық мүмкіндігіне тәуелсіз тұрғындарды әлеуметтік тең қорғауды және бірыңғай төмен әлеуметтік стандартты қамтамасыз ету;

- аймақтағы қиын табиғи, экологиялық жағдайлар және шикізат мамандығының артықшылығымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру;

- қатаң экологиялық стандарттарды сақтау және экологиялық ахуалды тұрақтау;

- шаруашылық аймақтағы үдемелі құрылымдық ілгерілеуді ынталандыру; аудандағы экспорт және импорт өнімдерін дамыту, аймақтық орталықтарға ғылыми жетістіктерді ендіруді қалыптастыру; технологиялық, экономикалық және әлеуметтік үдеуді жеделдету;

- өзіне тән ерекшелігін негізге ала отырып, нарық пен кәсіпкерліктің дамуына барлық өңірлерде жағдай жасау;
- экологиялық шектеулерді есепке ала отырып, аймақтардағы өнімдік құрылымдарды тұрақты дамудың талаптарына бейімдеу;
- миграциялық ағымды реттеу және орнықтырудың жалпы Қазақстандық жүйесін қалыптастыру;
- көлік пен энергетиканың магистральды инфрақұрылымын дамыту;
- көлік-шекаралық экономикалық әріптестікті дамыту. Қазақстанның экономикалық кеңістіктегі интеграциясы үшін және жаһандық экономикадағы интеграция бағытында маңызды рөлді трансконтинентальды коммуникациялық жобалар атқарады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген міндет - барлық мемлекеттік және салалық бағдарламаларды аймақтарды дамыту бағытындағы міндеттерді шеше отырып синхрондау, аймақтық саясатты жоғарыда көрсетілген бағыттарын ұлттық деңгейде орындау кезінде ғана жүзеге асады. Салалық стратегиясы мен аймақтық дамудың стратегиясын үйлестіру мен синхрондау кезінде ашық әрі нақты реттеу жүйесі қажет. Ең алдымен, аймақтық даму саласында жұмыс жасайтын мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру қажет. Мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды іске асырудың бірыңғай тетіктері жасалуы қажет.

АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі ескі, бірақ қазіргі күнге дейін маңызды элементтерін үлгі ретінде алу орынды болып табылады. Өткен ғасырдың 30-жылдарында Теннеси өзенінің жағасы АҚШ-тың күйзеліс аймағы болып саналатын. Бұл аймақты дағдарыс жағдайынан шығару үшін Рузвельттің өтініші бойынша АҚШ Конгресі «Теннеси жазығының әкімшілігі» атты мемлекеттік корпорация құрды. Ол қазір де 100 пайыздық мемлекеттік капиталмен жұмыс істеуде. Әрине, бұл тәжірибені асықпай зерттеп, одан үлгі ала бастау қажет. Аймақта екінші параллельді басқару әкімшілігін жасау тым қауіпті. АҚШ-тың мемлекеттік корпорацияларының жұмыс атқаруының (Теннеси әкімшілігі жалғыз емес) бір элементін үлгі ретінде алуға болар еді. Жеке алғанда, айтылған корпорацияларға кепілденген мемлекеттік облигацияларды шығаруға құқық беру туралы. Мұндай құқықты жергілікті басқару органдарына беру орынды болар, себебі ол бұл бағдарламаларды іске асыруға бюджеттен тыс қаржылық ресурстарды өсіруге көмектесер еді.

«2013 жылы біз орталық пен аймақтар арасындағы жауапкершілік және өкілдіктің ара-жігін айыратын нақты шараларды қабылдап, жергілікті атқарушы органдарды қуаттандыруымыз керек».

Билік органдарының өкілдігі қаржылық және кадрлық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Жергілікті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, халықты әлеуметтік қамтуды ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарды өткізу, табиғатты пайдаланудың тиімділігін бақылау үшін жергілікті басқару органдарының белгілі бір өкілдіктері мен қаржысы болуы тиіс. Ол үшін салық жүйесінде келіп түскен қаржыларды барлық басқару деңгейлеріне тепе-тең бөлінуін және барлық атқарылуға тиіс шаралардың қаржыландылуын қадағалайтын нормативтерді қарастыру қажет.

Әлеуметтік-экономикалық қиын жағдайда өмір сүріп жатқан аймақтарға шаруашылықтың жеңілдігі бар тәртіптеме енгізу жөн. Мұндай жеңілдігі бар тәртіптеме табысқа деген салықтың төмендеуіне алып келеді. Онымен қоса азаматтарды әлеуметтік қорғауға қаражат республикалық бюджеттен бөлінуі тиіс. Бұл жерде білім беру, денсаулық сақтау, балаларға берілетін ақшалай көмек пен қаржылық қолдау туралы және тәртіпті сақтау туралы айтылып тұр. Шекаралардың мемлекеттік бюджеттен тәуелділігі артуы мүмкін, егер жергілікті басқару органдарында нақты мақсат пен осы нақты аумақ ғана басты жағдайлар көзделмеген жағдайда. Аймақтық бағдарламаларды жасауға деген жаңа көзқарас өкілдіктің мемлекеттік деңгейден аймақтық деңгейге көшуін көздейді. Шекараның экономикалық тиімді басқару жағдайын жасау мақсатында аймақтық басқарудың қағидаттары мен құрылымын өзгерту туралы айтылады.

Бюджеттен шығару және субвенция арқылы жүзеге асатын бюджетаралық реттеу тетігі қажетті бюджеттің тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Бюджет-салық жүйесінің қайта үйлестірілген тетігінің кемшілігі - ол әлсіз аймақтардың экономикалық дамуын қамтамасыз ете алмайды және аймақаралық теңсіздікті сақтайды. Негізгі құралы бюджетаралық трансферт жүйесі болып табылатын қалыптасқан бюджетаралық қатынас жүйесі өзіне жүктелген облыс, қала, аймақ деңгейіндегі бюджеттік теңестіру қызметін атқара алмайды.

Аймақ-орталықтардағы қаржылық ағымның тиімділігін көтеру үшін мыналар қажет:

а) республикалық бюджетке бағыттайтын салықтық және салықтық емес түскен қаржыларды аймақтың өзіне барынша қалдыруға негізделген қарама-қарсы ағымдарды оңтайландыру;

б) салықтық түсімдерді қайта қарастырып, жаңадан үйлестіріп, аймақтық бюджеттің өз үлесін арттырып, аймаққа қаржыны көбірек қалдыруға тырысу;

в) бюджетаралық теңестіру жүйесін жеңілдету, бұл теңестірудің бәріне түсінікті нәтижелерін енгізу. Бюджетаралық теңестірудің нәтижесі

ретінде әр адам басына жұмсалатын аймақтық бюджеттің ара-жігі екі еседен аспайтындай болуын қадағалау қажет.

Аймақаралық бюджеттік пропорцияларды мемлекеттік басқару тетігін жақсарту әрі теңестіру мыналарды көздейді:

- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар астаналар мен қалалардың бюджеттік өзін-өзі қаржыландыруын арттыру;

- бюджеттік жоспарлаудың нақты нәтижелерге жетуге бағытталған мақсаттық-бағдарламалық әдісін қолдану аясын кеңейту әрі жақсарту;

- бюджетаралық қарым-қатынастардың тиімді үлгісін жасау билік өкілдеріне атқаратын міндеттерді орындауға әрі тепе-тең бөлуге едәуір көмегін тигізер еді.

Ол үшін мыналар қажет:

а) бір жағынан аймақтық бюджеттің нығаюын және бюджеттік бағдарламалардың қаржыландырылуын тұрақтандыратын, екінші жағынан, қарама-қарсы жақтан келетін қаржылық ағымдарды қысқартатын, яғни республикалық бюджеттен трансферттер мен аймақтық бюджеттегі қысқартуларды азайтатын аймақтар аумағында жиналатын барлық салықтардың белгілі бір мөлшерін аймақтық бюджет қарамағына заңды түрде бекіту;

б) республикалық бюджеттен бөлінетін мөлшер трансфертін үш жылдан аспайтын уақытқа бекіту, яғни бюджеттік заңда көрсетілген әрі ұзақ уақыттағы инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ететін. Көрсетілген шаралар аймақтық билік өкілдерін қосымша қаржыландыру мен әрі ауылдық деңгейдегі басқарудың сапасын арттырар еді.

Үкіметке облыс әкімдерімен бірігіп, 2013 жылы шағын қалаларды дамыту саласындағы бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырылды. Оның базасында бірнеше қатарлы индустриалды жобаларды жасайтындай ұзақ мерзімді болуы тиіс. Олардың міндеті-аймақтардың салалық мамандырылған жүйесін тізбектеуге атсалысу және ірі агломерациялардың индустриалды-өндірістік серіктес қалаға айналуына ықпал ету, нәтижесінде жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеріп, ауыл жастарын жұмыспен қамтамасыз ету.

Отандық және шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, шағын қалалар бір салада ғана дамуға мамандандырылғандықтан, өз дамуында үлкен қиындықтарға тап болады. Сол себепті кең ауқымды үлкен қалалармен салыстырғанда мамандану аясы тар шағын қалалардың артықшылығы еңбек ауқымының кеңеюі, ұйымды және тепе-теңдестірілген жұмыспен қамту болып табылады.

Сонғы кездері біздің мемлекеттің жағдайында негізгі ынталар мен инвестициялар ірі қалалар мен облыстық орталықтарды дамытуға бағытталған. Шағын және орташа қалалардың мүдделері онша ескерілмеді, тек арасында табиғи немесе техногендік шұғыл жағдайлар болғанда ғана оларға көңіл бөлінді. Мысал ретінде 2011 жылғы Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстандағы 2012 жылдағы тасқын мен Алматы облысындағы бөгеттің жарылуын айтуға болады. Әдетте, олар қосымша табыс табу мақсатында ғана үлкен қалаларда қолданылады. Егер ондай ресурстар табылмаса, қалаға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейді.

Қазақстанның шағын қалаларына тән мынадай экономикалық мәселелерді ажыратуға болады:

- бір ғана өндірісі бар қалалардың бар болуы басқа елді мекендердің оған тәуелділігін арттырады;

- экономикалық базаның шектеулі болуы және сапалы мамандандырылған кадрларды дайындауда тиімсіз бәсекелес орындарда тұру;

- өндірістік фабрикалардың артта қалуы, негізгі қорлардың ескіруі және жұмыссыздықтың артуы;

- жағымсыз демографиялық жағдай, жастардың үлкен қалаларға миграциясы, тұрғындар санының азаюы, денсаулық сақтау саласының төмен деңгейі;

- әлеуметтік-мәдени саланың жеткілікті деңгейде дамымауы және инженерлік-инфрақұрылымдық нысандардың төмен деңгейде дамуы.

Сондықтан да біздің елде шағын қалалардың дамуы өте қиын мәселе болып отыр. Осыған орай осы елді мекендерді қайта жандандыру жұмыстары дәл уақытында және шағын қалаларды қолдауға мақсатты бағытты беріп, жергілікті талаптардың дамуына кедергісін келтірмеуі мүмкін.

Елбасы тапсырған шағын қалаларды арнайы дамыту бағдарламасын жасау, Қазақстан экономикасының кең көлемді кешенді дамуы үшін ғана маңызды емес, Қазақстан қоғамының жұмыспен қамту және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін де маңызды. Бағдарлама жергілікті экономикалық мәселелерді шешу үшін 2012 жылғы қарашадағы Қазақстан Республикасы Президентімен бекітілген, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасымен ұсынылған жергілікті билік органдарының қызметі және өкілеттілігінің кеңейтумен жүзеге асырылады.

Біздің пікірімізше, шағын қалаларды дамыту мәселелерін шешу жолдарына келесілерді айтуға болады:

- өңделетін өнімдер жасау есебінен пайдалы кен өнімдері бар аймақта мамандану саласын жеңілдету;

- шығарылатын өнімнің тізімдемесін кеңейту, қуаттылығын арттыру, құрушы мекемені қайта құру және әртараптандыру;
- технологиялық жоғары дәрежедегі мекемені дамыту (тұрғындар тұтынатын тауарлар, жергілікті шикізат көзінен құрылыс материалдары, бөлшек өнімдері және т.б.);
- экономика секторында жаңа өнімдер жасау, ақпараттық сектордың құрылуы және қаланың қызмет саласын кеңейту;
- кадрларды оқыту және қайта дайындау жолымен қаланы жұмыспен қамту стратегиясын жүзеге асыру;
- қоғамдық жұмысты ұйымдастыру және уақытша жұмыс орындарын құру жолымен қаланы жұмыспен қамтуды уақытша демеу;
- шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына әрекеттесу, субсидия, қаржылай жеңілдік, несие бойынша мемлекеттік кепілдеме, өндірістік аумаққа қолжетімділік, өндірістік ғимараттарды жалға алу кезіндегі жеңілдіктерді және т.б. ұсыну;
- қазіргі мекемелер, инфрақұрылым нысандарының негізгі қорын жаңалау;
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын дамыту.

Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидалары

Ғайсина С.Н.,

*ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,
э.ғ.д.*

«...қоғамның тұрақтылық кепілі болатын әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың аман-есендігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты мақсаты болып табылады».

Заманауи жағдайда өмір сүрудің жаңа әлеуметтік үлгісін, өмір сапасының жаңа деңгейін және адами капиталдың дамуын қалыптастыратын технологиялық, экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік жаңартуларды қоса есептегенде инновациялық үдеріс жан-жақты болып келеді. Өмір сапасының жаңа стандарттары төмендегіні қамтиды:

- халықаралық өлшемдер мен дамыған мемлекеттердің стандарттарына сәйкес адамдардың рухани және әлеуметтік, материалдық қанағаттануының жоғарғы сатысын қамтамасыз ететін кіріс (пайда) деңгейі;
- адамның өмірлік әрекеті мен жақсы жағдайын көрсететін халықтың әлеуметтік және материалдық тұтынуының сапасы;

- дамыған әлеуметтік-еңбек саласы және жоғарғы технологиялық өндіріс қажеттілігіне, ауқымды экономикаға деңгейі сай келетін жұмыс күшінің сапасы;

- адамның интеллектуалды және кәсіби әлеуетінің жоғары деңгейі, ойлаудың шығармашылық типі, құндылықтар мен экономикалық мүдделердің дамыған жүйесі, инновациялық қабілеттіліктің болуы, кәсіби құзыреттілік және жұмыстағы заманауи өзгерістегі нарықтың тепе-тең жағдайына, дағдыға ие болу;

- халықаралық әлеуметтік стандартқа сай келетін деңгейде әлеуметтік қызметпен қамтамасыз етілуді анықтайтын әлеуметтік саланың сапасы;

- халықтың экологиялық қауіпсіздігінің жоғарғы деңгейі, халықтың өмір сүруіне және әрекеті үшін қолайлы жағдай туғызу, экологиялық қауіпсіз, адамның денсаулығына зиян келтірмейтін азық-түлік және тұтыну тауарларын иелену мүмкіндігі, қауіпсіз өмір сүру жағдайлары.

Халықтың өмір сүру сапасының әлеуметтік өлшемдерінің құрылымында маңызды көрсеткіші болып тікелей өмір деңгейі мен сапасына әсер ететін, отбасының материалдық мүмкіндіктерінің шегін анықтайтын халықтың кірісі табылады. Халықаралық өлшемдер мен заманауи талаптарға сәйкес кіріс деңгейі тек қана отбасының ағымдық шығынын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, сонымен қатар адам капиталын дамыту және жинақтау үшін материалдық негізді қамтамасыз етеді.

ТМД мемлекеттерімен салыстырғанда жалақы деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары болуына қарамастан, Қазақстанның экономикалық секторында төмен жалақы алатын жұмысшылар санаты және салааралық жалақы саралануы сақталуда. Түскен жалақы көлемі бойынша жұмысшылар санына Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігі 2011 жылы өткізген бір реттік зерттеу мәліметтері бойынша 45 мың теңгеге дейінгі жалақыны жұмысшылардың 34,5% алған, олардың ішінде мұндай жұмысшылардың ауыл шаруашылығы саласында еңбек төлемінің деңгейі 68,7%, денсаулық сақтауда- 41,6%, білім беруде-45,8%, мәдениет пен өнерде-61,7% құрады.

Заманауи сатыда республика халқының ақшалай кіріс құрылымының маңызды көзі болып шамамен 81% құрайтын жалақы табылады. Жалақының салааралық айырмашылығындағы, даму қарқынындағы және деңгейіндегі қалыптасатын барлық үрдіс халықтың кіріс көлемінен көрініс табуы заңдылық.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында «еңбекақыға қатысты жаңа жолдарды қалыптастыру бойынша және мұндағы сәйкессіздікті қысқарту шараларын қолдану қажет» деп жазылған. Қазіргі заманда экономика секторына, аймаққа, кәіпорынның қаржылық жағдайына

еңбекақының, жалпы кіріс деңгейінің, әлеуметтік қорғауының тәуелділігі сақталуда. Бір жағынан, жалақы қаржы, ақпараттық технологиялар, шикізат секторы саласындағы, сонымен қатар өмірде материалдық тұрақтылықты қамтамасыз ететін ерекше жалақы төлеу жағдайы бар немесе жеңілдікке ие жұмысшылар жалақысы көп төленетін болып табылады. Екінші жағынан, ауыл шаруашылығы саласының, өндіріс, бюджет салаларының, жұмысшылары орта деңгеймен салыстырғанда да төмен болып келеді. Қазіргі сатыда еңбек ақы деңгейі жұмыс күшін экономиканың салалары және аймақтары бойынша бөлудің басым факторы болуда.

Нәтижесінде жоғарғы білікті мамандар мен білікті жұмыс кадрларының материалдық бағыты едәуір төмендеді. Жұмысшылардың бұл санатының жалақысының сатып алу қабілетінің жоғары болмауы олардың отбасыларының өмір сүру деңгейінен көрініс табады және тұтыну тауарларын өндіретін (ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өндіріс, қызмет көрсету саласы) экономика салаларының дамуын шектейтін фактор болып табылады.

Экономика салаларында – ауыл шаруашылығында, тұтынушы кешенінде, бюджет саласында еңбекақының қалыс қалуы бұл саладағы мамандық түрін таңдауда кері әсерін тигізеді. Бұл мамандық еңбегінің беделі төмендейді, қоғамға пайдалы құндылықтары өзгеріске ұшырайды. Төмен еңбекақыға байланысты материалдық жағдайдың тұрақсыздығы, алынған білім мен мамандықтың құнсыздануы, оның беделінің төмендеуі - барлығы тек қана материалдық жағдайдың теңсіздігін тудырып қана қоймай, адамның әлеуметтік дамуына әсер етеді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясының маңызды бағыты болып азаматтар үшін тікелей экономика мен бюджет дамуына байланысты ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктерді бекіту болып табылады. Ең төменгі кепілдік жүйесінде өмір сүру минимумы атты индикаторға маңызды рөл беріледі. Бастапқы сатыда дамыған мемлекеттердің стандарттарына жақындау үшін әлеуметтік стандарттарды қалыптастыру және қолдану бойынша, алдымен еңбекақы және кіріс саласында міндеттер шешімін табуы керек.

Экономиканың инновациялық дамуы жағдайында жоғарғы өмір сүру сапасына жету үшін халықаралық критерийлерге сәйкес жаңа нормативтер мен стандарттар қажет. Бастапқы сатыда тұтынушы қалтасының прогрессивті құрылымдағы ең төменгі өмір сүру деңгейінің минимумын қалыптастыру, қолдану бойынша міндеттерді шешу және оң динамикасын қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта тамақтанудың өмір сүру минимумындағы үлесі 60%.

Өмір сүру минимумының тұтынушы қалтасын қалыптастыру, сонымен қатар өзге әлеуметтік нормативтерді сауда нарығындағы, білім беру саласында, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналды сектордағы үдерістерді есепке алмай қарастыруға болмайды. Бұл үдерістер халықтың материалдық игіліктерді тұтыну сапасына және көлеміне тікелей әсер етеді және олар әлеуметтік нормативтерді қалыптастыру кезінде назарға алынуы тиіс.

Ең төменгі күнкөрісінің деңгейі минималды кірістердің негізі болып табылатындықтан, білікті емес еңбектің және қарапайым жұмыс күші құнының төменгі шегі болып табылатын жалақының ең төменгі көлемін анықтау жолдарын жетілдіру қажет. Жалақының ең төменгі мөлшері еңбекке қабілетті жұмысшының өмір сүру минимумы негізінде есептелуі қажет. Оның отбасын қамтамасыз етуге, басқаға жұмсалатын шығындары тәуелділік салмағының көрсеткіші көлемінің көбеюіне әкеледі.

Экономика саласында пайда болған орташа жалақының қатынасы аталған нормативті анықтауға көмектеседі. Көптеген мемлекеттерде бұл арасалмақ 40-60% аралығында болады. Республикада жалақының ең төменгі мөлшері орташа жалақының 35-40%-нан (аралықтың төменгі шегі) төмен болмауы тиіс. Қазіргі уақытта республикада бұл арасалмақ 20% аспайды.

Мемлекеттерде әлеуметтік даму тек қана ең төменгі әлеуметтік кепілдік негізінде жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан әлеуметтік кепілдіктер жүйесін жетілдіру қажет. Республиканың қарқынды дамып келе жатқан экономикасы және белсенді әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жағдайында сапалы жаңа тұтынушылық стандарттарды қолдануда тек қана қажетті материалдық тұтыну деңгейімен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени игіліктер мен қызметтерді қамтамасыз ететін адам ағзасының энергетикалық шығынын қалыпына келтіруге есептелген өмір сүру минимумынан өтуін жүзеге асыруға болады. Әлеуметтік саясатта аталған стандартты қолдану үшін нормативтік базаны қалыптастыруды бастауға мүмкіндік беретін, оның мөлшерін есептеу және құру әдіснамасы болып әлеуметтік тұтынушылық бюджет пен ғылыми жұмыс табылады.

Әлеуметтік тұтынушылық бюджетті қолдану халықтың әртүрлі жіктерінің өмір сүру деңгейін шынайы бағалауға, халықтың игі жағдайының негізгі көрсеткіші туралы толық мәлімет алуға және халықтың әлеуметтік қорғанысының әрекет етуші шараларын қалыптасытуға, әлеуметтік теңсіздікті анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдық жеткіліктің әртүрлі деңгейінің тұтынушылық бюджетті әлеуметтік саясатта қолдану қоғамдағы экономикалық теңсіздік деңгейін

шынайы бағалауға, тұтынушылық игіліктер мен қызметтегі халықтың қажеттілігін анықтауға, саты бойынша халықтың игі жағдайының сапалы жаңа деңгейіне жетуді қамтамасыз етуге және мемлекеттің адам капиталының дамуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде халықаралық критерийлерге сәйкес өмір сүру сапасының ұлттық стандартының әлеуметтік саясатында қалыптастыруға ауысу алғышарты құрылады.

Мемлекеттің инновациялық даму міндеттерін шешу тікелей адами әлеуетіне және барлық Қазақстандықтар өмір сүру сапасының артуына байланысты. Өмір құнын бағалау үшін халықаралық өлшемдерге сәйкес әлеуметтік стандарттар қажет. Бұл талаптарға өмір сүру сапасының адам өмірінің әртүрлі жағдайын көрсететін ұлттық стандартына жауап беруге тиіс. Келесі әлеуметтік құрылымдар: еңбекақы, зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру, отбасын әлеуметтік қолдау стандарты, білім беру және денсаулық сақтау қызметі, тұрғын үймен қамтамасыз ету, азаматтың жалпы, ақпараттық мәдени және экологиялық қауіпсіздік стандарты, өмір сүру сапасының ұлттық стандартын жасау үшін қазіргі заманда әлеуметтік саясаттың басты бағыты болып табылады.

Тұтынушылық қызмет құрылымы мен деңгейі өмір сүру сапасының көрсеткіші болып табылады. Кіріс көлемінің артуынан адамның тек негізгі қажеттіліктері қанағаттанбайды, сондай-ақ басқа да қызмет көрсету түрлеріне кететін шығындары артады.

Жаңа ғылыми технологиялар жоғарғы технологиялық қызмет нарығын құрады, өндірісті және қоғамды ақпараттандыру халықтың ақпараттық өнімдерге және қызметке деген қажеттілігін арттыруға әкелді және жаңа қызмет түрлерінің пайда болуынан халықтың тұтынушылық шығындарында қызмет көрсету үлесі артады.

Тұтынушылық тауарлардың ерекше тобы ретінде өмірінің кез келген кезеңінде адамның дамуы үшін қолайлы жағдай тудыратын тауарлар және қызметтер табылады. Бұл тауарлар мен қызметтер адамның әлеуметтік қажеттіліктеріне, яғни білім, демалыс, ақпаратқа байланысты.

Осыған байланысты әлеуметтік стандарттар жүйесіне білім беру саласын, ғылым, мәдениет салаларын қаржыландыруға бағытталған ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік шығынның салыстырмалы мөлшерін қосу және бұл мәндер көрсеткішін халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізу дұрыс болады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында білім мен кәсіби дағдыға, кадрларды даярлау және қайта даярлауға қазіргі заманның білім беру жүйесінде басты рөл берілген.

Интеллектуалды әлеуеттің негізгі құрылымы болып табылатын жұмыс күшінің кәсіби бәсекелестік қабілеттілігі еңбек нарығында жоғарғы қажеттілікті қамтамасыз ететін тек қана сапалы кәсіби білім алу және кәсіби даярлаудың жоғарғы деңгейі кіретін факторлары кешенімен қамтамасыз етілмейді, сонымен қатар, ойлаудың шығармашылық типімен, экономикалық мүдде мен құндылықтардың дамыған жүйесімен, инновациялық мүмкіндіктің болуымен, кәсіби құзыреттілікпен және жұмыста заманауи дағдыға ие болумен, нарықтың ауыспалы жағдайымен, білім мен біліктілікті байытудың үзіліссіз үдерісіне деген жоғары білікті жұмыс күшінің қабілеттілігімен қамтамасыз етіледі.

Жаңа экономиканы дамытуға деген мемлекеттің бағдарлы өлшемдерімен: зияткерлік өнімнің дамыған нарығы, ақпараттық-байланыс қызметі, өмірдің және адам капиталының жоғары сапасымен, кәсіби білімнің сапасы және жоғарғы деңгейімен анықталып ескерілетін ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру Қазақстан дамуының стратегиялық басымдылығы болып табылады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясындағы инновациялық дамуды зерттеудің жаңа саясатында заманауи технологияларды трансферттеу қажеттілігі және оларды қолдануға мамандарды оқыту туралы айтылған. Дамудың инновациялық жолына көшу адам капиталының зияткерлік ресурсын тиімді қолдануды қарастырады.

Жаңа экономиканың қалыптасу сатысында білім берудің қызметі мен жаңа рөлін анықтайтын кәсіби даярланған және жоғары білімді кадр бар кезде сапалы экономикалық дамудың факторы болып жаңа ауқымды технологиялар, оның ішінде ақпараттық-байланыс технологиялары табылады.

Заманауи экономика білім берудің жаңа сапасын талап етеді, яғни білімге негізделген жаңа экономикаға мамандарды даярлау қажет, бұл білім беру қызметі түпкілікті өзгеруі керек дегенді білдіреді. Дамыған мемлекеттерде қолданылатын: интернетті қолдана отырып қашықтықтан оқытуды, интернет арқылы қашықтықтан қол жетімді болатын білім беру ресурстарды, экрандық технологиялар, жаһандық ақпараттық жүйеге шыға алатын интербелсенді тақталарды, планшеттерді қолдану негізінде ұлттық экономика үшін жоғары деңгейлі мамандарды даярлауды қамтамасыз етуі қажет білім берудің барлық деңгейіне инновациялық бағдар береді. Алайда, сарапшылар интернетті өздігінен қолдану білім беру жүйесін күшейтуге және студенттердің оқу белсенділігін арттыруға, қажетті білім көлемін меңгеруге әкелмейтіндігін айтады.

Олардың ойынша, студенттің кәсіби ойлауының қалыптасуына көмектесетін «қызметтік» педагогиканы дамыту қажет, нәтижесінде жоғары технологиялық өндірісте және салаларда, жаңаша зерттеуде және инновациялық жұмыстарда маманның кәсіби өзіндік дамуы болады.

Экономиканың инновациялық даму жолына ауысуы инновациялық білім беру жүйесін құруды талап етеді. Аталған міндетті шешуде басты рөл университеттің зерттеу типіне беріледі. Зерттеу типіндегі университеттерді жаңадан немесе алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының негізінде ғылыми жобаларды және инновациялық оқу бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті заманауи зертханалармен, жаңа құрылғылармен қамтамасыз ету арқылы құруға болады.

Білімнің, технологиялардың, еңбек ресурстарының жаһандық нарығында артып келе жатқан бәсекелестік жағдайында білім беру жүйесінің рөлі артуда. Көптеген мемлекеттерде жүргізіліп жатқан білім беру саласындағы реформалар жаһандану үдерісіне жауап болып табылады және білім экономикасының дамуының жетістігін көрсететіндер адам капиталының даму саласында бәсекелестікті арттырады. Мұндай жағдайда ұлттық бәсекелестік артықшылық тек қана білім беру саласының тұрақты қолдау негізінде ғана емес, сонымен қатар төмендегідей құрылымнан тұратын Қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаралар жүйесін құрумен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- ғылыми-зерттеу қызметінде, инновациялық менеджментте, инновациялық қызметте, ауқымды технология саласында білімі бар жоғары білікті мамандарды даярлау;
- инновациялық жобаларды жасауда және ғылыми зерттеу жүргізуде жоғарғы оқу орындарының қатысуы;
- инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыратын маңызды құрылымдық сала ретінде жоғарғы оқу орындары негізінде инновациялық ғылыми-зерттеу орталықтарын құру;
- мемлекеттің әлеуметтік саласын және экономикасын инновациялық дамыту бағдарламасын дайындауда жоғарғы оқу орындарын әзірлеуде;
- мемлекеттің алдыңғы қатарлы ұйымдары мен кәсіпорындарындағы зияткерлік еңбек мамандарының және басшыларының біліктілігін арттыруда жоғарғы оқу орнының қатысуы;
- жоғарғы оқу орны негізінде жас ғалымдарды нақты ғылыми бағытта даярлауда зерттеу мектептерін құру.

Қазақстан Республикасының тұрғындарын жұмысбастылықпен қамтамасыз етудің тұжырымдамасы

Қалиева С.А., э.э.д.,

Мелдеханова М.Қ., э.э.д.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты

«...жастар саясаты мен халықтың көші-қон, жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешудің күрделілігін атап айту керек».

ҚР-ның әлеуметтік саясатының қағидаттарының бірі халықтың жұмыспен қамтуы болып табылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізгі міндетіне жатқызуға болады:

- еңбек ресурстарын және еңбек әлеуетін тиімді қолдануды арттыру;
- бизнес тарапынан жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру;
- жұмыс күшінің сапалы сипатын арттыру;
- халықтың өнімдік жұмыспен қамтылуына көмек;
- еңбек саласында азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

-инвестициялық және ауқымды жобаларды жүзеге асыру және жоғарғы технологиялық өндірісті жаңғырту қажеттілігін қанағаттандыратын инновациялық жұмыспен қамтуды қалыптастыру;

- мемлекеттік қолдаудың жеке шараларынан жаңғыртудың жүйелік шараларына және бәсекеге қабілеттілікті арттыру, инновациялық белсенділікті ынталандыруға, адам капиталына инвестициялауға ауысу және жұмыссыз азаматтардың әлеуметтік қорғаныс деңгейін арттыру.

Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясында келесі бағыттар басым болуы мүмкін:

1. Институционалды-құқықтық базаны жетілдіру. Заңнамалық реттеудің нысаны болып тек қана тіркелетін жұмыссыздық емес, жалпы жұмыспен қамту болуы қажет. Жұмыспен қамту тиімділігін арттыруға бағдарлану керек, еңбек сұранысы мен оның ұсынысына тең назар аударылуы шарт. Барлық саланы қамтитын, қоғамның тиісті қатысушы субъекттерінің жұмыспен қамту проблемасын шешуге жауапкершілік шарасы мен қатысу түрін анықтайтын жұмыспен қамту заңының қабылдануы қажет.

2. Қазақстанның бейресми экономикасы аясында өздігінен жұмыспен қамтылған халықты бірегейлендіру бойынша жұмыс жүргізу және өздігінен жұмыспен қамтылғандардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық беделін

анықтау, халықаралық тәжірибемен сәйкестендіру, сонымен қатар бұл санаттардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қызметіне қол жетімділігін анықтау.

3. Республикалық және жергілікті атқарушылық органдар көмегімен халықтың өзіндік жұмыспен қамтылу проблемасын депрессиялық аймақтарда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық және өнеркәсіптің инновациялық секторларында жаңарту, дамыту бойынша белсенді шараларды қолдану арқылы шешу.

4. Халықтың жұмыспен қамтылуын бақылау және есепке алудың тиімді жүйесі үшін жағдай туғызу, еңбек нарығын дамытудағы ретсіздікті жеңу, аймақтық нарықтың жағдайын, әлеуметтік инфрақұрылым, ең алдымен, баспана нарығын ескере отырып, еңбек нарығын реттеу бойынша шешімдерді үйлестіру.

5. Бейресми еңбек көші-қонына жол бермей бойынша шаралар қолдану, Кеден Одағы аясында ортақ нарықты қалыптастыру және жұмыс күшінің ағымының мүмкіндігін қалыптастыру мүмкіндігін қолдану.

6. Халықты жұмыспен қамтудың маңызды мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді көтермелеу және дамыту, жұмыс күшінің көші-қонын реттеу және тиімді еңбек нарығын құру.

Бұл шаралар халықтың жұмыспен қамтылуын, жұмыссыздық азаюын, жұмыс күшінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуын, еңбек саласындағы азаматтарға әлеуметтік кепілдіктер, медициналық сақтандыруды ұсынуды, кәсіби білім алуды, өзге нормативтер мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз ете алады.

Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі заман жағдайында көші-қонның әлеуметтік-экономикалық салдарын, оның оң және теріс жақтарын бағалау және зерделеу қажет. Эмиграциямен, ең алдымен, білікті мамандардан айырылуға байланысты «миграция», яғни, адамға салынған инвестицияның көшуі. Нарықтағы құрылымдық жұмыссыздықтың артуы мамандықтар және біліктілік бойынша жұмыс күшінің ұсынысы мен сұранысына деген теңсіздіктен туындайды, білікті мамандардың жетіспеушілігі, атап айтқанда, техникалық мамандықтар бойынша тапшылық пайда болады.

Білікті емес арзан жұмыс күшінің ағынымен жүретін иммиграция ішкі еңбек нарығының жағдайын қиындатады, заңсыз мигранттардың ағыны көлеңкелі сектордың артуына, салық төлеу бойынша міндеттерді орындамайтын кәсіпорындардың пайда болуына жағдай туғызады.

Жұмыс күшінің экспорты мен импорты үдерісін мемлекеттік реттеу халықаралық көші-қонның оң қорытындысынан максималды нәтиже алуға және теріс нәтижесі минимумға баратын мәлімет алуға бағытталуы тиіс.

Ерекше назарды мигранттар құқықтарының қорғалуына және әйелдер мен ерлердің және олардың отбасыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, еңбекпен қамтылуына, көмек көрсетуге ерекше назар аударылуы қажет. Осыған байланысты:

- шетелдік жұмыс күшін тартуға икемді мемлекеттік рұқсат беру жүйесін, сонымен қатар мерзімдік рұқсатты енгізу;

- еңбекке қабілетті жастағы этникалық оралмандарды еңбекпен қамту жағдайын қалыптастыру;

- білікті шетелдік жұмыс күшінің санын (ШЖК) арттыруды қамтамасыз ету қажет.

ҚР-да ШЖК-ны тартуды квоталаудың қалыптасқан жүйесі өзін ақтамайды және қарастыруды талап етеді:

- квота мөлшерлемесі экономикалық белсенді халықтың үлесі ретінде белгіленеді, оның шамамен үштен бірі өздігімен жұмыспен қамтылған болып табылады, сондықтан шетелдік жұмыс күшіне шынайы қажеттілікті бұл тәсілдеме көрсетпейді;

- Қазақстанда еңбек санының көшіп қонуы туралы тиянақты толық деректердің болмағандығы;

- еңбек саудасының негізгі қажеттіліктері, еңбектің мигранттарының Орта Азия елдерінің алыпсатар саудагерлері секілді барынша кеңінен таралған санаттары ескерілмейді.

Қазақстан Республикасында халық миграциясымен реттеу бойынша негізгі шараларға мыналарды жатқызуға болады:

- басқарылмайтын миграция тәуекелін ескертуі;

- ҚР миграциясын және еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды күшейту;

- миграциялық үдерісті реттеу тетігін жетілдіру;

- маусымдық жұмыс күшін тарту үшін рұқсатты қоса алғанда, шетелдік жұмыс күшін тартуға мемлекеттік рұқсаттарды берудің икемді жүйесін ендіру;

- шетелдік жұмыс күшін тартуға мемлекеттік квота шеңберінде иммигранттар арасында білікті мамандандырудың өсуін қамтамасыз ету;

- жұмыс күшінің аумақтық, салалы және кәсіпті ұтқырлығының артуы;

- жоғары білікті еңбек ресурстары үшін ашық миграцияны енгізу;

- төмен білікті жұмыс күшін әкелуіне толық мораториды ендіру;

- бейресми еңбек қатынастарын ауыстыру және тіркелетін жұмысбастылық аясының кеңеюі;

- шетелдік жұмысшылар мен мамандарды отандық кадрлармен сатылай алмастыру үшін қажетті мамандықтар мен жұмыс кәсіптері бойынша жергілікті қызметкерлерді дайындау мен қайта оқытуды қамтамасыз ету;

- еңбекке жарамдылығы, этникалық оралмандардың жұмысқа орналасуы;

- еңбекке қабілетті жастағы этникалық оралмандарды жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау;

- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, ҚР Білім және ғылым министрлігімен, ҚР сыртқы істері министрлігімен, ҚР ПМ және ҚР Бас прокуратурасымен тығыз өзара әрекеттесуі кезінде ҚР мемлекеттік миграциялық саясатын дайындау мен іске асырудағы кешенді бағдарламаның мақсаттық тәсілдемесі.

Қазіргі жастар саясаты білім беру, жұмыспен қамту аясында, ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті, еңбекақыны төлеуде, білім беру және кадрларды үздіксіз оқыту жүйесінде қол жетімділікте, жас отбасылар үшін тұрғын үй мәселесін шешудегі құқықтардың теңдігі, толықтырулар мен өзгертулерді қажет етеді. Бұл тек жастар саясатының әлеуметтік – экономикалық аспектілері болып табылады.

Қазақстанда халықтың едәуір әлеуметтік – демографиялық санатын жастар құрайды, бұл жастар мәселелерін замануи шешудің және жастар саясатының тұжырымдамасын дайындау қажеттілігіне жағдай тудырады.

Республиканың жастар саясатын жүзеге асырудың белсенді болуын негізгі бағыттарына мыналарды жатқызуға болады:

- білім беру аясында еңбек қатынастарын жетілдіру, еңбек пен еңбекақы төлеуде тең құқықты қамтамасыз ету, ХЕҰ белгілеген халықаралық стандарттарға сәйкес және жұмысшылар жасын ескере отырып, жұмыс күшінің тәртіптемені сақтау, еңбек жағдайын жақсарту, әсіресе, денсаулық үшін зиянды өндірістерде еңбек жағдайын жақсарту, кездейсоқ жағдай мен өндірістік жарақаттардан сақтандыру шараларын қабылдау;

- жұмыс күшінің құрамы мен санын талдау және жұмысбасты халықтың бұл контингентінің ерекшеліктерін айқындау;

- жастардың орташа жалпы және кәсіби білім алуға, әсіресе, ауыл елді мекендерде (мемлекеттік оқу ұйымдарындағы елеулі үлес салмағы, осы деңгейде ақылы негізде оқытуды төмендету, білім беру аясында мемлекеттік реттеуді арттыру), үздіксіз оқытуға қол жетімділікті арттыру;

- жастар еңбегін пайдалану және жұмысқа орналастырумен байланысты, атап айтқанда, арнайы оқушылық жұмыс орындарын (оқушылық келісім-шарт) ұйымдастырумен байланысты жұмыс берушілерге шығындарды өтеу жүйесін жетілдіру;

- жұмысқа орналастыру бойынша арнайы жастар еңбек биржасын, оқу орындардың бітірушілердің әлеуметтік және психологиялық бейімделуін дамыту;

- бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз етудің мақсаттық аймақтық бағдарламалары, ең алдымен, жастардың жұмыссыздығы жоғары деңгейдегі аймақтар мен аумақтарда дайындау және іске асыру;

- деректердің таратылуы банкінің түпкілікті мониторингінің жасалуы туралы бос орындарда әр түрлі жәрменкелердің ұйымдастырылуы;

- жастар үшін бос қызмет жәрменкелері туралы деректер банкі ақпараттандырудың үнемі мониторингін жүргізу.

Заманауи экономикалық жағдайдағы тұрғындардың табысын теңестіру мәселелері

Завалишина А.А., э.ғ.к.,

Жұбалиева З.У., э.ғ.к.,

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты


«Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және т.б. көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады».

Халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттің әлеуметтік саясаты мен әлеуметтік-еңбек қатынастарының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, ол адамдардың тіршілік қабілетінің негізгі жағдайларын қамтиды: халықты материалдық қамтамасыз ету және қоғамның жарамсыз мүшелеріне әлеуметтік және медициналық көмекті ұйымдастыру.

ҚР Президентінің 01.02.2010 жылынан №922 Бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 дейінгі стратегиялық даму жоспарының» «Түйінді бағыт: азаматтарға қызмет көрсету» бөлімінде азаматтардың мұқтаж санаттарын тиімді әлеуметтік қорғау жүйесін құрудың негізгі бағыттары қарастырылған. Басым міндеттер ретінде келесілер танылған: зейнетақының барабар және әлеуметтік әділ деңгейі, жинақтаушы зейнетақы жүйесімен жалдамалы қызметкерлерді және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды қамтуды арттыру, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болатын халықтың үлесін төмендету, әлеуметтік көмек көрсетудің шекті деңгейі өмір сүрудің ең төменгі мөлшерінен 100% дейін ұлғайту, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетудің мемлекеттік стандарттарын ендіру.

Халықты әлеуметтік қорғау аясында мемлекет «Жол картасы 2009-2010» бағдарламасын іске асырды, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын дайындап, жүзеге асыруда. «Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында» ҚР-да атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру бойынша негізгі бағыттар айқындалған.

Әлеуметтік қорғау жүйесі арқылы игіліктерді қайта бөлу орын алады, және халықтың кейбір әлсіз топтарының өмір сүру деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді (сурет 1). Мәселен, аз қамтылған халық, көпбалалы отбасылар, мүгедектері бар отбасылар, халықтың жұмыссыз бөлігі, халықтың еңбекке жарамсыз бөлігі – балалар, зейнеткерлер, студенттер. Халықтың мұндай топтарын қамту елдегі кедейшілік деңгейін төмендетуге алып келеді. Қазақстан Республикасында әлеуметтік аяны қаржыландырудың негізгі көзі - мемлекеттік бюджет болып табылады. Айта кететін жағдай, әлеуметтік аядағы мәселелерді шешуге бағытталған бюджет шығындары өсуде. Мысалға, 2001 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек шығындары 187 715 млн. теңгені құраса, 2010 жылы – 905 272,7 (4,8 есе) млн. теңгені құрады.



Ескерту: автормен құрастырылған

1 Сурет - ҚР-ғы әлеуметтік қорғау жүйесі


2010 жылы әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек шығындары 905,3 млрд. теңгені құрады, бұл ЖІӨ қатысты тиісінше 4,2%, 3,5% және 2,5% болды.

Қазақстан Республикасында 2010 жылы зейнетақы алушылардың саны 1695,3 мың адамды құраса, белгіленген зейнетақының орташа айлық мөлшері 21238 теңге, ал зейнетақының ең төменгі мөлшері 12344 теңгені құрады. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны 2011 жылы 767 мың адам болды, бұл жәрдемақының орташа айлық мөлшері соңғы 5 жылда 1,9 есеге артты.

ҚР әлеуметтік қорғау объектілері болып мыналар табылады: балалар, көпбалалы аналар, мүгедектер, зейнеткерлер, жұмыссыздар, аз қамтылған азаматтар.

Аз қамтылған халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмекке қатысты келетін болсақ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының деректері бойынша Қазақстанда 1.06.2011 жылы мемлекеттік көмектің үш түрі бар: 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегі (сурет 2).

(а)



Ескерту: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының деректері бойынша құрылған

2 Сурет - 2011 жылдың 1 маусымына жәрдемақы түрлері бойынша мемлекеттік әлеуметтік көмекті алушылардың құрылымы

Қазақстанда әлеуметтік жәрдемақылардан басқа кедей және өте кедей үй шаруашылығын қолдауға және азық-түлік кедейшілікті қысқартуға бағытталған қолданысқа енуде, жәрдемақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне дейін үй шаруашылығының табыс мөлшерін өтеуі тиіс. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2011 жылдың 1 қыркүйегіне деректері бойынша атаулы әлеуметтік көмек кедейшілік деңгейінен төмен табысы бар 126,9 мың азаматтарға берілді. Жалпы республика бойынша бір алушыға атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері 1654,3 теңгені құраса, алушылардың негізгі бөлігін ауылды жерлер тұрғындары құрайды, атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген шығындардың жалпы сомасынан 61,5% ауыл тұрғындарына көмек көрсетуге бағытталған.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың арасында барынша үлкен үлесті балалар алады, оларға шамамен 61% тиесілі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың үлесі 10,4%, жұмыссыздар үлесі 8,2% құрады.

2005 жылдан 2010 жылдары кезеңінде берілген атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері артты, өсім 41,8% құрады. 2005 жылдың желтоқсан айы мен – 2010 жылдың желтоқсан айы арасындағы кезеңде жинақталған инфляция деңгейі 61,44% құрады. Осы кезеңде инфляцияның өсімі атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің өсуінен басып озды.

АӘК және аз қамтылған отбасыларының бала жәрдемақыларын алушылары арасында жүргізілген зерттеулер көптеген адамдар материалдық көмекті алу үшін қажетті құжаттардың көп саны, сонымен қатар мемлекеттің органдарға аз қамтылған отбасылар үшін қымбат сапарлардың шектелген саны және т.б. секілді кедергілердің болуынан осы жәрдемақыларды ала алмайтындығын көрсетті.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне негізделе отыра, азық-түлік себетінен төмен табысы бар кедей үй шаруашылықтарының үлесі қысқаруда. Алайда азық-түлік кедейшілігін төмендетуге бағытталған атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасы барлық мақсаттық топты қамтымайды және жәрдемақы мөлшері аз болып қала беруде. Бағдарламаның бенефициарларын таңдаудағы мақсатты бағыттылық пен әділеттілікке көптеген жағдайлар байланысты. Мемлекет тарапынан әлеуметтік қамсыздандырудың базалық деңгейі төмен.

Атаулы әлеуметтік көмек беру бағдарламасының тиімділік деңгейін арттыруға болады, егер жұмыс істеуге мүмкіндіктерінен мүлдем айырылған адамдардың белгілі бір мақсаттық топтарына шоғырланатын болса: кедей отбасынан шыққан күндізгі оқу бөлім студенттері, уақытша еңбекке жарамсыз болып табылатын мүгедектер, әкесіз балаларды тәрбиелеп жатқан аналар және т.б.

Ең төменгі азық-түлік себетінің мөлшерін есептеу қағидаттарын өзгерту қажет. Ғалымдардың пікірінше, әртүрлі әлеуметтік топтар бойынша адамдарды бөлу кезінде олардың табысын есептеумен қатар, олардың мүлкін есептеу керек. Көптеген дамыған елдерде жасалынатын орташа жалақы көрсеткіштерін пайдалануға өту қажет, яғни ең төменгі жалақы мөлшерін елдің аймақтары бойынша орташа жалақы мөлшерінен 40-50% дейін жеткізу.

Қазіргі таңда Қазақстанда елдің әлеуметтік даму бағдарламасын дайындау аса өзекті бола бастауда. Сонымен қатар, бюджеттік қызметкерлердің жалақысын едәуір арттыру, жұмыс күшінің кеңейтілген ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін деңгейде ең төменгі жалақы мөлшерін заңды түрде белгілеу (яғни ең төменгі жалақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен 2,2 есе төмен болмауы қажет) бірінші кезектегі шаралар болуы тиіс.

Әлеуметтік төлемдерді қаржылық қамтамасыз ету мәселесі табыс деңгейін едәуір арттыру негізінде ғана шешілмеуі керек. Ол халықты әлеуметтік қолдауды қаржылық қамтамасыз етудің (оның институционалдық құрылымын және қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдаланудың әдістері мен нысандарының барлық жиынтығын) біртұтас жүйесін кешенді, тұжырымдамалық дайындауын қажет етеді. Бұл мәселе жеке жоғары табысы бар елдерде өзекті болған, өзекті және болатын мәселе, Қазақстанда әлеуметтік аяда іске қосылған адами және қаржылық ресурстар ауқымы бойынша үлкен халық шаруашылық маңызы бар.

Біздің пікірімізше, халық табысын ары қарай теңестіру мақсатында жалақы мен азаматтардың өзге де табысының нақты деңгейін ұстап тұру жөнінде шараларды дайындау бойынша; мұқтаж санаттарды әлеуметтік қорғауды күшейту, балалар жәрдемақы мөлшерін арттыру, атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасын қаржыландырудың көлемін ұлғайту бойынша қадамдар қабылдау қажет. Қарт азаматтарға, мүгедектерге, халықтың басқа әлеуметтік мұқтаж санаттарына көрсетілетін әлеуметтік қызметтер түрлерін кеңейту бойынша шаралар керек.

Мұқтаждық қағидатына негізделген халықты әлеуметтік қолдауды жекелей, уақытылы және толыққанды қаржыландыруды қамтамасыз ету Қазақстанда әлеуметтік бағдарланған реформаларды жылжыту саясатын ары қарай дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Халықты әлеуметтік қаржылық қолдау жүйесінің қазіргі жағдайы отандық экономиканың өсуі мен жедел дамуы үшін қажетті деңгейге сәйкес келмейді. Әлеуметтік қолдау шараларын тиімді атаулы қаржыландыру және қаржы көздерімен толық қамтамасыз ету мәселесі Қазақстанда «тұтыну эко-

номикасын» құру саясатын іске асыру және үй шаруашылықтарының жан басына шаққандағы орташа табысының өсуін қамтамасыз ету бюджетаралық трансферттер жүйесін жетілдіру, әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырудың банктік қолма-қолсыз технологияларды дамыту, салық жеңілдіктерін жетілдіру және әлеуметтік қолдаудың корпоративтік жүйелерін дамыту шеңберінде шешілуі қажет. Бұл мәселелер әрқайсысы жеке-жеке халықты әлеуметтік қолдауды қаржылық қамтамасыз ету мәселесін жүйелі тәсілдеме негізінде нәтижелі шешуді талап ететін өте өзекті мәселе.

Инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты

*Дінішев Ф.М., э.ғ.д., профессор,
Әлжанова Ф.Ғ., э.ғ.д., доцент,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты*

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы еліміздегі қолға алынған инновация бағытын дамыту мен ынталандыруға негізделген. Сонымен қатар, осы салада жаңа тәсілдер де ұсынылуда. Оның негізі, ең алдымен, Үшінші индустриалды төңкеріс есебінен әлемдік қажеттіліктерді туындатып отыр. Осы тұрғыда айта кететін жайт, заманауи әлемде даму парадигмасы көп жағдайда әлемдік технологиялық жылжумен қалыптасады. Ақпараттық-байланыс технологиялары, биотехнология мен нанотехнология салаларындағы технологиялық жетістіктер экономикалық дамудың, әл-ауқаттың, өмір сүру мен оның сапасының жақсаруын, қоршаған ортаны қорғау сынды айтарлықтай үлкен міндеттердің шешіміне жол ашты. Жаһандану үдерісі әлемдік технологиялық теңсіздікті жеңудің жаңа жолдарын ашып, көптеген елдер жаңа технологиялар мен оны қолдануға кеңінен мүмкіндік алуда. Технологиялық дамудың географиялық аймағы кеңейіп, бұрын индустриалды дамыған мемлекеттер ғана кіретін технологиялық жетекші елдердің тобына дамушы мемлекеттердің бірқатары енуде, тіпті, әлем бойынша жаңа орталықтар мен технологиялық дамытудың желілері пайда болуда.

Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс жетекші технологиялық құрылыстың орнын жаңа құрылыстар басып жатқандығымен байланысты. Жаңарған түрдегі базалық технологияларды қарқынды түрде игеру, дағдарыстан кейінгі кезеңде артта қалып қойған елдерге жаһандық бәсекелестікте алдыңғы орындарға жылжуға мүмкіндік береді. Біздің елге де дағдарыстан кейінгі бірнеше технологиялық жетістіктері бар жетекші

елдерінің қатарында болу үшін ғылыми және білім беру әлеуеті түрінде белгілі алғышарты бар Қазақстанға да қатысты.

Ғарыш пен ядролық энергетикасы сынды технологиялық аймағы бар Қазақстанда ең дамыған елдер қатарында болуға мүмкіндігі бар. Соған қарамай экономикада төмендетілген технологиялық динамикамен ерекшеленетін шикізат секторы технологиясы басым. Сондықтан жаңа технологиялардың басымдықтарын елімізде пайдалану үшін салмақты әрекет қажет. Шын мәнісінде технологиялық дамудың жаңа парадигмасына көшудің қажеттілігін айтуға болады.

Бұрынғы даму парадигмасы, яғни қарқынды кеңейтілген ресурстарды қолдану, соңғы әлемдік дағдарыс көрсеткендей, күйзеліске түсуде. Алдымызда ғылыми-техникалық негізге сүйенетін жаңа дамуға өту міндеті тұр. Сондықтан да мемлекет үдемелі индустриалды-инновациялық дамуға бағыт алады.

Ол үшін Қазақстанда жеткілікті дамыған өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетке лайықты алғышарт, яғни зиялылардың үлкен тобы бар. Ең алдымен, жалпы ғаламдық үдерістен айтарлықтай ауытқушылық алға қойған мақсатқа жетуге кедергі тигізуі мүмкін, себебі, алдыңғы дамудың сатысын бақылау нәтижесі Қазақстан экономикасының жалпы технологиялық артта қалушылығын көрсеткен.

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеріп, жоғарыда аталған кедергілерді еңсеру жеңу үшін инновациялық жетілдірудің ерекше маңызы зор.

Президент халыққа арнаған Жолдауында инновациялық дамудың жаңа стратегиясын ұсынды. Оның басты ерекшелігі – шынайы, барынша прагматикалық сипатта екендігі. Ол технологияның сыртқы көзі мен жеке ғылыми-техникалық ресурстарды оңтайлы сәйкестендіру үлгісінде құрылуы тиіс.

Соңғы жылдары әлемдік экономикада болып жатқан ілгері жылжу осындай мүмкіндіктерді тудырып отыр. Дамудың басты мақсаты болған технологиялық артта қалуды азайту. Оны басқа стратегия – технологиялық өзара тәуелділікті қолдану алмастыруда. Ынтымақтастық пен өзара тәуелділік инновациялық тәуекел мен үдемелі шығынды бөлісу құралына, сонымен қатар, жаңа өнім өндіргендегі біліктілік пен қажетті білім шама-сын шоғырландыру құралына айналуға.

Ұлттық және Халықаралық деңгейдегі тығыз қоғамдастық дәстүрлі түрдегі бәсекелестік пен инновациялық үдерістердің өзгеруіне алып келді.

Бүгінде әлемнің игілігіне айналған озық технологияларды қолданбай, оларды ескермей, кез келген елдің дамуы мүмкін емес. Білім

беру мен технологияны алмастырудың халықаралық қарқыны мен көлемінің өскені сонша, бұл құбылыс тіпті, «техножаһандану» - деп аталып үлгерді.

Техножаһандану кез келген елдің ұлттық экономикасының технологиялық дамуына сыртқы фактордың өсуін объективті түрде алып келуде. Әлем шаруашылығындағы байланыстың маңызды элементі халықаралық технология трансферті болып есептелуде. Патент пен лицензияны саудалау – өзіндік ерекше белсенділік бөлігінде соңғы жылдары халықаралық сауданың айналымына қарағанда айтарлықтай тез өсуде. Кооперативтендіру тәжірибесі кең өріс алуда, мысалы зерттеу мен өңдеу бір елде орналасуы мүмкін, бірақ өндіріс өзге елде, ал өткізу үшінші елде орналасса, басқару компаниясы төртінші елде орналасқан.

Бірақ біздің мүмкіндігіміздің шындығы сол, әзірге жаппай жеке инновациямыз бен озық технологиямыздың пайда болуына сену қиын, осыны ескеру қажет. Әлемдік дамудың тәжірибесі көрсеткендей, бұл үшін бірқатар шекті шарттар қажет. Біріншіден, жаңа технологиялар бұрыннан бар технологиялық платформада өсіп-жетіледі. Екіншіден, принципті түрде жаңа технологияны қолдану түйіндес өндірістегі өзгерісті талап етеді. Үшіншіден, жаңа технологияны қолдану – тек ірі технологиялық корпорациялардың қолы жететін ресурстарды көп қажет ететін үдеріс.

Қазақстанда мұндай алғышарттар әлі қалыптаспаған. Ең алдымен, технологиялық платформа, яғни «өндірістік циклді» толық қамтитын (негізгі және қолданбалы ғылым, білім беру, болжам жасау, тәжірибелі өндіріс, жеке өндіріс, технологиялық тұрғыда жақсы жабдықталған және т.б) тек таулы-металлургиялық секторда бар, ал ол болса ортатехнологиялық салаға жатады. Іс жүзінде ірі технологиялық корпорациялар жоқтың қасы, жабдықтар мен коммуникацияны жеткізетін желі және сервис орталығы мен тұрмыстық құрылым да жоқ. Жоғары мамандандырылған кадрлар мен «жетілген» технологиялардың тілін түсінетін мамандар кем.

Сыртқы және ішкі факторды жан-жақты ескеру 2050 Стратегиясында технологиялардың кең трансферті міндетін алға қоюға мүмкіндік берді.

Сыртқы факторға бағынушылық мүмкіндігі күшейетін болғандықтан, шетелдік технологиялардың трансферті аз сынға ұшыраған емес. Бірақ шетелдік технологиялардың алыс-берісінде тұрған өзге ештеңе жоқ, тіпті, келеңсіз ештеңе де болмайды. Технология трансферті ең дамыған және орта дамушы, тіпті дамып кеткен елдерді де қамтиды. Бастысы – оның қандай жолын ұстанғанымызда. Бірақ қарапайым «шетелдік технологияның ізімен» шектеліп қалмаған абзал. Жағымды ұзақмерзімді әсер болу үшін технология импортының міндетті жақсаруының салдары, сыртқы нарықтағы сәйкес өнімге экспортер бола алатын қабілеті болғаны

дұрыс. Бұл жағдайда қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс сәтті болуы мүмкін. Біртіндеп білімнің жиналуы, тәжірибе мен капитал уақыт озған сайын технологиялық күрделі өнімнің нарығына еруге мүмкіндік туғызады.

Жаңа кірме технологияның қолданысқа енуінің техникалық базаны жаңғыртуымен қатар келуі жеке инновациялық қызметтің кеңінен дамуына, ғылым мен технологияның жаңа бағытта дамуына серпіліс береді. Нәтижесі ғылыми техникалық дамудың дербестігі, экономикалық дамудың, ұлттық шаруашылық құрылымы мен экспорт саласындағы дербестікке жеткізеді.

Осы тұрғыда 70 - жылдардың соңынан бастап және «ашық есік» саясатының арқасында технологиялық дербестік пен әлем экономикасынан өз орнын алу үшін технология импортын белсенді қолданған Қытайдың тәжірибесіне сүйенген абзал. Импорнтталған жабдықтарға немесе пайдаланылатын «ноу-хау» алуға екпін жасалмаған, яғни, мұнда өндірістің құпиялары мен жобалауын меңгеруге басты көңіл бөлінген. Жабдықтарды сатып алғанда оның толық комплектісіне назар аударылмайды, керісінше жинақталғанға дейінгі негізгі бөліктеріне мән беріледі.

Әлемдегі ірі 500 трансұлттық корпорациялардың 450-і Қытай экономикасына инвестиция құяды, олардың 40-ның мұнда өздерінің аймақтық штаб-пәтері орналасқан. Өндеуші секторға басымдық бере отырып, ТҰК Қытайға тек қана өндірістік циклмен қоса ҒЗТҚЖ-ды тасымалдамайды. Олардың өзінің осы елде 600-дей зерттеу мен өндеу орталықтары жұмыс істейді.

Үндістанның тәжірибесінен де үлгі алуға тұрарлықтай, өйткені, жоғары технологиялық қызмет экспортының арқасында бұл ел 2050 жылы ЖІӨ көлемі бойынша әлемнің озық үштігіне кіруге ұмтылуда. Мұнда оффшорлық бағдарламалау мен бизнес-үдерістің аутсорсингісіне басымдылық берілген.

Әрине, прогрессивті технологияға ие болу, өндіріске жоғары үстемелі бағада шетелдік инвестицияны тарту онай жұмыс емес. Әлемде олар үшін өткір бәсекелестік бар. Қазір айтарлықтай дамыған нарыққа БРҰҚ елдері - Бразилия, Ресей, Индия және Қытай шығып, барлық назар соларға ауды. Олардың жанындағы біздің негізгі артықшылығымыз – ресурстарымыз бен арзан жұмыс күші – соншалықты ақиқат болып көрінбейді. Сондықтан ТҰК-тың шикізат емес секторының жоғары технологиялы корпорациясын біздің елге тарту үшін қолайлы шарт қалыптастыруымыз қажет. Мықты салық жүйесі мен өзге де жеңілдіктер, ынталандырма қажет.

Технологияларды алу – күрделі үдеріс, тіпті сөзсіз табысқа кепілдік бермейді. Ол өздігінен автоматты түрде болмайды, өйткені, айтарлықтай

әрекетті талап етеді. Шетелдік технологиялардың түсімін ынталандыра отырып, бір мезетте шетелдік серіктеске дайын өнімге «шектеу» талабын ұсынған жөн, сәйкесінше дайын өнімдегі негізгі ұлттық және қосымша өндірістің прогрессивті кеңейтілген үлес салмағын қарастырып, осы талаптарды технологияларды алу келісім-шартына қосу керек. Келісім-шарттың тіркеуі технологиялардың импортын бақылауда негізгі әдіс болуы тиіс. Келісім-шартта шетелдік серіктестердің жергілікті ғылыми-зерттеу ұйымдарымен ынтымақтастықта болу қажеттігін атап көрсеткен жөн.

Шетелдік технологияларды иелену мақсатындағы үйлестіру ісінде технологияларды алудың Ұлттық агенттігін құрған жөн. Оның негізгі міндеттері: шетел технологиясындағы түрлі салаға қажет көмек көрсету; технологияның балама тәріздес көздерін табу жайындағы ақпаратты табу мен талдау жасауға көмек; технологияларды таңдау мен бағалауда қолғабыс жасау, жекелеген элементтер технологиясының импортымен бөлісу, тура және жанама шығынға талдау жасау, технологияларды табыстаудың мақсатты шартын бағалау, шетелдік технологияны игеру, тарату және меңгеру болып табылады.

Коммерциялық трансферт технологиясы шетелдік инвестицияға негізделетін болғандықтан, осы арнаны тиімді қолдану үшін инвестициялық, салықтық және сыртқы саудалық реттеудің арнайы тетіктері қажет. Мұндай тетік шетелден ғылыми-техникалық жаңа жабдықтарды алуға таңдаулы жолды қамтамасыз етіп, шетелдік капиталдың қосымша салаларын реттеп, оның ғылыми салаға тартылуын қолдап, жергілікті жағдайларға шетелдік технологиялардың тезірек бейімделуіне септігін тигізуі керек. Сондай-ақ, республика экономикасы қалпына келмейтін ресурстардың түгесілуінен, қоршаған ортаға қауіп төндіретін технологиядан сақтануы тиіс. Ал, егер де индустриалды дамыған елдердің өздерінің маңынан лас өндіріс пен «төменгі қабаттағы» өнеркәсіпті шығарудағы ұмтылысын ескерсек, мұндай қауіптің бары рас.

Ұсынылған Стратегиядағы негізгі талаптың шешімі тиімді болу үшін сырттан кірген технологияны меңгеріп кететін дайын кадрлардың болуы қажет. Бұл Президент Жолдауында ерекше айтылып өткен. Осыған байланысты айта кету керек, шетелдік технологияның кіруі жеке ғылыми-техникалық әлеуетті төмендетпейді. Технологияны алу – бұл тек шетелдік ғылыми-техникалық тәжірибені тартудың бастапқы сатысы.

Алған технологиядан әлеуетті артықшылық шығару үшін ол бейімделуі қажет, яғни оны меңгеріп, жетілдірсе, ол ұлттық ғылыми-техникалық әлеуеттің дамыған деңгейге қол жеткізгендігімен тікелей анықталады.

Осы белгі бойынша технологияның реципиент-елдері үш топқа бөлінеді: қазіргі технологияны тиімді пайдалану мен меңгеруге қабілетсіз; заманауи импорттық технологияларды қабылдай алатын елдер, әлемдік деңгейге жету үшін оны дұрыс қолдана білу, озық технологияларды қолдануға қабілеттілікпен қоса, сапасы мен бағасы, еңбек өнімділігін «түпнұсқадан» асырып түсіріп, аяқтап істейтін елдер.

Қабілеттіліктің соңғы кезеңі технологияны «жапондық» үлгімен меңгеруге бағытталған, таңдаудың негізінде иеленген «ноу-хаудың» бейімделуіне иек артатын түрлі себептерге байланысты қабылдау кезеңіне жетпегендерді де қосқанда, оның дамуын ынталандыру үшін жеке ғылыми-техникалық базаны қосуды аяқтау болмақ.

Халықаралық ғылыми-техникалық тәжірибеге қосылу дегеніміз ұлттық ғылыми-техникалық әлеуеттің дамуынан бас тартуға болады дегенді білдірмейді. Технологияны трансферттеу саясаты жеке ғылыми-техникалық саланың дербес құндылығы мен іріктемелі ұстанымды сәйкесінше сақтайды. Соған орай ғылыми әлеуеттің саласы мен қызметтік құрылымына басқаша құрылу қажеттігі, оны экономиканың шынайы қажеттілігіне жақындату, іргелі және қолданбалы зерттеулердің орынды үйлесуі, олардың шешуші бағыттарда араласуы.

2050 Стратегиясы жаңа саясаттағы инновация дамуының маңызды элементі ретінде Қазақстанның ірі халықаралық ғылыми зерттеу жобаларына қатысу анықталып қойды. Мұндай амал, заманауи ғылым халықаралық өзгешелікпен ерекшеленетін болғандықтан, ол жеке елде оңаша дами алмайтындығын ескереді. Сондықтан Қазақстан ғылымының дамуы үшін оның әлемдік ғылыми кеңістікке бірігуі маңызды орын алады. Қазақстанның Біріккен экономикалық кеңістік шеңберінде ғылыми серіктес болуының келешегі бар және тиімділігі жоғары. Бұл елдерді олардың ұқсас мәселелері мен өткендері біріктіреді. Бүгінде бұл елдердің әрқайсысы болса да ғылыми бағытта бәсекеге түсе алмайды. Ғылыми жұмыстың беделінің төмендегені, құрылғылардың ескіріп, жаңа зерттеулер мен технологияларды қабылдамау байқалуда. Ұлттық экономиканы тұрақтандыруға ұмтылу, салалардың техникалық базасын жетілдіру, әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде әлемдік нарыққа сәтті шығуы, бұл елдердің тиімді әрі келешегі зор серіктес бола алуы, келісілген ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асырушы сынды ерекшеліктерінің болуы бұл елдерге көп жақты нысандағы ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа қатысуға мүмкіндік береді. Ғарыш аясындағы іскерлік, экология мен транзиттік әлеуетті қолдану осы жолдағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ғарышты меңгерудің ерекше маңызы бар, өйткені ол ғылыми

және техникалық прогресті белсенді ынталандырып, ғылыми зерттеулердің кеңінен қолданылуына мүмкіндік туғызады, экономиканың барлық саласында келешегі зор және жаңа технологиялардың тууына мүмкіндік береді. Жоғары технологиялық нарықта ең жылдам дамитын сегмент әлем бойынша ғарыштық техника мен қызмет болып саналады. Ғарыштық қызметтегі өсу жылдамдығы мен ғарыштық қоғамдастыққа көптеген елдердің тартылуы әлемдегі тұрақты үдеріске айналды. Осы ғарыш саласындағы қызметке қатысы бар әлемде жүз отыз ел болса, ғарышты белсенді игеретін мемлекеттер саны жиырма.

Осы үдеріске қосылу үшін Қазақстанның да көптеген мүмкіндіктері бар. Бір жағынан, мұнда сәйкес әлеуеттер бар, олар, ең алдымен, бірегей инфрақұрылымдары мен зерттеу базалары бар. Екінші жағынан, ғарыштық кеңістікті зерттеу мен қолдануға деген сұраныс өте үлкен. Мұндай елдердің ерекшеліктері, яғни жерлерінің кеңдігі мен байлығы, бірақ табиғи ресурстарының зерттелмеуі, шекараның ұзаққа созылуы ғарышты қолдануға қажеттілік тудырады, ал ол өз кезегінде жоғарыдағы мәселелердің шешіміне апарады.

Өзінің ғарыштық мүмкіндігіне сүйене отырып, оны дамыту арқылы Қазақстан экономикасының ғылымды қажетсінетін салалары мен технологиялық деңгейін көтеріп, қорғаныс мәселелерін шешудің жаңа деңгейі мен халықаралық іскерлік мәселелерді, әлемдік қоғамдастықтағы өзінің бағытын нақтылай алады.

Қазақстан ғылымының халықаралық интеграциядағы басым бағыты Біріккен экономикалық кеңістік (БЭК) аясында мынадай болу керек:

- БЭК-ке қатысушы елдер ғылымының экономика, әлеуметтік және рухани жылжуын дамытудың жан-жақты бірлескен әрекеті, келешегі зор және маңызы жоғары ғылыми зерттеулердің жүзеге асырылуы, БЭК елдерінің бірігуі үшін ғылыми-инновациялық қызметті жандандыру;

- БЭК елдері экономикасының біріккен жүрісіне ғылыми қауымдастықтың әсерін ғылыми-техникалық жетістікті тиімді қолдану арқылы күшейту;

- БЭК елдерінің экономикалық бірігуінің сапалық параметрлерін жақсартуға жәрдемдесу, яғни, ол, ең алдымен, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін бірігіп қолдануды реттеу, БЭК елдерінің экономикалық өсуі мен гүлденуінің басты қозғалтқышы ретінде өндірістік жоғары технологияны меңгеру мен коммерциялау жүйесін құру қажеттілігі;

- ортақ ғылыми-техникалық кеңістіктің қайта құрылуына жәрдемдесу, ғылым мен технология саласындағы ықпалдастықты дамытуды БЭК елдерінің экономикалық ынтымақтастығының маңызды басымдылығы

ретінде қарастыру, ортақ ғылыми-техникалық кеңістіктің нормативтік-құқықтық базалық негізін дайындау;

- ғылыми-техникалық кеңістікте мемлекетаралық бағдарлама мен жобаларды дайындау мен қабылдауға қатысу;

- ортақ ғылыми-техникалық кеңістікте инфрақұрылымды қалыптастыруға жағдай жасау, сондай-ақ БЭК елдері аумағындағы бірегей ғылыми нысандар мен ғимараттарды тиімді қолдану.

2050 - Стратегиясы ғылым мен бизнестің қауымдасуының ауқымды міндеттерін жүктейді. Отандық инновациялық саясат әлемдік тәжірибеден алынған көптеген бағыттарды қамтиды. Алайда қабылданған шаралардың көпшілігінің лайықты қайтарымы жоқ, өйткені инновациялық қызметке жеке бизнесті қызықтыру сәтті болмады. Ең қиыны – зерттеу мен инновацияға демеудің қажет екендігін ұлттық бизнеске сезіндіру.

Ал әзірге еліміз үшін бизнестің инновациялық белсенділігі төмен:

- инновацияға деген төмен бейімділігімен ерекшеленетін бизнес «шикізаттық» салада шоғырланған. Іс жүзінде бірде-бір ірі жоғары технологиялық корпорация жоқ;

- шағын инновациялық кәсіпкерлік бастапқы жағдайда. Шағын бизнестің өзі инновациялық қызметке бейім емес;

- ірі ұлттық бизнес шикізат секторындағы жоғары кіріс пен тауар-қаржы саласындағы қаражаттың аз уақытта қайта толуына үйреніп қалған;

- ғылым мен бизнес арасында екіге жарылу бар. ЖОО, өнеркәсіптік кәсіпорын сынды инновациялық құбылыстардың негізгі бөлімдерімен нақты байланыс тетіктері міндеттелмеген;

- инновациялық салада әртүрлі кіріс көзі арқылы қаржыландыруға қажеттілік жоқ.

Сондықтан 2050 Стратегиясын жүзеге асыруда бизнесті инновациялық ынталандыру бойынша шаралар кешені маңызды:

- ғылыми зерттеулердегі түрткі ірі ұлттық компаниялар мен шетелдік инвесторлардан күшеюі тиіс, ол өз кезегінде экономикалық реттеудің жаңа тұлғалары арқылы (салықтар, жеңілдіктер) мемлекет әсер етуі керек;

- Қазақстанның ғылыми дамуында шетелдік инвесторлардың рөлін арттыру қажет. Шетелде ғылымды жалпы қаржыландыруға кететін шығынның 20%-ы шетелдік инвесторлардың есебіне кіреді екен. Қазақстандағы шетелдік инвесторлар үлесі 1-2% болса, ал соңғы жылдары шетелдік жалпы қаржы салудың меншікті салмағы жалпы капиталдың 20%-дан 30%-на дейін құрайды;

- шикізат секторында алынған түсімді қайта бөлу. Жер қойнауын пайдалану туралы Заңға сәйкес жер қойнауын пайдалану міндеттемесінде

жылдың жиынтық кірісінің 1%-ын бөлу міндеттелген. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің бағалауы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар есебінен қаржыландыру көлемі 250 миллион долларға дейін өскен;

- мақсатты түрде ғылыми тәжірибелер өткізуде үкіметтік жиналыстарды кеңінен қолданысқа ендіру. Сонымен қатар, шетелдік инвесторлар өндірістік және құрылыс компанияларымен ғана емес, ғылыми ұйымдармен де келісім жасауы қажет;

- зерттеу және кәсіпкерлік салаларындағы айырмашылықты азайту. Бізде бұл қиындықты жеңу технопарктер мен венчурлық қорлар құру арқылы жүзеге асырылады. Бұл – дұрыс, бірақ, жеткіліксіз. Кешенді тәсілдеме қажет. Жеке алғанда, әзірлемелерді нарықта алға жылжыту ісімен, патенттеумен және лицензиялаумен, консалтингпен, инновациялық маркетингпен, зияткерлік меншікті басқарумен айналысатын технологиялық делдалдар институтын қалыптастыру маңызды орынға ие;

- ғылыми-техникалық және инновациялық қор жүйесі арқылы қаржылық ресурстардың қол жетімділігін кеңейту. Қазақстанда мұндай екі қор бар: Ғылыми және инновациялық. Инновациялық циклдың барлық сатылары арқылы жүретін бизнес-жобаларды қаржыландырудың үздіксіздігіе қамтамасыз ету мақсатында мұндай қорлар желілерін кеңейту орынды. Жеке алғанда, аударымдардың тіркелген үлесі (мәселен, Қазақстан экономикасының шикізат секторының кәсіпорнының корпоративтік табыстың 0,5% инновациялық қызмет үшін қолайлы салық жүйесін қалыптастыру. Инновациялық-технологиялық салаға қатысты салық қазыналық құрал есебінде қолданылады. Қаржыландыру және инновацияның алға жылжуының негізгі кепілі өнеркәсіптің жеке қаржылық заттары болып, ал қаржылық несиелерге жол жабық болса, дағдарыс жағдайында инновациялық үдеріс қатысушыларының салық преференциясын қолдану қажет. Ғылыми ұйымдар мен құрылымдарға, кіші және венчурлық бизнес дамуына көмектесу үшін іріктелген салықтық қолдау қажет;

- бизнеске қатысты әкімшілік кедергілерді жою, өнеркәсіптік қолайлы климат жасау, мемлекет пен жеке меншік құрылымын өңдеу, жаңа өндірістік нәтижелерге қол жеткізу;

- кіші инновациялық бизнестің дамуы. Дамыған елдерде кіші өнеркәсіптер барлық инновацияның 50%-ын, ал жұмысбастылықтың 70%-ын қамтамасыз етеді. Ал бізде іс жүзінде инновациялық кіші өнеркәсіптер жоқтың қасы. Көпшілік кіші бизнес орындары саудадағы делдал қызметін атқарады. Инновациялық кіші өнеркәсіптер жалпы жағдайда дами алмай-

ды. Ол экономиканың сауда, өндіріс саласынан бөлек арнайы есептеулерді жасауды талап етеді. Міне, сол себептен де арнайы кіші инновациялық жобаларды дамытуға арналған қор құру қажеттілігі туындайды.

Президент Жолдауында жаңа инновациялық саясаттың маңызды құрушысы ретінде мемлекет пен жеке шаруашылықтар әріптестігін көрсетті. Инновациялық саладағы мемлекеттік-жеке әріптестігін мемлекет пен жеке құрылымдардың теңдігінен анықтауға болады. Мемлекет инновацияның негізгі көзі болып табылатын білім және ғылым саласына қолдау көрсетеді, ыңғайлы құқықтық жағдай жасап, инновациялық өнеркәсіптерді ынталандыратын инновациялық инфрақұрылым жасайды. Ал өнеркәсіптік сектор өз мойнына нарықтағы негізгі қаржылық тәуекелді және табыстың үлкен бөлігін алады. Ал мемлекет өзінің үлес ақысын салық түсімдерін өсіру арқылы, әлеуметтік мәселелерді шешу және өнімділік көлемін көтеру арқылы алады. Осылайша мемлекет өнім бәсекелестігін және әлемдік нарықтағы қызметтерді көтереді. Мұндай әріптестік екі жақтың да мақсатына толығымен жауап береді.

Инновациялық саладағы мемлекеттік-жеке әріптестігін қалыптастырудың мақсатты түрдегі негізгі бағыттары:

а) инновациялық үдерістерге қосымша толықтыратын мемлекет және нарықтың қатысуы. Баламасы болмауы керек: не инновациялық қызметтің мемлекет тарапынан барлығын қамтитын реттемесі, не оның нарықтық күштердің ықпалымен құрылуы. Мемлекет нарықтың дамуына көмектеседі, бірақ оның орнын баспайды. Мемлекет тарапынан бөлінген бюджеттік қаржыландыру жеке бизнестің дамуында негізгі рөл атқаруы тиіс. Жеке бизнестің алғашқы қадамдарын жасауға мемлекет осылайша әсер ете алады;

б) мемлекет пен бизнес арасындағы инновациялық тәуекелдерді бөлісу. Инновациялық жобаларды жүзеге асырудағы жауапкершілік пен инновациялық-техникалық дамуы мәселесінде мемлекет пен жеке секторға бірдей талап қойылады. Жеке сектор технологиясына бағытталған мемлекет-жеке меншік әріптестігінің бағдарламаларын дамыту қажет. Мұндай әріптестік қатарына түрлі қызығушылықтарды біріктіретін өндірістік орындар, үкіметтік ведомствалар және ғылыми-технологиялық мақсатта біріккен ЖОО кіреді. Мемлекет тарапынан қаржыландыру жағдайында жоба бизнес пен ұйым қолында болғаны дұрыс;

в) инновациялық белсенділікте мемлекеттің орталықсыздандырылған арналарын қолдану. Мемлекет қолдауы тікелей жәрдемақы арқылы емес, басқа бірнеше арналар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Жемқорлық тәуекелін азайту үшін мемлекет қолдауының кейбір қызметін жеке делдалдарға берген дұрыс;

г) *инновациялық саладағы мемлекет қолдауын натурализациялау.* Егер өндірістік өнеркәсіптің қаржылық жәрдемақысы мемлекет қызметімен алмасатын болса, қолдау көрсету жолдары көбейеді. Мемлекет қызметкерлерді оқыту, ақпараттық қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алар еді. Бизнес үшін бұл бағдарламалар тегін болуы тиіс. Оған қоса инновациялық орталықтардағы, ЖОО-дағы жер телімдері де гранттың бір түріне кіреді;

д) *өнеркәсіп желілерін қолдау.* Кіші және орта инновациялық бизнеске қолдау көрсету бағдарламасында оларды жеке емес, топ бойынша дамытуға баса мән берілуі керек. Мемлекет пен өнеркәсіптердің өзара қатынасы, бір жағынан, жоғарыдағы бағдарламаға қажетті шығындарды азайтады. Кіші өнеркәсіптердің нарыққа тәуелді емес, тәуелсіз субъект ретінде шығуына мүмкіндік береді.

Инновациялық салада «мемлекет-жеке меншік» әріптестігі үшін ыңғайлы құқықтық әрі институционалдық жағдай үшін кейбір заңнамалардағы «мемлекет-жеке меншік» әріптестігін қалыптастыру, оған иелік ету, ғылыми-техникалық жетістіктерге иелік ету сияқты мәселелерді шешіп алуды талап етеді.

Мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі бағыттары

Дауранов И.Н.

ҚР БҒМ ҒК Экономика институты,

э.э.к.

Біздің мақсатымыз - мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс.

Бірінші. Бізге мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу керек.

Қойылатын мақсат - жоспарлар мен бағдарламалар әзірлеуде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту. Осыған байланысты Үкіметке беретін тапсырмам:

• Менің пайымдауымдағы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясын ескере отырып, жұмыста және өмірде еліміз басшылыққа алатын стратегиялық құжаттарды қайта қарау.

• Елде Мемлекеттік аудит енгізу тұжырымдамасын әзірлеп, келесі жылы Парламентке тиісті заң жобасын енгізу. Бізге мемлекеттік аудиттің ең озық әлемдік тәжірибесі негізінде кешенді жүйе құру қажет.

Мемлекеттік басқару жүйесін реформалау саласына негізделген ережелердің уақтылығы және өзектілігіне баға беру қиын. 2007 жылдан бері Қазақстанда нәтижеге бағдарланған қаржыландыру жүйесі негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі енгізілуде. Оны пайдалану мемлекеттік бюджетті мақсатты пайдалану және жоспарлауда мемлекеттік органдар қызметінің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Алайда, қол жеткізілген табыстарға қарамастан, келесі ресми мәліметтерде көрсетілген кемшіліктер бар. 2011 жыл барысында екі рет республикалық қаржы параметрі анықталды және 25 рет түзетулер жүзеге асырылды. Оның үстіне, бұрынғыдай қаражатты сапасыз меңгеру үдерісі бақылануда. 2011 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттен бөлінген 42,3 млрд. теңге игерілмеді. Алдыңғы жылғы жоспарланған кезеңмен салыстырғандағы өсім 15% құрады. Бұл қазіргі мемлекеттік жоспарлау жүйесінің сапасы төмендігінің дәлелі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қойған мақсатына жету үшін арнайы шарттар тізімінің болуы қажет. Біріншіден, мемлекеттік басқарудың барлық дәрежесінде қабылданатын шешім салдарынан мемлекеттік қызметкердің жеке жауапкершілігін түсіндіретін қарапайым, анық және барлығына түсінікті құрылым жасалуы керек. Екіншіден, өңделген саясатты жүзеге асыруға бағытталған жеткіліксіз қаралған шешімдерді қайта қарауда жауапкершілікті жоғарлату қажет.

Қазіргі мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесінің басты кемшілігі - Елбасы және Қазақстан Республикасы Үкіметімен қабылданған шешімдердің сауатты және анық орындалуына қабілеттің жеткіліксіздігі болып табылады. Нәтижесінде, дұрыс және уақтылы жасалған саяси шешім, орындаушы биліктің жеткіліксіз ойланып жасалған әрекеті себебінен әлеуметтік шиеленісуге, мемлекеттік аппараттың имиджін түсіруге, ең соңында, елімізде жасалған әлеуметтік-экономикалық саясаттың беделін түсіруге әкеледі. Мемлекеттік құзыретті органдар, сондай-ақ, аймақ және орталық биліктің басқару қызметінің дұрыс бөлінбеуі және анықталмауы негізгі себебі болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесінің сапасыз болуының негізгі себебі, жиі толықтырулар мен өзгертулер енгізілетін нормативтік-құқықтық құжаттардың сапасының төмендігі және заң шығарушы базаның тұрақсыздығы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Қаржы кодексі, Салық кодексі және т.б. мысалға келтіруге болады. Қазіргі таңда сапасыз

нормативтік актілерді дайындау және олардың алып келетін негативті салдары үшін жауапты әрекетті тетіктердің болмауымен туындап отыр.

Нәтижесінде, Қазақстан мемлекеттік басқару және институционалдық даму сапасы жөнінде халықаралық төмен көрсеткіштерге ие. Мысалы, Жаһандық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша 3 пунктке төмен түсті, нәтижесінде, қазірде Қазақстан аталған көрсеткіш бойынша 131 елдің арасында 94 орынды алады. Әлемдік банкпен жасалған әдіс бойынша есептелген мемлекеттік басқару сапасы және тиімділігін бейнелейтін параметр төмен мәнге ие. Үкімет жұмысының тиімділігі, заңнама сапасы, заңның үстемдігі және жемқорлықты ұстау көрсеткіші бойынша Қазақстан дамыған елдерден ғана емес, посткеңестік Шығыс Еуропа және Балтық елдерінен де артта қалуда.

Қазақстанда әлемдік стандартқа сай мемлекеттік аудитті дамыту мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін және сапасын арттырады. Бұл мемлекеттік аудит мемлекеттік бақылаудан негізді айырмашылығы бар. Мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеті: қаржылық заңнама талаптарының орындалуын бақылау; мемлекеттік бюджетке уақтылы және толық түсуін қадағалау; сондай-ақ, қаржы және кедендік әкімшіліктің тиімділігі және т.б. болып табылады.

Мемлекеттік тексеріс мемлекеттік қаражат шығынын анықтау, пайдалылық және тиімділікті бағалауға бағытталған. Оның мазмұны қаржылық құқық бұзушылықты табу және жолын кесумен ғана бекітілмейді, қоғам пайдасына халықтық қаржыны қалай жұмсау керектігін ұсыну және бағалау болып табылады. Мемлекеттік аудит жалпы мемлекеттік аппарат ішкі қызметін бақылауға арналған. Ол мемлекеттік басқару шығынын қадағалайтын қоғамның тиімді құралы болып табылады. Оның негізгі қағидаты тәуелсіздік және қоғам үшін ашық, әділетті болуы.

Қазақстан Республикасының Президенті тапсырған мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін жасау мақсатына жету үшін жаңа негізді әдіснамалық және ұйымдастырушылық міндеттер тізбегін жасау қажет. Қазіргі уақытта мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың экономикалық, институционалдық, кадрлық және қызметтік-құрылымдық мәселелері Қазақстан Республикасының Әкімшілігі және Үкіметі тарапынан өзара келісімсіз шешілуі маңызды мәселе болып отыр. Мысалы, жаңа мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі және мемлекеттік қызметті жаңғыртуды жетілдірумен сабақтаспаған. Дамыған елдерде әкімшілік жүйесін реформалау үшін әрдайым жалпы халықтық институционалдық-құрылымдық жүйелер жасалып отырады, сондай-ақ, мамандандырылған зерттеу, білім және кеңес беруші ұйымдар құрылуда.

Құрылымдық өзгертуді жүргізген кезде еңсерілуі керек келесі бір кемшілік әлемдік тәжірибеде мемлекеттік басқаруды реформалау саласында ұлттық, тарихи және мәдениет дәстүрлерін сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдастыру және басқару нысанын ескермеуі. Оның үстіне ұйымдастырушылық-басқару инновациясын енгізу кезінде қосымша рөл берілетін қолайлы ретінде ұқсас әдісі болып табылады. Бұл жөнінде Елбасы «Сындарлы он жыл» деген кітабында: «Әлемдік тәжірибеден барлық жақсысын алып және әлеуметтік-экономикалық қызметке өзіміздің терең ұлттық дәстүрлерімізді жұмылдыру – жетістікке жетудің кілті: тұрақты және гүлденген Қазақстан».

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері, сонымен қатар жетекші шетел тәжірибесін сыни ұғыну мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру басқарудың арнайы жүйесін ұйымдастыруды қажет ететін күрделі, көп жоспарлы және үздіксіз үдеріс болып табылатындығын көрсетті. Мұндай жүйе құрылған елдерде реформалар барынша табысты және нәтижелі жүргізілді. Әкімшілік жүйенің құрылымдық-институционалдық реформаларды жүргізу саласында қарастырылған мәселелердің оң шешімі «2050-Стратегиясында» көрсетілген мақсаттарға жету үшін объективті алғышарттар жасайды.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың
Қазақстан халықына жолдауындағы интеграциялық мәселелер
жайында**

Хусаинов Б.Д., э.э.д.,
Түркеева К.А., э.э.к.,
ҚР БҒМ ҒК Экономика институты

Қазақстан және жалпы аймақ үшін Президент 2050 – Стратегиясында өзінің болашақ дамуында ескерілуі қажет ХХІ ғасырдың он негізгі сын-кәтерін атап көрсетті. Сын-кәтерлер арасында ғаламдық экономикалық жүйенің «жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі» де қарастырылған.

Дамудың заманауи сатысының ерекшелігі әлемдік экономикада өспелі жаһандық айқынсыздық аясында аймақтық интеграция үдерістерінің күшеюі болып табылады. Әлемдік экономиканың жаһандану үдерісі әртүрлі және қайшылықты үдеріс бола тұра, жаңа интеграциялық одақтар мен блоктар құрылуына жол ашады.

Осы үдерістердің өзара әрекеттесу диалектикасы, бір жағынан, интеграциялық бірлестіктерді құру әлемдік экономикалық жүйенің айқынсыздығы жағдайында күшейе түсетін жаһанданудың негативті салдарына табиғи әсер, екінші жағынан, тең құқылы серіктестіктің біртұтас жаһандық жүйесін құруға объективті үрдістің нақты көрініс болып табылатындығын көрсетті. Алайда қазіргі таңға дейін аймақтық интеграция жаһанданудың қозғалтқышы немесе оның тежеуіші ме, айырмашылықтарды жоюдың және әлсіздерді мықтыларға бағындыру мақсатында қысым көрсетудің құралы ма деген сұраққа бір мәнді жауап жоқ. Іс жүзінде бұл сұраққа жауап әлемнен оқшауланған топтардың нақты экономикалық байланыстардың, сауда, инвестициялық, өндірістік және қаржылық қарым-қатынастарының әлсіреуі не күшеюіне немесе интеграцияның жоғары нысанына жеке ұлттық экономикалардың арасында ғана емес, сонымен қатар аймақтық интеграцияланған бірлестіктер топтардың өзара әрекеттесуіне қарай жылжуына байланысты. Заманауи жағдайда бұл мәселе аса өзекті болып табылады.

Батыс Еуропа елдерінің бай тәжірибесі интеграция ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруын қамтамасыз ететіндігін дәлелдейді. Интеграциялық бірлестіктерді құру олардың қалыптасып келе жатқан нарықтар мен дамушы елдердің егемендігіне шынайы қауіптер төндіруі мүмкін ірі трансұлттық және ұлттық құрылымдарға қарсы тұруына себін тигізеді. Заманауи жағдайда аймақтық интеграция әлемдік дамудың үстемдік ететін үрдісі бола бастауда. Қазіргі кезде барлық әлем – бұл аймақтық одақтардың жиынтығы. Батыс Еуропада, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда, посткеңестік кеңістікте және Африкада ортақ экономикалық және геосаяси мүдделермен байланысты ірі аймақтық бірлестіктер бар. Оларды құрудың мақсаттары мен себептері әртүрлі болды, бірақ әлемдік экономиканың жаһандану аясында олардың барлығы олармен біріккен мемлекет топтарында ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталды. Олардың жеке мемлекеттің мүмкіндіктерімен салыстыруға келмейтін күштері осында.

Қандай айқынсыздықтар туралы сөз болып отыр? Әлемдік экономикалық жүйелерін, бірінші кезекте жаһандық қаржылық сәулеттерін қайта қарастыру туралы зерттеушілер әлдеқашан айтқан болған. Алайда соңғы жылдары мемлекет көшбасшылары да бұл тақырыпты ашық және қатаң түрде талқылай бастады.

2009 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласында жаһандық әлемдік дағдарыс «әлем тарихында теңдесі жоқ және әлемдік тәртіпті, барлық

экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жататыны анық» деген пікір айтты. Сондықтан да оны талдауға, ой-елегінен өткізуге және еңсеруге барлық ескі догмалар мен стереотиптерді қайта қарастыратын жаңаша көзқарас қажет. Осыған байланысты айыптылар мен кінәлілерді іздеу қажетсіз іс. Қазір осындайлық қуатты әлемдік катаклизмді туындатқан жүйенің терең ақаулықтарын анықтауға, ең бастысы – оларды толық жою жолдарын іздестіруге жұмылу маңыздырақ. Бұл үшін біздің түбегейлі жаңа, әлемдік экономиканың, саясаттың және жаһандық қауіпсіздіктің басқаша құрылған моделін жасау шебінде тұрғанымызды мойындаудың батылдығы болуы керек».

Соңғы (2012 ж.) Дүниежүзілік экономикалық форумда (ДЭФ) көптеген әлемдік көшбасшылар капитализм мәселесін шешу туралы келісті. Іс жүзінде соңғы жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс көптеген ұлттық экономикалардың, сондай-ақ халықаралық қаржылық институттардың келер қауіптерге қарсы тұру қабілетін аздырды. Бірқатар ел үкіметтерінің, соның ішінде әлемнің жетекші экономикасының мүмкіндіктері жаһандық тәуекелдер мен жаңа экономикалық сілкіністерге әсер етуі ең төменгі деңгейге дейін төмендегені белгілі. Бұл жаһандық экономикада құрылымдық емес, жүйелі сипатты дағдарыстық құбылыстардың өсуі байқалуда. Беделді ресейлік ғалым-экономист М.И.Гельвановскийдің «АҚШ жаһандық көшбасшы ретінде әлсіреді және қазіргі таңда әлемдік құрылымның өз үлгісін және ойынның өз шарттарын ұсына алатын держава немесе держава одағы жоқ; Еуропа қаржылық мәселелеріне батқан, көшбасшылыққа қабілетсіз; Қытай әлі дайын емес; Ресей өте әлсіз және өзінің стратегиялық бағытын алмады; ислам әлемі бұрынғыдай бытыраңқы. Реттеу қызметіне халықаралық институттар да дайын емес. БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк екі полюсті әлем жағдайында құрылған, қазіргі кезде ол күрделі реформалауға мұқтаж» деген пікірімен келіспеуге болмайды.

Мұндай жағдайларда мемлекеттің өркендеуі, заманауи әлемдік экономикада оның рөлі мен орны белгілі бір деңгейде ұлттық мүдделерді қорғай отыра, интеграциялық бірлестікте тиімді қызмет ету қабілетіне тәуелді.

Қазіргі кезде әлемде аймақтық сипаттағы шамамен екі жүз интеграциялық үлгілері бар. Барлық аймақтық бірлестіктерде экономикалық байланыстар күші әртүрлі, капитал, тауарлар мен қызметтер, сонымен қатар еңбек ресурстары нарықтарының интеграциясының нақты деңгейі бойынша да айрықшаланады. Көптеген мемлекеттер бір уақытта бірнеше аймақтық топтардың мүшесі болып табылады. Көпшіліктің пікірінше, барынша белгілі интеграциялық бірлестіктерге Еуропалық одақ (ЕО), Солтүстік Америкалық

еркін сауда аймағы (НАФТА), Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (АСЕАН), Азия-Тынық мұхиты экономикалық қауымдастығы (АТЭЖ), Оңтүстік Американың ортақ нарығы (МЕРКОСУР), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуразиялық экономикалық қауымдастығы (ЕурАзЭЖ) жатады. Бұл аймақтық интеграциялық бірлестіктер әртүрлі уақытта және дамудың әртүрлі деңгейінде (Кесте).

Кесте - Аймақтық интеграциялық бірлестіктердің сандық көрсеткіші, 2010–2011 ж.*

Көрсеткіштер	Аймақтық интеграциялық бірлестіктер				
	ЕО-27 (27)	МЕРКОСУР (4)**	НАФТА (3)	АСЕАН (10)	ТМД (11)
Халық, млн. адам	504151	247 368	466083	598880	274 978
ЖІӨ, млрд. халықаралық доллар	15821	3 097	15 221	3 334	3 400
Жан басына шаққанда ЖІӨ, халықаралық долларда	31 067	12 453	34512	15 236	11 926
Экспорт бойынша сыртқы сауданың ашықтығы***, %	41,4	13,1	15,1	68,4	33,8
Импорт бойынша сыртқы сауданың ашықтығы, %	38,2	12,9	17,4	59,2	25,9

Ескерту: World Economic Outlook Database және UNCTAD Stat Database (2012 жылдың сәуір көрсеткіші) деректері бойынша авторлармен құрыластырылған. Жан басына шаққанда ЖІӨ/СҚТ және ЖІӨ/СҚТ бойынша деректер – 2011 жылға Халықаралық валюталық қор бағалауы.

* Салыстырмалы талдауды сыпайылық үшін АТЭЖ бұл кестеге қосылмады, себебі осы бес бірлестікке кіретін көптеген елдер біруақытта АТЭЖ қатысушылары болып табылады (мәселен, Индонезия, Канада, Малайзия, Сингапур, АҚШ, Ресей және т.б.);

** - жақшада 2010 жыл жағдайы бойынша аймақтық бірлестікке кіретін мемлекет саны көрсетілген;

*** - барлық келтірілген индекстер 2010 жылы тауарлар мен қызметтер үшін есептелінген.

Қазіргі таңда ЕО аймақтанудың барынша ең жоғарғы нысаны болып табылатындығы белгілі. Жалпы еуропалық үлгі барынша табысты және дамыған ретінде саналады, бұл экономика саласында байланыстардың ғана емес, сондай-ақ институттар мен саясаттың тереңдеуінде көрінеді. Алайда табыстар мен заманауи күрделі мәселелер, жеке алғанда ұзаққа созылған дағдарыс баршаға мәлім және оларды атау артық болар.

Азиялық, еуразиялық және еуропалық кеңістікте интеграциялық бірлестіктердің қалыптасу алдында халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінде дағдарыстық немесе сілкіністік құбылыстар болып өткен. Бірыңғай Еуропаны құру туралы идеяны іске асыру Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. 80-жылдары соғыстың аяқталуы АТЭҚ Форумы мен АСЕАН аймақтық Форумы құрылуына себін тигізді. 1991 жылы Кеңес Одағының құлдырауы ТМД құрылуына алып келді. Азиялық және Ресейлік қаржылық дағдарыстан кейін ЕурАзЭҚ құрылды. 2008 жылы тамыз айында Грузия-оңтүстік Асетиялық қарулы жанжал ЕурАзЭҚ Кеден одағын құруын жеделдетті. Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құрылуы 2008-2009 жылдары болған қаржылық-экономикалық дағдарыстан кейін жылдам қарқынмен жүрді. Хронологиялық жүйелілікте келтірілген тарихи фактілер бұл бірлестіктер кездейсоқ туындағанын білдірмейді. Керісінше, бірыңғай Еуропа негіздерін құрғаннан бастап ЕурАзЭҚ Кеден одағының құрғанға дейін оларды құрудың алғышарттары едәуір ертерек туындаған, ол туралы сәйкес дайындық жұмыстары дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл аймақтық интеграциялық бірлестіктердің құрылу себептері көрсетілген дағдарыстық және сілкіністік құбылыстармен бағыттық тәуелділігі жоқ, бірақ себеп-салдарлық байланыстар бар екендігі күмәнсіз.

Интеграциялық өзара әрекеттесудің әртүрлі үлгілері негізінде ұлттық экономиканың серпінді және тұрақты дамуын қамтамасыз етуімен мемлекеттердің ынтымақтастығы уақыт әмірлігі болып табылады. Аймақтық интеграциялық байланыстарды дамыту негізінде сәйкес институционалдық қамтамасыз ету кезінде көп полюстік әлемдік экономикалық кеңістіктің құрылуы орын алады, мұндай әрбір полюс өзара тәуелділік пен ұлттық экономикалардың өзара толықтырушылық негізінде ұқсас әлеуметтік – экономикалық міндеттерін шешетін мемлекеттер тобы болып табылады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1994 жылы М.Ломоносов атындағы ММУ қабырғасында сөйлеген сөзінде еуразиялық интеграцияны құру қажеттілігі туралы стратегиялық бастамасы заманауи жағдайда, әсіресе әлемдік жаһандық айқынсыздық алдында тұрған кезде маңызды бәсекелік артықшылық болып табылады. Ол Еуразиялық әлемдік жобасын құрудың қажеттілігін қырағы көрді. Бұл интеграциялық мәселенің

барлық жиынтығын терең ғылыми ұғынуын және болашақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер үшін орталықтандырылған ынталандырма жасауға және интеграциялық үдеріске қатысушылардың әрқайсысының ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған басымдылықтардың жеткілікті түрде анық және барабар жүйесін құруды талап етеді.

Еуразиялық интеграция¹ үшін, ұлттық экономикалардың серпінді және үдемелі дамуы мән-мәтінде оны ары қарай тереңдету үшін негізгі үш деңгейді – мемлекетаралық интеграция тетіктері, копоративтік интеграциясын мемлекеттік ынталандырудың экономикалық тетіктері және корпоративтік интеграцияның ұйымдастырушылық тетіктерін көрсететін көршілестік стратегиясын іске асырудың тетіктерінің жүйесі қажет.

Интеграцияға тікелей мемлекеттік әсер тетіктері, біздің пікірімізше, аймақтық интеграциялық бірлестіктердің экспорттық әлеуетінің бәсекеге қабілеттігін және сауда саясатының тиімділігін арттыру мақсатында арасында дамудың мемлекетаралық институттарын құру, әлемдік нарықта серіктес мемлекеттердің әрекеттерін үйлестіруін атап көрсетуге болатын бірқатар шараларын қамтуы мүмкін.

Интеграциялық әлеуетті іске асыру шеңберінде мемлекетаралық компанияларды құру мемлекеттік кәсіпкерлік және мемлекеттік-жеке серіктестіктің құралдарын қолдану негізінде өте жеделіленген және тиімді болуы мүмкін. Мемлекеттік (немесе мемлекеттің қатысуымен) институттар мен компаниялардың қатысуы бар бұл тетіктер интеграцияны корпоративтік деңгейде жылдамырақ жүргізуге жеке шаруашылық жүргізуші субъектілерінің капиталдарын біріктіру үшін «жағдайлардың жетілу» ұзақ мерзімді кезеңін тез өтуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік интеграцияны ынталандыру мемлекеттік деңгейде (даму институттары мен мемлекеттік компаниялары арқылы тікелей қатысудың қарастырылған әдісінен басқа) және экономикалық ынталандырудың жанама шараларымен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл бірлескен кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктері, корпоративтік халықаралық-интеграциялық компаниялар үшін дамудың мемлекетаралық институттарының инвестициялары мен жеңілдігі бар несиелер.

Қарастырылған тетіктердің барлық спектірін қолдану көршілестіктің интеграциялық стратегиясын және экономикалық, технологиялық, ғылыми, білім беру, мәдени және көпқырлы ынтымақтастықтың барлық деңгейдегі

¹Өкінішке орай, Президент Н.Ә.Назарбаевтың өзінің Жолдауында бірнеше мәрте атап көрсеткен Еуразиялық идеясының жасампаз күші Орталық Азия елдерінің аймақтық бірлестіктерін құруда көрінісін әлі де таба алмауда, мәселен, даму үдерісі экономикалық, сондай-ақ саяси сипаттағы бірқатар мәселелерімен тежелетін Орталық Азия Одағын (ОАО) құру.

өзге де өзара байланысты нығайта отыра, Қазақстан және Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістігімен қатар, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше елдері арасында серіктестікті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғанның барлығы Еуразиялық әлемдік жоба идеясы Қазақстан тарапынан интеграциялық бастамалар негізінде өзінің ары қарай дамуын алады және тұрақты сипатқа ие. Жаңа интеграцияның немесе тұрақты негізде интеграция қажеттілігін ұғыну Беларусь, Қазақстан және Ресейдің Кеден одағын құруда және осы мемлекеттердің шынайы Бірыңғай экономикалық кеңістік құруында ілгері дамуында сенімді шешімінде нақты көрінісін алды. Сол уақытта Еуразиялық кеңістікке тікелей қатысы бар Орталық Азия елдерінің өзара әрекеттесуі әлі де шешілмеген мәселе болып калуға.

Өспелі жаһандану жағдайында әрбір мемлекет пен жалпы аймақ үшін ұлттық экономикалардың экономикалық өсуіне жету және халықты әлеуметтік-экономикалық жақсарту аса маңызды болып табылады. Дамудың қоғамдық-экономикалық тәжірибесін қайта қарастыруды және посткеңестік кеңістік елдерінің экономикалық өзара әрекеттесудің заманауи интеграциялық үлгісін ұсынуды және ең бірінші кезекте Орталық Азия аймағы елдерінің өзара тиімді ынтымақтастық үдерісін тереңдетуде жаңа басымдықтарды айқындауды заман талап етеді. Мемлекеттердің интеграциялық бірлестікте қатысуы әлемдік нарықта өзінің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен өндіріс факторларын барынша ұтымды пайдалану үшін қолайлы жағдай жасайды. Экономикалық интеграцияның тиімділігіне қандай да бір интеграциялық қауымдастық және оған кіретін мемлекеттер дүниежүзілік шаруашылық жүйесінде қандай орын алатындығына байланысты болады.

Орталық Азия үдерістеріне әсер ететін маңызды факторлардың бірі жетекші әлемдік аймақтық мемлекеттердің сыртқы саяси белсенділігі қала беруде. Бірнеше көп жақты экономикалық бірлестікте қатар қатысудың едәуір күрделілігіне қарамастан, Шанхай ынтымақтастығы, еуразиялық экономикалық қауымдастық, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы және басқа да ұйымдар шеңберінде Орталық Азия елдерінің көп векторлы аймақтық ынтымақтастығы олардың сыртқы саяси серіктестерімен келісімдері үшін оларға кең «алаңды» және өздерінің сыртқы экономикалық мүдделерін іске асырудың жолдарын іздеуге объективті түрде мүмкіндіктер береді.

Ортақ нарықты құру – соңғы жылдары барынша ауқымды нысанға иемденген жалпы әлемдік үрдіс. Ешбір ұлттық экономика қандай да бір

аймақтың құрамында нақты интеграциясынсыз әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып қала бере алмайды. Аймақтық «ортақ нарық» «төрт еркіндік» деп аталатын қағидатты сақтауды білдіреді және заңнамаларды бірегейлендіру, макроэкономикалық саясатты үйлестіруге сыртқы экономикалық қызмет аясында жұмыс істейтін субъектілердің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттарын құруға негізделген.

Автормен және оның әріптестерімен жүргізілген зерттеулер нәтижелерімен қатар, әрекет ететін аймақтық бірлестіктердің тәжірибесінің мазмұнды талдауы Еуразиялық экономикалық кеңістікте болып жатқан интеграциялық үдерістерде қолдануға болатын бірқатар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, аймақтық экономикалық интеграцияны іске асыру жүргізілетін демократиялық және экономикалық реформалардың ортақ мақсаттарымен біріктірілген қатысушы елдердің бірыңғай саяси жігері қажет. Бұл барлық дерлік аймақтық бірлестіктер (ЕурАзЭҚ, КО және БЭК қоса алғанда) интеграциялық құрылымдарға қатысушы елдерінің көшбасшыларының бастамалары бойынша, ең бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастамалары бойынша құрылуымен расталады.

Екіншіден, интеграциялық үдерістердің тиімділігінің маңызды шарты аймақтық бірлестікке қатысушы елдердің экономикалық даму деңгейінің жақындығы болып табылады. Бұл шарт қалаулы болғанмен, әрекет ететін аймақтық бірлестерге кіретін елдердің экономикалық дамуында әртүрлі деңгейді байқауға болады. Экономикалық дамудың барынша төмен көрсеткіші бар мемлекет интеграциялық үдеріске тең жағдайда қатысу үшін жеткілікті ұзақ мерзімді қажет ететіндігін әлемдік тәжірибе көрсетті. Алайда бастысы қатысушы мемлекет өзі интеграцияға сенбей, өзіндік дамуға ұмтылуы керек. Интеграция аймақтық бірлестікке қатысатын ұлттық экономикасы өсу жағдайында болғанда ғана табысты дамиды. Дағдарыстық құбылыстарға ұшыраған экономикалар интеграциялық мәселелерге қарағанда, күрделі ішкі мәселелерді шешуге (дағдарысқа қарсы бағдарламаларды, реттеу сипаттамасы бар өзге де шараларды және т.б. дайындау мен қабылдау) мәжбүр.

Үшіншіден, аймақтық интеграция еркін сауда аймағын, Кедендік одақ, бірыңғай экономикалық кеңістікті және т.б. құру бойынша шаралар кешені ретінде төменнен жоғары нысанға бірте-бірте өтетін жүйелі үдеріс, әрбір сатыда интеграциялық үдеріс қатысушыларының әрқайсысының мүдделері келісуі керек екендігін есте сақтаған жөн.

Төртіншіден, интеграциялық бірлестіктің қатысушы елдерінде тұрақты макроэкономикалық және әлеуметтік-экономикалық жағдай жеке бизнес пен шетел инвесторларының (соның ішінде мемлекетке) сенімділік жағдайы ретінде маңызды болып табылады. Интеграциялық үдерістер басқа да реформалармен үйлесімде болуы керек (құрылымдық өзгерістер, жекешелендіру және т.б.). Сонымен қатар, аймақтық интеграция табыстылығының белгілі бір шарты интеграциялық бірлестіктің барлық мүшелерінің мүдделерінде тиімді қолданылуы керек дамыған өндірістік инфрақұрылымның болуы (көлік, байланыс және басқа коммуникация) табылады.

Бесіншіден, интеграциялық үдерістерді дамыту және тереңдету деңгейіне қарай бірте-бірте оларға қатысушы елдер жеке өкілеттіліктер, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін құралдар беретін ұлт-үстілік құрылымдарды құру қажет. Бұл органдар сауда, инвестициялық және өзге саясаттарды қоса алғанда, бірыңғай макроэкономикалық саясатты дайындаумен айналысуы керек.

Алтыншыдан, тауарлар, қызметтер мен капитал нарықтарын интеграциялау саласында прогресс үшін көптеген мүмкіндіктер бар, оған сауда және инвестиция аясында ырықтандыру әсерін тигізеді. Сол уақытта интеграциялық үдерістерде мәдени және психологиялық факторлар шешуші рөл атқаратын болады, ал оларды елемей - негативті салдарға алып келуі мүмкін.

Жетіншіден, өткен ғасырдың 90-жылдары интеграциялық үдерістерді қарқындыру, жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың салдары, Еуроодақ ішінде мәселелер интеграциялық бірлестіктерді құруға және олардың болашақтағы дамуына деген жаңа тәсілдемелерді іздеу қажеттілігіне алып келуде. Бұл жағдайларда Президент Н.Ә.Назарбаевтың болашақ Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушы елдерінің ұлттық мүдделерін ескеруге негізделген Еуразиялық әлемдік жоба туралы стратегиялық бастамасын дайындау өте маңызды болып табылады.

Ғылыми басылым

Баспаға ҚР БҒМ Ғылым комитеті
Экономика институтының Ғылыми кеңесімен ұсынылған

**Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты:
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы»
жолдауын жүзеге асыру жолдары мен ұсыныстары**

Редакторы: э.ғ.к., доцент Бірімбетова Н.Ж.
Шығарылымға жауапты: Қорғасбеков Д.Р.
Компьютерде беттеген: Байханова М.С.

Басуға 29.04.2013 ж. қол қойылды

Шартты баспа табағы 10,9
Таралымы 500 дана

ISBN 978-601-215-083-4



9 786012 150834